

Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 ақпанда № 26867 болып тіркелді.

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 70-41) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Өрт қауіпсіздігі қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі

Ю. Ильин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2022 жылғы 21 ақпандағы
№ 55 Бұйрыққа қосымша

Өрт қауіпсіздігі қағидалары

1-бөлім. Жалпы ережелер

1-тарау. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар

1. Осы Өрт қауіпсіздігі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабы 1-тармағының 70-41) тармақшасына сәйкес әзірленген және адамдарды, мүлікті, қоғам мен мемлекетті өрттен қорғау мақсатында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Объектілерді пайдалану кезінде осы Қағидалардың, белгіленген тәртіппен бекітілген, объектілерді пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптары қамтылған нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау қамтамасыз етіледі.

3. Заңның 16 және 18-баптарының талаптарына сәйкес объектіде өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауды меншік нысанына қарамастан меншік иелері, ұйымдардың, кәсіпорындардың басшылары, жеке кәсіпкерлер, жеке тұлғалар, объектіні немесе үй-жайды иеленуге, пайдалануға немесе оған билік етуге құқығы бар адамдар (бұдан әрі – ұйым басшысы) қамтамасыз етеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Заңның 16-бабының 2-тармағына және 18-бабының 2-тармағына сәйкес ұйымдардың басшылары өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өз бұйрығымен өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуына (тұрақты, уақытша немесе орындалатын жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) байланысты міндет жүктелген) жауапты адамдарды тағайындай алады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Ұйым басшысы әрбір объектіге қатысты (жеке тұрғын үйлерді қоспағанда) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес, олардың өрт қауіптілігіне сай өртке қарсы режимді қамтитын өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықты бекітеді.

6. Ұйым басшысы жобалық құжаттаманың болуын, сәйкестігін және өрт сөндіру және өрт дабылы қондырғылары, өрт кезінде адамдарды эвакуациялауды хабарлау және басқару жүйелері, түтінге қарсы қорғау және өртке қарсы сумен жабдықтау, өртке қарсы жабдық пен өрт техникасы, өртке қарсы есіктер, клапандар мен люктер, өртке қарсы тосқауылдардағы ойықтарды толтыру, ғимараттар мен құрылыстар үй-жайлары, тыныс алу және көру органдарын жеке қорғау құралдары, адамдарды құтқарудың жеке және ұжымдық құралдары, сондай-ақ ғимараттарды, құрылыстарды және сыртқы технологиялық қондырғыларды найзағайдан қорғау құрылғыларының тұрақты жұмыс жағдайында болуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Объектілердегі Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2023 жылғы 29 мамырдағы № 281 бұйрығымен бекітілген міндетті түрде мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет құрылатын ұйымдар мен объектілердің тізбесіне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32631 болып тіркелген) сәйкес мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтің жұмысы ұйымдастырылады. Объектілердегі

мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерді ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 7 қарашадағы № 782 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің қызметін жүзеге асыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9931 болып тіркелген) сәйкес айқындалады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 21.07.2023 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Ұйымдардың жұмыскерлері өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша оқытудан және нұсқамадан өткеннен кейін ғана жұмыс істеуге жіберіледі, ал жұмыстың ерекшелігі өзгергенде ықтимал өрттердің алдын алу және оларды сөндіру бойынша қосымша оқудан өтеді. Ұйымдардың жұмыскерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту тәртібі және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 276 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9510 болып тіркелген) бекітілген Ұйымдардың жұмыскерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидаларын және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес айқындалады

9. Ғимараттарды өртке қарсы қорғаудың техникалық құралдары мен жүйелерінің (өрт дабылы және өрт сөндіру, түтінге қарсы қорғау, өртке қарсы сумен жабдықтау қондырғылары, өрт кезінде адамдарды және қол өрт сөндіргіштерді, тыныс алу және көру органдарын жеке қорғау құралдарын, адамдарды құтқарудың жеке және ұжымдық құралдарын құлақтандыру және эвакуациялауды басқару) тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін ұйым басшысының бұйрығымен өртке қарсы қорғау жүйелерін үздіксіз пайдалануды, алғашқы өрт сөндіру құралдарын сатып алуды, жөндеуді, сақтауды және қолданысқа дайындықты, техникалық қызмет көрсетуді және жоспарлы-алдын алу жөндеуін уақтылы және сапалы жүргізуді қамтамасыз ететін лауазымды тұлға тағайындалады.

Өрт сөндіргіштерді пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Ұйымдардағы кезекші персоналдың үй-жайларында телефон орнатылған орындарда, эвакуациялау жоспарлары, өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтар "101" өртке қарсы қызмет пен "112" бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметтің телефон нөмірлері көрсетілген тақтайшалар ілінеді.

Кезекші персонал өзіне жүктелген функцияларға сәйкес ғимараттың барлық есік құлыптарының кілттері жиынтығымен қамтамасыз етіледі.

Кілттердің қосалқы жиынтығы ғимараттың бірінші қабатындағы кезекші персоналдың (күзет) үй-жайында сақталады.

Әрбір кілт оның қай құлыпқа тиесілі екендігі жазылған биркамен қамтамасыз етіледі.

Кезекші персонал автоматты өрт дабылын қабылдау-бақылау аспабы орналасқан, телефоны бар үй-жайға жайғасады және түнде ғимаратта қалған адамдарды есепке алу журналын еркін нысанда жүргізеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Ғимараттар мен құрылыстарда (тұрғын үйлерден басқа) кез-келген қабатта осы Қағидаларға 2-қосымшада келтірілген эвакуациялау жоспарын жасау жөніндегі нысанға сәйкес эвакуациялау жоспарлары әзірленеді. Эвакуациялау жоспарлары адамдарды қауіпсіз эвакуациялауды жүргізу, өртке қарсы қызметті шақыру және өрт сөндіру бөлімшелері келгенге дейін өрт сөндіруді ұйымдастыру бойынша ұйым жұмыскерлерінің іс-қимыл жасау тәртібін қамтиды. Эвакуациялау жоспарлары ғимараттың әр қабатында, қабаттан эвакуациялық шығу жолдарында дәліздің ұзындығы бойымен 20 метрден (бұдан әрі – м) аспайтын қашықтықта ілінеді.

13. Адамдардың тұруына арналған ғимараттарда, сондай-ақ адамдар жаппай келетін ғимараттарда (құрылыстарда) өрт кезінде электр энергиясын өшірген жағдайда, кезекші персонал жұмысқа қабілетті жай-күйдегі электр фонарьларымен қамтамасыз етіледі. Фонарьлар санын ұйым басшысы объектінің ерекшеліктеріне байланысты, бірақ әрбір кезекшіге кемінде 1 фонарьдан анықтайды.

14. Адамдар тәулік бойы болатын ғимараттар үшін әзірленген өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықта адамдарды өздігінен эвакуациялау, сондай-ақ ұйым персоналының өздігінен эвакуациялануға қабілетсіз адамдарды тәуліктің жарық және қараңғы уақыттарында эвакуациялау нұсқалары қамтылады.

Адамдар жаппай болатын объектіде ұйым басшысы жарты жылда кемінде 1 рет еркін нысанда толтырылатын жаттығулар журналында көрсете отырып, практикалық жаттығулар өткізуді қамтамасыз етеді.

15. Адамдар тәулік бойы болатын объектілердің басшылары күн сайын объектіге шығу ауданындағы өрт сөндіру бөліміне әрбір объектідегі адамдардың саны туралы мәліметті жолдауды қамтамасыз етеді.

16. Ғимараттар мен құрылыстардың функционалдық мақсатын өзгертуге, оларға күрделі жөндеу, техникалық қайта жарақтау, реконструкциялау және қайта жоспарлау "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына жобалау құжаттамасы жүзеге асырылады.

17. Барлық өндірістік және қойма үй-жайлары үшін, сондай-ақ сыртқы технологиялық қондырғылар үшін жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі санаттары Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 405 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізбесінде № 21045 тіркелген) бұйрығымен бекітілген "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентінің (бұдан әрі – "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламенті) 16-қосымшасына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10851 болып тіркелген) Электр қондырғыларын орнату қағидаларының (бұдан әрі – ЭҚОҚ) талаптарына сәйкес аймақтардың кластары анықталып, үй-жайлардың есіктерінде тиісті белгілермен белгіленеді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Ғимараттар мен құрылыстар олардың пайдаланылу циклінің барлық кезеңдерінде жарамды бастапқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіледі. Бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті ең аз тізбесі осы Қағидаларға 3-қосымшада келтірілген.

Бастапқы өрт сөндіру құралдарын және өрт сөндіру автоматикасы жүйелерін орналастыру орындары стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес өрт қауіпсіздігі белгілерімен белгіленеді.

19. Ғимараттар мен құрылыстарда есіктердің өздігінен жабылуына арналған құрылғылар жарамды күйде ұсталады.

Өртке қарсы есіктер мен түтіннен құрылғылардың (шымалдықтардың, экрандардың, перделердің) еркін жабылуына кедергі келтіретін құралдарды орнатуға жол берілмейді.

20. Өрттің шығуына әкелуі мүмкін ақаулары бар жабдықтарда жұмыстарды жүргізуге жол берілмейді.

21. Қажетті отқа төзімділік шегін қамтамасыз ету және өрт қауіптілігін төмендету үшін ғимараттар мен құрылыстардың құрылыс конструкцияларын өңдеу және "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінде аккредиттелген зертханада сынақтар жүргізу арқылы қол жеткізілген нәтижелерді растай отырып, оларды оттан қорғау құралдарымен өңдеу талап етіледі.

Отқа төзімділіктің барлық дәрежесіндегі ғимараттарда (отқа төзімділіктің V дәрежесін қоспағанда) жанғыш материалдардан жасалған шатыр жабындарының ілмектері мен торлары оттан қорғағышпен өңделуі тиіс.

Оттан қорғау құрамдарын жағу жұмыстарын жүргізу оттан қорғау құралына арналған техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

22. Ұйым басшысы оттан қорғайтын тозаңды құрамдардың, оттан қорғау майларының, сылақтың, құрылыс конструкцияларының плиталарымен, табақты және басқа да оттан қорғау материалдарымен қаптамалардың, жанғыш өңдеу және жылуды оқшаулау материалдарының, ауа өткізгіштердің, жабдық пен эстакадалардың металл тіректерінің зақымдануларын жоюды қамтамасыз етеді, сондай-ақ оттан қорғау өңдеуінің (сіңіргішінің) жай-күйін тексеруді жүзеге асырады.

Оттан қорғау өңдеуінің (сіңіргішінің) жай-күйін ол жүргізілгеннен кейін техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінде аккредиттелген зертханалармен, ал кейіннен стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес тексеріледі.

23. Өртке қарсы тосқауылдардың инженерлік және технологиялық коммуникациялармен (оның ішінде электр сымдарымен және кабельдермен) қиылысқан жерлерінде пайда болған ойықтар мен саңылаулар қажетті отқа төзімділік шегі мен түтін-газ өткізбеуді қамтамасыз ететін, жанбайтын материалдармен бітеледі.

24. Ғимараттар мен құрылыстарда (жеке тұрғын үйлерді қоспағанда):

1) жертөлелерде, цоколь қабаттарында, шатырларда, техникалық қабаттар, техникалық үй-жайларда, желдету камераларында тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, жарылғыш заттарды, пиротехникалық бұйымдарды, жанғыш газдары бар баллондарды, аэрозоль орамындағы тауарларды, целлулоидты, жарылыс-өрт қауіпті, жанғыш заттар мен материалдарды сақтауға және жинауға;

2) жобалау құжаттамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жертөлелерді, цокольдық қабаттарды, шатырларды, техникалық қабаттарды және үй-жайларды, желдеткіш камераларын нысаналы мақсатынан тыс пайдалануға және қолдануға;

3) лифт холлдарын нысаналы мақсатынан тыс пайдалануға;

4) қабаттардағы дәліздерден, холлдардан, фойеден, тамбурлардан және баспалдақ алаңдарынан эвакуациялық шығу жолдарының жобада көзделген есіктерін, сондай-ақ эвакуациялау жолдарында өрттің қауіпті факторларының таралуына кедергі келтіретін басқа да есіктерді алып тастауға;

5) нәтижесінде адамдарды қауіпсіз эвакуациялау жағдайлары нашарлайтын, өрт сөндіргіштерге, өрт крандарына және басқа да өрт қауіпсіздігі құралдарына қол жеткізу шектелетін немесе автоматты өртке қарсы қорғау жүйелерінің (автоматты өрт сигнализациясының, стационарлық автоматты өрт сөндіру қондырғыларының, түтін жою жүйелерінің, құлақтандыру және эвакуациялауды басқару жүйелерінің) әрекет ету аймағы азаятын көлемдік-жоспарлау шешімдерін өзгертуді жүргізуге;

6) есіктерді, люктерді, жанама секцияларға өтетін жерлерді және эвакуациялау сатыларына шығу жолдарын үйіп тастауға, балкон араларындағы сатыларды демонстрациялауға, сондай-ақ пәтерлердің балкондары мен лоджияларындағы люктерді дәнекерлеуге;

7) май сіңген сүрткіш материалды жинамай қалдыруға;

8) ғимараттың барлық қабаттарының терезелерінде және жертөлелердің терезелеріндегі ойықтарда (қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелердің және қылмыстық-атқару жүйелері объектілерінің, мекеме қоймаларының, кассаларының, теледидардың бас станциялары, қару-жарақ бөлмелерінің, құпия бөлімдерінің, прекурсорларды сақтау және олардың айналымы үй-жайларын қоспағанда) торларды орнатуға;

9) түтінсіз баспалдақтарға апаратын балкондарды, лоджияларды және галереяларды шынылауға, сондай-ақ оларға торлар орнатуға;

10) баспалдақ торларында, алаңдарында және дәліздерде қоймалар (қосалқы үй-жайлар) орнатуға, сондай-ақ баспалдақ сатыларының астында және баспалдақ алаңдарында заттарды, жиһаз бен басқа да жанғыш материалдарды сақтауға жол берілмейді. Бірінші және цокольдік қабаттардың баспалдақ сатыларының астында орталық жылу беруді басқару тораптарына, су өлшеу тораптарына және жанбайтын материалдардан жасалған қалқалармен қоршалған электр қалқандарына арналған үй-жайларды орналастыруға жол беріледі;

11) ғимараттардың өндірістік және қойма үй-жайларында (отқа төзімділігі V дәрежелі ғимараттардан басқа) жобалау құжаттамасында көзделген жағдайлардан басқа, жапсарлас үй-жайларды орнатуға;

12) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрт сөндіру құралдарына, сондай-ақ құтқару құрылғыларын бекіту орындарына өту жолдарын үйіп тастауға және жабуға жол берілмейді.

Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.05.2023 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Газ құбырларынан, газ баллондарынан және аспаптардан, қатып қалған құбырларды қыздыру аспаптарынан, инженерлік коммуникациялардан газдың шығуын анықтау үшін ашық отты қолдануға жол берілмейді. Қатып қалған құбырларды, жабдықтарды, инженерлік коммуникацияларды қыздыру ыстық сумен, бумен және қызған құммен жүргізіледі.

26. Ғимараттар мен құрылыстардың шатырларындағы сыртқы өрт сөндіру сатылары мен қоршаулары жарамды күйде күтіп-ұсталады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Бір мезгілде 50-ден астам адамның болуына арналған үй-жайларда, сондай-ақ бір мезгілде 15-тен астам адамның болуына арналған жертөле мен цокольдік қабаттардың үй-жайларында кемінде екі эвакуациялық шығу жолы көзделеді.

Отқа төзімділігі IV және V деңгейдегі ғимараттар мен құрылыстарда бір мезгілде 50 және одан астам адамның тек бірінші қабаттағы үй-жайларда болуына жол беріледі.

28. Шатыр үй-жайларының, сондай-ақ технология шарттары бойынша адамдардың тұрақты болуы талап етілмейтін техникалық қабаттар мен жертөлелердің есіктері мен люктері құлыпталады. Көрсетілген үй-жайлардың есіктері мен люктеріне қажет болған жағдайларда тәулік бойы қол жеткізу қамтамасыз етілуі тиіс кілттердің сақталатын орны туралы ақпарат ілінеді.

Ғимараттардың, құрылыстар мен құрылымдардың жертөлесі және цокольдік қабаттарының терезе ойықтарының шұңқыршалары қоқыстан және басқа заттардан уақтылы тазартылады. Терезелердегі тиектер ішінен кілтсіз ашылады.

29. Пайдаланылған сүртетін материалдар қақпақпен жабылатын, жанбайтын материалдан жасалған контейнерлерге жиналады. Жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін көрсетілген контейнерлердің ішіндегісі ғимараттардан тыс шығарылады.

30. Майлармен, лактармен, бояулармен және басқа да тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтармен жұмыс істейтін адамдардың арнайы киімі осы мақсатқа арнайы бөлінген орындарда орнатылған металл шкафтарда ілінген күйінде сақталады.

31. Биіктігі 1 қабаттан жоғары витраждары бар ғимараттарда әрбір қабаттың деңгейіндегі витраждарда орнатылған түтін өткізбейтін, жанбайтын диафрагмалардың конструкцияларын бұзуға жол берілмейді.

32. Эвакуациялық жолдар мен шығу жолдарын пайдалану кезінде жобалау шешімдерін (оның ішінде эвакуациялық жолдар мен шығу жолдарын жарықтандыру, олардың саны, өлшемдері және көлемдік-жоспарлау шешімдері бойынша, сондай-ақ эвакуациялау жолдарында өрт қауіпсіздігі белгілерінің болуы бойынша) талаптарын сақтау қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Ашылу бағыты нормаланбайтын мынадай:

- 1) Ф1.3 және Ф1.4 сыныпты үй-жайлардың;
- 2) А және Б үй-жайларынан басқа, бір мезгілде 15-тен аспайтын адам болатын үй-жайлардың;
- 3) ауданы 200 м² аспайтын қоймалардың;
- 4) санитарлық тораптардың;

5) 3-типтік баспалдақ алаңдарына шығу жолдарының есіктерінен басқа, эвакуациялау жолдарындағы есіктер ғимараттан шығу бағытына қарай ашылады.

34. Эвакуациялық шығу жолдарының есіктеріндегі тиектер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін жағдайларды қоспағанда, оларды ішінен кілтсіз еркін ашу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

35. Автономды қоректендіретін және эвакуациялау жолдарында қолданылатын электр желісінен қосылатын "Шығу", "Эвакуациялық (қосалқы) шығу", "Эвакуациялық шығу есігі" деген көлемді жарықтандырылған өрт қауіпсіздігі белгілері жарық индикациясы қосылып, жарамды күйде күтіп-ұсталады.

Эвакуациялық жарықтандыру жұмыс істейтін жарықтандырудың электрмен қоректендіргіші тоқтаған кезде автоматты қосумен қамтамасыз етіледі.

36. Эвакуациялық жолдар мен шығу жолдарын пайдалану кезінде:

1) эвакуациялық жолдар мен шығулардың (оның ішінде өтетін жерлердің, дәліздердің, тамбурлардың, галереялардың, лифт холдарының, баспалдақ алаңдарының, баспалдақ сатыларының, есіктердің, эвакуациялық люктердің) жобалық өлшемдерін кішірейтетін кедергілер орнатуға, сондай-ақ эвакуациялық шығу есіктерін бекітіп тастауға (дәнекерлеуге);

2) эвакуациялау жолдарында табалдырықтарды (есіктердің ойықтарындағы табалдырықтардан басқа) орнатуға, ішкі жағынан қолмен ашу және ашық күйінде бұғаттау мүмкіндігі жоқ қозғалмалы және көтеріліп-түсірілетін есіктер мен қақпаларды, айналатын есіктер мен турникеттерді, сондай-ақ басқа (қайталайтын) эвакуациялау жолдары болмаған кезде немесе көрсетілген құрылғыларды қолмен ашуға және ашық күйінде бұғаттауға мүмкіндік беретін техникалық шешімдер болмаған кезде адамдарды еркін эвакуациялауға кедергі келтіретін басқа да құрылғыларды орнатуға жол берілмейді. Құрылғыларды автоматты немесе қашықтықтан ашу және бұғаттау тәсілін қолмен басқарылатын тәсілге қосымша қолдануға жол беріледі;

3) отқа төзімділігі V дәрежедегі ғимараттардан басқа, эвакуациялау жолдарындағы едендерді, қабырғалар мен төбелерді өңдеу, қаптау және бояу үшін өрт қауіптілігі сыныбына сәйкес келмейтін жанғыш материалдарды қолдануға;

4) баспалдақ алаңдарының, дәліздердің, холдар мен тамбурлардың өздігінен жабылатын есіктерін ашық күйінде бекітуге, сондай-ақ оларды алып тастауға;

5) түтінденбейтін баспалдақ алаңдарындағы ауа аймақтарының терезе жапқыштарын шынылауға немесе жабуға;

6) есіктер мен фрамугаларды шынылауда армирленген шыныны жай шынымен ауыстыруға жол берілмейді.

37. Үй-жайдың жабдығын орналастырған кезде сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес баспалдақ алаңдарына және эвакуациялау жолдарына өтетін эвакуациялық өту жолдары қамтамасыз етіледі.

38. Адамдар жаппай келетін үй-жайларда кілемдер, кілем төсемшелері және еден жабындары еденге берік бекітіледі.

39. Тұрмыстық газ аспаптарын пайдалану кезінде жиһазды және жанғыш материалдарды орналастыру жақын жердегі вертикаль қабатқа дейін көлденеңінен кемінде 0,2 м және осы бұйымдарға жақын жерде ілінген көлденең қабаттың үстіне дейін тігінен кемінде 0,7 м қашықтықта жүзеге асырылады.

40. Ғимараттар мен құрылыстардағы қоқыс өткізгіштер жобада көзделген клапандармен қамтамасыз етіледі, клапандар жабық күйде болады, жарамды етіп күтіп-ұсталады және ысырмасында нығыздағышпен қамтамасыз етіледі.

41. Ғимараттар мен жерүсті құрылыстарындағы лифтілер мен көтергіштер (өрт лифтілерін қоспағанда) өрт шыққан кезде негізгі отырғызу қабатына автоматты түрде түсіріледі, ал жерасты құрылыстарында – негізгі эвакуациялық шығу жолдарындағы қабатқа жоғары көтеріледі және тоқтан ажыратылады.

42. Эскалаторлардың (траволаторлардың) жетектері өрт шыққан кезде автоматты түрде ажыратылады.

43. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Найзағайдан қорғау құрылғыларын тексеру жыл сайын найзағайлы маусым басталар алдында жүргізіледі.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Найзағайдан қорғау құрылғыларын қарап-тексеру кезінде жерге тұйықталатын құрылғылардың кедергісі өлшенеді, ал тексерулер мен өлшеулердің нәтижелері еркін нысанда толтырылатын найзағайдан қорғау құрылғыларын пайдалану журналына жазылады.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Найзағайдың және статикалық электр зарядтарының қайталайтын көріністерінен қорғау үшін технологиялық аппараттардың барлық металл конструкцияларында, резервуарларда, газ өткізгіштерде, мұнай өткізгіштерде, тез тұтанатын немесе жанғыш сұйықтықтар, сондай-ақ жанғыш газдар айналатын, сақталатын немесе қайта өңделетін ғимараттардың ішінде және ашық кеңістікте орналасқан құрылғыларда қорғаныш жерге тұйықтағыш көзделеді.

47. Персоналды электр тогымен жарақаттанудан қорғауға арналған жерге тұйықтау құрылғыларын немесе найзағайдан қорғағышты статикалық электр зарядтарын бұру үшін пайдалануға жол беріледі.

48. Ғимараттарда, құрылыстарда орналастырылған технологиялық жабдық пен құбыржолдар, сондай-ақ сыртқы технологиялық қондырғылар мен эстакадалар ЭҚОҚ талаптарына сәйкес қорғаныш жерге тұйықтағышпен қамтамасыз етіледі.

Ғимараттар мен құрылыстардың технологиялық құбыржолдарын жерге тұйықтайтын (нөлдейтін) өткізгіштер ретінде пайдалануға жол берілмейді.

49. Металл эстакадалар және оларға төселген металл құбыржолдар эстакаданың басында және соңында, сондай-ақ олардың ұзындығы бойымен кемінде 300 м сайын өзара және қорғаныш жерге тұйықтау құрылғыларымен жалғанады.

50. Ток бұрғыштар өзара, жерге тұйықтағыш құрылғылармен және технологиялық аппараттармен дәнекерлеу арқылы жалғанады.

51. Технологиялық процестерде тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар, сондай-ақ жанғыш бу мен газдар айналатын өнеркәсіптік кәсіпорындардың су бұру жүйесі гидравликалық ысырмалармен қамтамасыз етіледі. Әрбір гидравликалық ысырмадағы сұйықтық қабатының биіктігі кемінде 0,25 м етіп қабылданады. Гидравликалық ысырмалардың конструкциясы оларды мезгіл сайын тазарту мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі.

52. Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар қолданылатын ғимараттар мен құрылыстардың нөсер, өндірістік және біріктірілген су бұру жүйелерінің құбыржолдары арқылы жалынның таралуын болдырмайтын гидравликалық ысырмалар (сифондар) үнемі жарамды күйде күтіп-ұсталады.

Гидравликалық ысырмалары ақаулы немесе дұрыс орындалмаған су бұру жүйелерін пайдалануға жол берілмейді.

53. Технологиялық процестерінде тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар, сондай-ақ жанғыш булар мен газдар айналатын кәсіпорындардың өндірістік және біріктірілген су бұру жүйелері бүкіл ұзындығы бойымен жабық күйде ұсталады.

Су бұру жүйелерін байқайтын құдықтар қақпақтармен жабылады және 0,1 м қабат құм төгіледі.

54. Аумағында ғимараттар, құрылыстар және (немесе) жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша АН, БН және ВН санаттарындағы сыртқы технологиялық қондырғылар орналасқан кәсіпорындардың өндірістік және біріктірілген су бұру жүйелеріне жинау кезіндегі өндірістік ағынды судың температурасы 40оС -ден аспауы тиіс.

Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды су бұру жүйелеріне (оның ішінде авария кезінде) ағызуға жол берілмейді.

55. Жанғыш газ баллондары сақталатын және пайдаланылатын ғимараттарға (оның ішінде жеке тұрғын үйлерге) немесе құрылыстарға кіретін жерде "От қауіп бар. Газы бар баллон" деген жазуы бар өрт қауіпсіздігінің ескерту белгілері орналастырылады.

56. Өрт сөндіру қондырғыларының қолмен қосу құрылғылары, өрт сөндіргіштердің бекіту-іске қосу құрылғысы және өрт шкафтарының есіктері пломбланады.

57. Өрт шкафтары оларда өрт краны жабдығының жинағын және өрт сөндіргіштің өрт сөндіру заты зарядының массасы кемінде 5 килограмм (бұдан әрі – кг), кемінде екі қол өрт сөндіргішін, сондай-ақ адамдардың жеке қорғану және құтқару құралдарын орналастыру мүмкіндігімен кез-келген үш нұсқада (аспалы, жапсарлас және кіріктіріле) орнатылады.

58. Темекі шегуге жол берілмейтін жағдайларды (жарылыс-өрт қауіпті объектілер) қоспағанда, ұйым басшысы темекі шегу үшін арнайы бөлінген орындарды айқындайды. Темекі шегуге арналған арнайы бөлінген орындар бастапқы өрт сөндіру құралдарымен, жанбайтын материалдардан жасалған урналармен немесе темекі тұқылын салғыштармен және "Темекі шегуге арналған орын" деген жазумен қамтамасыз етіледі. Бөлінбеген жерлерде темекі шегуге жол берілмейді.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Елді мекендердің, ұйымдардың аумақтары қызмет түріне және меншік нысанына қарамастан өртке қарсы қашықтықтар шегінде жанғыш қалдықтардан, қоқыстан, ыдыстан, құрғақ шөптен, мамықтан, жанғыш материалдардан уақтылы тазартылады.

Алау жағу, қалдықтар мен ыдыстарды өртеу ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 50 м қашықтықта жүзеге асырылады.

Қалдықтар мен ыдыстарды өртеу осы мақсатқа арнайы бөлінген жерлерде қызмет көрсетуші персоналдың бақылауымен жүргізіледі.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Блок-контейнерлерді пайдалану кезінде дайындаушы зауыт көздеген конструкциялық параметрлерді өзгертуге жол берілмейді. Блок-контейнерлердің ішін өңдеу үшін жанғыш жылу оқшаулағыш материалдарды қолдануға, сондай-ақ оларды жанғыш негізге орнатуға жол берілмейді.

Жеке блок-контейнерлер мен тұрмыстық вагондар топта саны 10-нан аспайтын және биіктігі екі қабаттан аспайтын топтарда орналасады. Осы құрылыстардың топтары арасындағы және олардан жақын маңдағы ғимараттар мен құрылыстарға дейінгі арақашықтық кемінде 18 м қабылданады.

Адамдардың тұруына және кеңсе үй-жайларын ұйымдастыруға арналған екі және одан да көп контейнерлер топтарға біріктірілген жағдайда, бұл контейнерлер автоматты өрт дабылымен және авариялық люктермен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Ғимараттар мен құрылыстарда дайындалып жатқан тамақты бақылаусыз қалдыруға жол берілмейді.

2-тарау. Ғимараттар, үй-жайлар мен құрылыстардың өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

62. Ғимараттар, үй-жайлар мен құрылыстар ҚР ҚН 2.02-02-2023 "Ғимараттар мен имараттардың өрт автоматикасы" талаптарында айқындалған объектілер тізбесіне сәйкес өрт автоматикасы жүйелерімен және қондырғыларымен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын монтаждау жөніндегі жұмыстар жобалау құжаттамасына сәйкес жүргізіледі.

64. Объектіде өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын білікті пайдалану және техникалық жарамды күйде күтіп-ұстау үшін басшының бұйрығымен мынадай персонал тағайындалады:

1) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын үздіксіз пайдалануды қамтамасыз ететін адам;

2) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына қызмет көрсетуге шарт болмаған кезде, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына техникалық қызмет көрсету және оларды жоспарлы-алдын ала жөндеу бойынша жұмыстарды орындау үшін мамандар. Мамандарды оқытуды өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға жауапты адам объектінің басшысы бекіткен бағдарлама бойынша жүргізеді.

65. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын үздіксіз пайдалануды қамтамасыз ететін адам:

1) осы Қағидалардың талаптарының орындалуын;

2) шарт бойынша графикке және күнтізбелік жұмыс жоспарына сәйкес техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу бойынша жұмыстарды бақылауды және қабылдауды;

3) дайындаушы зауыттың техникалық құжаттамасына сәйкес өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының жұмысқа қабілеттілігіне техникалық қызмет көрсетуді, жоспарлы-алдын ала жөндеуді жүргізудің және тексерудің дұрыстығын;

4) қызмет көрсетуші және кезекші персоналды оқытуды, сондай-ақ қорғалатын үй-жайларда жұмыс істейтін адамдарға өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғылары іске қосылған кездегі іс-қимылдар бойынша нұсқама беруді;

5) қажетті пайдалану құжаттамасын әзірлеуді және оны жүргізуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 65-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. Өртке қарсы қорғау жүйелерінің техникалық құралдарына техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу бойынша жұмыстарды, бастапқы өрт сөндіру құралдарының болуын және олардың жай-күйін тексерулерді есепке алу автоматтандырылған жүйеге немесе осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының пайдалану журналында көрсетіледі.

67. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына техникалық қызмет көрсетуді және оларды жоспарлы-алдын ала жөндеуді Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 222 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 10889 болып тіркелген) Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларының талаптарына сәйкес сәйкес электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат беру тобы бар тұлғалар орындайды.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына техникалық қызмет көрсету мен оларды жоспарлы-алдын ала жөндеу:

- 1) жоспарлы профилактикалық жұмыстарды жүргізуді;
- 2) ақауларды жоюды және ағымдағы жөндеу жүргізуді қамтиды.

69. Техникалық қызмет көрсету, мерзімді сынақтар, жоспарлы-алдын ала жөндеу мерзімділігі мен жұмыстардың көлемдері қызмет көрсетілетін өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының техникалық құралдарына арналған пайдалану құжаттамасының және стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес белгіленеді және шартта көрсетіледі.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.05.2023 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Ұйым басшысы өрт автоматикасы жүйелерімен және қондырғыларымен жабдықталған объектіде мынадай құжаттаманың:

- 1) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына жобалау құжаттамасының;
- 2) жасырын жұмыстардың (олар болған жағдайда), сынақтар мен өлшеулер актілерінің;
- 3) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актісінің;
- 4) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының құрамына кіретін техникалық құралдарға паспорттардың;

5) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының монтаждalған аспаптары мен жабдығы ведомосінің;

6) газбен өрт сөндіру қондырғыларының (олар болған кезде) баллондарын өрт сөндіргіш құрамдармен зарядтауға паспорттардың;

7) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың, кезекші және қызмет көрсетуші персоналдың, техникалық қызмет көрсетуді және жоспарлы-алдын ала жөндеуді жүргізуге жауапты адамның лауазымдық нұсқаулықтары, ұйыммен техникалық қызмет көрсетуді және жоспарлы-алдын ала жөндеуді жүргізуге арналған шарттың көшірмелерінің (ұйымдар қызмет көрсететін объектілерде);

8) техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу жұмыстарының жоспар-графигі мен регламентінің;

9) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалану журналының болуын қамтамасыз етеді.

71. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғылары кезекші (жобалық) жұмыс режимінде тұрақты ұсталады.

72. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын өшіруге байланысты жүргізілетін техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу бойынша жұмыстарды орындау кезеңінде объектінің әкімшілігі өрт автоматикасы жүйелерімен және қондырғыларымен қорғалатын объектілердің өрт қауіпсіздігін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қосымша инженерлік-техникалық және ұйымдастырушылық іс-шараларды қабылдау арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының құрамына кіретін техникалық құралға құжаттамада көрсетілген қызмет мерзімі өткеннен кейін, сондай-ақ өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғылары істен шыққан жағдайларда, осы жүйелер мен қондырғыларды мақсаты бойынша одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау мақсатында оларға техникалық куәландыру жүргізіледі.

74. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын техникалық куәландыруды тапсырыс беруші мен монтаждау-баптау (іске қосу-баптау) ұйымы өкілдерінің қатысуымен комиссия әрбір бес жыл сайын жүргізеді.

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 16.09.2022 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

75. Куәландыру нәтижелері осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын куәландыру актісімен ресімделеді.

76. Газбен өрт сөндіру қондырғыларының баллондары мен қысыммен жұмыс істейтін басқа да ыдыстар монтаждау алдында тексеріледі және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 358 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10303 болып тіркелген) қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету Қағидалардың талаптарына сәйкес куәландырылады. Куәландыру мерзімі өтіп кеткен баллондарды монтаждауға қабылдауға жол берілмейді.

77. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын монтаждау бойынша орындалатын жұмыстар ҚР ҚН 1.03-00-2022 "Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындардың, ғимараттар мен құрылыстардың құрылысын ұйымдастыру" талаптарына сәйкес ресімделеді.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

78. Алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Ғимараттар мен құрылыстардың электр қондырғыларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

79. Электр қондырғыларының барлық ток жүргізу бөліктері, тарату құрылғылары, аппараттары мен өлшеуіш аспаптары, сондай-ақ бөлгіш түріндегі сақтандыру құрылғылары, ажыратқыштары, іске қосатын аппараттары мен аспаптары тек жанбайтын негізге орнатылады.

80. Сымдар мен кабельдердің талсымдарын жалғау, ұштау және тармақтау өртке қатысты қауіпті ауыспалы кедергілерді болдырмау үшін сығымдау, дәнекерлеу, балқытып біріктіру немесе арнайы қысқыштар көмегімен жүргізіледі.

81. Сымдар мен кабельдердің талсымдары жалғанатын және тармақталатын жерлері , сондай-ақ жалғаушы және тармақтаушы қысқыштар осы сымдар мен кабельдердің тұтас жерлері талсымдарының оқшаулағышына тең етіп оқшауланады.

82. Оқшаулағыш тіреуіштерде төселген сымдардан басқа, сымдар мен кабельдердің жалғанымы мен тармақталуы жалғаушы және тармақтаушы қораптарда, жалғаушы және тармақтаушы қысымдардың оқшауланған корпустарында, құрылыс конструкцияларының арнайы қуыстарында, электр орнату бұйымдарының, аппараттардың және машиналардың корпустарының іштерінде орындалады. Оқшаулағыш тіреуіштерде төсегенде сымдарды жалғау немесе тармақтау тікелей

оқшаулағыштың жанында, клицтерде немесе олардың үстінде, сондай-ақ роликте орындалады. Жалғаушы және тармақтаушы қораптар қорғағыш қақпақтармен қамтамасыз етіледі.

83. Үй-жайлардағы электр қондырғылары мен электр аспаптары жұмыс уақыты (ауысымы) аяқталғаннан кейін тоқсыздандырылады.

Авариялық жарық түсіру, өрт сөндіру және өртке қарсы сумен жабдықтау қондырғылары, өрт және күзет-өрт сигнализациясы кернеуде қосулы болады. Электр қондырғылары мен электр техникалық бұйымдарды (оның ішінде тұрғын үй-жайларда), егер бұл олардың функционалдық мақсаты мен негіздеме және (немесе) дайындаушы-зауыттың пайдалану жөніндегі нұсқаулық талаптарында көзделсе, кернеуде қалдыруға жол беріледі.

84. Электр берудің әуе желілерін жанғыш шатырлардың, бастырмалардың, сондай-ақ жанғыш заттардың, материалдар мен бұйымдардың ашық қоймаларының (қатарлардың, маялардың), А, Б, В1-В4 санаттарындағы жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша сыртқы технологиялық қондырғылардың үстіне төсеуге және пайдалануға жол берілмейді.

85. Электр қозғалтқыштары, шырағандар, өткізгіштер, тарату құрылғылары жанғыш тозаңнан айына кемінде екі рет, ал шаң көп бөлінетін үй-жайларда айына кемінде төрт рет тазартылады.

86. Электр қондырғыларын пайдалану кезінде:

1) дайындаушы зауыттың нұсқаулығында жазылған қауіпсіздік талаптары бұзылған электр желілері мен электр энергиясын қабылдағыштарды, өрттің шығуына (ұшқындауға, қысқа тұйықталуға, кабельдер мен сымдардың оқшаулағышының шамадан тыс қызуына, автоматты басқару, аварияға қарсы және өртке қарсы қорғау жүйелерінің істен шығуына) әкелуі мүмкін ақаулары бар электр қабылдағыштарын пайдалануға, сондай-ақ оқшаулағышы зақымданған немесе қорғағыш қасиеттері жойылған электр сымдары мен кабельдерін пайдалануға;

2) электр энергиясын қабылдағыштарды дайындаушы зауыт көздеген конструкция мен қорғау жүйелерін, оның ішінде бүлінген және бекітілмеген электр қондырғылары бұйымдарын пайдалануға;

3) конструкциясында көзделген жылу реттегіштер болмаған немесе ақау болған кезде электр қыздырғыш аспаптарын қолдануға;

4) электр үтіктерді, электр плиткаларын, электр шәйнектерін және басқа электр қыздыру аспаптарын дайындаушы зауыттың нұсқаулығында көзделген болса, өрттің шығу қаупін болдырмайтын арнайы тұғырықтарсыз (қоректендіру цокольдерінсіз, қыздырғыш дөңгелектерсіз) пайдалануға;

5) стандартты емес (қолдан жасалған) электр қыздыру аспаптарын қолдануға, калибрленбеген балқығыш ендірмелерді және шамадан тыс жүктеме мен қысқа тұйықталудан қорғайтын қолдан жасалған аппараттарды пайдалануға;

6) электр қалқандарының, электр қозғалтқыштарының және іске қосу аппаратурасының жанына өрт қауіпті және (немесе) жарылыс-өрт қауіпті заттар мен материалдарды орналастыруға (қоймалауға);

7) жарылыс қаупі және өрт қаупі бар аймақтарда дайындаушы зауыттың жарылыстан және (немесе) өрттен қорғау деңгейі мен түрінің белгілеуі жоқ электр жабдығын қолдануға жол берілмейді.

87. Стационарлық жабдықтың, күштік және жарықтандыру желісінің электр сымдарының жай-күйін тексеру, сымдардың, кабельдер мен жерге тұйықтау құрылғыларының оқшаулағышының кернеуін сынау және өлшеу Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 246 бұйрығымен бекітілген Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10949 болып тіркелген) талаптарында белгіленген мерзімдерде жүргізіледі.

Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 16.09.2022 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

88. Софиттерді орнату және пайдалану кезінде бекіткіш конструкциялар мен жарық ұстайтын және шағылыстыратын экрандар ретінде жанғыш материалдарды пайдалануға жол берілмейді.

Прожекторлар мен софиттер жанғыш конструкциялар мен материалдардан кемінде 0,5 м, ал линзалық прожекторлар кемінде 2 м қашықтықта орналастырылады.

Прожекторлар мен софиттерге арналған жарық сүзгіштер жанбайтын материалдардан дайындалады.

89. Құрылыс алаңының аумағындағы жарықтандыру прожекторлары жеке тіректерге орнатылады.

Прожекторларды жанғыш материалдардан жасалған жабындарда және полимерлі жылытқыштары бар ғимараттарда орнатуға жол берілмейді.

90. Жабық тарату құрылғыларының үй-жайлары мен дәліздерінде сақтауға арналған үй-жайларды орналастыруға, сондай-ақ электр техникалық жабдықты, қосалқы бөлшектерді, жанғыш сұйықтықтары бар сыйымдылықтарды және әртүрлі газдары бар баллондарды сақтауға жол берілмейді.

91. Кабельдік құрылыстардың секциялық қалқаларының есіктері өздігінен жабылатындай, ғимараттан эвакуациялау жолына қарай ашылатындай етіп көзделеді және ысырмаларында нығыздағыштармен қамтамасыз етіледі.

Кабельдік құрылыстарды пайдалану кезінде көрсетілген есіктер жабық күйінде болады және бекітіледі.

Кабельдік үй-жайлардың желдету жағдайы бойынша егер өздігінен жабылатын есіктердің жабылуы үшін өрт кезінде құрылыстың тиісті бөлігінде өрт сигнализациясы

импульсінен іске қосылатын автоматты құрылғылар қолданылатын болса, оларды ашық күйінде бекітуге жол беріледі.

92. Металл қораптарға төселген кабель желілері жанбайтын материалдармен нығыздалады, ал қораптың өзі мынадай жерлерде:

1) басқа кабельдік құрылыстарға кіретін жерде;

2) кабельдік қораптардың көлденең учаскелерінде әрбір 30 м сайын, сондай-ақ электр кабельдері бар басқа қораптарға тармақтарында;

3) кабельдік қораптардың тік учаскелерінде әрбір 20 м сайын отқа төзімділік шегі кемінде EI 45 қалқалармен бөлінеді.

Қалқалар арқылы өткен кезде жабындардың әрбір белгісінде осындай отқа төзімді нығыздағыштар қосымша жасалады.

Металл қораптарға төселген кабель желілерінің нығыздалған жерлері қораптардың сыртқы қабырғаларында қызыл жолақтармен белгіленеді. Қажет болған жағдайларда, қосымша түсіндірме жазбалар орындалады.

93. Төселетін кабельдер және металл қабаттардың металл қабықтарын қорғау үшін қолданылатын тоттануға қарсы жабындар жанбайтындай етіп көзделеді.

94. Май толтырылған кабельдерге май беруді (сіңіруді) қамтамасыз ететін құрылғылардың үй-жайларында осы қондырғыға қатысы жоқ жанғыш материалдар мен бұйымдарды сақтауға жол берілмейді.

95. Электр қондырғылар мен тұрмыстық электр аспаптарының ақаулары анықталған кезде олар дереу токтан ажыратылады. Оларды тек ақаулар жойылғаннан кейін ғана қайта қосуға жол беріледі.

96. Уақытша электр желілерін орнатуға және пайдалануға жол берілмейді.

97. Тасымалды шамдар қорғағыш шыны қалпақтармен және торлармен жабдықталады. Осы шамдар мен тасымалды электр аппаратурасы үшін иілгіш кабельдер мен мыстан жасалған сымдар қолданылады.

98. Өртке қарсы қорғау, авариялық жарықтандыру жүйелерін қоректендіру үшін енгізу-тарату құрылғысынан бастап электр энергиясын тұтынушыға дейін ЭҚОҚ талаптарына сәйкес сенімділіктің бірінші санаты бойынша дербес электр желісі көзделеді.

99. Құрылыс алаңындағы уақытша электр сымы оқшауланған сымнан жасалып, арқанға ілінеді және жұмыс орындарынан кемінде 2,5 м, өтетін жерлерден 3 м, өту жолдарынан 6 м биіктікте берік тіреулерге орнатылады.

100. Электр желілері ЭҚОҚ талаптарына сәйкес қысқа тұйықталу токтарынан қорғалады.

4-тарау. Ғимараттар мен құрылыстардың жылу беру жүйелерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

101. Пештерді жағуды жылыту құралдарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулық алған адамдар жүргізеді.

102. Ғимараттар мен құрылыстарда (тұрғын үйлерді қоспағанда) пеш жағу жұмыс аяқталғанға дейін кемінде екі сағат бұрын, ал тәулік бойы адамдар болатын объектілерде ұйықтағанға дейін екі сағат бұрын тоқтатылады.

Балалар күндіз болатын балалар мекемелерінде пеш жағу балалар келгенге дейін кемінде бір сағат бұрын аяқталады.

103. Шатырларда түтін құбырлары мен түтін арналары өтетін қабырғаларды объектілердің иелері әктеуі қажет.

104. Жылу беру маусымы басталар алдында ұйымдардың басшылары мен жеке тұлғалар жылыту аспаптары мен жүйелеріне қызмет көрсетуді ұйымдастырады. Ақаулы пештер мен жылыту аспаптарын пайдалануға жол берілмейді.

Жылыту пештері мен жүйелерінің түтін құбырлары, мұржалары, элементтері тікелей жылу беру маусымының алдында, сондай-ақ жылу беру маусымы ішінде кемінде:

1) үш айда бір рет – жылыту пештері үшін;

2) екі айда бір рет – үздіксіз от жағылатын пештер мен ошақтар үшін;

3) айына кемінде бір рет - асхана плиталары және үздіксіз (ұзақ мерзімді) от жағылатын пештер тазартылып тұрады.

105. Отын беру жүйесінен сұйық отынның ағуына немесе газдың ағып кетуіне жол берілмейді.

106. Жылу генераторларын орналастыру және пайдалану дайындаушы зауыттың техникалық құжаттамасына сәйкес жүзеге асырылады.

107. Жылу генераторларын пайдалану кезінде:

1) отын өткізгіштердің герметикалығы бұзылған аппаратта және ондағы тиек клапаны ақаулы болса, форсунка корпусы жылу шығаратын аппаратпен тығыз жалғанбаса, түтін жолдары, электр қозғалтқыштары мен қорғау аппараттары жарамсыз болса, сондай-ақ электр қозғалтқыштың жылу қорғағышы болмаса және өзге де ақаулықтар кезінде жұмыс істеуге;

2) ашық отын бактары бар аппаратта жұмыс істеуге;

3) аппарат пен шығыс бактарының жанында жану тобы ГЗ-Г4 материалдарынан жасалған қоршаулар орнатуға;

4) отын өткізгіштерді ашық отпен қыздыруға;

5) жұмыс істейтін қоспаны көру тесігі арқылы жағуға;

6) жылу шығаратын аппарат жұмыс істеп тұрған кезде шырақтардың электродтары арасындағы саңылауды реттеуге;

7) жұмыс істеп тұрған жылу шығаратын аппараттарды қараусыз қалдыруға немесе оларды қарауды балаларға тапсыруға жол берілмейді.

108. Сұйық отынмен жұмыс істейтін аппараттар апаттық төгілу кезінде отын бағындағы отынның барлық көлемін сақтайтын металл түпқоймаға орнатылады. Көрсетілген түпқойма құммен немесе басқа жанбайтын адсорбентпен толтырылады, ол отын сұйықтығы сіңгеннен кейін жойылады.

Ескерту. 108-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

109. Тұрғын үй-жайларда тұтану температурасы 610С-ден төмен сұйық отынмен жұмыс істейтін жылу беру аппараттарын, сондай-ақ жылу беру жүйелерінде жылу тасымалдағыш ретінде ыстық сұйықтықтарды пайдалануға жол берілмейді.

110. Сұйық, қатты және газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін жылу беру аппараттары ақаусыз есіктермен және жанғыш конструкциялардан нормаларда белгіленген өртке қарсы бөлгіштермен (жылжытқыштармен) қамтамасыз етіледі.

Жылыту қазандықтары мен жылу беру қондырғыларының әрбір форсункасының жанындағы отын құбырында кемінде екі вентиль орнатылады: біреуі – пештің оттығының жанында, екіншісі – отын салынған сыйымдылықтың жанында.

111. Елді мекендерде ұйымдарды және тұрғын үйлерді жылытуға арналған орталық қазандықтарды пайдалану кезінде:

- 1) сұйық отынды осы мақсаттарға арналмаған үй-жайларда сақтауға;
- 2) жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда көзделмеген жанғыш заттарды (қатты, сұйық, газ тәрізді) отын ретінде қолдануға;
- 3) отын беру жүйелерінен сұйық отын аққан немесе газ шыққан кезде жылу бөлу қондырғыларын пайдалануға;
- 4) оттықтарды алдын ала үрлемей қондырғыны жағуға және форсункалар немесе газ жанарғылары жанбаған кезде отын беруге;
- 5) жанғыш материалдарды қазандықтарда немесе бу өткізгіштерде кептіруге жол берілмейді.

112. Пешпен жылу беруді пайдалану кезінде:

- 1) от жанып жатқан пешті қараусыз қалдыруға, сондай-ақ оларды балалардың қарауына тапсыруға;
- 2) жағу үшін дайындалған отынды, сондай-ақ басқа да жанғыш заттар мен материалдарды пештің алдындағы табаққа орналастыруға;
- 3) қатты отын жағылатын пештерді жағу үшін тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолдануға;
- 4) пештің нақты бір түріне арналмаған отын түрлерімен пешті жағуға;
- 5) үй-жайларда жиналыстар мен басқа да көпшілік іс-шаралар өткізу уақытында пештерді жағуға;
- 6) пештерді шамадан тыс қыздыруға;

7) алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8) ысырмаларды (жаппаларды) жобалау нормаларында көзделген ойықтарсыз қолдануға;

9) желдету және газ арналарын түтіндіктер ретінде қолдануға, транзиттік түтіндіктерді тұрғын үй-жайлар арқылы төсеуге жол берілмейді.

Ескерту. 112-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

113. Құрамында қыздырылған және бықсыған материалдар бар күл мен шлак оттықтан шығарылғаннан кейін өрттің шығу мүмкіндігін болдырмайтын, осы үшін арнайы бөлінген жерге шығарылады және оларға су құйылады.

114. Жанғыш заттарды, материалдарды, бұйымдар мен жабдықты пештердің оттықтарының саңылауларына дейін кемінде 1,25 м және пештердің басқа қыздырылатын бөліктеріне дейін кемінде 0,7 м қашықтықта орналастыруға жол берілмейді.

115. Қатты отынмен жұмыс істейтін қазандық қондырғыларының түтін құбырлары үшқын сөндіргіштермен жабдықталады.

116. Отын (көмір) осы үшін арнайы бейімделген үй-жайларда немесе жанатын құрылыстардан 8 м алшақ орналасқан, арнайы бөлінген алаңдарда сақталады.

117. Зауытта дайындалған пештерді өнеркәсіптік кәсіпорындардың жатақханаларының, әкімшілік, қоғамдық және тұрмыстық ғимараттарының үй-жайларында, тұрғын үйлерде орнатқан кезде осы өнім түрлерін өндіруші зауыттардың нұсқаулығының талаптары, сондай-ақ жылу беру жүйелеріне қойылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптары орындалады.

118. Уақытша металл пештерді орнату кезінде мынадай өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау қамтамасыз етіледі:

1) металл пештер биіктігі кемінде 0,2 м табандармен қамтамасыз етіледі;

2) металл пештер кемінде мынадай қашықтықта орнатылады:

ағаш конструкциялардан, жиһаздан, тауарлардан, стеллаждардан, витриналардан, сөрелерден және басқа жабдықтардан – 1 м;

жанудан қорғалған конструкциялардан – 0,7 м;

оттық саңылауларынан бастап ағаш конструкциялар мен басқа жабдықтарға дейін – 1,25 м.

119. Металл мұржа терезе арқылы шығарылған кезде оған бөлгішті алмастыратын, мөлшері мұржаның үш диаметрінен кем болмайтын жабындық темірден жасалған қабат қойылады.

Мұржаның ұшы ғимарат қабырғасының сыртынан кемінде 0,7 м орнатылады, биіктігі 0,5 м келтеқұбырмен жоғары қарай бағытталады.

Жоғарғы қабаттың терезесінен шығарылған келтеқұбыр ернеуден кемінде 1 м шығып тұрады. Келтеқұбырға қақпақ орнатылады.

120. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

121. Желдету және ауа баптау жүйелерін пайдалану кезінде:

- 1) желдету камераларының есіктерін ашық қалдыруға;
- 2) сору арналарын, саңылаулар мен торларды жабуға;
- 3) ауа өткізгіштерге газбен жылыту аспаптарын қосуға;

4) ауа өткізгіштерде жиналған май тұнбаларын, тозаңды немесе басқа жанғыш заттарды жағуға жол берілмейді.

122. Гидравликалық, құрғақ сүзгілер, тозаң ұстайтын және желдету (аспирациялау) жүйелерінің басқа құрылғылары ақау болған және ажыратылған кезде жарылыс қаупі және өрт қаупі бар өндірісі (қондырғылары) бар үй-жайларда технологиялық жабдықтың жұмыс істеуіне жол берілмейді.

123. Жанғыш тозаңды, талшықты және қатты қоспалары бар басқа қалдықтарды кетіретін желдеткіштерге қатты заттардың түсіп кетуіне жол бермеу үшін олардың алдына – тас тұтқыштар, ал металл заттарды алып тастау үшін магниттік сепараторлар орнатылады.

124. Пневматикалық көліктің құбыржолдарында және жергілікті сору жүйелерінің ауа өткізгіштерінде кезеңдік қарап-тексеру, тексеру және өрт шыққан жағдайда оны сөндіру үшін тығыз жабылатын люктер көзделеді.

125. Байқап-қарау люктері бір-бірінен, сондай-ақ үштіктерде, бұрылыстарда, құбыржолдардың қабырғалар мен аражабындар арқылы өтетін жерлерінде 15 м аспайтындай етіп орналастырылады.

126. Желдеткіш жұмыс істемегенде қыздырғыш элементтерге электр энергиясын беруге жол бермейтін жарамды дабылы мен бұғаттағышы және электр мен жылудан қорғалып көзделген, шығатын ауаның температурасын бақылау және оны реттеу автоматикасы бар электркалориферлер пайдалануға беріледі.

127. Калориферлерді пайдалану кезінде:

- 1) сигнализацияны немесе бұғаттағышты сөндіруге;
- 2) электркалорифердің корпусы мен желдеткіш арасындағы иілгіш ендіріме үшін жанғыш материалдарды қолдануға;
- 3) электркалориферден шығу жолындағы ауаның дайындаушы-зауыт белгілеген шекті рұқсат етілген температурасын арттыруға;
- 4) желдеткіш жұмыс істемегенде электркалориферді қосуға (қондырғыны әр іске қосқан сайын бұғаттағыш тексеріледі);

5) электркалориферде немесе оның маңында жабдықтарды және жанғыш материалдарды орналастыруға жол берілмейді.

128. Түтін арнасының конструкциясында оларды ауық-ауық күйеден тазарту үшін технологиялық ойықтар қамтамасыз етіледі.

129. Қатты отынмен жұмыс істейтін жылу бөлу аппараттары оттығының есігі астындағы жанғыш материалдардан жасалған еден оттық алдындағы металл қабатпен қорғалады, оның ұзын жағы пештің бойымен ошақ саңылауында орналасады, ойықтарсыз өлшемі кемінде 0,5 x 0,7 м болады.

5-тарау. Желдеткіш жүйелерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

130. Ауа өткізгіштердегі от жалынын бөгейтін құрылғылар (жапқыштар, шиберлер, клапандар), автоматты өрт сигнализациясы немесе өрт сөндіру құрылғылары бар желдеткіш жүйелерінің бұғаттау құрылғылары, өрт кезінде желдеткішті автоматты түрде өшіретін құрылғылар техникалық құжаттамада белгіленген мерзімдерде тексеріледі және жарамды күйде ұсталады. Ысырма жетегінің сезгіш элементтері (тез балқитын құлыптар, тез жанатын қондырмалар, термосезгіш элементтер) жанғыш тозаңмен ластанудан уақтылы тазартылады.

130-1. Желдету камералары, циклондар, сүзгілер, ауа өткізгіштер, ас үйдің сору жүйелері жанғыш шаңдардан, өндіріс қалдықтарынан және май тұнбаларынан тазартылады.

Ұйымның басшысы немесе өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуына жауапты адам желдеткіш камераларды, циклондарды, сүзгілер мен ауа өткізгіштерді, ас үйдің сору жүйелерін жанғыш шаңдардан, өндіріс қалдықтарынан және май тұнбаларынан тазарту бойынша жұмыстарды жүргізу тәртібі мен мерзімдерін еркін нысанда тиісті акт жасай отырып айқындайды, бұл ретте мұндай жұмыстар жылына кемінде 1 рет жүргізіледі.

Ескерту. Қағидалар 130-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

131. Өртүрлі мақсаттағы желдету жүйелерінің ауа өткізгіштерінің және ағынды-сорғы түтіннен желдету жүйелерінің және транзиттік арналарының (оның ішінде ауа өткізгіштердің, коллекторлардың, шахталардың) конструкциялары жобалық құжаттамаға сәйкес пайдаланылады.

132. Желдеткіш камераларында қандай да бір жабдық пен материалдарды сақтауға жол берілмейді. Желдеткіш камералары үнемі құлыппен жабылады.

133. Жылу шығаратын аппараттардан жану өнімдері ғимараттар мен құрылыстардан тыс осы мақсаттарға арнайы арналған түтін арналары арқылы шығарылады. Түтін арналары ретінде желдету жүйесінің ауа өткізгіштерін пайдалануға жол берілмейді.

6-тарау. Тоңазытқыш қондырғыларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

134. Аммиакты тоңазытқыш қондырғыларының машина және аппарат бөлімшелерінің үй-жайларында кемінде екі хладоагент буының газ талдағышы орнатылады, олар ағынды-сорғы желдеткішпен және компрессорларды ажырату құрылғыларымен бұғатталады.

135. Хладоагенттері (аммиак) бар баллондар арнайы қоймаларда сақталады. Оларды машина бөлімшелерінде сақтауға жол берілмейді.

Хладоагенті бар коммуникацияларды эвакуациялау дәліздерінде және өтетін жерлерде, сатылы торларда, көтергіш шахталарында орналастыруға, сондай-ақ оларды өрт және жарылыс қауіпті үй-жайлар арқылы транзиттік төсеуге жол берілмейді.

136. Машина және аппарат бөлімшелерінің желдеткіш жүйелері басқа үй-жайлардың желдеткіш жүйелерінен оқшауланады.

137. Аммиакты тоңазытқыш қондырғыларының машина және аппарат бөлімшелеріндегі жарылыстан қорғалған электр жабдығы техникалық жарамды күйде ұсталады.

138. Аммиакты тоңазытқыш қондырғыларының машина және аппарат бөлімшелерінің үй-жайларын пайдалану процесінде жеңіл лақтырылатын элементтерді (панельдерді, терезелерді, есіктерді) ауыстыруға жол берілмейді.

139. Жүйені толтыруды тездету үшін хладоагенттері бар баллондарды жылытуға жол берілмейді. Аммиагы бар баллондар ашық от көздерінен кемінде 10 м және жылу беру аспаптарынан 5 м қашықтықта алыс орналастырылады.

140. Майлау материалдарын компрессорлық үй-жайларда тек ауысымдық қажеттіліктен аспайтын мөлшерде жабық металл ыдыста ғана сақтауға рұқсат етіледі.

141. Аммиакты тоңазытқыш қондырғыларда компрессорға сұйық хладоагенттің түсу мүмкіндігіне жол берілмейді.

142. Аммиакты тоңазытқыш қондырғылардың үй-жайларында ішкі өрт крандары шашыраған суды алуға мүмкіндік беретін шашыратқыш оқпандармен жабдықталады.

143. Компрессорлық бөлімшелердің үй-жайларында компрессорлармен конструкциялық немесе технологиялық байланысы жоқ аппараттарды немесе жабдықты орнатуға, сондай-ақ жұмыс орнын, кеңсе және қойма бөлмелерін салуға жол берілмейді.

144. Құбырларды, бекіту құрылғыларын, жабдықтарды жылыту үшін ыстық су, бу немесе қыздырылған құм пайдаланылады.

145. Хладоагенттері бар құбырлар оларда тасымалданатын заттарға байланысты танып ажырату бояуымен және сандық белгілеулермен стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес қамтамасыз етіледі.

146. Хладоагенті бар құбырлардың қолданыстағы орналасу схемасын өзгертуге жол берілмейді.

147. Хладоагенттері бар құбырлардың механикалық зақымдалуы мүмкін жерлеріне қорғайтын бүркеніштер, торлар, кішкене көпіршелер орнатылады.

148. Хладоагенттері бар құбырлардың жанбайтын жылу оқшаулағышын жанатын оқшаулағышқа ауыстыруға жол берілмейді.

149. Тоңазытқыш станциясының үй-жайлары тығыз тығыны бар өздігінен жабылатын есіктермен жабдықталады.

2-бөлім. Елді мекендерді ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-тарау. Тұрғын, қоғамдық (көп функционалды) ғимараттар мен жатақханаларды ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

150. Тұрғын үйлердің пәтерлері мен жатақханалардың үй-жайларында жарылыс, өрт қауіпті заттар мен материалдар қолданылатын және сақталатын әртүрлі шеберханалар мен қойма үй-жайларын орнатуға жол берілмейді.

151. Пәтерлер, жеке тұрғын үйлер және тұрғын бөлмелерде:

1) балкондар мен лоджияларда тез тұтанатын, жанғыш сұйықтықтарды, жарылғыш заттарды, газ баллондарын сақтауға;

2) төсекте темекі шегуге;

3) балкондардан, лоджиялардан және терезелерден темекі тұқылын лақтыруға;

4) тұтанған темекіні қалдыруға.

5) токты тұрақты тұтынуды талап етпейтін электр жабдығын электр желісіне қосылған күйде бақылаусыз қалдыруға жол берілмейді.

Ескерту. 151-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

152. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

153. Шам қойғыштар, ашық отты пайдаланатын шырағандар жанбайтын берік тұғырларға орнатылады және олардың құлауын болдырмайтындай жағдайларда пайдаланылады.

Ашық жану көзі бар заттар мен құрылғыларды пайдалану кезінде мыналарға жол берілмейді:

1) ашық жану көзі бар заттар мен құрылғыларды желдің өтіне, тез тұтанатын материалдардың жанына қоюға;

2) ашық жану көзі бар заттар мен құрылғыларды қараусыз қалдыруға, сондай-ақ балалар мен үй жануарларына қолжетімді жерлерде қалдыруға болмайды.

154. Жеке тұрғын үйлерде және көп пәтерлі тұрғын ғимараттарда осы Қағидалардың талаптарына сәйкес құрғақ ыстық монша (сауна) үй-жайларын орнатуға жол беріледі.

155. Биіктігі 28 метрден астам ғимараттарда:

1) автосатыларды немесе иінді көтергіштерді орнатуға және олардың бұрылысына арналған алаңдарды үймелеуге;

2) түтінге қарсы қорғау жүйесін қабылдағаннан кейін жүйені басқаратын электр қалқанын токтан ажыратуға;

3) өртке қарсы қорғау жүйелерін ретке келтіргенге дейін жаңадан салынған ғимаратты пайдалануға беруге;

4) тұйық қалқаларда және түтінденбейтін саты торларын үй-жайлардан, өту жолдарынан, жертөле үй-жайларынан есік ойықтарын, сондай-ақ көтергіш қабырғаларда ойықтар орнатуға;

5) автоматты өрт хабарлағыштары мен суландырғыштарды бояуға, әктеуге, жабуға, оқшаулауға;

6) балкондар мен лоджиялардың қоршауларын жанғыш материалдармен әрлеуге жол берілмейді.

156. Қоғамдық мақсаттағы үй-жайлардың кіру және эвакуациялық шығу жолдары ғимараттың тұрғын бөлігінен оқшауланады.

2-тарау. Саяжай кооперативтерін, бау-бақша серіктестіктерін, ауылдық елді мекендердің аумақтарын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

157. Автокөліктің бау-бақша серіктестіктеріне баратын жолдарында негізгі магистральдан өту кезінде, одан соң әрбір бұрылыста немесе жол айрығында саяжай кооперативінің, бау-бақша серіктестігінің атауы мен оларға дейінгі қашықтықты нұсқағыштар орнатылады.

158. Саяжай кооперативтерінің, бау-бақша серіктестіктерінің, гараж кооперативтерінің аумағына өту жолдарында стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес оларға қолданыстағы және салынып жатқан және уақытша ғимараттар (құрылыстар), өту жолдары, кіреберістер, өрт сөндірушілердің өту жолдары, өртке қарсы сумен жабдықтау көздерінің, өрт сөндіру құралдарының, өрт техникасының орналасқан орны көрсетілген схемалар ілінеді.

Схемалар атмосфералық әсерге төзімді материалдан жасалады.

159. Ауылдық елді мекендердің, саяжай кооперативтерінің, бау-бақша серіктестерінің аумағында:

1) өрт шыққан жағдайда адамдарға құлақтандыру үшін дыбыстық сигналдарға арнайы құрылғылар орнатылуы қажет және өрт сөндіру мақсатында су қоры құрылуы тиіс;

2) көктемгі, жазғы және күзгі маусымда әрбір тұрғын үй ғимаратының жанында жиынтық су қоры кемінде 200 литр сыйымдылық орнатылуы немесе өрт сөндіргіш болуы тиіс;

3) жанғыш қалдықтардың үйінділерін ұйымдастыруға жол берілмейді. Пайдаға асырылмайтын қалдықтар мен қоқыстарды тұрғын үй ғимараттары мен жатақханалардың, саяжай кооперативтерінің, бау-бақша серіктестіктерінің, гараждардың және ашық алаңдардың аумақтарында (қоқыс өткізгішпен жабдықталмаған) арнайы жабдықталған орындарында жабылатын қақпақтары бар металл сыйымдылықтар орнатылады. Сыйымдылықтар бетондалған немесе асфальтталған алаңдарда ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 25 м қашықтықта орнатылады.

Ескерту. 159-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

160. Аумағында өртке қарсы қызмет бөлімшелері орналастырылмаған ауылдық жердегі елді мекендерде, бау-бақша серіктестіктерінде, саяжай кооперативтерінде (серіктестіктерде, тұтыну кооперативтерінде, коммерциялық емес серіктестіктерде) жергілікті атқарушы органдар немесе азаматтардың көрсетілген коммерциялық емес бірлестіктерінің басқармалары ерікті өрт сөндіру құралымдарының қоғамдық бірлестіктерін ұйымдастырады, сондай-ақ осы үшін арнайы бөлінген орында немесе жеке тұрғын үйлерде (аулалық құрылыстарда) өрт жеңкұбырлары мен оқпандары жиынтығы бар өрт сөндіру мотопомпаларын, бастапқы өрт сөндіру құралдарын, өрт сөндіру кезінде пайдаланылатын механикаландырылмаған құрал-саймандар мен өрт сөндіру мүкәммалдарын сатып алу, сақтау стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес қамтамасыз етіледі.

Ерікті өрт сөндіру құралымдары мүшелерінің қоғамдық бірлестіктері қатарынан өрт орнына қажетті жеңкұбырлар мен оқпандар жиынтығы бар өрт сөндіру мотопомпаларын жеткізуді қамтамасыз ететін адамдар тағайындалады.

Аталған елді мекендер өрт сөндіру мотопомпалары бар тіркемелі мобильді өрт сөндіру кешендерімен қамтамасыз етіледі.

161. Ауылдық елді мекендердің, бау-бақша серіктестіктерінің, саяжай кооперативтерінің, блок-контейнерлік ғимараттардың аумақтарында жергілікті атқарушы органдар және азаматтар бірлестіктерінің басқармалары өрт туралы адамдарды құлақтандыру үшін дыбыстық сигнализация құралдарын орнатады, өрт сөндіру мақсаттары үшін су қорын сақтайды, сондай-ақ өртке қарсы қызмет бөлімшелерін шақыру қажеттілігі белгілейді.

162. Өрт қаупі бар маусымның бірінші онкүндігінде ауылдық елді мекендерде, бау-бақша серіктестіктерінде, саяжай кооперативтерінде және кәсіпорындарда жергілікті атқарушы органдар, бау-бақша серіктестіктерінің, саяжай кооперативтерінің

басқармалары, ұйым басшылары тиісінше айрықша өртке қарсы режимді белгілейді және өрттің шығу қауіптілігін төмендету бойынша қосымша шараларды қабылдайды, өрт қаупі бар жұмыстарды жүргізу, алау жағу, автотокөліктің орман алқаптарына кіруі бойынша шектеулер енгізеді, халықтың және ерікті өрт сөндіру құралдарының қоғамдық бірлестігі мүшелерінің күштерімен бастапқы өрт сөндіру құралдарымен елді мекендердің аумақтарын және олармен іргелес орман (дала) алқаптарын патрульдеуді, сондай-ақ өрт сөндіру мақсаттары үшін бейімделген техниканы ықтимал пайдалануға дайындықты ұйымдастырады. Елді мекендердің периметрі бойынша Жергілікті атқарушы органдармен ені кемінде 4 метр қорғаныш минералданған жолақтар орындалады.

Ескерту. 162-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

163. Өртке қарсы үзіктер шектерінде жанғыш материалдарды қалдықтар мен қоқыстарды жинап қоюға, көлік тұрағына, ғимараттар мен құрылыстарды, оның ішінде уақытша құрылыстарды салуға (орнатуға) жол берілмейді.

Ескерту. 163-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

164. Ғимараттарға, құрылыстарға, ашық қоймаларға, сыртқы өрт сөндіру сатыларына және өртке қарсы сумен жабдықтау көздеріне апаратын жолдар, өтпелер мен кіреберістер жарамды күйде және өрт техникасының өтуі үшін қолжетімді етіп ұсталады, ал қыста қардан тазартылады.

Ғимараттар мен құрылыстардың аумағына өту жолында өрт сөндіру техникасының өтуіне кедергі келтіретін шлагбаумдар, қақпалар мен қоршаулар орнату кезінде бұл құралдар өрт сөндіру техникасының кедергісіз өтуі үшін бұғаттан босатылу және (немесе) құлыптан ашылу, сондай-ақ ашық күйде болу мүмкіндігімен мынадай тәсілдердің бірімен қамтамасыз етіледі:

- 1) арнайы техникалық құралдарды қолданбай қолмен ашу;
- 2) персоналдың тәулік бойы кезекшілігімен тұрақты бекетті ұйымдастыру.

Жолдар мен өтпелердің жөнделуі туралы немесе өрт техникасының өтуіне кедергі келтіретін басқа да себептер бойынша оларды пайдалануға жауапты ұйым шығу ауданында осы жолдар мен өтпелер бар мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына уақтылы хабарлайды.

Жолдарды жабу кезеңінде айналып өту бағытының көрсеткіштері белгіленеді немесе жолдың жөнделетін учаскелері арқылы өткелдерлер немесе өтпелер ұйымдастырылады.

Ескерту. 164-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

165. Ғимараттар мен құрылыстарға өтетін жолдарда және кіреберістерде өрт техникасының өтуіне, адамдарды құтқару үшін арнайы техникалық құрылғыларды орнатуға кедергі келтіретін көлік құралдарын, тіркемелерді, тіркеме вагондардың тұрағына және оны қоюға, және уақытша құрылыстарды орнатуға, сондай-ақ өрт гидранттары құдықтарының қақпақтарында көлік құралдарын, тіркемелерді, тіркеме вагондардың тұрағына және оны қоюға, және уақытша құрылыстарды орнатуға жол берілмейді.

Ескерту. 165-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

166. Елді мекендер мен ұйымдардың аумағы түнгі уақытта өрт гидранттарын, сыртқы өрт сатыларын және өрт мүкәммалдарын орналастыру орындарын, сондай-ақ өрт сөндіру су айдындарының пирстеріне кіреберістерді тез табу үшін сыртқы жарықтандырумен қамтамасыз етіледі.

Өрт қауіпсіздігі белгілерін түрлі-түсті түспен бейнелеу және оларды орналастыру (орнату) орындары стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес көзделеді.

167. Ұйымдардың аумағында теміржол өткелдері тәуліктің кез келген уақытында өрт сөндіру автомобильдерінің теміржол төсемін кедергісіз кесіп өтуін қамтамасыз етеді.

168. Елді мекендердің (өнеркәсіптік кәсіпорындардың шектерінен тыс), бау-бақша серіктестіктерінің және саяжай кооперативтерінің аумағында тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары бар ыдысты, сондай-ақ сығымдалған және сұйытылған газдары бар баллондарды ашық жинауға (сақтауға) жол берілмейді.

169. Ғимараттар мен құрылыстардың арасындағы өртке қарсы қашықтықтарда қандай да бір конструкциялардың, құрылымдардың заттарын орналастыруға (жинауға), сондай-ақ көлік тұрағы үшін және ғимараттар мен құрылыстарды салу (орнату) үшін пайдалануға жол берілмейді.

170. Саяжай кооперативінің, бау-бақша серіктестігінің аумағында әр 20 учаскеге бір қалқан есебімен өрт қалқандары орнатылады.

171. Су тегеуріні мұнараларында, сондай-ақ жазғы уақытта пайдаланылатын су өткізу жүйелерінде (диаметрі 100 миллиметр және одан астам) әрбір 120 метр сайын өрт шыққан жағдайда өрт техникасымен су алуға арналған құралдар көзделеді. Бұл құралдар жарамды күйде ұсталады.

172. Саяжайларды, бағбандық үйлерді ұзақ уақытқа жапқан кезде электр желісі ток көзінен ажыратылады, газы бар баллондардың бұрамалары (клапандары) тығыз етіп жабылады.

173. Ормандар мен дала алқаптарында орналасқан елді мекендер үшін жергілікті атқарушы органдар мен орман иеленушілер ені кемінде 4 метр өртке қарсы қорғаныш жолақтарын орнатуды, жапырақты екпелер отырғызуды, жазғы кезеңде құрғақ өсімдіктерді алып тастауды қамтамасыз етеді.

174. Құрғақ, ыстық және желді ауа райы тұрақты болған жағдайда қалаларда, ауылдық елді мекендерде және кәсіпорындарда, саяжайлық ауылдарда, бау-бақша учаскелерінде от жағуға, көмір, қоқыс, қалдықтар, құрғақ шөпті жағуға, өрт қауіпті жұмыстарды жүргізуге, сондай ақ стационарлық емес сұйық, қатты және газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін пештерді, ас-үй ошақтарын және қазандық қондырғыларын жағуға жол берілмейді.

Ескерту. 174-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

175. Тұрғын үйлердің қожалық учаскелерінде ірі жемшөптерді жинау ғимараттарға және аула алдындағы құрылыстарға дейін кемінде 15 метр қашықтықта орындалады. Көрсетілген қашықтықта ірі жемшөптерді жинау мүмкін болмаған кезде, жинау орнын кемінде 500 литр суы бар қосымша сыйымдылықпен қамтамасыз еткен жағдайда қашықтық 15 метрден 5 метрге дейін қысқартылады.

Ескерту. 175-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

176. Мыналарға:

- 1) қоралар мен басқа да шаруашылық құрылыстардың шатырларына;
- 2) электр жеткізу желілерінің астына;
- 3) учаскенің сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта шөп шошақтарын, шөмелелерді, ірі жем-шөп маяларын, өзге де жанғыш заттар мен материалдарды жинауға жол берілмейді.

177. Ірі жемшөптерді тасымалдау арнайы жабдықталған көлік құралымен жүзеге асырылады, олардың пайдаланылған құбырлары радиатордың астына шығарылады және ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады.

178. Ірі жемшөптерді тасымалдауға арналған көлік құралдары екі ұнтақты өрт сөндіргішпен қосымша жабдықталады.

179. Ірі жемшөптерді жинау биіктігі жер деңгейінен 4 метрден аспайтындай етіп орындалады.

180. Елді мекендерде, саяжай және бау-бақша үйлерінің аумағында тамақ даярлау үшін жанғыш көмірді орналастыруға арналған арнайы құралдарды (мангалды, барбекюді, грильді) пайдалану кезінде:

- 1) мангал (барбекю, гриль) орнын өрт сөндіргіш затының салмағы кемінде 2 кг бір өрт сөндіргішпен немесе кемінде 10 литр суы бар сыйымдылықпен жабдықтау;

2) жанғыш көмірді орналастыруға арналған арнайы құралдардың (мангалдың, барбекюдiң, грильдің және сол сияқтылардың) шетiнен ғимараттар мен құрылыстарға дейiнгi минималды қашықтық (жоспарда) кемiнде 10 метр болуы тиiс.

181. Жанғыш көмірді орналастыруға арналған арнайы құралдарды (мангалды, барбекюдi, грильдi):

- 1) құрғақ өсiмдiктерi бар орындарда;
- 2) ағаштардың түбiнде;
- 3) жанғыш материалдардан жасалған жабындардың астында;
- 4) тұрғын ғимараттың үй-жайларында, сондай-ақ балкондарда және лоджияларда;
- 5) шаруашылық құрылыстарда, гараждарда, шатырларда, жазық төбелерде орнатуға жол берiлмейдi.

182. Жанып жатқан көмірді қараусыз қалдыруға жол берiлмейдi. Ас даярлау аяқталған соң, бықсу толық тоқтағанға дейiн жанған көмірге су құю қажет.

183. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрiнiң 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) бұйрығымен.

184. Ормандар мен дала алқаптарында орналасқан шипажайлардың, демалыс үйлерiнiң және басқа да сауықтыру мекемелерiнiң (оның iшiнде жазғы балалар саяжайларының, балалардың сауықтыру лагерьлерiнiң) аумағы периметр бойымен орман мен дала өрттерi кезiнде өрттiң таралу мүмкiндiгiн болдырмайтын, енi кемiнде 4 м минералдандырылған қорғау жолағымен қамтамасыз етiледi.

3-тарау. Вахталық объектiлердiң аумағы мен үй-жайларын ұстау кезiнде өрт қауiпсiздiгiн қамтамасыз ету тәртiбi

185. Вахталық объектiнiң аумағы көктемгi-жазғы өрт қауiптi кезеңде периметрi бойынша енi кемiнде 4 м минералдандырылған жолақпен қорғалады.

186. Автокөлік, техника тұрағы блок-контейнерлерден, құрылыстардан, материалдар мен жабдықты ашық сақтау орындарынан кемiнде 15 м қашықтықта жүзеге асырылады.

187. Отын құю техникасының тұрағы блок-контейнерлерден, құрылыстардан, материалдар мен жабдықты ашық сақтау орындарынан, басқа автокөлік техникасының тұрақтарынан кемiнде 50 м қашықтықта болады.

188. Вахталық объектiге кiре берiсте мыналар көрсетiлген схема iлiнедi:

- 1) ғимараттарды, блок-контейнерлердi, құрылыстарды, автокөлектi, техниканы, материалдар мен жабдықтарды сақтау орындарын орналастыру орындары;
- 2) автокөлік техникасының қозғалысын ұйымдастыру;
- 3) бастапқы өрт сөндiру құралдарын орналастыру орындары;
- 4) жақын маңдағы өртке қарсы су көздерi орналасқан жерлерi.

189. Вахталық объектінің аумағы қорғалатын аумақтың әрбір 1000 м² өрт қалқанымен, сондай-ақ Қағидаларға 7-қосымшада айқындалған мөлшерде бастапқы өрт сөндіру құралдарымен жарақталады.

190. Ғимараттар, құрылыстар, электр жабдығын басқару қалқаншаларының корпустары, блок-контейнерлер жерге тұйықталумен қамтамасыз етіледі.

191. Үй-жайларда, құрылыстарда, блок-контейнерлерде ашық отты қолдануға жол берілмейді.

192. Вахталық объектілердің үй-жайлары әрбір адамға жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз етіледі. Вахталық объектінің үй-жайларында көрінетін жерде өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулық ілінеді.

193. Вахталық объектілердің аумағында тұратын адамдар өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықпен қол қою арқылы немесе жұмыс орнында өртке қарсы нұсқама жүргізу кезінде танысады.

194. Блок-контейнерлерді, құрастырмалы-модульдік кешендерді жинау кезінде неғұрлым алыс нүктеден адам орналасқан жерге дейінгі эвакуациялық шығу жолының ұзындығы 20 м-ден аспайтын етіп көзделеді.

195. Блок-контейнерлерде, құрастырмалы-модульдік кешендерде жабық үлгідегі қыздыру элементтері бар зауытта жасалған жылу беру көзделеді.

196. Вахталық объектінің аумағында ашық алаңдарда сығымдалған және (немесе) сұйытылған газы бар баллондарды, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары бар сыйымдылықтарды қалдыруға, жылыту құралдарының үстінде киім мен іш киім кептіруге, алау жағуға, ашық отты қолдануға жол берілмейді.

4-тарау. Қонақ үйлерді, мотельдерді, кемпингтерді (глэмпингтерді), хостелдерді ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

197. Қонақ үйлерде, мотельдерде, кемпингтерде (глэмпингтерде), хостелдерде өрт қауіпсіздігі шаралары туралы жаднамалар ілінеді. Шетел азаматтары тұрған кезде өрт қауіпсіздігі шаралары туралы жаднамалар халықаралық қатынас тілдерінде орындалады.

198. Есіктің ішкі жағында қонақ үйлердің, мотельдердің, кемпингтердің (глэмпингтердің) және хостелдердің нөмірлерінде нөмірі немесе бөлмесі, эвакуациялық шығу жолдары мен оларға қарай жүру жолдары, өрт сөндіру құралдары мен сигнализация орналасқан орындар көрсетіле отырып, өрт шыққан жағдайда адамдарды эвакуациялаудың жеке жоспарлары ілінеді.

199. Қонақ үйлердің, мотельдердің, кемпингтердің (глэмпингтердің), хостелдердің үй-жайларында тұрғын қабаттарда қойма және кеңсе үй-жайларын орналастыруға жол берілмейді, сондай-ақ адамдарды жертөле және жертөле үй-жайларында орналастыруға (тұруға) жол берілмейді.

Ескерту. 199-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-тарау. Ғылыми ұйымдарды және білім беру ұйымдарын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

200. Білім алушылармен тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі шараларын және өрт туындаған жағдайдағы іс-қимылдарды зерделеу бойынша сабақтар ұйымдастырылады. Бастауыш білім оқушыларымен, сондай-ақ мектепке дейінгі балалар ұйымдарында өртке қарсы тақырып бойынша әңгімелесулер жүргізіледі. Жалпы білім беретін мектептерде, кәсіптік мектептерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында өрт қауіпсіздігі қағидаларын зерделеу бойынша нұсқаулық сабақтарын өткізу қажет.

201. Зертханаларда тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды ауысымдық қажеттіліктен аспайтын мөлшерде сақтауға жол беріледі. Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды үй-жайға жеткізу жабық қауіпсіз ыдыста жүзеге асырылады.

202. Сорып шығатын шкафта орындалатын операцияларға жатпайтын заттар, материалдар мен жабдықтар болған кезде, сондай-ақ ол жарамсыз және желдеткіш жүйесі іске қосылмаған кезде жұмыс жүргізуге жол берілмейді.

203. Сорып шығатын шкафтардың тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтармен жұмыс жүргізілетін ағаш бөліктері оттан қорғау заттармен сырланады немесе жанбайтын материалдармен жабылады.

204. Қолданылған тез тұтанатын сұйықтықтар мен жанғыш сұйықтықтар жұмыс соңында арнайы жабық ыдысқа жиналып, бұдан әрі кәдеге жарату үшін зертханадан шығарылады.

205. Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды су бұру жүйесіне төгуге жол берілмейді.

206. Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтармен жұмыс жүргізілген ыдыстар тәжірибе аяқталғаннан кейін өртке қауіпсіз ерітінділермен жуылады.

207. Балалар ұйымдарының ғимараттарында мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың топтары (сыныптары) үшінші қабаттан жоғары орналастырылмайды.

208. Сыныптарда, кабинеттерде, шеберханаларда, жатын бөлмелерде, асханалар мен басқа да бөлмелерде жиһаздар мен жабдықты орналастыру кезінде адамдарды кедергісіз эвакуациялау және өрт сөндіру құралдарына жету қамтамасыз етіледі.

209. Оқу сыныптары мен кабинеттерінде шкафтарда, сөрелерде немесе тұрақты орнатылған тіреулерде сақталуы тиіс оқу процесін қамтамасыз етуге қажетті жиһаздар, аспаптар, үлгілер, керек-жарақтар, құралдар ғана орналастырылады.

210. Оқу сыныптары мен кабинеттеріндегі парталар (үстелдер) саны жобалау құжаттамасында белгіленген саннан аспауы тиіс.

211. Сабақтар аяқталғаннан кейін кабинеттерде, зертханаларда және шеберханаларда тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар жеке үй-жайларда орнатылатын жанбайтын шкафтарға (жәшіктерге) жиналады.

212. Жұмыс аяқталғаннан кейін үздіксіз жұмыс істеу үшін көзделгендерден басқа, электр аспаптарын өшіре отырып, барлық үй-жайларға тексеру жүргізіледі.

213. Балалар тәулік бойы болатын білім беру ұйымдарында және мектепке дейінгі балалар ұйымдарында телефон байланысын қамтамасыз ете отырып, қызмет көрсету персоналының тәулік бойы кезекшілігі белгіленеді.

6-тарау. Балалардың жазғы демалыс орындары мен сауықтыру лагерьлерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

214. Балаларды сауықтыру лагерьлері бір қабаттан жоғары ағаш ғимараттарда орналастыруға жол берілмейді. Каркас және қалқанды ғимараттар сыланады және жанбайтын жабыны мен жанбайтын жылытқышы болады.

215. Мыналарға:

1) ғимараттарды жанғыш материалдармен, оның ішінде сабанмен, жаңқамен, камыспен, жоңқамен жабуға;

2) балалар бар ағаш ғимараттарда асүйлер, кір жуатын орындар орнатуға;

3) отқа төзімділігі IV және V дәрежелі ғимараттар мен құрылыстарда 50-ден астам баланы орналастыруға;

4) жазғы кезеңде балалар жұмыс істейтін үй-жайларда пеш жағуға, керосинді және электрмен жылыту аспаптарын қолдануға жол берілмейді;

5) отшашулар жасауға, пиротехникалық бұйымдарды пайдалануға жол берілмейді.

216. Балалардың жазғы демалыс орындарындағы және сауықтыру лагерьлеріндегі кір жуатын орындар мен асүйлер балалар орналасатын ағаш ғимараттардан кемінде 15 метр қашықтықта оқшауланған құрылыстарда орналастырылады.

217. Балаларды сыртқы өртке қарсы сумен жабдықтаумен қамтамасыз етілмеген жазғы демалыс орындарында, сауықтыру лагерьлерінде орналастыруға жол берілмейді.

218. Балалардың жазғы демалыс орындары, жазғы сауықтыру лагерьлері өрт болған жағдайда дабыл сигналымен және бастапқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіледі. Оларда қызмет көрсетуші персоналдың тәулік бойы кезекшілігі белгіленеді.

219. Балалар лагерьінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар жоспарын және лагерьдің (базаның) схемасын әзірлейді, онда барлық ғимараттар, адамдар тұратын орындар (тұрғын үйлер, шатырлар), шаруашылық мақсаттағы орындар, сыртқы өртке қарсы сумен жабдықтау көздері, автомобильдердің тұрақтары көрсетіледі. Схема лагерь (база) аумағына кіреберісте ілінеді.

220. Балалардың жазғы демалыс орындарының және сауықтыру лагерьлерінің аумағында шатырларды (киіз үйлерді) орналастыру кезінде бір топ алып жатқан

аумақтың алаңы (1 немесе 2 қатар) 800 шаршы метрден аспайды. Топтар арасындағы қашықтық кемінде 15 метр, ал шатырлар (киіз үйлер) арасында кемінде 2,5 метр етіп қабылданады.

7-тарау. Мерекелік іс-шараларды өткізу орындарын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

221. Адамдар жаппай жиналатын іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу кезінде:

1) кемінде екі эвакуациялау жолымен қамтамасыз етілген және жанғыш қалқалары бар ғимараттарда екінші қабаттан жоғары емес орналасқан үй-жайлар ғана пайдаланылады;

2) жаңа жылдық шыршалар тұрақты негізде орнатылады, олармен үй-жайдан шығатын жолдарды үйемелеуге жол берілмейді;

3) шырша бұтақтары қабырғалар мен төбеден кемінде 1 метр қашықтықта орналасады;

4) үй-жайда электрмен жарықтандыру болмаған жағдайда мерекелік іс-шаралар тәуліктің жарық уақытында ғана өткізіледі;

5) иллюминация ЭҚОЕ талаптарын сақтай отырып орындалады. Төмендеткіш трансформаторсыз электр жарықтандыру желісін пайдалану кезінде шыршада кернеуі 12 Вольтқа дейінгі шамдарды тізбектей қосу арқылы ғана гирляндар қолданылады. Шамдардың рұқсат етілген қуаты 25 Ватт;

6) иллюминацияда ақау табылған кезде (сымдардың қызуы, шамдардың жыпылықтауы, ұшқындау) ол дереу токтан ажыратылады;

7) іс-шараларды өткізу кезінде сахнада және зал үй-жайларында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты адамдардың, өртке қарсы қызмет қызметкерлерінің кезекшілігі ұйымдастырылады. Іс-шаралар өткізілетін үй-жайлар осы Қағидаларға 3-қосымшада белгіленген бастапқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 221-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

222. Мыналарға:

1) іс-шаралар өткізілетін үй-жайлардың терезелерінде торлар болған кезде оларды өткізуге;

2) доғалы прожекторларды, шырақтарды және шартылдақтарды қолдануға, отшашулар, өртке әкелуі мүмкін жарықтық өрт қауіпті әсерлер жасауға;

3) отпен жүргізілетін, бояу, жарылыс, өрт қауіпті және өрт қауіпті жұмыстарды жүргізуге;

4) үй-жайларды қараңғылау үшін терезелердегі жапқыштарды пайдалануға;

5) қатарлар арасындағы өту жолдарының енін қысқартуға және өту жолдарында қосымша креслолар, орындықтар орнатуға жол берілмейді;

6) қойылым кезінде үй-жайдағы жарықты толық өшіруге;

7) үй-жайларды жобалау құжаттамасында белгіленген нормадан артық адамдармен толтыруға жол берілмейді.

223. Ашық от көзін қолдана отырып басқарылмайтын ұшатын фонарьларды пайдалануға және іске қосуға жол берілмейді.

224. Пиротехникалық бұйымдарды пайдалану кезінде жол берілмейді:

1) салюттарды ғимараттар мен құрылыстардан 50 метр жақын жерде, ағаштар бастырмалары мен бастырмаларының астында орналастыруға;

2) оларды желді ауа райында қолдануға.

225. Ғимараттар мен құрылыстарда жаппай болатын іс-шараларды (демалыс кештерін, дискотекаларды, жаңа жылдық қойылымдарды) өткізуге өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адам өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігіне профилактикалық қарап-тексергеннен кейін ғана жол беріледі.

Профилактикалық қарап-тексеру нәтижелері іс-шараны өткізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты адамның немесе ұйым басшысының қолымен еркін нысанда толтырылатын бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарды профилактикалық қарап-тексеру журналына енгізіледі.

8-тарау. Сайлау учаскелерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

226. Әрбір сайлау учаскесінде оның жұмысы басталғанға дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей ұйым басшы осы Қағидаларды сақтауды қамтамасыз етеді, оның ішінде:

1) сыртқы және ішкі өртке қарсы су құбырларының (міндетті түрде су жібере отырып), жарықтандыру және күштік желілерінің, түтінге қарсы желдеткіштің және автоматты өрт дабылы жүйелерінің жарамдылығы тексеріледі, сондай-ақ тексеру еркін нысанда акт жасау арқылы жүргізіледі. Барлық кемшіліктерді ұйым басшысы сайлау учаскесінің жұмысы басталғанға дейін жояды. Анықталған кемшіліктерді жою нәтижелері бойынша немесе олардың болмауы бойынша сайлау учаскесінің жұмысқа дайындығы туралы акт жасалады (актілер сайлау учаскесінің жұмысы аяқталғанға дейін объектінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты адамда сақталады);

2) өртке қарсы қорғау құралдарының болуы, жарамдылығы және қолдануға тұрақты әзірлігі қамтамасыз етіледі;

3) сайлау комиссиясының мүшелерімен және қызмет көрсету үшін тартылған персоналмен қол қойғызып, өрт қауіпсіздігі шаралары және өрт кезіндегі іс-қимылдар туралы нұсқама жүргізіледі;

4) тамақ дайындауға арналған орындар белгіленеді және қыздыру аспаптарын пайдалану айқындалады;

6) темекі шегуге арналған орындар анықталады және жабдықталады.

227. Сайлау учаскелері ғимараттарда екінші қабаттан жоғары орналастырылмайды. Ғимарат ішінде уақытша сауда, буфеттер ұйымдастыруға, кино және бейнефильмдер көрсетуге жол берілмейді.

228. Дауыс беруге арналған үстелдерді, кабиналарды, жәшіктер мен жабдықтарды орналастыру адамдар мен материалдық құндылықтарды қауіпсіз эвакуациялауды қамтамасыз етуді ескере отырып жүзеге асырылады.

229. Сайлау учаскелерінің үй-жайларында авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын қоспағанда, ашық отты пайдалануға байланысты құрылыс, жөндеу және басқа да жұмыстарды жүргізуге, сондай-ақ от жағуға, қоқысты, қалдықтарды, ыдыстарды жағуға және электрмен-газбен дәнекерлеу жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді. Көрсетілген жұмыстар қызмет көрсетуші персоналдың тұрақты бақылауымен жүргізіледі.

230. Сайлаушыларды тіркеу, бюллетеньдерді беру орындары, дауыс беруге арналған кабиналар әр жерге орналасқан кемінде екі эвакуациялау жолмен қамтамасыз етілген үй-жайларда орналастырылады.

231. Сайлаушылардың қозғалысы адамдарды қауіпсіз эвакуациялауды ескере отырып ұйымдастырылады. Адам ағындарының қозғалыс бағыты көрсеткіштермен белгіленеді.

9-тарау. Мәдени-ағарту және ойын-сауық мекемелерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

232. Мұражайлар мен сурет галереяларында экспонаттар мен құндылықтарды эвакуациялау жоспары, ал цирктер мен хайуанаттар парктерінде жануарларды эвакуациялау жоспары әзірленеді.

233. Көрермендер залдары мен мінбелерде барлық креслолар мен орындықтар бір-біріне қосылып, еденге мықтап бекітіледі. Өз бетімен шығу жолы болған кезде орын саны 12-ден аспайтын ложаларда креслолар мен орындықтар бекітілмейді.

Би кештері үшін пайдаланылатын, орын саны 200-ден аспайтын көрермен залдарында оларды бір қатарға міндетті түрде қосу кезінде орындықтарды еденге бекіту жүргізілмейді.

234. Сахналық қораптардың ағаш конструкциялары (желтартқыштар, сахна төсеніштері, аспалы көпірлер, жұмыс галереялары) құрылыс процесінде антипирендермен терең сіңіріледі.

Көрсетілген конструкциялар, сондай-ақ жанғыш декорациялар, сахналық және көрмелік безендіру, көрермендер және экспозициялық залдардағы, фойедегі, буфеттердегі драпировкалар оттан қорғау құрамымен мерзімді түрде өңделеді.

235. Театр-ойын-сауық мекемелерінің сахналық қораптарының шегінде бір мезгілде екі спектакльге арналған декорациялар мен сахналық жабдықтар болуы мүмкін. Сахнадағы декорацияларды сақтау орындары белгілермен белгіленеді. Декорацияларды

, бутафорилерді, ағаш станоктарды, еністерді, мүкәммалдарды және мүлікті трюмдерде, желтартқыштарда және жұмыс алаңдарында (галереяларда), саты баспалдақтарының және алаңдарының астында, сондай-ақ көрермен залдарының жертөлелерінде сақтауға жол берілмейді.

236. Сахна планшетінің айналасындағы қойылымдарды безендіру кезінде ені кемінде 1 метр еркін айналма жол қамтамасыз етіледі.

Қойылым аяқталған соң барлық декорациялар мен бутафориялар бөлшектеніп, сахнадан арнайы қоймаларға жинастырылады.

237. Сахнада темекі шегуге, ашық отты, доғалы прожекторларды, фейерверктерді және басқа да от түріндегі әсерлерді қолдануға жол берілмейді.

238. Ірі көлемдегі декоративтік безендіруді (залдың бүкіл биіктігіне) пайдалану кезінде жабынның көтергіш конструкцияларының төменгі белдеуіне дейінгі биіктігі 12 метр және одан астам спорт залдарында осы безендіруді, атап айтқанда уақытша су перделерін монтаждау, тез алынатын бекіту түрінде қорғайтын қосымша іс-шаралар көзделеді.

239. Көрермендерге арналған уақытша орындарды (жылжымалы, алынатын, жиналып бөлшектелетін), сондай-ақ орындықтар мінбелерде жабық және ашық спорт құрылыстарының жол берілмейді синтетикалық материалдардан бөлетін және жану кезінде қауіптілігі жоғары және өте қауіпті жану өнімдері. Уақытша орындардың астында жанғыш материалдар мен жабдықтарды сақтауға, сондай-ақ техниканың тұруына жол берілмейді. Уақытша мінбелер астындағы кеңістік әрбір жарыс басталар алдында жанғыш қоқыстан және кепкен шөптен тазартылады.

Эвакуациялау жолдарында қосалқы орындықтарды орнатуға жол берілмейді.

240. Спорттық-көркемдік мерекелерді өткізу, халықаралық жарыстарды немесе халықаралық іс-шараларды, сондай-ақ мәдени ойын-сауық іс-шараларын ашу және жабу кезінде мінбелерге фонды орналастыруға арналған отырғыштар алмалы-салмалы етіп орындалады.

241. Спорт залдарындағы көрермендерге арналған креслоларды орналастыру тұрақты және уақытша мінбелерден көрермендердің қарама-қарсы немесе қиылысатын легі болмайтындай етіп көзделеді.

242. Жабық спорт құрылыстарында көрермендердің отыруына арналған уақытша конструкцияларды бекітуге, сондай-ақ тұғырларды, эстрадаарды, рингтерді бекітуге арналған құрылғылар жарамды күйде ұсталады. Ақаулы бекітпелері бар мұндай құрылымдарды орнатуға жол берілмейді.

243. Спорт ғимараттарындағы телевизиялық камералар адамдарды қауіпсіз эвакуациялауды ескере отырып орналастырылады.

244. Көрермендерге арналған мінбелері бар спорт залдарында жасанды мұз жабындары болған кезде мұз тазалайтын машиналардың уақытша (жарыстар, қойылымдар, жаттығулар, репетициялар өткізу кезеңіне) тұруына арналған орындар

көзделеді. Машиналар тұрақта эвакуациялау жолдарының есептік ені тарылмайтындай етіп орнатылады. Жарыстар, қойылымдар, жаттығулар, репетициялар аяқталғаннан кейін оларды арнайы бөлінген үй-жайларға жинайды. Уақытша тұрақта мұз тазалайтын машинаға отын құюға жол берілмейді.

245. Жанғыш спорт мүкәммалдарын, залдардың жинау-бөлшектеу конструкцияларын, залдардың алмалы-салмалы жабындарын және басқа да материалдарды стеллажсыз сақтау кезінде олар ауданы 100 м² аспайтын қатарларға жиналады. Қатарлардың биіктігі 2,5 метрден артық емес және жабынның немесе жабынның көтергіш конструкцияларынан 0,5 метрден кем емес етіп қабылданады. Қатарлар арасындағы және қатарлар мен қабырғалар арасындағы өту жолының ені кемінде 0,8 метр етіп орындалады. Қойма және мінбе астындағы үй-жайлардағы есік ойықтарына қарама-қарсы өтетін жолдардың ені есіктердің енінен кем болмауы тиіс. Өткелдердің ені мен қоймалау орындары еденге салынған шектеу сызықтарымен белгіленеді.

Стеллаждарда материалдар мен спорттық мүкәммалды сақтау олар стеллаждардың габаритінен шықпайтындай етіп жүргізіледі.

246. Спорт залдарында жанғыш материалдарды, сондай-ақ құрылымдары жанғыш материалдардан жасалған үй-жайларды металл және ағаш көтергіш құрылымдарды бекіту тораптарының астына тікелей орнатуға жол берілмейді.

Сақтау үшін дайындалған спорттық мүкәммалдарды қолдана отырып, жылуұстағыштық үлесі жоғары синтетикалық материалдар және бөлетін жану кезінде қауіптілігі жоғары және өте қауіпті жану өнімдерін, үй-жайлар пайдаланылады бөлінген басқа үй-жайлардан өртке қарсы қалқалармен және жабындармен бөлінеді.

Спорт залдарында жаттығулар мен жарыстар арасындағы кезеңде, сондай-ақ олар аяқталғаннан кейін синтетикалық материалдардан жасалған жұмсақ толтырылған қонуға арналған шұңқырлар жанбайтын қалқандармен жабылады.

Залдардың шегінде қатарларға жиналған поролонды маттар жанбайтын материалмен жабылады.

247. Спорттың техникалық түрлері бойынша жарыстар мен жаттығулар өткізу кезінде:

1) жанармай құю қатты жабыны және қоршау ернеулері жанбайтын материалдардан жасалған және спорт құрылысынан кемінде 25 метр қашықтықта орналасқан арнайы бөлінген алаңдарда жүзеге асырылады;

2) далалық жағдайларда отын құюға арналған орын жарыс трассасынан кемінде 15 метр қашықтықта орналасқан және қатты жабыны және жарыс трассасынан басқа жаққа қарай еңісі бар алаңдарда орналасады. Спорт ғимараттарының мінбе астындағы кеңістігінде көлік құралдарын дайындауға және оларға техникалық қызмет көрсетуге жол берілмейді;

3) электр аппаратурасы трансформацияланатын эстрадалар мен тұғырлардың шегінен тыс орналасқан аппараттық үй-жайларда орналастырылады.

248. Қойылым немесе иллюминациялық жарықтандыру үшін лазерлердің блоктарын генерациялайтын лазерлік қондырғылар пайдаланылған кезде аппараттық үй-жайларда жанғыш конструкциялар мен декорациялардың үстіңгі қабатынан кемінде бір метр қашықтықта жанбайтын материалдардан жасалған тұғырларға орнатылады. Көрсетілген жұмыстар үшін өрт қауіпсіздігі сипаттамалары бар лазерлік қондырғылар қолданылады.

249. Тұғырдың (эстраданың) ағаш рампасы мен электр шырақтарының қаптамалары арасында қалыңдығы 8-10 мм жанбайтын материал төселеді, ал эстрадаға немесе тұғырға орнатылатын барлық тасымалданатын электр фонарьлары (көмескілері) сыртқы жағынан жанбайтын материалдармен қорғалады. Шамдарды эстраданың немесе тұғырдың планшетіне тікелей орнату кезінде олардың астына жанбайтын материалдардан жасалған кілемшелер орнатылады. Жарық сүзгілері жоқ эстрададағы, тұғырдағы софиттер және жұмыс бабында жарықтандыру үшін пайдаланылатын эстрада, тұғырлар әйнекпен жабылады.

Барлық софиттерге жарық жағынан шамдардың әйнектерінің және лампалардың жарылған колбаларының сынықтарының түсуін болдырмайтын қорғайтын металл тор орнатылады.

250. Прожекторлар мен софиттерде әйнектің орнына жанғыш материалдардан жасалған жарық сүзгілерін қолдануға жол берілмейді.

251. Қараю немесе дөңестену іздері бар лампалар, әйнектер жаңаларына ауыстырылады.

10-тарау. Спорт ғимараттарының емдеу-профилактикалық үй-жайларын, оңалту-қалпына келтіру орталықтарын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

252. Спорт ғимараттарының емдеу-профилактикалық үй-жайларында, оңалту-қалпына келтіру орталықтарында орналасқан медициналық қызмет көрсетуге арналған үй-жайларда тез тұтанатын дәрілік препараттарды сақтау үшін бірге сақтауға болатын заттардың тізбесі бар жанбайтын материалдардан жасалған шкаф көзделеді. Шкаф жылыту және жылыту аспаптарынан кемінде 1 м қашықтықта орнатылады.

Өртүрлі өрт қауіпті қасиеттері бар препараттарды шкафта бір сөреде сақтауға жол берілмейді.

253. Медициналық қызмет көрсетуге арналған үй-жайларда пайдаланылған сүрту және таңу материалдарын уақытша сақтау үшін жабылатын қақпағы бар металл урна орнатылады. Объектінің жұмысы аяқталғаннан кейін жәшіктің ішіндегісі қоқысты ортақ сақтау орындарына шығарылады.

254. Спорт ғимараттарының емдеу-профилактикалық үй-жайларында, оңалту-қалпына келтіру орталықтарында орналасқан медициналық қызмет көрсетуге

арналған үй-жайларда медициналық құралдарды стерильдеу үшін сұйық немесе газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін жылыту аспаптарын (корогаздарды, керосин лампаларын, примустарды), сондай-ақ спиралі ашық электр плиталарын пайдалануға жол берілмейді.

11-тарау. Монша-сауналарды ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

255. Құрғақ ыстық камераның жабдығында ақаулық пайда болған немесе жану белгілері (түтін, күйік иісі, құрғақ ыстық камераның ағаш қаптамасының көмірге айналуы) анықталған кезде оны пайдалану дереу тоқтатылады және бұл туралы объектінің әкімшілігіне хабарланады.

256. Құрғақ жылу камерасынан шығатын түтік тікелей сыртқа шығарылады және бөлек ұсталады.

257. Сауналардың үй-жайларында желіге қосылған тас пештің электр қыздырғышын қараусыз қалдыруға, саунаның үй-жайларында арнайы жабдықталған орындардан тыс тұрмыстық электр қыздырғыш аспаптарын пайдалануға жол берілмейді.

258. Төбенің астындағы тас пештің үстінде төбенің қаптамасынан кемінде 0,05 м қашықтықта жанбайтын жылу оқшаулағыш қалқан қамтамасыз етіледі.

259. Тас пештің оттығы бу бөлмесіне жапсарлас арнайы үй-жайда көзделеді.

260. Қорғаныс экраны жоқ электр тас пешті пайдалануға жол берілмейді.

261. Ғимаратқа кіреберісте өрт қауіпсіздігі шаралары туралы ақпарат орналастырылады.

12-тарау. Сауда объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

262. Сауда залдары мен эвакуациялау жолдарында жанғыш материалдарды, қалдықтарды, орамалар мен контейнерлерді уақытша сақтауға, сонымен қатар жанғыш ыдыстарды ғимарат терезелерінің сыртқы және ішкі жағына жапсарлас орналастыруға болмайды.

263. Терезелері немесе түтін шығарылатын шахтасы жоқ жайларда (бөлмелерде) жанғыш орамаларда жанғыш немесе жанбайтын тауарларды сақтауға болмайды. Жанғыш тауарлар мен жанғыш орамадағы тауарлар қоймалары сыртқы қабырғалардың жанында орналастырылады.

264. Өрт қауіпті тауарлы-материалдық құндылықтарды сәйкестік белгілеріне сай арнайы белгіленген жайларда сақтайды.

Қарулардың оқ-дәрілері және пиротехникалық бұйымдар басқа жайлардан өртке қарсы қалқалармен оқшауланған жайларда жанбайтын материалдардан жасалынған шкафтарда сақталады. Аталған шкафтарды жертөледегі үй-жайларда орналастыруға болмайды.

265. Сауда кәсіпорындарында болмайды:

1) сатып алушылар жүрген сауда залдарында отты пайдалану арқылы жүргізілетін жұмыстарды жүргізуге;

2) сауда залдарында жанғыш газдары бар баллондарды орнатуға;

3) баспалдақ торлары алаңдарында, тамбурлерде және басқа да эвакуация жолдарында сауда, ойын аппараттарын, банкоматтарды, терминалдарды орналастыруға және тауарлар сатуға; эвакуация жолдарында сауда, ойын аппараттарын және құрал-жабдықтарды орналастыруға, сондай-ақ тауарлар сатуға;

4) сауда ғимараттарына жатпайтын басқа мақсаттағы ғимараттарда тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды (дәрілік құралдарды, медициналық бұйымдарды, косметикалық және алкогольдік өнімдерді есепке алмағанда), жанғыш газдарды, оқ-дәрілерді, капсулдерді, пиротехникалық және жарылыс қауіпті бұйымдарды орналастырғанда оларды сатуға;

Ескерту. 265-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.05.2023 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

266. Адамдар жаппай болатын сатылым, жарнамалық акциялар мен іс-шаралар өткізу кезінде басшылар олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, атап айтқанда келушілердің кіру санын шектеу, қосымша кезекшілерді тағайындау бойынша қосымша шаралар қабылдайды.

267. Базарларды ашық алаңдарда немесе ғимараттарда (құрылыстарда) орналастырғанда келесі өрт қауіпсіздігі шаралары орындалады:

1) ашық базарлардағы сауда қатарларының жабындылары жанбайтын материалдардан жасалады;

4) сауда қатарлары арасындағы өтетін ашық жолдарды матамен, қағазбен, үлдірмен және басқа жанғыш материалдармен жабуға болмайды.

268. Базарларды басқа мақсаттағы ғимараттар бөлігінде немесе оларға іргелес құрылыстарда орналастыруға жол берілмейді.

Басқа мақсаттағы ғимараттардың бөлігінде немесе оларға жапсарлас құрылыстарда базарлар орналастыруға болмайды.

269. Ғимараттар мен құрылыстарда орналастырылатын дүңгіршектер мен шағын дүкендер, павильондар жанбайтын материалдардан салынады. Жанғыш сұйықтықтарды, дезодоранттарды, сығылған газдарды сатуға арналған павильондар мен дүңгіршектер жеке тұрған немесе ұқсас тауарларды сататын дүңгіршектер тобында отқа төзімділігі I, II, III дәрежелі етіп салынады.

270. Жұмыс уақытында тауарларды тиеу және ыдыстарды түсіру сатып алушылардың эвакуациялық шығу жолдарына қатысы жоқ жолдар арқылы жүзеге асырылады.

271. Әрқайсысының сыйымдылығы 1 литрден асатын шыны ыдыстарға құйылған тұрмыстық химиялық тауарларды, лактарды, бояуларды және жылдам тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, сонымен қатар "От қауіпті", "Отқа жақын шашыратпа" сияқты ескерту жазбалары бар этикеткалары жоқ өрт қауіпті тауарларды сатуға болмайды.

Өрт қауіпті тауарларды бөлшектеп орау осы мақсатқа арнайы лайықталған жайларда жүзеге асырылады.

272. Бөлініп берілген аумақта дүңгіршектерді, сондай-ақ ауданы 35 шаршы метрді қоса есептегенге дейінгі бір қабатты павильондар топтармен орналастырылады. Бір топта отқа төзімділігі I, II, III, IIIa дәрежелі 20-дан көп емес дүңгіршектер пен павильондар немесе 10 отқа төзімділігі IIIб, IV, IVa және V дәрежелі орналастырылады.

Топтағы дүңгіршектер мен павильондардың арасындағы қашықтық есептелінбейді.

Топтарды 1-типтік өртке қарсы қалқалармен 10 контейнерден тұратын бөліктерге бөлінеді.

273. Осы Қағидалардың 272-тармағында көрсетілген топтардың арасындағы, сондай-ақ топтар мен жеке тұрған павильондар мен дүңгіршіктерден басқа ғимараттар мен құрылыстарға дейінгі өртке қарсы арақашықтық осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес қабылданады.

274. Жанатын қалдықтарды жинау орындары дүңгіршектер мен павильондардан 15 метрден кем емес қашықтықта орналастырылады.

275. Орама материалдар мен мүкәммалдарды сақтауға арналған жайлардың ауданы 5 м² аспайтындай етіп көзделеді.

276. Елді мекендерде орналастырылатын дүңгіршектерге электр (сәйкестік сертификаты бар майлы радиаторларды, қыздыратын панельдерді қолдана отырып), бумен немесе сумен жылу беру қолданылады.

277. Елді мекендерден тысқары жерлерде орналастырылатын дүңгіршектерде осы Қағидаларға сәйкес пешпен жылытуды қолдануға болады.

278. Дүңгіршектер мен павильондар құрылыстың сыртқы бетіне немесе нақты қорғалатын жайға (автономды өрт хабарлағыштары) шығарылған дыбыстық және жарық дабылы бар автоматты өрт дабылымен жабдықталады.

279. Сауда-ойын-сауық орталықтарында балалардың ойын алаңдарын цокольды немесе жертөле қабаттарында орналастыруға болмайды.

280. Базарда өрт шыққан кезде адамдардың қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі, сондай-ақ әрбір павильон, алаң, дүңгіршек (шағын сауда орны, бутиктер) үшін объектінің басшысы бекіткен өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқама жасалынады.

13 -тарау. Медициналық ұйымдарды ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

281. Медициналық ұйымның басшысы науқастарды шығару аяқталғаннан кейін күнделікті өрт сөндіру бөліміне әр мекеме ғимаратындағы науқастардың саны туралы деректерді хабарлайды.

282. Өрт шыққан кезде уақтылы эвакуациялау үшін стационары бар медициналық ұйымдардағы өздігінен жүруге қабілетсіз адамдар бес науқасқа бір зембіл есебінен зембілдермен қамтамасыз етіледі.

283. Стационары бар медициналық ұйымдарда мыналарға:

1) науқастарға арналған палаталары бар корпустарда емдеу процесіне қатысы жоқ үй-жайларды орналастыруға немесе оларды жалға беруге;

2) аурухана палаталарына баллондардан оттегі жіберу үшін резеңке және пластмасса шлангты қолдануға;

3) ақауы бар емдік электр жабдықтарын пайдалануға;

4) аурухана палаталары және науқастар орналастырылған басқа үй-жайларда үтік, электр плиталарын және басқа да электрмен жылыту құралдарын пайдалануға;

5) оттегі бар баллондарды, егер жобалау құжаттамамен көзделмеген болса орнатуға және сақтауға жол берілмейді.

284. Қайнатқыштарды, су жылытқыштарды және титандарды орнату, медициналық аспаптарды зарарсыздандыру, сонымен қатар парафин мен озокеритті қыздыру осы мақсатта арнайы жабдықталған үй-жайларда жүргізіледі. Аспаптар мен төсемдерді қайнату үшін жабық шиыршықтары бар зарарсыздандырғыш қолданылады.

Ескерту. 284-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

285. Зертханаларда, бөлімшелерде, дәрігерлер кабинетінде дәрі-дәрмектер мен реактивтерді (тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарға жататын – спирт, эфир) сақтау арнайы, жабылатын металл шкафтарда сәйкестіктерін есепке алу арқылы жалпы саны 3 килограммнан аспайтын мөлшерде жүргізіледі;

286. Оттегі және жанғыш газы бар баллондарды бірге сақтауға, сонымен қатар осы баллондарды материалдық және дәрі-дәрмек қоймаларында сақтауға болмайды. Оттегі мен жанғыш газы бар баллондар арнайы үй-жайларда немесе қалқаның астында сақталады, жылу көздерінен (жылу беру құралдары, күн сәулесі) және оларға майдың және майлы заттардың түсуінен қорғалады.

14-тарау. Физиотерапия кабинеттерін, анестезиология, жансақтау және қарқынды терапия, ота жасау бөлімшелерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

287. Физиотерапия кабинеттерінде, анестезиология, жансақтау және қарқынды терапия, ота жасау бөлімшелерінде барлық емдеу электр аппараттары ақаусыз күйде болуы керек, сенімді жерге тұйықтағышпен, зауыттың электр схемасымен және техникалық паспортымен қамтамасыз етіледі.

288. Электрмен және сәулемен емдеу кабинеттерінде қолданылатын, оның ішінде ауа қабаты бар стерилизаторлар тек зауыттан шыққан болуы керек және жанбайтын материалдардан жасалған беттерде орнатылады.

289. Үй-жайлардың жергілікті желдету жүйелерінің аппараттары мен қондырғыларының шығарындылары шатырдың жоғарғы нүктесінен 2 метрден кем емес биіктікте жүзеге асырылады.

290. Аппаратураны профилактикалық тексеріп қарау анықталған ақауларды жою шараларын қабылдай отырып, техникалық паспортта (нұсқаулықта) белгіленген мерзімдерде жүргізіледі.

291. Әрбір электрмен және сәулемен емдеу бөлімшесінде (кабинетінде) қызмет етуші персоналмен жүргізілген өртке қарсы нұсқамаларды және электр аппаратурасының жұмысында байқалған ақауларды тіркеу журналы жүргізіледі.

292. Науқастарды аурухана ғимаратынан эвакуациялау үшін сыртқы ашық баспалдақтарды қолдануға болмайды.

293. Ота жасау, ота алдындағы, наркоздық және ота жасау блогының жайларының есіктері мен өту жолдары арқылы науқастарды сүйретпелермен еркін тасымалдау қамтамасыз етіледі

294. Есірткі заттары мен препараттардың өздігінен тұтануын болдырмау үшін осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес ота жасау бөлмесінде өртте мен жарылыстардың алдын алу бойынша қорғау шаралары көзделеді.

295. Ота жасау столы, наркоз аппараты және барлық электрмедициналық аппаратурасы жерге тұйықтайтын сымдармен қорғайтын қалаққа қосылады.

15-тарау. Медициналық ұйымдардың зертханаларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

296. Медициналық ұйымдардың зертханаларында ертхана үй-жайларына кіретін жерде олардың жарылыс өрт және өрт қауіптілігі бойынша санаттарының нұсқағыштары ілінеді.

297. Өндірістік қажеттіліктерге арналған оңай тұтанатын сұйықтықтарды беру құбыр арқылы жүргізіледі немесе тасымалдауға арнайы жабық сынбайтын ыдыс пайдаланылады. Құбыр ғимараттың сыртынан тікелей берілетін заттар пайдаланылатын орынға төселеді.

298. Оңай тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар ауысымдық қажеттіліктен аспайтын мөлшерде жұмыс жайларында, қақпағы бар, ішіне жанбайтын материал төселген, металл жәшікке салынған, қабырғасы қалың шыны немесе тығыз тығындысы бар сынбайтын ыдыста сақталынады. Мұндай сұйықтықтарды полиэтиленді сыйымдылықтарда сақтауға болмайды.

299. Зертханаларда заттар мен материалдарды сақтау қатаң түрде ассортимент бойынша жүргізіледі. Химиялық өзара әрекеттесуі нәтижесінде өрт немесе жарылыс шығатын заттарды бірге сақтауға болмайды.

300. Өрт, жарылыс қауіпті сұйықтықтар және заттармен жұмыс істеуге арналған үстелдердің, сөрелердің, сору шкафтарының жұмыс істеуге арналған беттері жанбайтын материалдардан жасалған жабынмен және ернеулерден болуы көзделеді. Қышқылдармен, сілтілермен және басқа химиялық белсенді заттармен жұмыс істеу үшін үстелдер мен шкафтар тотығуға төзімді материалдардан жасалады.

301. Зертханада уытты немесе өрт- және жарылыс қауіпті булар мен газдарды бөлу мүмкіндігімен байланысты барлық жұмыстар тек ақаусыз жағдайда ұсталған, жанбайтын материалдардан жасалған сору шкафтарда жүргізіледі. Әйнектері сынық немесе желдеткіші ақаулы сору шкафтарын қолдануға болмайды.

Сору шкафтардың жармалары, есіктері мен қалқалағыштары жұмыс уақытында барынша жабық (сорып шығу үшін төменгі жағынан үлкен ойықтарымен төмен түсірілген) болады.

Орындалатын операцияға қатысы жоқ материалдар мен жабдықтар сақталынған жағдайда, сору шкафта жұмыс істеуге болмайды.

Сору шкафтары өздігінен желдететін каналдары бар желдету жүйесімен жабдықталады.

302. Қышқылдары, сілтілері және басқа химиялық белсенді заттары бар әйнек ыдысты, ішіне жанбайтын материал төселген арнайы металл немесе ағаш жәшіктерде тасымалдау жүзеге асырылады. Күкірт немесе азот қышқылдарын сақтау үшін ағаш жәшіктерді, себеттер мен жоңқаларды пайдалануға болмайды.

303. Сұйық оттегін оңай тұтанатын заттармен, майлармен және сұйық майлармен бір үй-жайда сақтауға болмайды.

304. Сығымдалған, сұйылтылған және ерітілген жанғыш газдары бар баллондар зертхана ғимаратынан тысқары металл шкафтарда орнатылады. Шкафтарда желдету үшін ойықтар немесе жалюзи торлары көзделеді.

Зертханалық үй-жайларға осы газдарды, сондай-ақ оттегін жеткізу орталықтандырылған күйде жүргізіледі.

305. Зертхананың барлық жайларындағы ағынды-сору желдеткіші жұмыс басталғанға дейін 5 минуттан кеш емес уақытта қосылады және жұмыс аяқталғаннан кейін сөндіріледі

306. Зертханаларда:

1) тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, сондай-ақ жанғыш материалдарды қыздыратын аспаптарға, оттықтарға және басқа да от көздеріне 1 метрден жақын орналастыруға;

2) пайдаланылған тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды су бұру жүйесіне құюға;

- 3) едендер мен жабдықты тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтармен жууға;
- 4) оттықтар жанып тұрған және электр қыздырғыш аспаптары қосылып тұрған кезде байқаусызда төгілген сұйықтықтарды тазалауға;
- 5) жұмыс орнында майланған шүберек пен қағазды тастап кетуге;
- 6) жұмыс орнында және жұмыс істейтін үй-жайларда өрт қауіпті қасиеттері белгісіз қандайда бір заттар мен препараттарды сақтауға;
- 7) жұмыс орнын, жанып тұрған оттықтарды және басқа қыздыру аспаптарын қараусыз қалдыруға;
- 8) ішінде тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары бар ыдыстарды ашық отта, сондай-ақ тұрмыстық электр қыздырғыш аспаптарында қыздыруға жол берілмейді.

307. Оңай тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар арнайы киімге тиіп кеткен жағдайда оны дереу ауыстыру шаралары қабылданады

308. Жарылыс- және өрт қауіпі бар заттармен жұмыс істеу кезінде, сонымен қатар зертханада (бөлмеде, бокста) түнгі сағаттарда жұмыс істеу кезінде кемінде екі адам болуы қажет.

309. Оңай тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды беруге арналған құбырлар жерге тұйықталады.

310. Пайдаланылған сұйықтықтар еритін заттардың қасиеттерін ескере отырып, герметикалық жабылатын сынбайтын ыдысқа құйылады және жұмыс күнінің соңында қалпына келтірілуі немесе жойылуы үшін зертхананың жұмыс жайларынан шығарылады. Осы сұйықтықтарды сақтау осы Қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

16-тарау. Бір және көп орынды емдеу барокамераларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

311. Барокамералар үй-жайларының есіктері әйнексіз, тығыздалған ысырмалары бар өздігінен жабылатын, құлыпсыз, сондай-ақ басқа ілмек қондырғыларсыз болуы көзделеді. Барозалдардың есіктерінің ені аурухана сүйретпелерінде немесе креслосындағы пациенттерді өткізуге мүмкіндік беретіндей, кемінде 1 м болуы көзделеді.

312. Барокамера үй-жайлары қабырғаларының қаптамасы, аспалы төбелер жанбайтын материалдардан жасалынады. Қабырғалар мен төбелерді бояу үшін тек су эмульсиялы бояулар пайдаланылады.

313. Барокамера үй-жайларына жылу беру орталықтандырылған, су жылу тасымалдағышының температурасы 95оС аспайтындай болуы көзделеді. Жылу беру аспаптарынан және жылудың басқа көздерінен барокамераға дейінгі арақашықтық кемінде 1 м кем болмайтындай көзделеді.

314. Екі немесе одан көп бір орынды немесе бір көп орынды барокамералар орнатылатын жайлар авариялық жарықпен жабдықталады.

315. Барокамераның үй-жайында олардың паспорттық немесе түгендеу нөмірлері көрсетіле отырып, құрамындағы оттегісі жоғары ортада жұмыс істеуге рұқсат етілген аспаптардың тізбесі ілінеді. Ақаулы аспаптарды тек оларды оттегісі арттырылған ортада пайдалануға болатындығы туралы тиісті белгілері бар ұқсас аспаптарға ауыстыруға болады, бұл ретте тізбеге тиісті өзгерістер енгізіледі.

316. Тікелей барокамераларға орнатылған шырақтарда тек қыздыратын лампалар қолданылады.

317. Бароаппараттар олардың бірде біреуі басқа бароаппаратты, барозалдың кез келген жабдығын, сондай-ақ науқастар мен қызмет көрсетуші персоналды эвакуациялауға кедергі келтірмейтіндей етіп орналастырылады.

318. Сеансты немесе оталауды бастар алдында барокамераның барлық аппаратурасы, өлшеу және бақылау аспаптары, байланыс құралдары, өрт сөндіру дабылдары, ал көп орынды барокамераларда және тасымалданатын аспаптар мұқият тексерілуі тиіс. Ақаулықтары немесе олқылықтары анықталған жағдайда, сондай-ақ тізімдемеге енгізілмеген жабдық болған жағдайда анықталған кемшіліктер жойылғанға дейін сеанстар мен отаны одан әрі жүргізуге болмайды.

319. Бароаппараттары бар үй-жайларда оттегі мөлшерін бақылау үшін автоматты газталдағыштар орнатылады.

320. Бароаппараттар мен барозалдарды пайдалану кезінде болмайды:

- 1) пациентті бароаппаратқа синтетикалық киіммен жайғастыруға;
- 2) бароагрегаттарды (барокамераларды, барокондиционерлерді) жерге тұйықтамай бароаппараттарды пайдалануға;
- 3) барозалда (жайда, көліктің салонында) ақаулы аспаптарды және электр өткізгіштерді (зақымдалған оқшаулағышты, сенімсіз ұшқындайтын түйісулерді) пайдалануға, электр қыздырғыш аспаптарын (су қайнатқыштарды, электр плиталарын) пайдалануға, жанғыш материалдардан жасалған жиһазды, ұшқын тудыруға қабілетті материалдар мен бұйымдарды пайдалануға, ашық отты қолдануға, темекі шегуге, жұмыс орындарының төменгі жағына жарық түсіру үшін ашық шырақтарды қолдануға;
- 4) барозалда жанғыш және оңай тұтанатын сұйықтықтарды, майларды, сондай-ақ жанғыш, оның ішінде таңып байлау материалдарын сақтауға;
- 5) бароаппаратты рұқсат етілген кернеуден артық желіге қосуға;
- 6) пайдалануды алғашқы өрт сөндіру құралдарынсыз жүзеге асыруға болмайды.

17-тарау. Дәріханалар мен дәріхана қоймаларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

321. Дәріханалар мен дәріхана қоймаларында:

- 1) транзитті электр кабельдері өтетін жайларда, сондай-ақ газ коммуникациялары мен май сіңген аппаратуралар бар үй-жайларда сақтауға;

2) өнімді үйіп-төгіп сақтауға және оны жылу бергіш радиаторлар мен құбырларға жанастыра орналастыруға;

3) материалдарды тікелей қоймаларда ашуға және буып-түюге болмайды.

322. Қалқа астында ылғалды ауадан немесе судан шірімейтін, қызбайтын және тұтанбайтын химиялық заттарды сақтау жүзеге асырылады.

323. Материалдық құндылықтар қатаң түрде ассортиментке сәйкес сақталады, бұл ретте оңай тұтанатын сұйықтықтарды басқа материалдармен бірге сақтауға болмайды.

324. Пластмасса бұйымдары желдетілетін, қараңғы, құрғақ үй-жайда бөлме температурасында, жылу беру жүйелерінен 1 метрден кем емес қашықтықта сақталады.

325. Өрт немесе жану шыққан жағдайда тиісті бөлімшелердің басшылары өртке қарсы қызметін олар келіп жеткен бойда улы және жарылыс қауіпті заттардың бар-жоғы және сақталу орындары туралы хабардар етеді.

326. От қауіпті және жарылыс қауіпті дәрі-дәрмек құралдары біртектілік қағидасы бойынша және олардың физикалық-химиялық және өрт қауіпті қасиеттеріне және орау сипатына сәйкес сақталады.

327. От қауіпті және жарылыс қауіпті дәрі-дәрмек құралдарын сақтауға арналған үй-жайлар жанбайтын және төзімді сөрелермен және тұғырлармен қамтамасыз етіледі.

328. Оңай тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар ені 0,7 метрден кем емес және биіктігі 1,2 метрден кем емес есіктері бар жапсарлас, жанбайтын шкафтарда сақталынады.

329. От қауіпті және жарылыс қауіпті заттар қоймасы үй-жайларының есіктері ғимараттан шығатын жаққа қарай бағыта ашылады.

330. 100 килограмнан астам мөлшердегі оңай тұтанатын сұйықтықтар бөлек тұрған ғимаратта шыны немесе металл ыдыста өзге топтардағы от қауіпті заттарды сақтау үй-жайларынан оқшау сақталады.

331. От қауіпті және жарылыс қауіпті заттар сақталатын үй-жайларға кіре берісте "Өрт қауіпсіздігіне жауапты (жауапты тұлғаның аты-жөні, әкесінің аты (болған жағдайда))" жазбасы бар тақтайшалар ілінеді. Жауапты адам қалған от қауіпті және жарылыс қауіпті заттарды жинау және жұмыс күні соңында өзге де шаралар жүргізу мақсатымен күн сайын үй-жайға тексеріс жүргізеді.

332. Тез тұтанатын және жанғыш сұйық дәрі-дәрмек құралдарын:

1) толықтай толтырылған контейнерде сақтауға жол берілмейді. Толтыру деңгейі көлемнің 90 пайызынан аспайтындай етіп көзделеді. Көп мөлшердегі спирттер көлемнің 95 пайызынан аспайтындай етіп толтырылатын металл сыйымдылықтарда сақталады;

2) минералды қышқылдармен (күкірт, азот және өзге де қышқылдармен), сығылған және сұйылтылған газдармен, тез жанғыш заттармен, сондай-ақ органикалық заттармен жарылыс қауіпті қоспалар беретін (хлорат калийі, перманганат калийі) бейорганикалық тұздармен сақтауға жол берілмейді.

333. Жанғыш және жарылыс қауіпті дәрілік құралдар қалың қабырғалы тығыз жабылған контейнерлерде (бөтелке, банка, барабандар) жапқыш құралдары парафинмен құйылып сақталады.

18-тарау. Әлеуметтік қызмет көрсету объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

334. Әлеуметтік қызмет көрсету объектілерінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде қағаздарға және басқа да жанғыш қалдықтарға арналған себеттер мен жәшіктер үнемі тазартылады.

335. Әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарында жану кезінде уыттылығы жоғары өнімдер шығаруы мүмкін полимерлі материалдар қолданылып жасалған жиһаз бен жабдықты пайдалануға болмайды.

336. Тамақты тек осы мақсаттарға арнайы бөлінген және жабдықталған жерлерде ғана дайындауға (ысытуға) болады. Бұл ретте тұрмыстық қажеттілікке арналған электр жылытқыш аспаптарын автоматты өшіру құралдарынсыз қолдануға болмайды.

337. Жатын, ойнайтын бөлмелерде және қызмет көрсетілетін үй-жайларда үтіктерді, электр плиталарын және басқа да электрмен жылытқыш құралдарды пайдалануға болмайды.

338. Киімдерді үтіктеу тек осы мақсатқа бөлінген арнайы жабдықталған үй-жайларда ғана жүргізіледі. Үтіктеуді ақаусыз термо реттегіштері мен қосылатын жарық индикаторлары бар үтіктермен жүргізеді.

339. Мүгедектігі бар жатқан адамдар мен қарттар оларды барынша жылдам эвакуациялауды қамтамасыз етуді ескере отырып, үй-жайларда орналасады, адамдардың осы санатын жертөле және жертөле қабаттарында орналастыруға жол берілмейді.

Ескерту. 339-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

340. Оңай тұтанатын және жанғыш материалдары бар қоймаларды тікелей тұрғын бөлмелердің және палаталардың астына, сондай-ақ олардың жанына орналастыруға болмайды.

19-тарау. Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

Ескерту. 19-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

341. Ғибадат үйлерінде (ғимараттарында) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде шам қойғыштар, шырақтар және ашық от қолданылатын жарықтандыру жабдығы жанбайтын беттерге, олардың төңкеріліп қалуын болдырмайтындай берік орнатылады.

Ескерту. 341-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

342. Ырымдар және салттарды жүргізу үшін ашық от көздерін жанғыш материалдардан жасалынған, үй-жайды және жиналуын, киімдердің және заттардың бұйымдарына дейінгі қашықтық 0,5 метрден кем емес аралықта пайдалануға болмайды.

343. Шыны құтылары бұзылған, ашық от қолданылатын шамдарды пайдалануға, сондай-ақ оларды толтыру үшін тез тұтанатын сұйықтықтарды пайдалануға болмайды.

344. Лампадаларды, шамдарды және ұқсас құралдарды толтыруға арналған жанғыш сұйықтықтар сыйымдылығы 2 литрден аспайтын, жабық, сынбайтын ыдыста металл шкафтарда сақталады.

345. Лампадалар мен шамдарға жанғыш сұйықтықтар құрылымында ернеулері көзделген, тұғырында жанбайтын материалдан жасалған сынбайтын ыдыстан құйылады. Лампадалар мен шамдарды толтырғаннан кейін сыйымдылықтың тұғыры мен сыртқы беті жанбайтын техникалық жуу құралдарымен төгіліп қалған жанғыш сұйықтықтардың қалдықтарынан тазартылады.

346. Лампадалар мен шамдарға жанғыш сұйықтықтарды толтырып құю тек тұтату көздері болмаған жағдайда, ал электрмен жылыту құралдары қосылып тұрғанда, олардан кемінде 1 метр қашықтықта жүзеге асырылады.

347. Ғибадат үйлерінде (ғимараттарда) от жұмыстарын жүргізуге (пеш жағу, дәнекерлеу және от жұмыстарының басқа да түрлері), салттар мен ырымдарды жүргізу кезінде жанғыш сұйықтықтарды толтырып құюға болмайды.

Ескерту. 347-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

348. Құлшылық жасайтын залдардың сыйымдылығы бір адамға арналған үй-жайдың ауданы және эвакуациялау жолдарының өткізу қабілеттілігі негізінде шектеледі.

349. Келушілердің қозғалысы мен олардың қарсы жүру легі бір-бірімен қиылыспайтындай етіп жүзеге асырылады.

20-тарау. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен уақытша ұстау изоляторларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

350. Қылмыстық-атқару жүйелері мекемелерінің аумағында өрт қалқандары жабдықталады:

- 1) кезекші бөлімнің қасындағы тұрғын аймақта сотталғандар үшін қол жетпейтін жерде не сотталғандардың кіруі шектелген орында;
- 2) әр өндірістік ғимараттағы өнеркәсіп аймағында;
- 3) қазандықта, шаруашылық ауласы аумағында;
- 4) айыппұл изоляторында (тәртіптік блокта);
- 5) көліктік бақылау-өткізу пунктінде (бақылау алаңында, шлюзде) жабдықталады.

Сотталғандар мен тергеуге қамауға алынған адамдарға қолжетімді орындарда өрт қалқандары балтамен, багормен, күрекпен, сүйменмен, ілмекпен, қайшымен, айырмен, шаншып-кесетін және шабатын заттармен жарақталмайды.

351. Сотталғандарды ұстауға арналған жатақханаларда, сотталғандардың еркін жүруіне болатын өндірістік және басқа үй-жайларда өрт қандары мен өрт сөндіргіштер заңсыз ашудан қорғалған шкафта жабдықталады (орнатылады). Қылмыстық-атқару жүйесі (бұдан әрі – ҚАЖ) камераларында және уақытша ұстау изоляторларында (бұдан әрі – УҰИ) бастапқы өрт сөндіру құралдары орнатылмайды.

352. ҚАЖ мекемелердің өндірістік, шаруашылық және тұрғын аймақтарының қоршауы мен УҰИ қоршаулары өрт сөндіру автомобильдерінің өтуіне арналған қақпалармен жабдықталады.

353. ҚАЖ және УҰИ аумағында өртке қарсы сумен жабдықтау желілері немесе табиғи су көздері болмаған жағдайда "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне сәйкес сыртқы өртке қарсы сумен қамтамасыз етудің қажетті шығынына есептелген сыйымдылықпен өрт сөндіру су айдындарын орнатуды көздеу қажет. Объектіден 200 м радиуста табиғи немесе табиғи су көздері болған кезде оларға жылдың кез келген мезгілінде су жинау және өрт автомобилін орнату және су алу үшін кемінде 12x12 м көлемі бар қатты жабынды алаңқайы (пирс) бар кіреберіс орнатылуы керек.

Ескерту. 353-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

354. Тұрғын және тәртіптік блоктарда, ұзақ уақытқа кездесу жайларында жарылыс қауіпті, өрт қауіпті заттар мен материалдар қолданылатын немесе сақталынатын өндірістік және қоймалық үй-жайлардың болуы көзделмейді.

355. Тұрғын және тәртіптік блоктарда діни салттарды өткізуге арналған үй-жайларды орналастыру кезінде кемінде екі эвакуациялық шығу жолдарымен жабдықтау қажет. Шам қойғыштар, шырақтар және ашық от қолданылатын жарықтандыру жабдығы жанбайтын беттерге орнатылады.

356. ҚАЖ мекемелерінің тергеуге қамалғандар мен сотталғандарды, УҰИ күдіктілер мен айыпталушыларды ұстау камераларынан басқа, адамдар жаппай жиналатын ғимараттар мен үй-жайлардан эвакуациялық шығу жолдарының есіктері кілтсіз ішінен ашу мүмкіндігін қамтамасыз етуі қажет және сигналын кезекшілік

бөлімге шығарып, есікті заңсыз ашқанда іске қосылатын күзет сигнализациясымен жабдыкталады.

3-бөлім. Өнеркәсіп кәсіпорындарын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-тарау. Жалпы ережелер

357. Әрбір кәсіпорында технологиялық процестерде қолданылатын заттар мен материалдардың өрт қауіптілігі көрсеткіштері туралы мәлімет болуы қажет, ал ғимараттар мен үй-жайлар үшін "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне сәйкес жарылыс және өрт қауіптілігі бойынша санаттар белгіленеді.

Өрт қаупі және жарылу қаупі бар материалдармен жұмыс істеген кезде таңбалау және бумаларда немесе ілеспе құжаттарда көрсетілген ескертпе жазуларының талаптары сақталады.

358. Бір-бірімен өзара әрекеттескенде тұтану, жарылу немесе жанғыш және уытты газдар (қоспалар) пайда болатын заттар мен материалдарды бірге пайдалануға, сақтауға және тасымалдауға (егер технологиялық регламентте көзделмесе) жол берілмейді.

359. Жабдықты жоспарлы-алдын ала жөндеу мен профилактикалық тексеру дайындаушы-зауыттың нұсқаулықтарында көзделген белгіленген мерзімдерде, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі шараларын орындау кезінде жүргізіледі.

360. Сору құрылғыларының (шкафтардың, сырлау, кептіру камераларының), аппараттар мен құбыр өткізгіштерінің құрылымын тазалау бойынша жұмыстар кәсіпорын басшысы бекіткен графикке сәйкес, өрт қауіпсіз әдістермен жүргізіледі.

361. Технологиялық жабдықта, құбыр жолдарында және басқа да жерлерде статикалық электрден қорғау жүйелерінің ұшқын сөндіргіштер, ұшқын тұтқыштар, от тоқтататын, отқа бөгет жасайтын, шаң мен металл тұтқыш және жарылысқа қарсы құрылғылары жұмыс жағдайында ұсталады.

362. Жабдықты, бұйымдар мен бөлшектерді жууға және майдан тазартуға жанбайтын техникалық жуу құралдары, сондай-ақ өрт жағынан қауіпсіз қондырғылар мен әдістер қолданылады.

363. Құбыр жолдарында қатып қалған мұнай өнімін, мұзды, кристалл гидратты және басқа да тығындарды жылыту қауіпсіз әдістермен (ыстық сумен, бумен), ашық отты қолданбай жүргізіледі.

364. Резервуарлардан (сыйымдылықтардан) тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтардың үлгілерін алу және деңгейді өлшеу күндізгі уақытта, соққан кезде ұшқын шығуды болдырмайтын құралдармен жүргізіледі. Үлгілерді алу және деңгейді өлшеу бойынша операцияларды найзағай жарқылдап тұрған кезде, өнімді тартып ағызу және тартып шығару кезінде орындауға болмайды.

Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды резервуарларға (сыйымдылықтарға) " құламалы ағыспен" беруге, сондай-ақ резервуарды толтыру және босату жылдамдығы тыныс алу клапандарының (желдеткіш келтеқұбырларының) резервуарларында орнатылған жалпы өткізу қабілеттілігінен асуға жол берілмейді.

365. Шаң жинайтын камералар мен циклондардың есіктері мен люктері оларды пайдалану кезінде жабық күйде ұсталады, камералар мен циклондардан жиналған жанғыш қалдықтар уақтылы жойылады.

366. Өндірістік ғимараттарды, кәсіпорындардың аумақтарындағы қоймаларды тұру үшін пайдалануға, сондай-ақ қоймаларда өндірістік шеберханаларды орналастыруға жол берілмейді.

367. Жаяу жүру тоннельдері мен өту жолдарында қойма орнатуға, жабдықты, жанғыш материалдарды сақтауға, жанғыш материалдардан жасалған стендтер мен плакаттарды ілуге, сондай-ақ қуат кабельдерін, газ, қышқыл, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды тасымалдайтын құбыр жолдарын төсеуге жол берілмейді.

368. Цехтардағы өту жолдары мен өткелдердің шектері белгілеулермен белгіленеді.

369. Қоймалар мен өндірістік үй-жайлар арқылы транзитті электр желілері, сондай-ақ жанғыш газдарды, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар мен жанғыш шаңдарды тасымалдауға арналған құбырларды төсеуге жол берілмейді.

370. Жарылу қаупі бар учаскелерде, цехтар мен үй-жайларда ұшқын шығармайтын құрал-саймандар қолданылады.

371. Жанғыш шаңдар, жоңқалар шығатын үй-жайлардың қабырғалары, төбесі, едені , конструкциялары мен жабдығы жүйелі түрде, шаңды құйындатуды және жарылыс қауіпті шаңды ауасы бар қоспаларды болдырмайтындай, технологиялық регламенттермен немесе объектілік (цехтық) нұсқаулармен (жазбаша) белгіленген мерзімде жүйелі түрде тазартылып тұруы тиіс.

372. Өртке қарсы қабырғалар мен жабындардағы технологиялық ойықтар отқа бөгет жасайтын құрылғылармен қорғалады.

373. Жартылай өңделген өнімдерді ыдыссыз тасымалдауға арналған шахталы көтергіштердің жүктеу құрылғылары тек жүктеу кезінде ғана ашылатын бекітпелермен жабдықталады.

374. Өртке қарсы есіктердің өздігінен жабылуына арналған механизмдер жарамды күйде ұсталады. От бөгегіш құрылғылар жұмыс аяқталғаннан кейін жабылады.

375. Желілер мен адсорберлерде жарылыстың алдын алу клапандарының қорғау мембраналары тұрақты түрде жарамды жай-күйде ұсталады.

376. От тосқауылдағыштың, сондай-ақ мембрана клапандарының жарамдылығы жүйелі түрде тексеріліп, өрт сөндіруші саптамадан тазартылады. Тексеру мерзімі бекітілген цех нұсқауында көрсетіледі.

377. Белсендірілген көмірдің өздігінен тұтанып кетуіне мүмкіншілік бермеу үшін, адсорберлер тек стандартты, көрсетілген маркадағы белсендірілген көмірмен толтырылады.

377-1. Қышқылдарды сақтау орындарында абайсызда төгіліп кеткен қышқылдарды бейтараптандыру үшін бордың, әктің немесе соданың дайын ерітінділері көзделеді.

Ескерту. Қағидалар 377-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

378. Жанғыш сұйықтық қолданылатын гидравликалық жүйелерде бактағы май дәрежесіне бақылау орнатылады және жүйедегі май қысымын паспортта көзделгеннен арттыруға болмайды.

Гидравликалық жүйелерден май ағып жатқаны байқалса, дереу ағуды тоқтатады.

379. Ағаш кесетін рамаларды, фрезер-аралағыш және басқа да станоктар мен агрегаттарды пайдалану кезінде:

1) аралар қоршауларға тиіп тұрса;

2) тістері жетіспейтін немесе түзу емес және ірі қабыршақты араларды пайдалануға;

3) салқындату мен майлау жүйесі зақымданған болса;

4) салқындату мен майлау жүйесі зақымданған немесе салқындату жүйесіндегі қысым кезінде ағаш аралағыш рамаларды автоматты түрде тоқтатуды қамтамасыз ететін қондырғысыз болса;

5) ара рамасы қисайса және сырғытпалар нашарланса және дұрыс жеткізбесе;

6) мойынтіректің қызуы 70оС-тан асса, пайдалануға жол берілмейді.

380. Шикізатты турау машинасына жіберетін конвейерлер металл түсіп кеткен жағдайда, оларды автоматты түрде өшіретін және дыбыстық белгі беретін металл қаққыштармен жабдықталады.

381. Турағыш машинаның май құйғышын тазалау кезінде металл заттарды пайдалануға рұқсат берілмейді.

382. Өндеуге түсетін технологиялық жоңқа, сондай-ақ преске кірер жолға дейінгі жоңқа жасайтын кілем металл қаққыш арқылы өткізіледі.

383. Ағаштан жоңқа жасайтын плиталарға арналған тегістейтін станоктар алдында беруші құралмен бекітілген және сигнализациямен жабдықталған металл іздегіштер орнатылады.

384. Майдаланған ағаш бөліктерінің шанақтары және қалыпталған машиналар аспирация жүйесімен және олардың толғаны туралы хабарлайтын сигнал беретін датчиктермен жабдықталады.

385. Ыстықтай нығыздауға арналған нығыздағыштың тиеу және түсіру этажеркаларының үстінде сорып шығаратын шатыр жабдықталады, ол плиталарды қабыстыру және ажырату кезінде тозаң мен газдың бөлінуіне жол бермейді.

386. Барабанды кептіргіш пен құрғақ жаңқа шанақтары және аралар өрт сөндіру және жарылысқа қарсы құралдардың автоматты қондырғыларымен жабдықталады.

387. Шаң және жаңқа материалдарын тасымалдау жүйесі оттың таралуына жол бермейтін құралдармен және өртті жоюға арналған люктермен жабдықталады.

388. Аспирациялық және пневмокөліктік жүйелерден ағаш жаңқаларын және басқа да жарылу қаупі бар тозаңдарды жинауға арналған сыйымдылықтар жарамды күйдегі жарылысқа қарсы қондырғылармен қамтамасыз етіледі.

389. Плитаның термиялық өңдеу камералары тәулігіне бір рет бөлініп шыққан ұшпа шайырдан, ағаш жаңқалардан, шаңдардан, қалдықтардан тазартылып тұрады. Ағаш жаңқалы плиталардың термиялық өңдеу камераларынан жарылыс қауіпті газдарды шығару үшін сорғы құбырдың шиберін әр 15 минут сайын 2-3 минутқа ашуға арналған автоматты қондырғы болуы тиіс.

Нығыздалмаған жұмсақ жиекті плиталарды термиялық өңдеуге жол берілмейді.

390. Плиталар термоөңдеуден кейін бунаққа төселер алдында өздігінен тұтануына жол бермеу үшін ашық буферлі алаңда қоршаған ауа температурасына дейін суытылады.

391. Өңдеу камералары мен май ванналарындағы температура автоматты түрде бақыланады.

392. Жағу газдарын пайдаланатын кептіру барабандары ұшқын тұтқышпен жабдықталады.

393. Ағаш қабатты пластиктерді нығыздағаннан кейін технологиялық регламентте белгіленген уақыттан бұрын кесіп, бөліктерге бөлуге рұқсат етілмейді.

394. Жұмыс соңында сіңдіру ванналары, сондай-ақ жанғыш сұйықтықтарды суытатын ванналар қақпақпен жабылады.

395. Сіңдіру, шындау, жанғыш сұйықтықтары бар басқа да ванналар ғимараттан тыс жерде орналасқан жерасты сыйымдылықтарына құйылатын авариялық қондырғылармен жабдықталады.

Әр ванна жанғыш буды жергілікті сортаң сорғымен жабдықталады.

396. Мерзімді іске қосылатын кептіру камералары мен калориферлер әрбір тиеу алдында өндірістік қоқыстар мен шаңдардан тазартылады.

397. Ауа-бу және газ камераларының енгізу және сору каналдары өрт болған кезде арнайы жабылатын қалқандармен (сұқпа жапқыштармен) жабдықталады.

398. Газ кептіру камералары желдеткіш тоқтап қалған жағдайда, газдың жануын автоматты түрде тоқтататын жарамды қондырғылармен жабдықталады.

Газ кептіру камераларының алдына ұшқынның кептіру камераларына түсуіне жол бермейтін ұшқын қаққыш орнатылады.

Газ кептіру құрылғылары пештері көмейінің, ұшқын қаққыш құрылғылардың техникалық жай-күйі үнемі тексеріледі. Пеш көмейінің үстінде сызаты бар және жұмыс істемейтін ұшқын қаққышы бар кептіру қондырғыларын пайдалануға жол берілмейді.

399. Сұйық және қатты отынмен жұмыс істейтін газ кептіру камераларының отын-газ құрылғысы күйеден айына екі реттен тазартылады.

400. От жағу-кептіру бөлімі кептіру агентінің температурасын бақылауға арналған жарамды аспаптармен жабдықталады.

401. Ағаш талшықты жұмсақ плиталарға арналған кептіргіш камералары ағаш қалдықтарынан күніне бір рет тазартылады, конвейер 10 минуттан артық тоқтаған жағдайда, кептіру камерасын қыздыру тоқтатылады.

Кептіру камераларының камерада күйе пайда болған кезде калориферлер желдеткіштерін өшіретін және тұрақты өрт сөндіру құралдарын қосатын жабдығы болады. Шикізаттарға, жартылай дайын өнімдерге және сырланған дайын бұйымдарға арналған кептіру камералары (үй-жайлар, шкафтар) температура қалыпты мөлшерден көтерілген кезде қыздыруды өшіретін автоматпен жабдықталады.

402. Ағаштарды кептіру үшін жоғары жиіліктегі токпен қатарлап орналастыру кезінде онда металдан жасалған заттың болуына жол берілмейді.

403. Кептіру камераларына адамдардың кіруіне және арнайы жұмыс киімін кептіруге рұқсат етілмейді.

404. Мұнай өнімдерін тасымалдауға арналған автоцистерналар құю эстакадасының жерге тұйықтау контурына қосуға арналған жерге тұйықтау қондырғыларымен жабдықталады; автоцистерналардың пайдаланылған құбыры ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады және қозғалтқыш немесе радиатор астынан алға қарай шығарылады. Автоцистерналардың жерге ұзына бойы 100-200 мм тиетін отырғызу шынжыры болуы керек, екі өрт сөндіргішпен, киізбен, құрғақ құммен және күрекпен жабдықталады.

2-тарау. Агломерациялық өндіріс және металдандырылған шекемтастар өндірісі объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

405. Сөндірілмеген әк отқа төзімділігі II дәрежеден төмен емес, едені жердің үстіңгі қабатынан кемінде 0,5 метр көтерілген арнайы үй-жайларда сақталады.

406. Металдандырылған шекемтастарды сақтау орындары ылғалдың түсуінен сенімді қорғалады.

407. Сапа талаптарын қанағаттандыратын металдандырылған шекемтастар құрғақ инертті газ беру жүйесімен жабдықталған бункерден түсіріледі. Бункердегі артық қысым кемінде 200 Паскаль (су бағанының 20 миллиметр) болуы қажет.

408. Температурасы 100^o С асатын шекемтастар арнайы қондырғымен алаңға лақтырылады, бұл ретте таспаға су беру қажет.

409. Алаңға лақтырылған шекемтастар жүк тиеушілердің көмегімен 0,5 метрден аспайтын қатпар етіп жиналады және су молынан құйылады.

410. Мыналарға:

1) сөндірілмеген әкті дымқыл үй-жайларда ылғалды және жанғыш материалдармен бірге сақтауға;

- 2) қайнаған әкті бөлу үшін суды пайдалануға;
- 3) температурасы 100оС асатын (бақылауды әкімшілік жүзеге асырады) ыстық агломератты беруге;
- 4) тез жанатын (резеңке битумы, синтетикалық) материалдардан жасалған көлік таспаларын қолдануға;
- 5) дымқыл түйіртпектерді қоймаға тасымалдауға;
- 6) металдандырылған тозаңның 5 миллиметрден артық болып көліктің галереясында, түйіртпектерді елеу, ұсақтау, тиеу және түсіру орындарда жиналып қалуына жол берілмейді.

3-тарау. Домна, болат балқытатын, электрмен болат балқытатын және ферроқорытпа өндірісі объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

411. Өндіріс басшысы балқытылған металға арналған домна, болат балқыту, электр доғалы пештерді, конвертерлерді, миксерлерді, шөміштерді және басқа да ыдыстарды қаптаудың жарамдылығын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 411-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

412. Шойынды, шлакты шығару және болатты, ферроқорытпаларды құю кезінде шөміштерді, металл қалыптарды және суы немесе ылғал материалдары бар басқа сыйымдылықтарды пайдалануға жол берілмейді. Құю орындары технологиялық регламентте көзделмеген жанғыш материалдардан босатылады.

413. Құю машиналарын, бір жерге жинаушы машиналарының кабиналарын басқару пульттері, болатты үздіксіз құюды басқару бекеттері және балқытылған металл мен шлакты шығаратын жерлерге тікелей жақын орналасқан басқа да басқару пульттері металл тормен қорғалған, жылу тартатын әйнекпен шыныланған және кемінде екі шығу жолы бар жанбайтын материалдан жасалады.

414. Кабельді туннельдерге, құю орнына тікелей жақын орналасқан май жертөлелеріне, сондай-ақ балқытылған металдарды тасымалдау орындарына кіретін жерлер балқытылған металдан биіктігі кемінде 300 миллиметр жанғыш емес табалдырықтармен қорғалады.

415. Электр механизмдердің, электр жабдықтардың және гидрожетектер қондырғыларының кабельдері металды, шлакты құю орындарында және температурасы жоғары аймақтарда механикалық зақымданулардан, сәулелі жылудан, сондай-ақ оларға балқытылған металл мен шлактың шашырап кетуінен қорғалады.

4-тарау. Домна өндірісі объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

416. Колошник алаңы мен зерттеу жұмыстарына арналған алаң екі шығу жолымен қамтамасыз етіледі.

417. Конусаралық кеңістікке бу немесе инертті газды беру буды (инертті газды) бермегенде тиеу механизмдері жұмыс істемейтіндей етіп тиеу қондырғысымен бұғатталады.

418. Домна пештері қаптаманың температурасын пештің барлық биіктігі мен алаңына бақылау аспаптарымен жабдықталады. Тетіктердің көрсеткіштері аспаптармен пешті басқару пультіңде белгіленеді.

419. Өндірістің материалдары мен қалдықтарын домна пештерінің іргетастарына жинауға жол берілмейді. Іргетастар жүйелі түрде қоқыстан тазаланады.

420. Күйіп кетпеуін бақылау үшін ауа фурмалары сигнал беретін қондырғылармен жабдықталады. Күйіп кеткен фурмалық аспаптарда жұмыс істеуге жол берілмейді.

421. Күйіп кеткен тоңазытқыштары бар орындардағы пештердің қаптамасы сыртынан сумен салқындатылады.

422. Домна пештері мен қосалқы қондырғыларды салқындату жүйелерінің жай-күйі соңынан арнайы журналға тексерулердің қорытындылары жазыла отырып, ай сайын тексеріледі.

423. Бункердің жоғарғы бөлігінің тас көмір тозаңы отынының температурасы өздігінен жазатын және бункерде өздігінен жану кезінде дыбыстық және жарық сигналдарын беретін бақылау-өлшеу аспаптарымен бақыланады.

424. Тозақ өткізгіштердің конструкциясы мен тозақ-көмір аэроқоспасы қозғалысының жылдамдығы оларда тозаңның жиналу мүмкіндігін бодырмауы тиіс. Қондырғының тозақ өткізгіштерінің жүйесі герметикаланған күйде ұсталады.

425. Аппаратурада реттейтін арматура кесіліп және ілініп ақаулы болғанда және бақылау-өлшеу аспаптары ақаулы болған кезде тозаңы көрінетін отынды және мазутты домна пешіне үрлеуге жол берілмейді.

426. Пештің жұмыс алаңында тас көмір тозаңы аэроқоспасының және мазуттың коллекторларының орналасуына, сондай-ақ бекітілетін және реттейтін арматураны фурмаларға, омарта тесігіне және омарта тесіктерінің артына орнатуға жол берілмейді.

427. Құятын алаңдардың шатыры мен қалқалары жүйелі түрде шаңнан тазартылады.

428. Локомотивтерді шаң тұтқыштардың астында және тозаңды жою кезінде жақын тоқтатуға жол берілмейді.

5-тарау. Болат балқыту өндірісі объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

429. Болат балқыту өндірісі объектілерінің мартенов пеші ваннасының жай-күйін үнемі қадағалау жүргізіледі. Металдың ықтимал тесіліп қалуының белгілері байқалған жағдайда, оның ағып кетуінің алдын алу бойынша шаралар қабылданады.

430. Балқытылған металл және шлақтың түсуі мүмкін орындарда жабдықты сақтауға және материалдарды (оның ішінде жанғыш) жинауға жол берілмейді.

431. Мазуты бар шығыс бактарды пештердің астына қоюға жол берілмейді, бактар пештерден кемінде 5 метр қашықтықта орналасады және арнайы жылылықты өткізбейтін экрандармен қорғалады.

432. Өрт болған жағдайда, мазутты түсіру үшін шығыс бактар авариялық сыйымдылықтары бар жабық түсіру және құю құбырларымен біріктіріледі.

433. Мазут өткізгішті цехқа енгізгенде қызмет көрсету үшін қолайлы орынға сөндіретін ысырма орнатылады.

434. Гидравликалық жетегі бар конвертердің айналу механизмдерін қолдануға жол берілмейді.

435. Салқындатқышта конвертерлік газдар шығып тұрған кезде конвертердің жұмыс істеуге және балқытылған металы бар конвертердің қаптамасындағы қызған жерлерді сумен салқындатуға жол берілмейді.

436. Құрғатуға болат балқытқыш пештерді, конвертерлерді, миксерлерді қойған кезде газды тұтату үшін тез тұтанатын сұйықтықтарды пайдалануға жол берілмейді.

437. Кристаллизаторы ақаулы дайын өнімдерді үздіксіз құю машинасында және құю технологиясы бұзылған кезде болатты құюға жол берілмейді.

438. Өрт, жарылыс қаупі бар материалдар мен қоспаларды сақтау, дайындау және жасау орындарында олардың негізінде ашық отты қолдануға жол берілмейді.

439. Жарылыс қаупі бар материалдарды құрғақ ұнтақтау қорғалған атмосферада ұнтақтау құралдары автоматты тоқтаған және оттегінің ең аз жарылыс қауіптілігін ұстаудың 50 %-ға тең жұмыс концентрациясына жеткен кезде жүргізіледі.

Жарылыс қаупі бар аэроөлшемдердің пайда болуын болдырмас үшін өрт-жарылыс қаупі бар материалдардың негізінде қоспаны дайындау флегматизацияны немесе қорғалған ортаны пайдалана отырып жүзеге асырылады.

440. Алюминий-магний, алюминий-барий және алюминий ұнтақтарын селитрамен, қышқылдармен, сілтілермен және басқа тотықтырғыштармен, сондай-ақ жанғыш материалдармен бірге тасымалдауға және сақтауға жол берілмейді.

441. Өрт, жарылыс қаупі бар ұнтақтарды сұйық металға үрлеу жанғыш ұнтақтардың газ өткізгіштерге түсуін болдырмайтын жағдайларда ғана жүргізіледі.

442. Бункерді тез тұтанатын шихта материалдармен шихта крандардың троллейларының астына орналастыруға жол берілмейді.

443. Металл қалыптарды майлау олар қолданылатын майлау материалын тұтану температурасынан төмен температураға дейін салқындағанынан кейін ғана жүргізіледі.

6-тарау. Электрмен болат балқытатын және ферроқорытпа өндірісі объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

444. Тозаңды тазалаудың мерзімділігін кәсіпорын басшысы айқындайды. Қысқа желінің ток өткізгіштерінде тозаңның жиналып қалуына жол берілмейді.

445. Өрттердің алдын алу үшін пеш трансформаторларын пайдалану кезіне:

1) температуралық және салмақтық режим, кернеу деңгейі сақталады;

2) салқындату, кернеуді, майды қорғауды реттеу қондырғылары ақаусыз күйде ұсталады.

446. Пеш трансформаторлары өрт сөндіру құралдарымен және трансформаторда майдың толық көлеміне есептелген авариялық май қабылдағыштармен қамтамасыз етіледі.

447. Трансформаторларды кептіру негізгі үй-жайдан (камерадан) арнайы бөлінген, бөлек сыртқа шығатын есігі бар үй-жайларда жүргізіледі.

448. Индукциялы және доғалы вакуум пештер, сондай-ақ электронды-сәулелік пештердің қорытпа камералары жарылыстан сақтандыратын қақпақшалармен жабдықталады.

Сақтандырғыш клапандардың конструкциясы олардың қауіпсіз және сенімді жұмысын қамтамасыз етеді.

449. Тез тұтанатын конденсаты бар вакуумды камераларға тексеру, жөндеу, шаңнан ауаны тазалау мақсатымен беру кәсіпорын басшысы бекіткен құжаттамамен регламенттеледі.

450. Тез тұтанатын конденсатты қорытпа камералардың қабырғасынан алып тастау қауіпсіз тәсілмен жүргізіледі.

Тез тұтанатын конденсатты толықтай жойғанға дейін қызмет етуші персоналдың вакуумды камераның ішіне жөндеу жұмыстарын жүргізу, камераны тексеру мақсатымен кіруіне жол берілмейді.

451. Газ бен тозаңның тұтануын, жарылысын болдырмайтын қондырғылармен жабдықталмаған электр болат қорытпа және кенді қалпына келтіру пештерінен газ тозаңын бұру жүйелерін пайдалануға жол берілмейді.

452. Сұйық алюминийді бұрку бункерлері, камералары бұрку процесінде ыстық ұнтақтың конвейерлік таспаға түсуін болдырмайтын қақпақтармен жабдықталады.

453. Жабдық жұмыс істеп тұрған кезде алюминий ұнтағын өндіретін үй-жайларда ұшқынның пайда болу мүмкіндігі жоққа шығарылады. Аталған үй-жайлардағы едендер ұру, үйкелеу кезінде ұшқын тудырмайтын материалдардан жасалады.

454. Алюминий ұнтағымен жұмыс істеу кезінде ағаштан немесе ұшқын тудырмайтын түсті металдардан немесе ағаштан жасалған құралдар мен ыдыстар қолданылады.

455. Алюминий ұнтағының қышқылдануын, өздігінен жануын және жарылуын болдырмас үшін оны өндіру және сақтау орындарында ылғал мен дымқылдың болуына жол берілмейді.

456. Алюминийден, магнийден және олардың негізіндегі қорытпалардан жасалған ұнтақтар мен опаларды өндіруге арналған үй-жайларда жертөлелерді, жертөле арналары мен ойықтарды орнатуға жол берілмейді.

457. Жанғыш ұнтақтар мен опаларды өндіруге арналған үй-жайлардың технологиялық жабдықтары, сондай-ақ құбырлары статикалық электрден қорғалады.

458. Алюминий-барий және алюминий ұнтақтарын селитрамен, қышқылдармен, сілтілермен, тотықтырғыштар және жанғыш заттармен бірге сақтауға және тасымалдауға жол берілмейді.

459. Тез тұтанатын материалдар немесе тез жануға бейім материалдар (магний жоңқасы және магний қорытпалары, селитра, бертолет тұзы, термит қоспасы) металл термиялық цехтардың балқыту корпустарында арнайы бөлінген орындарда екі тәуліктік қажеттіліктен аспайтын мөлшерде жабық металл ыдыста (банкаларда, бөшкелерде) сақталады. Кәсіпорында осы материалдарды ұзақ сақтау бөлек қоймаларда ұйымдастырылады.

460. Балқытылған металл және шлак шығарындысы бар қорытпаны жүргізуге жол берілмейді. Балқытылған металл шығарылған кезде қорытпаның қызған өнімдерінің түсу аймағын шектеу бойынша шаралар қабылдау қажет. Осы аймақта материалдарды сақтауға жол берілмейді.

461. Тозаңы пирофорлық қасиеттерге ие және асылып тұрған күйде жарылыс қауіпті және өрт қауіпті болып табылатын ферроқорытпаларды ұсақтау кезінде ұсақтау агрегаттарынан тозаңды жою бойынша, сондай-ақ одан агрегаттар мен аспирациялық қондырғыларды уақытында және жүйелі тазалау бойынша шаралар қабылданады.

462. Инертті газ ортасын немесе инертті қоспаларды қолданбай жарылыс қаупі бар ферроқорытпаларды ұнтақтауға жол берілмейді. Жарылыс қаупі бар ұнтақтар пайдаланылатын технологиялық процестерде (ұнтақтау, тасымалдау) жылу, ұшқындс немесе механикалық әсер ету нәтижесінде жарылыстың пайда болуына жол бермейтін жабдық қолданылады.

463. Сумен өзара әрекеттесуі кезінде жарылыс қаупі бар газ бөліп шығаратын силикокальций, ферросилиций және басқа жанғыш қатты материалдарды газдардың шығуы үшін жоғарғы қақпағында тесігі бар құрғақ және таза темір барабандарға салу қажет. Осы тесіктер дымқылдың түсуінен қорғалады.

464. Ұнтақталған жарылыс қаупі бар компоненттерді құбыржол көлігінің пневмо-түрлерімен тасымалдау инертті газдар ортасында жүргізіледі.

465. Өздігінен тұтанатын материалдарды сақтауға арналған бункерлер осы материалдардың температурасын бақылауға арналған қондырғылармен жабдықталады, олардың жұмысы өрт сөндіру құралдарын іске қосумен ұштасқан.

466. Сумен өзара әрекеттесуі кезінде жарылыс қаупі бар газдарды бөлуге бейім дымқыл ферроқорытпаларды ұнтақтауға, сондай-ақ осындай ферроқорытпалардың дымқыл ұнтақтарын тасымалдауға және сақтауға жол берілмейді.

467. Тозаң тұндыратын камералар және түтік сүзгілері мерзімді түрде тозаңнан тазартылады.

7-тарау. Прокат, құбыр прокаты және метиздеу өндірісінің объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

468. Басқару және орталықтан майлау жүйелерінің май құбырлары жанбайтын материалдардан жасалады.

469. Гидрожетектің жүйелері май құбыры үзілген кезде қысым ысырмаларын автоматты жауып тастауға арналған қондырғымен жабдықталады.

470. Майлау және гидравлика жүйелерін пайдалану кезінде майдың ағып кетуіне жол берілмейді. Майланған орындар ай сайын үгінді, шүберектердің көмегімен тазартылады.

471. Жүйені майлау үшін өсімдік майларын және жануарлар майларын пайдалану кезінде осы өнімдермен шыланған тоқыма немесе талшықты материалдардың өздігінен жануын болдырмау шаралары қабылданады.

472. Май шаруашылығын пайдалану кезінде ашық оттың кез келген көзін пайдалануға, май жертөлелерінде және жақын маңда май толтырылған жабдықтың ұшқын шығаруына жол берілмейді.

473. Май жертөлелері мен кабельді туннельдер оларға жұмыс алаңдарынан қабыршақтар, ұшқындар және тұтанудың басқа көздерінің түсуін болдырмау үшін жауып ұсталады.

474. Туннельдер мен май жертөлелерінің желдететін құрылғыларының өрт болған жағдайда автоматты сөнуі қамтамасыз етіледі.

475. Ішпек тораптарын қайта іске қосуға арналған ванналар, сондай-ақ мазутты жұмсауға арналған бактар өрт болған жағдайда жанғыш сұйықтықтарды құюға арналған, цех ғимаратынан тысқары орналасатын авариялық ыдыстармен қамтамасыз етіледі.

476. Қорғаныш жарылыс қаупі бар газдарды қолданатын учаскелерде жарылыс қаупі бар концентрациялардың құрылуын болғызбайтын технологиялық автоматика ақаусыз күйде ұсталады.

477. Автоматика қолмен іске қосу ысырмасын белгілеу арқылы инертті газды жіберу құрылғысын қайталайды.

478. Қорғаныш ортаның қысымы түскен кезде қорғаныш газындағы термиялық өңдеу қондырғыларының жұмыс істеуіне жол берілмейді.

479. Улайтын бөлімшелерінде, сутегі бөлетін учаскелерде электр жабдығы мен желдету жүйелері ЭҚОЕ сәйкес жарылыстан қорғалып жасалады.

480. Металды термиялық өңдеу (таспаны үздіксіз күйдіру) кезінде қорғаныш газы жоқ ерітілген натрийі бар ваннаны пайдалануға жол берілмейді. Судың немесе дымқыл материалдардың натрийі бар ваннаға тиіп кетуіне жол берілмейді.

481. Кесу аймағында салқындататын эмульсияны қолданғанда титан және оның қорытпаларынан жасалған станоктардағы құбырларды өңдеуге (кесуге) болады.

482. Жұмыс орындарында титан және оның қоспаларының үгінділерін, жаңқаларын және басқа қалдықтарын сақтауға жол берілмейді. "Титан қалдықтары" деген жазуы бар контейнерлер желдеткіші үздіксіз қолданыстағы арнайы оқшауланған құрғақ үй-жайда сақталады. Осы үй-жайда жанғыш сұйықтықтарды, химикаттарды және басқа материалдарды сақтауға жол берілмейді.

483. Жабыны бар метиз бұйымдарды коррозияға қарсы жабынның өздігінен тұтанатын температурадан асатындай температураға дейін қыздыруға жол берілмейді.

8-тарау. Отқа төзімді өндіріс объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

484. Су моншасында қоспаны қыздыру және керосинде парафинді, стеаринді еріту жүзеге асырылады. Осы мақсаттар үшін ашық отты, ашық электр спиральдерін немесе басқа температурасы 100^o C жоғары үстіңгі қабаттарды қолдануға жол берілмейді.

485. Керосин-стеоринді қоспаларды дайындау және қолдану учаскелерінде өрт сөндіргіштер болмағанда жұмыс істеуге жол берілмейді.

486. Керосин-стеоринді қоспалардың төгілуіне жол бермеу және бұйымдарды қосымша жаншу кезінде жұмыс орындарында керосин-стеоринді қоспалар қалдықтарының жиналып қалуына жол берілмейді.

487. Жанғыш (жарылыс қауіпті) газдарды отын және қалпына келтіру ортасы ретінде қолдануға жол берілмейді.

9-тарау. Бояуға, шаюға, майсыздандыруға және жууға арналған цехтарды, учаскелерді, қондырғыларды ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

488. Бөлшектерді жуу, сондай-ақ нитро негіздегі жабындарды, бензинді және басқа тез тұтанатын сұйықтықтарды қолдана отырып бояу, лактау бөлек үй-жайларда жүргізіледі және өрт сөндірудің тиісті құралдарымен және эвакуациялау жолдары көрсеткіштерімен жабдықталған онаша өндірістік учаскелерде жүргізіледі.

498. Бояу цехтарының (учаскелерінің) бояу дайындайтын бөлімшелері бөлек сыртқа шығу жолымен қамтамасыз етіледі.

490. Лак-бояу дайындау, бояу және бензинмен жуу жұмыстары жүргізілетін үй-жайлардың едендері соққан кезінде ұшқын шығармайтын, жанбайтын материалдардан жасалады.

491. Кемінде екі метр биіктіктегі үй-жайлар қабырғаларының ішкі қабаты ластанудан оңай тазаланатын, жанбайтын материалмен өңделеді.

492. Цехтардың, учаскелердің, қондырғылардың барлық есіктері сыртқа немесе ғимараттан жақын шығатын жаққа ашылады.

493. Бояу жұмыстары, бөлшектерді шаю бояйтын шкафтар, ванналар, камералар мен кабиналардан жергілікті сорғыштары бар қолданыстағы ағынды және сорып шығаратын желдеткіштері болған кезде ғана жүргізілуі қажет. Қондырғылардың жұмысы, сондай-ақ нитро негіздегі жабындарды, бензинді және басқа тез тұтанатын сұйықтықтарды қолдана отырып бояу, шаю, лактау, жуу және майсыздандыру операциясына беру жүйесі желдету жүйесімен бұғатталады.

494. Бояу шкафтарын, камераларын және кабиналарының сорып шығаратын желдеткішін суландырғыштарсыз (гидравликалық сүзгілер) немесе жанғыш бояулар мен лактардың бөлшектерін тұтып алуға арналған басқа тиімді қондырғыларсыз пайдалануға рұқсат етілмейді.

495. Бояудың және бояу дайындайтын бөлімшелердің (бояу және кептіру камералары) жабдықтары жанбайтын материалдардан жасалады. Тез тұтанатын сұйықтықтарды қолдана отырып, бұйымдарды бояу, лактау, эмальдау, жуу, майсыздандыруға арналған учаскелердегі электр жабдығы ЭҚОҚ сәйкес жарылыстан қорғалған болып жасалады.

496. Лактау-бояу материалдары жұмыс істейтін ыдысқа ернеулері бар түсті металдардан жасалған металл тұғырларға құйылуы тиіс.

497. Бояу жабдықтары жанғыш шөгінділерден күн сайын желдеткіш істеп тұрған кезде ауысым аяқталғаннан кейін тазартылады.

498. Камераларды бояулар мен лактардың шөгінділерінен тазалауды жеңілдету үшін олардың қабырғаларына техникалық вазелин, солидол немесе арнайы құрам жұқалап жағылады. Беткі қабаттарын нитро бояулардың шөгінділерінен тазалау кезінде металл құрылымдар туралы соққыларға жол беруге, сондай-ақ түсті металдан дайындалмаған қыстырғыштарды қолдануға болмайды.

499. Отты кабиналар мен ауа арналарындағы бояулардың шөгінділерін күйдіру үшін қолдануға жол берілмейді.

500. Өрт қауіптілігінің көрсеткіштері анықталмаған лактау-бояу материалдарын, еріткіштерді, жуатын және майсыздандыратын сұйықтықтарды қолдануға жол берілмейді. Осы материалдар тиісті талдаудан, олардың өрт қауіптілік қасиеттері анықталғаннан және қауіпсіз пайдалануға арналған шаралар әзірленгеннен кейін пайдаланылады.

501. Бұйымдар мен бөлшектер жуу және майсыздандыру үшін жанбайтын құрамдар, пасталар, еріткіштер және басқа өрт тұрғысынан қауіпсіз техникалық жуу құралдары қолданылады.

502. Біліктерді көтермелерден алғаннан кейін оларды лайдан тазарту механикаландырылған жабық камерада жүзеге асырылады.

503. Жарылысты болдырмау үшін сілтілі ваннаның бетіне көмірдің, күйенің, майлау материалдарының түсуіне жол берілмейді.

504. Каустикалық соданы, селитраны, саптамаларды сақтау арнайы жабдықталған үй-жайда көзделеді.

505. Алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

506. Бояу цехтарында, бояу дайындайтын бөлімдерде, лактау-бояу материалдарының қоймаларында, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолдана отырып, бөлшектерді жуу және майсыздандыру орындарында ашық отты қолданумен және ұшқын шығарумен (электрлік дәнекерлеу, ұштау) байланысты жұмыстарды жүргізуге, сондай-ақ ұшқын шығаратын материалдардан жасалған құралды пайдалануға жол берілмейді.

507. Лак және бояу шығару материалдары жұмыс орындарына дайын күйінде жеткізілуі тиіс. Лактар мен бояулардың барлық түрлерін құрастыру және араластыру барлық өртке қарсы талаптарды қанағаттандыратын арнайы бөлінген оңаша үй-жайда немесе ашық алаңда жүргізіледі.

508. Бұйымдарды нитроцеллюлозды, полиэфирлі және перхлорвинилді эмальдармен электрлік бояу кезінде электрлік бояу камерасы ұшқын шығармайтын қондырғылармен жабдықталады.

509. Электр статикалық өрісті бояу камераларында сорғы желдеткіштер сөндірілген кезде электр статикалық өрісті тудыратын қондырғыдан кернеу автоматты түрде алынады.

510. Еденге төгілген лак және бояу шығару материалдары мен еріткіштер дереу тазаланады. Едендерді, қабырғалар мен жабдықтарды жанғыш еріткіштермен жууға жол берілмейді.

511. Технологиялық жағдайлары бойынша және үлкен габаритті болғандықтан боялған бұйымдарды кептіруді сорғы камераларда немесе шкафтарда орындауға болмайды, ол желдеткішпен және автоматты өрт сөндіру құралдарымен жабдықталған учаскеде ұйымдастырылады.

512. Лак және бояу шығару материалдарының ыдысы тығыз жабылады және ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 20 метр қашықтықта орналасқан арнайы алаңдарда сақталады.

513. Май жағылғаннан кейін құбырлар мен басқа бұйымдарды жинауға арналған сөрелер соңынан оны айдап ала отырып, ағызып және бұрып жіберуге арналған қондырғылармен жабдықталады.

4-бөлім. Мұнай өнімдерін қамтамасыз ету кәсіпорындарын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-тарау. Жалпы ережелер

514. Мұнай базаларының, құю және айдау станцияларының аумақтары биіктігі кемінде 2,0 метр жанбайтын материалдан жасалған үрленетін қоршаулармен қоршалады.

515. Резервуарлардың топырақ үйілген жерлеріне ағаштар мен бұталарды отырғызуға жол берілмейді.

516. Объектінің аумағында от жағуға, қоқыс, қалдықтарды өртеуге, факел, керосин фонарьларын және басқа да ашық от көздерін пайдалануға жол берілмейді.

517. Объектінің аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүруі бекітілген қозғалыс схемасына сәйкес жүзеге асырылады.

518. Технологиялық процесс техникалық және пайдалану құжаттамасына сәйкес жүзеге асырылады, ал өрт және жарылыс қауіпті заттар мен материалдарды пайдалануға арналған жабдық дайындаушы-зауыттың техникалық құжаттамасына сәйкес қамтамасыз етіледі.

519. Мұнай базалары мен мұнай және мұнай өнімдерін айдау станциялары осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті ең аз тізбесіне сәйкес бастапқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіледі. Өрт сөндіру құралдарының техникалық жай-күйіне тұрақты бақылау орнатылады.

520. Жарылыс-өрт қауіпті аймақтардағы жүргізілетін жұмыстар ұшқын болдырмайтын құрал-сайманмен орындалады. Мұздалған кілттер мен құрал-саймандарды пайдалану кезінде жабынның бақылануы және оның уақтылы қалпына келтірілуі қамтамасыз етіледі.

521. Статикалық электр зарядтарының пайда болуын болдырмау үшін соққан кезде ұшқын шығармайтын материалдардан жасалған және жерге тұйықтау өткізгішімен жабдықталған үлгі іріктегіштер қолданылады. Жерге тұйықтау өткізгіштері резервуардың төбесіндегі жерге тұйықтау қысқыштарына жалғанады.

522. Резервуарлардың понтондарын пайдаланған кезде понтонды статикалық электрден қорғауға арналған иілмелі шағын бөгеттердің (ток қайтарғыштардың) дұрыс жағдайда болуы қамтамасыз етіледі.

523. Резервуарда жіктердегі немесе корпусстың негізгі металында немесе шөгу берген, герметикалығы жоқ түпте жарықтар пайда болған кезде оны босату және тазарту жүргізіледі. Мұнай өнімдері толтырылған резервуардағы жарықтарды жою бойынша отпен жүргізілетін және механикалық жұмыстарға жол берілмейді.

2-тарау. Резервуарларды өздігінен тұтанатын пирофорлы шөгінділерден тазарту кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

524. Резервуарлардың ішкі бетін пирофорлы шөгінділер мен коррозия өнімдерінен тазарту объектінің басшысы бекіткен графикке сәйкес жүргізіледі.

525. Резервуарды пирофорлы шөгінділерден тазарту (мұнай өнімдерінен босатқаннан кейін) және жөндеу алдында ауа кеңістігі су буымен толтырылуы тиіс.

Бумен үрлеуді төменгі люк жабық және жарық, өлшегіш люктері ашық болғанда жүргізу керек.

526. Резервуарды тазартқанда ішінен шыққан лас заттар және шөгінділер мұнай өнімдерін сақтау аймағынан шығарылғанша дымқыл күйінде ұсталады.

3-тарау. Электр техникалық құрылғыларды, автоматтандыру және байланыс құралдарын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

527. Кәсіпорындардың аумағы сыртқы жарықтандырумен қамтамасыз етіледі, оны қосу қызмет көрсету персоналы үнемі болатын жерлерде көзделеді.

528. Мына:

1) жарылыстан қорғау белгісі жоқ электр жабдығын жарылыс қауіпті аймақтарда пайдалануға;

2) қорғау жүйесі бұзылған жарылыстан қорғалған электр жабдығын пайдалануға;

3) жарылыстан қорғалған электр жабдығы конструкциясын өзгертуге;

4) жарылыс өрт қауіпті аймақтардың аумағының үстінен және осы аймақтардан электр беру желілері тіреуіштерінің биіктігі 1,5 кем қашықтықта электр беру желілерін төсеуге;

5) сырты бұзылған (тесіктер, жіктері кесілген) шланг кабельдерін қолдануға;

6) жанғыш газдары, сұйықтықтары бар технологиялық құбыржолдарын, сондай-ақ коррозиядан қорғау үшін оқшауланған құбыржолдарын жерге тұйықтағыштар және жерге тұйықтағыштың өткізгіші ретінде қолдануға жол берілмейді.

529. Электр жабдығын жерге тұйықтау, найзағайдан қорғау, статикалық электрден қорғау үшін жерге тұйықтаудың жалпы сызбасы көзделеді.

530. Алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

531. Алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

532. Электр энергиясын беруде кідіріс болған жағдайда кәсіпорын жарылыстан қорғалмаған электр жабдығы бар үй-жайлар мен сыртқы қондырғыларды газталдағыштарды булар мен газдардың қауіпті шоғырлануының бар-жоғын тексерген жағдайда (жарылыс қауіпті булар мен газдардың тұтануының төменгі шоғырлану шегінің 20% - ын қамтитын орта қауіпті деп есептеледі) қайта қосылып, сыртқы электр желілерінен ажыратылады.

533. Жарылыс, өрт қауіпті цехтарда құралдарды жөндеу дәнекерлеу және отты немесе жоғары температураны пайдаланумен байланысты жұмыстарды қолданбай, сондай-ақ құралдарды технологиялық қондырғылардан ажыратқаннан және қысымды түсіргеннен кейін суық тәсілмен жүргізіледі.

534. Жарылыстан қорғалмай орындалған жабдықты қысқа мерзімде қолдануға от жұмыстарын жүргізуге қойылатын талаптар орындалған жағдайда жол беріледі.

4-тарау. Магистральды мұнай өнімдері құбырларының желілік бөлімін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

535. Мұнай құбыры трассасының кез келген нүктесіне көліктің және жөндеу мен авариялық бригадаларының еркін өтуі қамтамасыз етіледі.

536. Мұнай өнімінің жер бетіне шығуы 20 метр радиуста анықталған кезде орын қоршалады, қауіпсіздік ескерту белгілері ілінеді, ал жақын жерде елді мекен, темір жол, тас жол, құрылыстар болған кезде жергілікті атқарушы органдарға, өртке қарсы қызметке және полицияға хабарланады. Түнгі уақытта авария орны жарылыстан қорғалып жасалған қызыл жарық шамдарымен жарықтандырылады.

537. Авария орны өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіледі, қажет болған жағдайда өрт сөндіру көліктерінің кезекшілігі ұйымдастырылады және мұнай өнімдерінің коммуникациялар мен желілерге өтуіне жол бермейтін шаралар қабылданады.

538. 5 метр радиустағы мұнай өнімі төгілген жер шөптен тазартылады, ал мұнай өнімдері сіңген жер тазартылады және топырақ себіледі.

539. Іштен тұтану қозғалтқыштары бар тракторлардың, автомобильдер мен агрегаттардың тұрағы мұнай өнімдері төгілген жерден кемінде 30 метр қашықтықта болады.

540. Құбыржолдың жоғарғы жағынан 0,3 метр және одан кем тереңдікте, сондай-ақ газдалған траншеяларда немесе құдықтарда оны ашу жөніндегі жұмыстар соғылған кезде ұшқынның пайда болуын болдырмайтын құралдармен орындалады.

541. Елді мекендегі мұнай құбырының трассасы "Мұнай құбыры" деген жазуы бар және мұнай өнімінің бетіне шығуы анықталған жағдайда жүгінетін телефон нөмірі көрсетілген белгілермен белгіленеді.

542. Мұнай құбырының жай-күйін пайдалану процесінде ақауларды анықтауға мүмкіндік беретін арнайы аспаптармен және құрылғылармен бақылау жүзеге асырылады.

5-тарау. Мұнай өнімдерін айдауға арналған сорғы станцияларды ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

543. Сорғы станциялары үй-жайларында сорғылар мен құбыржолдардың герметикалығы үнемі бақыланады. Сорғылардың тығыздамаларындағы және құбыржолдардың қосылыстарындағы мұнай өнімдерінің тамшылап шығуы дереу жойылады.

544. Іштен жану қозғалтқыштарын орналастыруға арналған үй-жайлар сорғыларға арналған үй-жайлардан өртенбейтін қабырғалармен бөлінеді. Тез тұтанатын сұйықтықтарға арналған сорғылар орнатылған үй-жайларда тегіс қайыс белдік берілістерін қолдануға жол берілмейді.

545. Сорғы үй-жайларының едендері мен науалары жүйелі түрде сумен жуылып тұрады. Мұнай өнімдерінің жиналуына жол берілмейді. Төгіліп қалған мұнай өнімдерін жою үшін сорғы үй-жайлары резеңке шлангілері бар су бағандарымен жабдықталады. Сорғы үй-жайларының сарқынды су каналдарының су бұру жүйесіне қосылатын жерлеріндегі гидравликалық бекітпелер жүйелі түрде тексеріледі.

546. Қажалатын бөлшектердің майлануы, мойынтіректері мен тығыздамаларының температурасы, сорғылар бақыланып отырады. Сорғылардың әдеттегі жұмыс тәртібін бұзатын қандай да бір ақаулықтар анықталғанда, соңғысы тоқтатылып, ал ақауы жойылады.

547. Тез тұтанатын мұнай өнімдерін айдау жөніндегі сорғы үй-жайларындағы тұрақты автоматты газталдағыштар авариялық желдеткішпен, сондай-ақ үй-жайда мұнай өнімдерінің қауіпті бу концентрациясының бар болуы туралы дыбыспен және жарықпен сигнал беретін қондырғылармен бұғатталады.

548. Тұрақты газталдағыштар болмаған жағдайда, мұнай өнімдері буларының қауіпті концентрациясының бар-жоғын анықтау үшін тиісті графиктер бойынша кезең сайын газталдағыштармен ауа ортасына талдау жүргізіледі.

6-тарау. Теміржол төгу-қю эстакадаларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

549. Мұнай базалары мен қю пункттерінің магистральды өнім жолдарының (станцияларының) төгу-қю құрылыстары орналастырылған алаңқайларында авария жағдайында жинағышы немесе өндірістік су бұру жүйесі бар гидравликалық бекітпелері арқылы қосылған шығару науалары мен орларға сұйықтықтың кедергісіз құйылуы көзделеді.

550. Төгу-қю құрылғыларының немесе теміржолдарда жеке тұрған тіреуіштердің екі жағынан (екі осьті екі немесе төрт осьті бір вагондар қашықтығында) сигналды белгі – бақылау бағаналары орнатылуы қажет, тепловоздардың олардың артына кіруіне жол берілмейді.

551. Бос теміржол эстакадаларына ағызуға (қюға) маршруттарды беруді мұнай базасының (қю пунктінің, станциясының) персоналы бақылайды. Төгу және қю процесінде тежегіш табандықтары орнатылады. Төгу-қю құрылғылары орналасқан теміржолдар бойынша тепловоздардың жүруіне жол берілмейді.

552. Төгу-қю құрылғылары, құбыржолдар және құбыржол арматурасы ұйымның графигіне сәйкес үнемі тексеріледі және жоспарлы алдын ала жөндеуге тартылады.

Анықталған ақаулықтар мен тамшылап ағып тұрған жерлер дереу жойылады. Төгу құрылғысының (немесе құбыржол учаскесінің) бұзылған бөлігі ажыратылады.

553. Теміржол цистерналарын іріктеуді және тіркеуден ағытуды төгу-құю эстакадасы шегінен тыс жүзеге асыру керек. Бу қысу температурасы кемінде 610С мұнай өнімдерін төгу-құю операциялары кезінде эстакадада маневрлік жұмыстарды жүргізуге және бос жолға келесі маршрутты жіберуге жол берілмейді. Герметикаланған құю құрылғысы арқылы жүргізілетін құю операциялары кезінде мұнай өнімдері бар теміржол цистерналарын бос эстакадаларға жіберуге жол беріледі.

554. Теміржол цистерналары ағызу және құю үшін баяу, жұлқымай және тартылмай беріледі және шығарылады. Төгу-құю құрылғыларының аумағында темір жол цистерналарын ағаш төсемдерді немесе ұшқын шығармайтын металдан жасалған табандықтарды қолдана отырып, металл табандықтармен тежеуге және бекітуге жол берілмейді.

555. Тез тұтанатын сұйықтықтарды құю немесе төгу кезінде цистерналар люктерінің қақпақтарын жабу кезінде, темір жол цистерналарына шлангілер мен аспаптарды қосу кезінде соққыларға жол берілмейді. Төгу және құю операциялары кезінде қолданылатын құрал соғылған кезде ұшқын шығармайтын материалдан жасалады. Құю кезінде шлангінің ұшы цистернаның түбіне дейін түсіріледі, құю кезінде шашырауды болдырмау үшін сұйықтық деңгейіне дейін жүзеге асырылады. Цистерналар люктерінің қақпақтары резеңке төсемдермен жабдықталады.

556. Электрдің разрядтары кезінде мұнай өнімдерін төгуге және құюға жол берілмейді.

557. Төгу, құю операциялары кезеңінде жергілікті жарық беру үшін жарылыс қаупі бар аккумуляторлы шамдар қолданылады.

558. Теміржол төгу-құю эстакадасында тез тұтанатын мұнай өнімдері үшін өткел көпірлер жасырын бұрандамасы бар ағаш тіректермен немесе ұшқынның шығуын болдырмайтын басқа да материалдармен жабдықталады.

559. Орнынан қозғалту және теміржол цистерналарын төгу-құю орындарына жылжыту үшін иінтіректер ретінде құрыштан жасалған сүймендерді немесе басқа да құрыштан жасалған заттарды қолдануға жол берілмейді. Теміржол цистерналарын тек жүкшығырлар арқылы ғана жылжытуға болады.

560. Техникалық тексеріп-қарау белгісі жоқ, сондай-ақ тамшылап ағып кету белгісі анық немесе мұнай өнімдерін құюға кедергі жасайтын басқа да ақаулықтары бар теміржол цистерналарын құюға, қабылдауға жол берілмейді.

561. Мұнай өнімдерін төгу немесе құю алдында барлық айырып-қосқыш вентильдер , ысырмалардың дұрыс ашылған, төгу-құю құрылғыларының дұрыстығы, шлангілері мен телескоп құбырларының қосылу тығыздығы тексеріледі.

562. Теміржол цистернасының люгін ашқанда және шлангілерді толтырғанда осы операцияларды орындайтын тұлғалар люктің жел жағына орналастырылады.

563. Теміржол цистернасында құю процесінде ағып кету анықталған кезде, цистернаға құю ақау толық жойылғанға дейін дереу тоқтатылады. Ағып кетуді жою мүмкін болмаған жағдайда, цистерна құйылған мұнай өнімінен босатылады және жөнелту станциясына қайтарылады.

564. Ақаулы теміржол цистерналарының төменгі ағызу аспаптарын ұшқын шығаруды тудыратын құрылғылардың көмегімен ашуға жол берілмейді. Цистернаның төменгі ағызу аспабы төгу-құю коллекторына цистернаның доңғалақтарының астына табандықтарды (тіректерді) орнатқаннан және осы жолдан локомотивті шығарғаннан кейін қосылады.

565. Теміржол цистерналарына мұнай өнімдерін құюды аяқтағаннан кейін құю эстакадаларының жоғарғы жағында орналасқан шлангілер, тіреуіштер және коллекторлар мұнай өнімдерінен босатылады, ал теміржол цистерналарының люктерінің қақпақтары герметикалық түрде жабылуы тиіс.

566. Теміржол цистерналарының төгу-құю құрылғыларында қатып қалған мұнай өнімдерін бумен, арнайы жылытқыштармен қыздырады. Ашық отты қолдануға жол берілмейді.

567. Теміржол цистерналарында тұтқыр мұнай өнімдерін бу иректүтіктерімен қыздырған кезде соңғылары мұнай өнімдеріне 0,5 метрден кем емес тереңдікке толық батырылғаннан кейін жұмысқа қосылады. Жылыту кезінде мұнай өнімінің температурасын арттыра отырып, оның кеңеюіне бақылау қамтамасыз етіледі. Цистерналардағы сұйықтықты жылыту температурасын 150°C-қа арттыруға жол берілмейді, электр қыздырғыштармен жылыту кезінде мұнай өнімін құюға жол берілмейді.

568. Мұнай өнімдерін төменгі жағынан құю тұмшаланған ағызу аспаптары арқылы жүргізіледі.

569. Электрлендірілген теміржолдарда орналасқан төгу-құю эстакадаларының теміржолдарында екі оқшаулау жігін орнату қажет: біріншісі – ағызу фронтының шегінен тыс, екіншісі – тұйық көрсеткішінің жанында.

570. Температуралары төмен жағдайларда жүзеге асырылатын теміржол жүйелеріне құю осы цистерналарды ауа температурасы аса жоғары аудандарға тасымалдағанда мұнай өнімі көлемінің көтерілуі ескеріле отырып жүзеге асырылады.

571. Теміржолдар, эстакадалар, құбыржолдар, телескоптық құбырлар және шлангілердің ұштықтары жерге тұйықталады. Жерге тұйықтау құрылғыларының қарсылығы кәсіпорынның бас инженері бекіткен график бойынша жылына кемінде бір рет тексеріледі.

572. Жұмыс және эвакуациялық сатылар, сондай-ақ эстакадалардың теміржол тұйықтарының соңында орнатылған шығырлар жарамды күйде ұсталады.

573. Мұнай өнімдерін төгу және құю операцияларын жүргізу кезінде жүкшығыр тросы бос күйінде болады.

7-тарау. Төгу-қую айлақтары мен жағалаудағы құрылыстарды ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

574. Төгу-қую айлақтары мен пирстер жанбайтын материалдардан жасалады. Өрт сөндіру автомобильдеріне арналған өту жолдары мен өткел көпірлер жарамды күйде және әртүрлі заттар үймеленбей ұсталады.

575. Айлақтан 30 метр қашықтықта орналасқан жағалау құбыржолдары авариялық ысырмалармен жабдықталады. Құбыржолдар арқылы өту орындарында жанбайтын материалдардан жасалған көпіршелер көзделеді.

576. Жылжымалы төгу-қую құбыржолдардың фланецтері мен жылжымалы түтіктердің жалғау муфталары палубаға соғылғанда ұшқынның пайда болуына жол бермейтін металдан жасалады.

577. Мұнай қую кемелері құбыржолдардың мұнай өнімдерін айдап қотаруға арналған түтіктері жалғанған орынға дейін жерге тұйықталады. Жерге тұйықтау қондырғылары тек төгу-қую операциялары аяқталғаннан кейін және құбыржолдардың кеме жанындағы айлақтың түтіктерінен ажыратылғаннан кейін ғана алынады.

578. Мұнай базасының айлақтарында орнатылған жүк көтергіш құралдарын пайдалану кезінде жүк көтергіштер жүйелі түрде майланып тұрады, ал шынжыр мен палубаның түйісетін тұстары матпен немесе ағаш қалқандарымен жабылады.

579. Кемені жағалаудағы құрылғылармен жалғайтын қосқыш құбыржолдар мен жеңқұбырларды құрастырғанда және бұзғанда соғылудан ұшқынның пайда болуына жол бермейтін құрал пайдаланылады.

580. Төгу-қую жұмыстары кемінде екі адамның қатысуымен жүргізіледі.

581. Айлақ пен кемедегі қызмет көрсетуші персонал төгу-қую жұмыстарын және жабдықтардың жағдайын үнемі қадағалауды жүргізуге міндетті. Мұнай өнімдерінің тамшылап ағуы дереу жойылады; ал ол мүмкін болмаған жағдайда, мұнай өнімдерін төгу-қую жөніндегі операциялар жабдық толық жөнделгенше тоқтатылады.

582. Найзағай жарқылдағанда мұнай өнімдерін төгуге және құюға жол берілмейді.

583. Төгу-қую операцияларын жүргізген кезде су айлақтарында, кемелерде, айдап-сору станцияларында және оларға 20 метрден жақын жерлерде:

1) отпен жүргізілетін жұмыстарды орындауға, темекі шегуге және ашық отты пайдалануға;

2) бұзылған электр жарық беру құралдарын пайдалануға;

3) жарық беру үшін жылжымалы және басқа (жарылу қаупі жоқ аккумуляторлы шамдардан басқа) шамдарды қолдануға;

4) мұнай өнімдерін төгу-қую жөніндегі операцияларға қатысы жоқ адамдардың болуына;

5) + 45оС жоғары температураға дейін қыздырылған мұнай өнімдерін кемеге қабылдауға және құюға жол берілмейді.

8-тарау. Автоқұю эстакадаларын, құйылатын және өлшеп бөлінетін мұнай өнімдерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

584. Құю құрылғылары орналасқан жедел алаңқайлардың үсті қатты жабынмен және түрлі сұйықтықтардың гидравликалық ысырма арқылы өндірістік-нәсерлік су бұру жүйесіне немесе арнайы жинақтауышқа кедергісіз құйылуымен қамтамасыз етіледі. Төгіліп қалған сұйықтықтар сумен жуылады.

585. Жедел алаңдағы автомашиналардың рұқсат берілген санын кәсіпорынның әкімшілігі белгілейді.

586. Бұзылған автомобильдерге аумаққа және жедел алаңдарға кіруге, сондай-ақ кәсіпорынның аумағында оларды жөндеуге жол берілмейді.

587. Кәсіпорынның өткізу орны мен мұнай өнімдерін құю алаңында кәсіпорынның персоналы сыртынан қарау арқылы автоцистернаның дұрыстығын және оның өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етілуін тексереді.

588. Кәсіпорынның қызмет көрсетуші персоналы (операторы немесе басқа адам) автоцистерналарға құю процесін бақылауды жүзеге асырады.

589. Мұнай өнімдері автоцистернаға қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде құйылады. Бұл ретте жүргізуші құю процесін бақылайды. Автоматты түрде құю жүйесінде жүргізуші осы жүйеге арналған нұсқаулықта көзделген әрекеттерді орындайды. Қозғалтқышты іске қосу қиынға түсетін, тек температура төмен болған жағдайларда ғана қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде құюға рұқсат етіледі.

590. Автоқұю эстакадасы өрт шыққан жағдайда, автоцистерналарды сүйреп әкетуге арналған арқанмен немесе штангамен қамтамасыз етіледі.

591. Құю аяқталғаннан кейін құюға арналған шлангілерді (ұштықтарды) автоцистернаның қылтасынан олардан мұнай өнімдерін толық ағызып алынғаннан соң шығару керек. Автоцистерна қылтасының қақпағын соққығы жол бермей байқап жабылады.

592. Автоцистернаның жүргізушілері мұнай өнімдерін тасымалдағанда өрт қауіпсіздігін сақтау шаралары туралы (автокәсіпорындарда куәліктер беріледі) нұсқаулықтан өтеді.

593. Мұнай өнімінің төгіліп қалуына (асырып құйылуына) жол берілген жағдайларда, толтырылып жатқан автоцистернаның қозғалтқышын іске қосуға рұқсат берілмейді.

594. Бөліп құю үй-жайында бос және мұнай өнімдері толтырылмаған ыдысты, сондай-ақ бөгде заттар мен жабдықтарды сақтауға жол берілмейді. Бөліп құю үй-жайында ені кемінде 2 метр болатын орталық өтпе көзделеді. Өтпеге заттарды үйіп қоюға болмайды.

595. Мұнай өнімдерін бөшке ыдыстарына кәсіпорынның қызмет көрсетуші персонал ғана түсіреді. Мұнай өнімдерін түсірер алдында қызмет көрсетуші персонал

құюға арналған ыдысты міндетті түрде тексеріп қарап шығады. Мұнай өнімдерін жарамсыз ыдысқа құюға рұқсат берілмейді.

9-тарау. Пайдаланылған мұнай өнімдерін жинау, өткізу және тазарту пункттерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

596. Пайдаланылған мұнай өнімдерін жинау және тиеу пункттері, сондай-ақ регенерациялық қондырғылар мұнай өнімдерін бөлшектеп босату аймағына орналастырылады. Мұнай өнімдерін қабылдауды және босатуды (тиеп жіберуді) кәсіпорынның персоналының қатысуымен жүзеге асырылады.

597. Мұнай өнімдерінің пайдаланылған қоспаларын сақтағанда резервуарлардағы, тез тұтанатын сұйықтықтарды сақтауға арналған резервуарлардағыдай тыныстау және сақтандыру арматурасы, ал пайдаланылған индустриялық және мотор майларын сақтағанда – майларды сақтауға арналған резервуарлардағыдай болады.

598. Пайдаланылған мұнай өнімдерін қыздыру температурасы олардың құрамына кіретін булардың ең төмен тұтану температурасы бар компонент буларының тұтану температурасынан 150С төмен болады.

599. Тұтану температурасы 1200С және одан төмен болатын пайдаланылған мұнай өнімдеріне арналған төгу-құю қондырғылары жабық болады.

600. Регенерациялық қондырғылардың айыру бөлімшесінің шығыс бактарында тәуліктік қажеттіктен аспайтын отынның болуына рұқсат етіледі. Бұл бактар үй-жай шегінен тыс жерлерде орнатылады.

601. Құбырлы пеш пен текше қондырғысының түтін шығатын мұржалары қара күйе жиналып қалмас үшін тәулігіне кемінде бір рет су буымен үрленеді.

602. Регенерациялық қондырғылардың сүзгі-нығыздауыштары металл рамаларға және жанбайтын іргетасқа орнатылады. Сүзгі-нығыздауыштардың астына төгіліп қалған майды жинау үшін металдан жасалған арнайы жайпақ қаңылтыр таба орнатылады.

603. Регенерациялық қондырғы жұмыс істеп тұрған кезде керосин жинағыштарды асыра толтыруға болмайды; толуына қарай және ауысымның аяғында оларды мұнай өнімдерінен босату керек.

604. Пайдалануға жіберер алдында жылжымалы регенерациялық қондырғылардың айыратын текшелері мен бу қазандары гидравликалық қысымға тексеріледі. Бу қазандары мен айыратын текшелерде сақтандырушы қақпашалар мен манометрлер орнатылады. Жылжымалы регенерациялық қондырғылар жұмыс істеп тұрғанда қызмет етуші персонал бақылау-өлшеу құралдарының көрсеткіштерін үнемі бақылайды.

10-тарау. Алаң ішіндегі технологиялық құбыржолдар мен құбыржол арматурасын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

605. Мұнай базаларының, құю және айдап қотару станцияларының құбыржолдарына технологиялық схемалар құрылады, оларда құбыржолдардың әрқайсысында айқын белгіленеді, ал тиек арматурасы нөмірленеді. Қызмет көрсетуші персонал авариялар мен өрттер болған жағдайларда ысырмаларды ауыстырып қосуды үйрену үшін құбыржолдардың технологиялық сызбасымен танысады.

606. Технологиялық құбыржолдар оларға орнатылған барлық арматураларымен бірге пайдалануға тапсыру алдында біріктіру мықтылығы мен тығыздығы тұрғысынан гидравликалық сынақтан өтеді.

607. Жер үстіндегі құбыржолдардың бекітпелері мен тіреуіштерінің қауіп төндіріп салбырап тұруын болдырмау үшін олардың жай-күйі үнемі бақыланып тұрады. Құбыржолдардың, асқыштар мен тіреуіштердің ақаулары дереу жойылады.

608. Құбыржолдардың ішінде пайда болған шөгінділерді болаттан жасалған шыбықтар немесе басқа құралдар арқылы тазартуға болмайды, құбырдың қабырғасына үйкелуден немесе соғылудан ұшқын пайда болуы мүмкін.

609. Құбыржолдар мен тиектердің тораптарын ашық отпен жылытуға болмайды. Осы мақсатта тек бу, ыстық су немесе қызған құм қолданылады, сондай-ақ зауытта шығарылған электрлі қыздырғыштар пайдаланылады.

610. Құбыржолдар мен тиек қондырғыларына кәсіпорынның бас инженері бекіткен графикке сәйкес профилактикалық қызмет көрсетіледі.

611. Құбыржолдарда тұйық учаскелер болмауға тиіс. Ал мұндай жерлердің болуы қажет болған жағдайларда, оларды тұрақты бақылау жүзеге асырылады.

612. Мұнай өнімдері толып тұрған құбыржолдарда жөндеу жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді.

5-бөлім. Мұнай-газ өндіруші өнеркәсіп объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-тарау. Жалпы ережелер

613. Бұрғылауға, сынақ жүргізуге, ұңғымаларды күрделі жөндеуге арналған жер үстіндегі жабдық, шығарындыларға қарсы қондырғылардың бұрғыштары, бақылау станциялары, өндірістік және тұрғын үй-жайлар, қойма орындары, кіреберіс жолдар, тікұшақ алаңдары нақты әр ауданға арналған желдің басым бағыты ескеріле отырып орналастырылады.

614. Қондырғыға бөлінген аумақ жер үстіндегі және жер астындағы құбыржолдардан, кабельдерден босатылады, ағаштан, бұтадан, шөптерден тазартылады.

Жер үстіндегі құрылыстардың айналасында көліктің және өрт техникасының қозғалуы үшін ені 10-12 метр алаң көзделеді.

Аумақтарды жоспарлау кезінде сұйықтықтарды сағасынан және жер үстіндегі құрылыстардан арнайы қоймаларға (торға) бұрып ағызу көзделеді.

615. Құрылыстардың жабындары жанбайтын материалдардан орындалады. Басқа жағдайларда конструкция оттан қорғайтын құраммен өңделеді.

616. Отын құятын ыдыстар мен қондырғылар жер үсті үй-жайлардан, жабдықтардан, құбыржолдардан 20 метр алшақ орнатылады. Отын қондырғылары сорғылармен, ыдыстар сақтандыру және тыйым салу жазулары (белгілері) бар деңгей өлшеуіштермен жабдыкталады. Орнатылу орындарында кіреберіс жолы жабдыкталады және жанар-жағармай материалдарының сақталу мөлшері есебінен топырақ үйіп бекітіледі.

617. Арматуралар орнатылатын немесе аппараттар қосылатын жерлерден басқа, жарылыс-өрт қауіпті технологиялық жүйелердің құбыржолдарында фланецті және алмалы-салмалы қосылыстарға жол берілмейді. Жарылыс қауіпті технологиялық жүйелерде иілмелі шлангілерді қолдануға жол берілмейді.

618. Жанармай өнімдерін айдап қотаратын сорғылар мен компрессорлардың соратын және айдайтын жолдарында тиек, кесу және сақтандыру қондырғыларын орнату көзделеді.

619. Жанар-жағармай материалдарының, мұнай өнімдерінің тамшылап ағуы, герметикалы болмауы, ағып кетуі байқалғанда ақау дереу жойылып, төгілген жер мұқият тазартылады.

620. Жанар-жағармай және тез тұтанатын материалдарды өрт-жарылыс қауіпті құрылыстардың ішінде сақтауға жол берілмейді.

621. Өрт сөндіру құралдары (қуат және сорғы блогы, отын қондырғылары, электр станциясы, ұңғыманың аузы) өрт қауіпті жерлерге жақын орналастырылады.

622. Іштен жану қозғалтқыштарының пайдаланылған газды шығаратын желілері ұңғыманың аузынан кемінде 15 метр, таса (ірге) қабырғасынан 5 метр және шатырдың (қалқаның) жоғарғы жағынан 1,5 метр қашыққа шығарылады. Қозғалтқыштардың, негіздердің, еден төсенішінің астына пайдаланылған газ шығатын құбырларды төсеуге жол берілмейді.

Қабырғалар, шатырлар (қалқалар) арқылы пайдаланылған газ шығатын желілер өтетін жерлерде құбырдың үш диаметрінен кем емес тесік қалдырылады. Бұл жерде жылу оқшаулау төсемі мен өртенбейтін өңдеме орнатылады.

Пайдаланылған газ шығатын желілер ұшқын сөндіргіштермен жабдыкталады.

623. Температура төмен болған жағдайда, қатып қалуға бейім жабдықтар мен құбыржолдар жылытылып, ашық отты пайдалануды жоққа шығаратын жылытумен қамтамасыз етіледі.

624. Өрт қауіпті және жарылыс қауіпті үй-жайларда, негіздердің астында, газ қауіпті жерлерде, жанар-жағармай материалдарын, мұнай өнімдерін, жанғыш заттар мен реагенттерді сақтауға арналған ыдыстардың жанында ашық отты пайдалануға және темекі шегуге болмайды.

Темекі шегу үшін өртке қауіпсіз аймақта арнайы жабдықталған орындар бөлінеді және жазулармен белгіленеді.

625. Газдану, жанар-жағармай материалдарымен, мұнай өнімдерімен ластану кезінде газ қауіпті, отпен жүргізілетін және дәнекерлеу жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді.

626. Қуат, бұрғылау және мұнай кәсіпшілігінің жабдығы, жабындар, объектінің басы мен аумағы үнемі өрт қауіпсіз жағдайда ұсталады, күйеден, жанар-жағармай материалдарының, мұнай өнімдерінің төгілуінен ұдайы тазартылады.

2-тарау. Ұнғымаларды бұрғылау жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

627. Ұнғымаларды бұрғылау, бекіту, сынау техникасы мен технологиясы өнімді жиектерден бақыландырытын қабат флюидтің түсуін барынша жоғары дәрежеде болдырмауы тиіс.

Мұнай-газ дақтары пайда болған және авариялық жұмыстар жүргізілген жағдайда, жер үстіндегі жабдық және орап байлау арқылы толық герметикалық, флюидті ұнғымалардан қауіпсіз қашықтыққа бұру және мұнай-газ дақтарын, аварияларды жою жөніндегі технологиялық процестерді орындау кезінде жарылыс-өрт қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

628. Бұрғыны пайдалануға беру кезінде кәсіпорынның комиссиясы жабдықтың жарылыс-өрт қауіпсіздігін, өртке қарсы жабдық пен мүкәммал жинағының сәйкестігін, өрт сөндіру су айдыны, авариялық жарықтандырудың, жауынгерлік өрт сөндіру есептобының бар-жоғын тексереді, ол туралы бұрғыны қабылдау актісіне жазады.

629. Көмірсутекті негіздегі бұрғы қоспаларын пайдаланғанда жарылыс, өрт қауіпсіздігі бойынша, арнайы нұсқаулық пен жұмыс жоспарларында көрсетілетін әуе ортасының газдылығы бойынша қосымша шаралар қолданылады. Көмірсутекті негіздегі ерітіндінің өздігінен тұтану температурасы сағасындағы және қоспаны дайындау мен өңдеу процесіндегі күтілетін ең жоғарғы температурадан 50оС артық болады.

630. Жұмыс аймағының ауасында зиянды заттардың шекті жол берілетін концентрациялары мен шекті жол берілетін жарылыс қауіпсіз концентрациялары табылған жағдайларда:

- 1) технологиялық процесті тоқтата тұру;
- 2) объектінің, ауысымның басшысына дереу хабар беру;
- 3) газдану себебі мен аймағын анықтау;
- 4) жеке қорғану құралдарын пайдалану;
- 5) өрт сөндіру мүкәммалының әзірлігін тексеру;
- 6) Аварияларды жою жоспарына және нақты жағдайға сәйкес шаралар (әрекеттер) қолдану қажет.

631. Бұрғылау, сынау, газ, мұнай, су дақтарын, ашық бұрқақтар мен аварияларды жою жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін мұнаралар, бұрғылау жабдығы, аумақ кара майдан, артық жабдықтар мен материалдардан тазартылады. Бұрғыға баратын жолдар мен кіреберістер бос болады.

632. Цементтеу, мұнай және қышқыл ванналарын орнату, зерттеу және авариялық жұмыстар кезінде қолданылатын арнайы техника пайдаланылған газ шығатын құбырлардың ұшқын сөндіргіштері болған кезде ғана қолданылады.

3-тарау. Мұнай және газ ұңғымаларын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-параграф. Ұңғымаларды игеру кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

633. Мұнай және газ ұңғымаларын игеру және сынақ жұмыстары ұңғымалардың құрылыс жобасына сәйкес жүргізіледі, онда арнайы бөлімдерде технологиясы әзірленеді, сынақ және өрт жарылыс қауіпсіздігі шаралары жөніндегі жұмыстарды орындаудың техникалық құралдары анықталады.

634. Жұмыс басталмас бұрын, даярлау, негізгі және қорытынды жұмыстардың жоспар-графигі, сондай-ақ болуы мүмкін аварияны жою жоспары қоса беріледі.

635. Ұңғымаларды игеру үшін қолданылатын жабдықты орналастыру және байлау сызбасы жоспар-графикке қоса беріледі.

636. Ұңғымаларды игеру жөніндегі жұмыстарды бастамас бұрын жауапты тұлға бригада мүшелеріне өрт қауіпсіздігі жөнінде нұсқама өткізеді және "Жұмыс орнындағы қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаманы тіркеу" журналына тиісті жазбаны жазады.

637. Бригаданың барлық мүшелері ұңғымаларды игеру жұмыстарына арнайы киіммен және арнайы аяқ киіммен қатысады.

638. Игеру объектілері өртке қарсы құрылғылармен жабдықталады және осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес өртке қарсы мүкәммалмен қамтамасыз етіледі.

639. Ұңғымалардағы ату-жару жұмыстары жұмыстардың басшысының рұқсатымен және мұнай-газ өндіру немесе бұрғылау кәсіпорны геологының қатысуымен жүргізіледі.

640. Ату-жару жұмыстарының алдында шығарындыға қарсы жабдық мұқият тексеріледі және жұмыс жоспарында көрсетілген қысымға сығымдалады.

641. Көтеріп-түсіру операциялары кезінде дінгек фланецке ұшқынға қауіпсіз материалдан жасалған құйғыш орнатылады.

642. Ұңғыманы игеру кезінде жылжымалы компрессор ұңғымадан желді жақтан кемінде 25 метр қашықтықта орнатылады.

643. Ұңғыманы мұнаймен жуу кезінде агрегат кемінде 10 метр қашықтықта орнатылады.

644. Газ және газ конденсатты ұңғымаларды сваб әдісі арқылы, ал бұрқақты ұңғымаларды науамен тарту арқылы игеруге жол берілмейді.

645. Ұңғыманы свабирлеу мұнай лақтырудың алдын алатын тығындайтын құрылғыдағы фонтандық арматураның буферлік ысырмасында орнатылған кезде жүргізіледі.

646. Бұрқақты ұңғыманы свабирлеу әдісімен игеру кезінде:

1) жұмыс істеп тұрған агрегатты басқару пультінде қалқаның жанғыш құрғымын қорғау үшін отқа төзімді құраммен өңделеді;

2) ұшқынға қауіпсіз материалдан жасалған бағыттаушы құйғыш орнатылады;

3) көтергіш тракторы ұңғыма сағасынан кемінде 25 метр қашықтықта орнатылады.

647. Ұңғымаларды жылжымалы агрегаттармен игеру кезінде игеру үшін және ұңғыма өшірілген жағдайда агрегаттардың қажетті санын жұмыс манифольдына қосу мүмкіндігі көзделеді.

648. Бұрқақ атқылау белгілері пайда болған кезде аварияларды жою және ұңғыма аузын қымтау жоспарына сәйкес іс-қимылдар жасалады.

649. Бұрқақты ұңғыманы игеру процесінде үзілістер мен тоқтаулар кезінде бұрқақты арматураның және айқастырмадағы орталық ысырмасы жабылады.

650. Сығылған ауаны айдау немесе сұйықтықты ауамен аэрациялау арқылы ағынды шақырған кезде процесте үзілістерге жол берілмейді.

2-параграф. Бұрқақты ұңғымаларды пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

651. Пайдалануға берілген барлық ұңғымалар тиісті аппаратурамен жабдықталған герметикаланған аузымен қамтамасыз етіледі.

652. Бұрқақты арматураны жинау төсемдері бар түйреуіштердің толық жинағымен жүргізіледі.

653. Бұрқақты ұңғыма мен коммуникация орамы пайдалану бағанының перфорациясына дейін ұңғыма өнімін қабылдауға алдын ала дайындалады.

654. Тұтануды (өртті) болдырмау үшін ашық арықтар бойымен ортақ қоймалар мен тұзақтарға мұнай ағынын орнатуға жол берілмейді.

655. Ұңғымадан компрессорға мұнай мен газдың түсуін болдырмау үшін ұңғымалардың жанындағы газ және ауа тарату дүңгіршектерінен шығатын желілерде кері клапандар орнатылады.

656. Газ және ауа тарату дүңгіршектерінің газ немесе ауа коллекторларында ұзындығы жобаға сәйкес келетін желілер көзделеді.

657. Газ тарату дүңгіршектерінің сыртқы жағында "Газ! Өрт қауіпті!" деген жазу ілінеді.

658. Жылжымалы компрессорлардың іштен жану қозғалтқыштарының пайдаланылған газ шығатын құбырлары ұшқын сөндіргіші бар бәсеңдеткішпен жабдықталады.

659. Құбыр сыртындағы газ қысымы тек штуцердің көмегімен айқастырғыштан екінші ысырма арқылы бірінші (түпкі) ысырма ашық болғанда ғана алынады.

660. Ұңғыманың орамы, бұрулар, аппаратура, сонымен қатар қысымдағы газ құбырлары тек бумен немесе ыстық сумен ғана жылытылады.

3 -параграф. Компрессорлық станцияларды күтіп-ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

661. Компрессордың жұмысы кезінде тоңазытқыштардағы газ бен судың температурасына бақылау жүргізіледі.

662. Компрессорды қысудың соңғы сатысының (компрессорлық ғимараттан тыс) шығару желісінде жұмыс қысымынан 10% асатын қысым кезінде іске қосылатын сақтандыру құрылғысы құрастырылады.

663. Компрессор параметрлердің қалыпты жұмыстан ауытқу сигнализациясымен, сондай-ақ жағылатын газдың (ауаның) қысымы мен температурасы көтерілген кезде, салқындатқыш судың берілуі тоқтатылған және қабылдау мен майлау жүйесіндегі қысым төмендеген кезде автоматты ажыратумен жабдықталады.

664. Компрессордың үйкелетін бөліктері үнемі майланады, сондай-ақ пайдаланылған майдың температурасы бақылауға алынады.

665. Сығымдаудың әрбір сатысынан кейін сығылған газды немесе ауаны майдан тазартпай компрессордың жұмыс істеуіне жол берілмейді. Компрессордың жұмыс кезінде майдың бөлгіштерден жүйелі түрде түсірілуі қамтамасыз етіледі.

666. Әрбір жұмыс режимі үшін техпаспортта және регламентте көрсетілген ауа қоспасы компоненттерінің құрамын арттыруға жол берілмейді.

667. Газды сығымдайтын компрессорлармен ауа соруды болдырмау мақсатында сору желілері шамадан тыс артық газ қысымымен ұсталады.

668. Егер компрессор жұмысының шарттары бойынша сору желісі сиретілген болса, онда сығылғаннан кейін газ оттегінің құрамына жүйелі түрде талданады.

669. Газ компрессорлары мен газ құбырларының барлық қосылыстары герметикалығына жүйелі түрде тексеріледі. Газдың шығуы байқалған кезде компрессор тоқтатылады және ақаулар жойылады.

670. Жарық беру құрылғыларын жөндеу немесе электр энергиясын авариялық ажырату кезінде газ компрессорлық станцияларында жарылыстан қорғалып орындалған аккумуляторлық шамдар ғана қолданылады.

671. Газ-компрессорлық жайларда компрессорлық қондырғының жұмысына қатысы жоқ аппаратура мен жабдықты орналастыруға жол берілмейді.

672. Резервтегі компрессорлар газды қабылдау және айдау желісінен ажыратылады.

673. Ауа компрессорлары үшін ауа жинау ғимараттың сыртында жүргізіледі.

Жанғыш булар немесе газдар бөлінетін жерлерде, сондай-ақ тұтану көздері пайда болуы мүмкін жерлерде ауа жинауға жол берілмейді.

Компрессорға жанғыш булар немесе газдар келіп түскен кезде ол дереу тоқтатылады.

674. Компрессорлар, ауа компрессорлық станцияларының коммуникациялары кестеге және техникалық құжаттамаға сәйкес сульфонал су ерітіндісімен жуу арқылы майлы шөгінділерден тазартылады.

4 -параграф. Терең сорғымен пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

675. Тербелме станогы оның үйкелетін және қозғалатын бөліктерінің мұнара немесе діңгек, іргетас және фунт, электр желілері бөлшектерімен жанасуын болдырмайтындай етіп орнатылады.

676. Тербелме станогының шкивін қолмен бұруға және оны металл немесе басқа заттарды салу жолымен тежеуге жол берілмейді.

677. Жөндеу жұмыстары басталғанға дейін ұңғымадағы жетек ажыратылады, ал іске қосу құрылғысында "Қосуға болмайды! Адамдар жұмыс істейді" деген жазуы бар плакат ілінеді.

678. Тереңдік-сорғы ұңғымасы ұңғыманың аузын герметикалайтын және құбыр сыртындағы кеңістіктен газды шығаруға мүмкіндік беретін сағалық арматурамен жабдықталады.

679. Тербелме станогының жұмысы кезінде жетек белбеулерінің іркіліп қалуының алдын алу үшін олардың тартылуы бақылауға алынады.

680. Жерге тұйықтау өткізгіштері мен оларды дәнекерлеу орындарын қарау үшін қолжетімділік қамтамасыз етіледі. Жерге тұйықтау өткізгіші үшін болат арқанды қолдануға жол берілмейді.

681. Басқару станцияларын, автотрансформаторларды, трансформаторларды кез келген кернеудегі электр беру желілері сымдарының астына орнатуға жол берілмейді.

682. Батырылатын ортадан тепкіш электр сорғылардың электр жабдығын орнатуға арналған жай немесе дүңгіршек жанбайтын материалдан жасалады.

683. Батырылатын электр сорғыны түсіру және көтеру алдында ұңғыманың сағалық фланецінде кабельді элеватордың зақымдануынан қорғайтын құрал орнатылады.

684. Ұңғыманың аузында орналасқан кабельдік барабанның электр жетегін түйме арқылы басқару жарылыстан қорғалған түрде орындалады.

685. Ұңғыманың аузы кабель өтетін жерлерде тығыздамасы бар аспалы шайбамен жабдықталады.

686. Ұңғымаларды үрлеу және өлшеу жүргізу кезінде ұңғыманың жанындағы автокөлік пен тракторлар сөндіріледі, ал қазандықтардың оттықтары тоқтатылады.

687. Сынақ уақытында барлық жолдарда бекеттер қойылады және өтуге, темекі шегуге және от жағуға тыйым салатын ескерту белгілері орнатылады.

5-параграф. Мұнай мен газ өндіруді қарқындату кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

688. Өндіруді қарқындату әдістерін жүзеге асыру мұнай-газ өндіру кәсіпорнының басшысы (орынбасары) бекіткен жоспар бойынша жүргізіледі.

689. Кәсіпорын әкімшілігі өндіруді қарқындату әдістерін жүргізуді есепке ала отырып, болуы мүмкін авариялар мен өрттерді жою жоспарын әзірлейді. Жоспар көрнекті жерге ілінеді.

690. Өндіруді қарқындату әдістері жүзеге асырылатын объектілер кәсіпорынның орталық диспетчерлік пунктімен сенімді телефон немесе радио байланысымен қамтамасыз етіледі.

691. Байланыс құралдарының жанында атауы мен сигнал беру, баушыларды, өртке қарсы қызметті, жедел жәрдемді, газдан құтқару қызметін шақыру тәртібі көрсетілген тақтайшалар ілінеді.

692. Жұмыс кезінде жылжымалы сорғы агрегаттарының, автокөліктің пайдаланылған газ шығатын құбырлары ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады.

693. Агрегаттар мен автоцистерна ыдыстарынан мұнай және химиялық реагенттердің қалдықтарын өнеркәсіптік су бұру жүйесіне төгуге жол берілмейді.

694. Барлық өндірістік және қосалқы үй-жайлар, құрылыстар мен қоймалар осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес бастапқы өрт сөндіру мүкәммалмен қамтамасыз етіледі.

695. Өртке қарсы құрал-сайман және жабдықты, авариялық және газдан құтқару құралдарын олардың тікелей мақсатына байланысты емес жұмыстар үшін пайдалануға жол берілмейді.

696. Жанғыш химиялық заттары бар сыйымдылықтарда "От қауіпті" деген жазу жазылады.

697. Найзағай кезінде көбік реагентін және басқа да жанғыш химиялық заттарды құюға және төгуге жол берілмейді.

698. Реагентті қабатқа құюға арналған жылжымалы технологиялық жабдық қауіпті аймақтан шығуды және персоналды эвакуациялауды қамтамасыз ету үшін жергілікті жердің бедері мен желдің бағытын ескере отырып орналастырылады.

699. Жылжымалы жабдықты, сорғы қондырғыларын электр берудің әуе желілерінің күзет аймағы шегінде немесе мұнай-газ құбырларының үстінде орналастыруға жол берілмейді.

700. Жұмыс тоқтатылғанша және бу генераторындағы қысым атмосфералық қысымға дейін төмендегенше бу генераторлық қондырғыны бақылаусыз қалдыруға жол берілмейді.

701. Жылжымалы электр жарығы ретінде бу генераторлық қондырғыда кернеуі 12 Вольттан аспайтын жарылыс қаупі жоқ шамдар қолданылады.

702. Ұңғыманың кенжар маңы аймағын бу-жылумен өңдеу тәуліктің жарық уақытында жүргізіледі.

703. Отын сыйымдылығы бар арбаға (шанаға) орнатылған мөлшерлеу сорғысының электр жабдығы ЭҚК сәйкес өрттен, жарылыстан қорғалған түрде көзделеді.

704. Пеш белгіленген шектерде мұнайды қыздыру температурасын реттейтін, сондай-ақ дайындаушы көздеген газ қысымы көтерілген немесе төмендеген кезде оттыққа газ беруді ажырататын автоматты құрылғылармен жабдықталады.

705. Отын құбыржолында ретке келтірілген редукциялау құрылғысы және оттықтағы сақтандыру клапаны, сондай-ақ бақылау-өлшеу аспаптарына конденсаттың түсуін болдырмауға арналған құрылғы жабдықталады.

706. Пештің оттығын жағар алдында иректүтікте мұнайдың толғанына көз жеткізеді .

707. Мұнайға арналған ыдысы бар арбаға (шанаға) орнатылған электр жабдығы, сондай-ақ мұнайды қыздыруға арналған стационарлық қондырғылар ЭҚК-ға сәйкес жарылыстан қорғалып орындалуы тиіс.

708. Техникалық қозғалыс құралдары (автомобильдер, тракторлар) ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады.

709. Ыстық мұнайы бар ыдыс ауызы желді жағынан 10 метр қашықтықта орнатылады.

710. Мұнайды құю алдында сорғыдан ұңғымаға дейінгі жиналмалы-құрама түсік желісі максималды жұмыс қысымынан бір жарым есе қысымға сығымдалады.

711. Компрессорлар мен электр жабдықтары 10 метрден алшақ, іштен жану қозғалтқышы бар компрессор ұңғыманың аузынан 25 алшақ қашықтықта орнатылады. Іштен жану қозғалтқышының пайдаланылған газ шығатын құбыры ұшқын сөндіргішпен жабдықталады.

712. Ұңғымаларды өңдеу үшін тек газсыздандырылған конденсат қолданылады.

713. Автоцистерналарда немесе газ конденсаты бар өзге ыдыста "От қауіпті" деген жазу немесе белгі көрсетіледі.

714. Газ конденсатын автоцистерналармен тасымалдау герметикалық жабылған люктер мен төгу штуцерлері кезінде ғана жүзеге асырылады.

715. Конденсатты құю немесе төгу алдында автоцистерна жерге қосылады. Жерге тұйықтау құрылғысын төгу немесе құю аяқталғанға дейін ажыратуға жол берілмейді.

716. Құю және төгу, ұңғыманы өңдеу тек күндізгі уақытта жүргізіледі.

717. Газ конденсатымен толтырылған автоцистернаны елді мекендер ішінде, ашық от бар орындардың жанында тоқтатуға жол берілмейді.

718. Агрегаттар мен автоцистерналар ұңғыманың аузынан 25 метр қашықтықта және желді жақтан бір-бірінен кемінде 6 метр қашықтықта орнатылады.

719. Суы бар автоцистерна газ конденсаты бар агрегаттар мен автоцистерналардан 25 метр қашықтықта орнатылады.

720. Ұңғыманы өңдеу кезінде газ конденсатын автоцистернадан бункерге және агрегатты қабылдауға құюға жол берілмейді.

721. Ұңғыманы газ конденсатымен өңдеуден бұрын және өңдеу процесінде жұмыс жүргізу аумағының газдануы тексеріледі. Шекті рұқсат етілген концентрациядан асатын газ концентрациясы болған жағдайда газ конденсатын құю жұмыстары дереу тоқтатылады және аварияларды жою жоспары бойынша шаралар қолданылады.

722. Ұңғыманы газ конденсатымен өңдегеннен кейін агрегаттың манифольдты желісі және ұңғыманың арматурасы сумен жуылады.

723. Манифольдты ажырату ұңғыманың арматурасындағы ысырмалар жабылғаннан және қысым атмосфералық қысымға дейін төмендегеннен кейін ғана жүргізіледі.

724. Ұңғыманы газ конденсатымен өңдеу процесінде қызмет көрсетуші персонал жұмыс жоспарында көрсетілген қауіпсіз қашықтықта болады.

725. Қабаттарды гидравликалық ажырату жұмыстары кезінде қолданылатын агрегаттар мен басқа машиналардың пайдаланылған газ шығатын құбырлары ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады.

726. Агрегаттарды іске қосу агрегаттарда жұмыстарды тікелей орындаумен байланысты емес адамдарды қауіпті аймақтан тыс жерге шығарғаннан кейін ғана орындалады.

727. Ажырату сұйықтығының және мұнайдың қалдықтары агрегаттар мен автоцистерналардың ыдыстарынан мұнай тосабына немесе арнайы ыдысқа құйылады.

728. Қысқы уақытта жұмыстар ұзақ тоқтаған кезде манифольдты және құю құбырларының жүйесін ашық отпен жылытуға жол берілмейді.

729. Қуатты қондырғының отын бактары өрт қауіпсіз жерде орнатылады және зақымданудан қорғалады.

730. Қабат ішіндегі жылжымалы жану майданы әдісімен қабаттық өңделуі жүзеге асатын учаскенің аумағы ескерту плакаттарымен қамтамасыз етіледі және қызыл жалаушасы бар металл пикетпен қоршалады.

731. Ұңғымаларда зиянды газдардың бөліну қауіптілік дәрежесі және мұнай мен газдың температурасы бойынша олардың санаттары көрсетіледі.

6-параграф. Ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

732. Жанар-жағармай материалдарымен, мұнай өнімдерімен ластанған аумақта көтергіш трактор мен жылжымалы агрегатты орнатуға жол берілмейді.

733. Көтергіш трактор, жылжымалы агрегат ұңғыманың аузынан желді жақтан кем дегенде 25 метр қашықтықта орнатылады.

734. Жуу агрегаты манифольдтың және сыйымдылықтың жанында агрегат жүргізушісінің кабинасы ұңғыманың аузына қарайтындай етіп орнатылады.

735. Көтергішке жанармай құю қозғалтқыш салқындағаннан кейін өшірілген кезде жүзеге асырылады.

736. Сағалық арматураны бөлшектеу ұңғыма толық өшкеннен және қысым нөлге дейін уланғаннан кейін жүргізіледі.

737. Газ схемаға сәйкес ұңғымадан қауіпсіз жаққа қарай шығарылады. Газ тарату желісі тіректерге мықтап бекітілген.

738. Құбырларды көтеру және түсіру кезінде элеваторды отырғызу ұшқынның пайда болуын болдырмау үшін соққысыз, бірқалыпты жүргізіледі.

739. Құбырларды көтеру және түсіру жөніндегі жұмыстағы үзілістер кезінде ұңғыманың аузы тығыздалады.

740. Құбырларды көтеру кезінде флюидтің, ерітіндінің шашырауына және төгілуіне қарсы құрал орнатылады.

741. Сағада ұшқын туындаумен байланысты жұмыстарды, сондай-ақ ұйым басшысының жазбаша рұқсаты берілмеген от жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді.

742. Құм тығынын сумен жуған кезде жуу сұйықтығы өнеркәсіптік су бұру жүйесіне немесе ыдысқа шығарылады. Тығынды мұнаймен жуу тұйық цикл бойынша жүргізіледі.

743. Құм тығындарын жуу кезінде ұңғымаларда шығарындыға қарсы жабдық, шарлы кран, кері клапандар орнатылады.

744. Ұңғымаға вентилі және шлангі бар су желісі төселеді.

745. Мұнай-газ көріністері, құбыр және құбыр қысымы болған кезде жұмысты бастауға жол берілмейді.

746. Көтергіш тракторлар мен жылжымалы агрегаттар жарық және дыбыс дабылымен жабдықталады.

747. Мұнай өнімін қамтамасыз етудің негізгі және қосалқы кәсіпорындары осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті ең аз тізбесіне сәйкес бастапқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықталады.

748. Жұмыс үрдісінде ұңғыманың жай-күйі үнемі бақыланады, газ-мұнай-су көріністерінің белгілері анықталған кезде бригада ұңғыма аузын тығыздайды және аварияларды жою жоспары бойынша іс-қимылдарды орындайды.

4-тарау. Мұнай мен газды жинау, дайындау, сақтау және тасымалдау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

749. Аппараттарда, сыйымдылықтарда және құбыржолдарда орнатылған сақтандыру, реттеу және бекіту арматурасының жарамдылығы пайдалануға беру

алдында, сондай-ақ инженерлік-техникалық қызметкердің басшылығымен бекітілген графикке сәйкес кезең-кезеңімен тексеріледі. Тексеру және тексеру нәтижелері вахталық журналға енгізіледі.

750. От қауіпті сұйықтықтардың деңгейін өлшеу үшін өрт қауіпсіз өлшегіштер қолданылады. Өлшеуіш шынылар шыныны механикалық зақымданудан қорғау, жалғағыш түтіктерді автоматты түрде жабатын клапандар және шыныда Сұйықтық пен қысымның 0,6 МПа (6 кгс/см²) аспайтын шекті рұқсат етілген деңгейін көрсететін қызыл сызық болған жағдайда 0,6 МегаПаскаль (бұдан әрі – Мг/Па) (6 кгс/см²) аспайтын артық қысыммен жұмыс істейтін аппараттар мен сыйымдылықтарда рұқсат етіледі.

751. Жабдықтың жылу оқшаулағышы үшін жанбайтын материалдар қолданылады.

752. Қыздыру аппараттарына бу немесе газды жіберу алдында беру желілері қауіпті қысымдарды немесе деформацияларды болдырмау үшін үрлеуге жатады.

753. Қыздыру агентін аппараттарға қосу аппараттардағы температураны біртіндеп көтере отырып, баяу жүргізіледі.

754. Түсіру кезінде резервуарлар (сыйымдылықтар) аппараттарынан су мен тұнбаның тоқтауын бақылау жұмыс алаңдары мен аумақтарға мұнайдың ағып кетуіне жол бермей жүзеге асырылады.

755. Сақтандыру клапаны диаметрі шығу тесігінен кем емес бұрғышпен жабдықталады.

756. Басқыштар, сепараторлар және басқа да аппараттар қызмет көрсетуге арналған сатылармен және алаңдармен жабдықталады.

757. Мұнай және құм тұтқыштар жанбайтын материалдан жасалады. Ашық мұнай ұстағыштың айналасына биіктігі кемінде 1 метр қоршау орнатылады.

758 Тұндырғыштар мен резервуарлардың науалары адамдар өтетін жерлерде металл жабындармен жабылады.

759. Алау көтергіші 100 метрден жақын емес, ал жер қоймасы топтық қондырғының қоршауынан 50 метрден жақын емес қашықтықта орналасады. Қамбаның айналасында биіктігі кемінде 1 метр топырақ үйіп бекітілетін топырақ үйіп бекітілетін жер көзделеді, ал алау құрылғысы қоршаумен қамтамасыз етіледі.

760. Басқыштар мен сепараторларды үрлеу кезінде үрлеу желісіндегі тиек құрылғысы біртіндеп және біртіндеп ашылады және жабылады.

761. Бірдей қысымы бар сепараторлар тобы үшін сақтандыру құрылғыларынан алаудың жалпы желісіне (коллекторға) шығарылуы мүмкін.

723. Эрлифт ұңғымалары сепараторға қосылған кезде сепаратордан шығатын газ-ауа қоспасы ауаның құрамына тексеріледі.

763. Басқыштардағы деңгей өлшегіш шынылар жабық сыйымдылыққа немесе кәрізге үрлеуге арналған бұрғыштармен қамтамасыз етіледі.

764. Отпен жылытылатын жылу алмастырғыштарға арналған алаң гидравликалық ысырма арқылы өнеркәсіптік су бұру жүйесіне ағызғыштармен жабдықталады және мұнайды шаюға арналған құрылғымен қамтамасыз етіледі.

765. Жылу алмастырғыштарды қыздыру (іске қосу кезінде) және салқындату (тоқтату кезінде) температуралық кернеулерден зақымдануды болдырмау үшін баяу жүргізіледі.

766. Жылу алмастырғышты жанғыш сұйықтықтардан босату жылу алмастырғыштар салқындағаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

767. Форсункалар алдындағы алаң қатты жабынмен және гидравликалық ысырма арқылы өнеркәсіптік су бұру жүйесімен қосылған науаға қарай көлбеумен қамтамасыз етіледі.

768. Пешті тұтату мен іске қосуды тек пайдалану үшін бекітілген адамдар ғана жүзеге асырады.

769. Форсункаларды алаумен жаққан кезде оны тез тұтанатын сұйықтықпен сіндіруге жол берілмейді.

770. Жағу үшін пайдаланылатын алауды сөндіру құрғақ құмы бар жанбайтын жәшікте жүзеге асырылады.

771. Отын құбыры оттықтардың жануы үшін қажетті қысымына реттелген қайталанатын құрылғыларға, сондай-ақ автоматика жүйесіне конденсаттың түсуінің алдын алатын конденсат жинаушыға барлық форсункаға бір мезгілде отын беруді тоқтата алатын, сондай-ақ ысырмамен, бақылау-өлшеу аспаптарымен жабдықталады (қашықтықта форсунка шебінен кемінде 10 метр). Автоматты құрылғылардың авариялық сигнализациясы оператор бөлмесіне шығарылады.

772. Қондырғы жарамсыз болған жағдайда отын газ құбыры пештен герметикалық ажыратылуға жатады және бітеуішке қойылады.

773. Пештердің тұрақты өрт сөндіру стационарлық жүйесі әрқашан жарамды күйде ұсталады. Жүйенің орамы өтуге ыңғайлы жерде орналасады және қызыл түске боялады. Жүйені автоматты және қашықтықтан қосу көзделеді.

774. Пештің оттығын бумен алдын ала үрлемей жанарғыны жағуға жол берілмейді. Пеш орамының үрлеу білтелері жобалау және техникалық құжаттамаға сәйкес қауіпсіз жерге шығарылады.

775. Форсункалардың (жанарғылардың) газ құбырлары газды алау желісіне шығаратын үрлеу желісімен жабдықталады.

776. Авария немесе өрт болған жағдайда мұнай құюға арналған құрылғылардың жарамсыздығына жол берілмейді. Авариялық төгу желілерінің ысырмалары айырым белгілерімен белгіленеді, ал оларға өту жолдары босатылады. Авариялық төгу цех, қондырғы бастығының немесе аварияны (өртті) жою жөніндегі жұмыстардың жауапты басшысының нұсқауы бойынша ғана жүргізіледі. Авариялық төгуді жүзеге асыру кезіндегі операциялардың реттілігі нұсқаулықта көзделеді.

777. Авариялық ыдыстан оған ыстық сұйықтықты түсірер алдында суланған өнімдер мұқият шығарылады және құрғақ бу беріледі.

778. Пеш форсункаларының майданында, қос көзді камераларда өрт шыққан жағдайда көмейде және түтін құбырында күйе жанған кезде бу желісі арқылы бумен сөндіру іске қосылады және өртке қарсы қызметі шақырылады.

779. Құбырлы пешті пайдалану кезінде құбырлардың жай-күйіне жүйелі бақылауды қамтамасыз ету керек.

Құбырлардағы үрлеулер мен жыланкөздер кезінде, сондай-ақ құбырлардың тозуының рұқсат етілген шектері артқан кезде пештің жұмыс істеуіне жол берілмейді.

780. Пештерде жалынды сөндіру сигнализаторлары, форсункалар (оттықтар) сөнген кезде оларға отын беруді тоқтататын автоматты құрылғылар, пештің асуында шекті рұқсат етілген температура дабылдары орнатылады.

781. Мұнай айдауға арналған сорғы үй-жайы ұшқын қауіпсіз орындалған мәжбүрлі сору-сыртқа тарату желдеткішімен жабдықталады.

Желдеткіш ақаулы немесе ажыратылған кезде сорғыларды жұмысқа қосуға жол берілмейді.

782. Іштен жану қозғалтқыштарын орналастыруға арналған үй-жайлар сорғыларға арналған үй-жайлардан газ өткізбейтін қабырғалармен бөлінеді. Тез тұтанатын сұйықтықтарға арналған сорғылар орнатылған үй-жайларда тегіс белдікті берілістерді қолдануға жол берілмейді.

783. Аралық біліктердің қабырғалар арқылы өтетін жерлері тығыздамалы тығыздағыштармен жабдықталады.

784. Сорғылардың жұмысы кезінде үйкелетін бөліктердің майлануына, сондай-ақ сорғылардың мойынтіректері мен тығыздамаларының температурасына тұрақты бақылау жүзеге асырылады.

785. Сорғылардың астында майлау материалдарының жиналуына, олардың ағуына және шашырауына жол берілмейді. Сорғы үй-жайларының едендері таза ұсталады және үнемі сумен жуылады.

786. Сорғы үй-жайларында сорғылар мен құбырлардың герметикалығына бақылау орнатылады. Сорғылардың тығыздамаларындағы және құбыржолдардың қосылыстарындағы өткізгіштер дереу жойылады.

787. Сорғы үй-жайларында майлау материалдарын тәуліктік қажеттіліктен аспайтын мөлшерде сақтауға жол беріледі. Майлау материалдары арнайы металл бөшкелерде немесе қақпағы бар жәшіктерде сақталады.

Сорғы үй-жайында тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды сақтауға жол берілмейді.

788. Сорғыны іске қосу және тоқтату алдында тиісті ысырмалардың дұрыс ашылуы мен жабылуы тексеріледі.

789. Төгілген мұнай өнімдерін жою үшін сорғы үй-жайлары резеңке шлангілері бар су бағандарымен жабдықталады.

790. Жұмыс аяқталғаннан кейін сорғыларды қабылдау және түсіру ысырмалары және резервуарлар жабылады, үй-жайлар тексеріледі, төгілген мұнай жиналады, барлық қондырғылар мен жарықтандыру ажыратылады.

791. Құбыржолдар (мұнай-газ құбырлары) тасымалданатын заттарға байланысты ажырату үшін бояуымен және цифрлық белгілеумен қамтамасыз етіледі. Сыйымдылықтарды аппаратурамен, аялдамалармен және басқа да құрылыстармен байланыстыратын құбыржолдарға әрбір құбыржолда белгілі бір белгілері, ал тиек арматурасында нөмірленуі бар технологиялық схемалар жасалады.

792. Қызмет көрсетуші персонал ысырмалардың орналасу сызбасын және олардың мақсатын білуі, сондай-ақ технологиялық әрекеттерді қатесіз орындай білуі қажет.

793. Жаңа схеманы кәсіпорын басшысының рұқсатынсыз және бекітуінсіз қолданыстағы құбыржолдардың орналасу схемаларын өзгертуге жол берілмейді.

794. Құбыржолдарды үрлеу және герметикалығын және беріктігін сынау құрылыс ұйымы әзірлеген, кәсіпорынның техникалық басшылығымен келісілген нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

795. Құбыржолдарды үрлеу және сынау кезінде аймақ шегінде автомобильдердің, тракторлардың жұмыс істеп тұрған қозғалтқыштармен тіркелуіне, сондай-ақ ашық отты пайдалануға және темекі шегуге жол берілмейді.

796. Темір жол немесе тас жол маңындағы құбырда авария болған жағдайда, авария ауданы дереу қоршалады, ескерту белгілері қойылады, көлік қозғалысы тоқтатылады және аварияны жою жоспарына сәйкес шаралар қабылданады.

797. Ескерту белгілері авария болған жерден жолдың екі жағына кемінде 800 метр қашықтықта қойылады. Темір жол қызметі дереу хабардар етіледі.

798. Құбыржолдардағы тиек құрылғылары жарамды күйде, құбыржолдардың жекелеген учаскелеріне мұнай мен газдың түсуін сенімді тоқтату мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін оңай қол жеткізуге болатындай етіп ұсталады.

799. Бекіту құрылғыларын тексеру үшін кәсіпорында кәсіпорындар басшылары бекітетін кестелер жасалады. Құбыржолдардағы тиек құрылғылары тоқсанына кемінде 1 рет, ерекше жауапты тораптарда айына кемінде 1 рет тексеріледі. Тексеру нәтижелері Журналға немесе құбырдағы паспортқа енгізіледі.

800. Құбырды жалғау тек дәнекерлеу арқылы орындалады. Бұрандалы және фланецті қосылыстарға ажыратқыш құрылғылар, бақылау-өлшеу аспаптары және өткізбейтін тығыздағыштары бар басқа арматура орнатылған жерлерде рұқсат етіледі. Фланецті қосылыстардың төсемдері жоғары температурада бұзылмайтын және деформацияланбайтын материалдардан жасалады.

801. Құбырларда пайда болған тығындарды болат шыбықтардың және ұшқын тудыруы мүмкін басқа да құралдардың көмегімен тазалауға жол берілмейді.

802. Құдықтарда орналасқан тиек құрылғыларын тексергеннен немесе пайдаланғаннан кейін соңғыларының қақпақтары дереу жабылады. Құбырларды тексергеннен кейін ашық науалар дереу жабылады.

803. Бекіту құрылғылары ақырын ашылады және жабылады, бекіту құрылғыларын ашу және жабу үшін ұшқын тудыруы мүмкін металл заттарды қолдануға жол берілмейді.

804. Вакуумдық газ жинау желісінің ішінде жарылыс қаупі бар қоспаның пайда болуын болдырмау үшін:

1) вакуумдық желідегі ауа құрамы бақыланады;

2) ұңғымалардан вакуумдық коллекторлардың тармақтарын ажырату немесе бөлшектеу кезінде тиек құрылғылары жабылады және газ құбырларына бітеуіштер орнатылады.

805. Кабель желілерін құбырмен қатар төсеу кезінде олардың арасындағы көлденең қашықтық кемінде 1 метр етіп орындалады. Құбырдан қысқа қашықтықта орналасқан кабельдер құбырларға салынады. Құбыржолдардың үстінен және астынан тік жазықтықта кабельдерді параллель төсеуге жол берілмейді.

806. Төгу-қю эстакадалары осы Қағидалардың талаптарын сақтай отырып, пайдаланылады.

6-бөлім. Газ өңдеу өнеркәсібі объектілерін күтіп-ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-тарау. Жалпы ережелер

807. Технологиялық процесі жанғыш булар мен газдардың жиналып қалуын көздейтін зауыт аумағында автокөлік құралдарының жүріп өтуіне жол берілмейді, бұл ретте тыйым салу белгілерін орнатылады.

808. Автокөлік құралдарының, оның ішінде көтергіш-көлік және құрылыс механизмдерінің аумағына кіруіне жарылыс, өрт қауіпті цехтар мен қондырғылар басшыларының жазбаша рұқсаты бойынша мүмкін болатын тұрақтарды, қозғалыс маршруттарын және қауіпсіздік шараларын көрсете отырып жол беріледі.

809. Жарылыс қаупі бар үй-жайларға және газға қауіпті орындарға металл шеге немесе таға қағылған аяқ киім киген адамдарға жол берілмейді.

810. А және Б санатындағы жарылыс қаупі бар цехтарда доңғалақтары соғылған кезде ұшқын шығаратын көлік арбаларын пайдалануға жол берілмейді.

811. Су бұру жүйесін қарау құдықтары үнемі қақпақтары жабық күйде ұсталады және 10 сантиметр (бұдан әрі – см) қалың құммен жабылады.

812. Өрт кезінде өнеркәсіптік су бұру желісі бойынша оттың таралуын болдырмау үшін онда арнайы құдықтарда гидравликалық ысырмалар орнатылады. Әрбір

гидравликалық ысырмада ысырманы құрайтын су қабаты кемінде 0,25 метр биіктікте болуы тиіс.

813. Гидравликалық ысырмалар технологиялық аппаратурасы бар үй-жайлардан, технологиялық қондырғылар алаңдарынан, топтар мен жеке тұрған резервуарлардан, ысырмалар тораптарынан, аппараттар топтарынан, сорғы, қазандық, төгу-құю эстакадаларынан шығатын барлық шығуларда орнатылады. Гидравликалық ысырманың конструкциясы оны ыңғайлы тазалауды көздейді және қамтамасыз етеді.

814. Гидравликалық ысырмалары ақаулы немесе дұрыс орындалмаған, сондай-ақ оларсыз су бұру жүйесін пайдалануға жол берілмейді.

815. Өрт, жарылыс қаупі бар өнімдерді су бұру жүйелеріне жіберуге жол берілмейді. Осы мақсаттар үшін арнайы ыдыстар көзделеді.

816. Су бұру жүйесіне ағызу кезінде өндірістік ағынды сулардың температурасы 400С аспауы тиіс.

817. Жарылыс қауіпті өндірістік үй-жайларда орнатылған желдету жүйелерінің металл ауа бұрғыштары жерге тұйықталады.

818. Желдеткіші бұзылған кезде жабдықты жұмысқа қосуға жол берілмейді.

819. Жанғыш және жарылыс қауіпті газдары бар аппаратура мен коммуникациялар орналасқан жабық үй-жайларда желдеткіштің тәулік бойы жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі.

820. Зиянды немесе жарылыс қауіпті газдардың немесе булардың кенеттен қарқынды бөлінуі мүмкін өндірістік үй-жайларда механикалық авариялық желдеткіш құрылғысы көзделеді.

821. Авариялық механикалық желдеткішті газ талдағыш-датчиктердің әсерінен автоматты іске қосу қамтамасыз етіледі және өндірістік үй-жайдың сыртқы есігінде орналасқан түймелерден авариялық желдеткішті қашықтықтан іске қосу көзделеді.

822. Өндірістік үй-жайда өрт туындаған жағдайда желдету жүйелері ажыратылады.

823. Өрт, жарылыс қаупі бар өндірістері бар үй-жайларды жылыту үшін ыстық су, бу, қыздырылған ауа және диэтиленгликоль түріндегі жылу тасығыштары бар орталықтандырылған жүйелер пайдаланылады.

824. Өрт туындаған және оның таралу қаупі туындаған кезде ауамен жылыту жүйелері дереу ажыратылады.

825. Ауамен жылытуды ағынды желдеткішпен біріктірген кезде ауаны рециркуляциялауға жол берілмейді.

826. Теміржол цистерналарын толтыруға арналған эстакадалардың құю тіреулері жерге тұйықталады. Төгу-құю майдан шегіндегі теміржол рельстері бір-бірімен электрлік жолмен жалғанады және электр тарту желісін жерге тұйықтауға байланысы жоқ жерге тұйықтау құрылғысына қосылады.

827. Автоцистерналар жанғыш газдарды төгу және құю процесінде жерге тұйықтау құрылғысына қосылады. Жерге тұйықтау өткізгіші ретінде қимасы кемінде 6 шаршы миллиметр икемді (көп желілі) мыс сым пайдаланылады.

828. Резеңке шлангілердің металл ұштықтары мен тез алынатын құрылғылары шлангінің сыртына немесе ішіне оралған иілгіш (көп желілі) мыс сымның көмегімен жерге тұйықталады. Жерге қосу сымы екінші ұшымен өнім өткізгіштің металл бөліктеріне жалғанады.

2-тарау. Технологиялық аппараттар мен қондырғыларды күтіп-ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

829. Технологиялық аппараттар мен қондырғылардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде өнімді тығыз емес фланецті қосылыстар арқылы өткізу кезінде аппараттарды, құбыржолдар мен жабдықтарды пайдалануға жол берілмейді.

830. Ағып жатқан өнімнің тұтануын болдырмау үшін аппаратта рұқсаттама анықталған кезде өткізу орнына аппаратты немесе қондырғыны сөндіре отырып, су буы немесе инертті газ беріледі.

831. Аппараттар мен ыдыстардың жанғыш беттері жанбайтын материалдардан жасалған жарамды жылу оқшаулағышпен қамтамасыз етіледі.

832. Ішкі қарау, тазалау және жөндеу үшін ашуға жататын аппараттар тоқтатылады, өнімнен босатылады, жұмыс істеп тұрған аппаратурадан ажыратылады және сөндіріледі, инертті газ өнімдерімен буланады және желдетіледі.

833. Ыстық өнімді тоңазытқыш арқылы өткізбей сынама алу шүмектерін пайдалануға жол берілмейді. Бұру түтіктері мен тоңазытқыш түтіктері жарамды күйде ұсталады.

834. Қысымдағы аппараттар мен коммуникациялардағы олқылықтарды жоюға жол берілмейді.

835. Өндірістік үй-жайларда ұшқын шығу мүмкіндігімен байланысты жұмыстарды жүргізуге, ашық орындалған шырақтарды қолдануға жол берілмейді.

836. Технологиялық аппараттар іске қосар алдында тексеріледі, олармен байланысты аппараттар мен құбырлардың, Автоматты көрсеткіштердің немесе температура мен қысым реттегіштерінің, сұйықтық деңгейін өлшегіштердің жарамдылығы мен жұмысқа дайындығы тексеріледі.

837. Пештің өшіп қалған оттықтарын қызған панельдерден тұтандыру немесе пештің оттығын қалауға рұқсат етілмейді.

838. Пештің ішінде болуы мүмкін тұтануды сөндіру үшін бу немесе инертті газды қолдануға болады. Бу немесе инертті газ беріледі бақылаусыз жану аяқталған сәтке дейін.

839. Авария немесе өрт болған жағдайда өнімді ағызуға арналған құрылғылар жарамды күйде ұсталады. Авариялық төгу желілерінің ысырмалары айыру

белгілерімен белгіленеді, ал оларға өту жолдары босатылады. Авариялық төгуді жүзеге асыру кезіндегі операциялардың реттілігі нұсқаулықта көзделеді.

840. Пештен ыстық сұйықтықты түсіруге арналған авариялық ыдыс үнемі бос ұсталады. Сұйықтықты авариялық ыдысқа түсіру басталғанға дейін алдын ала конденсаттан босатылған су буы беріледі.

841. Құбырлардағы үрлеулер мен тесіктер болған кезінде, сондай-ақ құбырлардың тозуының рұқсат етілген шегінен асқан кезде пештің жұмыс істеуіне жол берілмейді. Құбырлар күйген кезде пешті пайдалану дереу тоқтатылады.

842. Пеш аумағында газдану қаупі туындаған кезде дереу бумен сөндіру жүйесі қосылады, пештің форсункалары сөндіріледі.

843. Қосарланған ақаулары бар құбырлы пештерді пайдалануға жол берілмейді. Қос көзді тетіктердің тығындарын тығыздауға арналған қысымдық бұрандамалар құбырлардағы қысым атмосфералық қысымға дейін төмендегеннен кейін ғана тартылады.

844. Жылу алмастырғыштарға арналған алаң гидравликалық ысырма арқылы өнеркәсіптік су бұру жүйесіне шығарыла отырып, науаға ағысы бар қатты жабынмен орындалады. Алаңша жанғыш өнімдерді шаюға арналған құралмен қамтамасыз етіледі.

845. Жылу алмастырғыштарды жанғыш сұйықтықтардан босату тек салқындағаннан кейін ғана жүргізіледі.

846. Ауамен салқындату аппараттары өрт болған жағдайда желдеткіштерді қашықтықтан ажыратумен жабдықталады.

847. Колонналық аппараттардың люктері үстіңгі жағынан бастап ашылады.

848. Технологиялық жабдықтың хабарлау қондырғыларын іске қосу қолмен немесе автоматты тәсілдермен қамтамасыз етіледі. Автоматты іске қосу кезінде қайталанатын қолмен іске қосу көзделеді.

3-тарау. Қосалқы құрылғылар мен құрылыстарды ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

849. Құбыржолдар олармен тасымалданатын заттарға байланысты ажырату бояуымен, цифрлық белгілеумен және өнімнің қозғалыс бағытымен қамтамасыз етіледі.

850. Газ құбыры, өнім тасымалдайтын құбыр жарылған кезде авария ауданы дереу қоршалып, ескерту белгілері қойылып, көлік қозғалысы тоқталып, аварияны жою шаралары орындалады.

851. Жарылу, өртену қаупі бар орталарды айдауға арналған құбыржолдарда " камыттар" болған жағдайда, құбыржолдарды пайдалануға болмайды.

852. Төгіп-қую эстакадалары осы Қағидалардың талаптарына сәйкес күтіп-ұсталады

4-тарау. Компрессорлық және сорап стансаларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

853. Компрессорлар мен сораптардың технологиялық параметрлерін бақылау бойынша бұғаттағыш және дабыл беру құрылғылары жарамды күйде ұсталады.

854. Газ компрессорлары және олардың газ құбырларының барлық қосылыстары саңылаусыздық тұрғысынан үнемі тексеріліп отырады. Газдың кемуі байқалған жағдайда, газдың кемуін жұмыс істеп тұрған компрессорда жоюға болмайды.

855. Клапан қораптары мен әуе піспек компрессорлары майлы шөгінділер мен күйіктерден үнемі тазартылып отырады.

856. Жарық беру құрылғылары жұмыс істеп тұрған немесе электр энергиясы авариялық сөндірілген кезде газ-компрессор стансаларында жарылыстан қорғалып орындалған аккумуляторлық шамдарды қолдануға болады.

857. Компрессорлық үй-жайда газбен ластану немесе өрт шығу қаупі төнгенде компрессорларды авариялық түрде тоқтатып, қысымды түсіріп, авария болған жерге газ жеткізу тоқтатылады.

858. Жалпы сыйымдылығы үш тәуліктік қордан аспайтын майға арналған ыдыстар өз бетімен сыртқа шығу жолы және компрессор бөлмесінен бөлек, өртке қарсы қабырғасы бар үй-жайға орналастырылады.

859. Компрессорлық және сорап стансаларының үй-жайларында желдеткіш құрылғылардың дұрыс және үздіксіз жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі.

860. Стационарлық компрессорлардың авариялық тоқтату түймелері компрессор залдары үй-жайларынан шығатын жерлерде, басқару пульттерінде орналастырылады.

861. Газ моторының тұтандырғыш білтесінің түйісуінде ұшқыны бар компрессордың жұмыс істеуіне болмайды.

862. Компрессорды іске қосқанда пайдаланылған өнімді шығару жүйесінде тұтану мен жарылыстарды болдырмау үшін пайдаланылған өнімді шығару жүйесін қысылған ауамен үрлегеннен кейін магнето қосылады және отын газы жеткізіледі.

863. Өрт, жарылыс қауіпті өнімдерді айдайтын сораптар, сораптармен бір рамада орналасқан электр қозғалтқыштарының жерге тұйықталғанына қарамастан, жерге тұйықталады.

864. Сораптарды үрлегенде шығарылатын өнім үй-жайдан тыс жерге, сұйық өнім – құбыр жолы арқылы арнайы ыдысқа, ал булар мен газдар шыраққа немесе бағанаға шығарылады.

865. Сораптармен жұмыс істегенде үйкелетін бөлшектерін, сондай-ақ сораптардың мойынтіректері мен тығыздамаларының температурасы үнемі бақыланады. Майлау материалдарын ағызып жіберуге және шашыратуға болмайды.

5-тарау. Алау шаруашылығын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

866. Алау қашықтан жағылады, кезекші оттықтармен қамтамасыз етіледі.

867. Алаудың айналасындағы аумақ кемінде 50 метр радиуста қоршалады және сақтандырғыш белгілерімен көрсетіледі, сонымен қатар қоршалған аумақтың шөбі алынып тасталады.

868. Қоршалған алау аумағында құдықтар, шұңқырлар және басқа да ойықтар орнатуға болмайды.

869. Алау құбырына кіргізер алдында газ құбырларында қарауға және жөндеу жұмыстарын жүргізуге болатын от бөгеушілер орнатылады.

870. Жалпы алау жүйесіне:

1) жабдықты үрлегеннен кейін құрамында төменгі тұтану шегінен шоғырлануы 50 %-ға кем жанғыш газдары бар инертті газды;

2) аппараттар мен құбыржолдардан шығарылған ауаны, сондай-ақ таза инертті газды;

3) шіруге, қышқылдануға, полимерленуге, жылу бөлуге бейім және алау газ құбырының өткізу мүмкіндігін шектей алатын өнімдерді жіберуге болмайды.

7-тарау. Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-тарау. Жалпы ережелер

871. Жарылыс қауіпті газ және бу-ауа концентрацияларын түзетін заттар мен материалдар қолданылатын, өндірілетін немесе сақталатын өндірістік және қойма үй-жайларында автоматты газ талдағыштар орнатылады.

872. Жабдық қалдықтары өндірістік үй-жайға шаң бөлінуін болдырмайтын пневматикалық, механикалық құрылғылармен шығарылады.

873. Автономды желдеткіші және (немесе) қалдықтардың пневмокөлігі бар жабдықтың электр сызбасында негізгі жабдықты 2-5 секунд іске қосуға қатысты осы жүйелерді іске қосуды автоматты түрде басып озу және 25-30 секунд уақыт шамасында автоматты түрде ажырату көзделеді.

874. Шикізатты, жабдықты және материалдарды ғимараттарға жақын жерде сақтауға болмайды.

875. Шикізатты, жабдықты және материалдарды арнайы жабдықталған ашық алаңдарда немесе шатырлар астында сақтауға сақтау алаңдары мен ғимараттардың, құрылыстардың арасындағы аралықты сақтаған жағдайда рұқсат етіледі. Жанатын материалдардан жасалған, ауданы 1200 шаршы метрге дейінгі бөлек тұрған шатырларды салуға болады.

876. Аумақтарды көгалдандыру үшін гүлденген кезде ұлпа, талшықты заттар мен салбыраған тұқым бөлетін ағаштарды отырғызуға, сондай-ақ оларды өртке қарсы аралықтарға отырғызуға болмайды.

877. Өндіріс үй-жайлары үнемі тазалықта ұсталады және жабдықпен, шикізатпен және дайын өніммен шамадан тыс жүктелмейді, олар ауысымдық сұраныстан – өндірімнен, ал тәулік бойы істейтін өндірістік үдерісте – тәуліктік сұраныстан аспауы қажет.

878. Цех қоймалары үшін тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтарды, химикаттарды бір мезгілде сақтау саны тәулік (ауысым) нормалары шегінде белгіленеді.

879. Өндірісте қолданылатын жанғыш және тез тұтанатын сұйықтықтар саны тәуліктік (ауысымдық) қажеттіліктен аспайтын саңылаусыз металл ыдыста сақталады.

2-тарау. Технологиялық жабдықты ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

880. Кәсіпорындарда негізгі цехтарға, учаскелер мен қондырғыларға арналған технологиялық және электр жабдығын тазалау графиктері әзірленеді.

881. Пайдаланылатын технологиялық жабдық күн сайын, шикізатты алғаш қайта өңдейтін цехтарда – ауысымда кемінде 1 рет, ал электр жабдығы, шамдар, электр өткізгіштері, техникалық өрттен қорғау құралдары, құрылыс конструкциялары, оның ішінде жабындар аптасына кемінде бір рет оларға отырған жанғыш шаңнан, ұлпадан тазартылуы қажет. Тазалау барысында шаң жинау құралдары, ылғалды тазалау, сығылған ауамен үрлеу қолданылады.

882. Технологиялық жабдықтың барлық жіктері мен қосылыстары, өндірістік және қойма үй-жайларындағы ауа өткізгіштер жанбайтын материалдармен тығыздалады.

883. Зығыр түткіш, иіру-дайындау, тоқыма дайындау, тоқыма және брақтау-өлшеу цехтарының жұмыс жайларында шаңның шекті мөлшерден артық шоғырлануына жол берілмейді.

3-тарау. Ұшпалы еріткіштердің өрт-жарылыс қауіпті буларын адсорбциялау және рекуперациялау цехтарын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

884. Цехтардағы ұшпалы еріткіштерді пайдаланумен байланысты орындар жергілікті бу сору жүйелерімен жабдықталады, бу буды аулағыштарға жіберіледі.

885. Рекуперациялау қондырғысы ұшпалы еріткіштер буының жұмыс орындарынан үздіксіз және толықтай сорылуын қамтамасыз етеді.

886. Рекуперациялау станциясының нормаланатын қуаты болмаған кезде жаңа жұмыс орындарын, учаскелер мен цехтарды бу-ауа қоспасының желілеріне қосуға жол берілмейді.

887. Адсорберлерге түсетін бу, ауа қоспасының шоғырламасы бақыланып отырады. Бу, ауа желілерінің қоспаның неғұрлым өрт, жарылыс қауіпті заттарының тұтануының төменгі шоғырлану шегінен 50 %-ға жоғары ауланатын будың шоғырламасымен жұмыс істеуіне болмайды.

888. Цехтардан рекуперациялау станциясына бу, ауа қоспасы тасымалданатын желілер жарамды күйде ұсталады. Құбырлардың ішкі қабатын қатты жанғыш шөгінділермен немесе сұйық конденсатпен ластауға болмайлы. Бу, ауа қоспасынан қатты қоспаларды аулауға арналған сүзгіштер немесе циклондар жарамды күйде пайдаланылады және бекітілген кестеге сәйкес тазартылады. Конденсат түзілетін желі учаскелерінде жанбайтын материалдан жасалған жылытқыш пен конденсаттың ағып кетуі үшін еңіс болуға тиіс.

889. Бу, ауа қоспаларының желілері жоба шешімдерінің талаптарына сай келетін жарамды от бөгегіштермен қамтамасыз етіледі.

890. Желдеткіштер жұмысының авариялық режимінің дыбыс дабылы мен резервтік агрегаттарды автоматты іске қосу жүйесі жарамды күйде ұсталады және тексеріліп отырады.

891. Жарылыс, өрт қауіпті бу, ауа қоспасын атмосфераға лақтыруға арналған авариялық құбыр жарамды күйде ұсталады, тексеріліп отырады, найзағайдан қорғағышпен жабдықталады.

4-тарау. Тұтану көздерінің жанғыш ортасында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

892. Талшықты материалдарды, қатты жанғыш заттарды уатылған (майдаланған) түрінде бастапқы қайта өңдеуді жүзеге асыратын технологиялық желілер, машиналар мен аппараттар бөгде заттарды аулау (бөлу) үшін жарамды құралдармен (тас аулағыштар, магниттік қорғағыш) қамтамасыз етіледі.

893. Сыртқы бетінің температурасы 450С-тан жоғары құбыржолдардың, жабдықтардың, сыйымдылықтардың, өнім өткізгіштердің беттері материалдардың тұтану қаупі немесе газдардың, сұйықтықтар буларының немесе шаңның жарылысы пайда болатын үй-жайларда жанбайтын материалдан жасалған қаптамасы бар жарамды қиын жанатын жылу оқшаулағышпен қамтамасыз етіледі.

894. Жұмыс істегенде статикалық электр зарядтары жиналуы мүмкін технологиялық жабдық жарамды антистатикалық құрылғылармен немесе бейтараптағыштармен (радио изотопты, жоғары вольтты, индукциялы) пайдаланылады.

895. Өнімдерді ұсақтау, түту, қопсыту, тарау, тозаңдату, шашырату жүргізілетін аппараттар, ыдыстар, агрегаттар, бөлек тұрған машиналар, аппараттар, басқа жабдықпен материал өткізгіштермен немесе металл құрылымдарымен қосылмаған агрегаттар жерге тұйықтағышпен қамтамасыз етіледі.

896. Құбырлардағы, аппараттардағы, корпустармен қақпақтарды жалғастырғыштардағы және болтпен қосылыстардағы фланецті қосылыстарда электрлік өткізгіш емес сырмен сырланған немесе диэлектриктерден жасалған шайбаларды қолдануға болмайды.

897. Өндірістік және қойма үй-жайлары ішінде іштен жану қозғалтқыштары бар машиналар мен жабдықты қолдануға болмайды.

898. Біліктер мен мойынтіректердің қызып не қисайып кетуінің алдын алу үшін олар мерзімді, ауысымына кем дегенде бір рет тексеріледі.

899. Жабдық шегіндегі электр сымдар агрессивті ортадан қорғалады. Металл түтіктер жабдықтың жылжымайтын бөлшектеріне бір-бірінен 400 миллиметрден аспайтын қашықтықта орналасқан арнайы қысқыштармен бекітіледі.

900. Көп мәрте майысуға және қажалуға төзімді мыс желілі арнайы иілгіш кәбілдер немесе жабдықтың қозғалмалы бөліктерінде орнатылған электр қозғалтқыштарын, электр аппараттары мен аспаптарын қоректендіруге арналған жылжымалы ток ажыратқыштар жарамды күйде ұсталады.

901. Білдектер, агрегаттар мен машиналар жұмыс істеген кезде:

1) барлық қозғалмалы бөлшектердің еркін айналуы;

2) шикізатты аэродинамикалық тазалау кезінде аспирациялық арналарда ауа режимін реттеу және үй-жайда шаңның бөлінуін болдырмау қамтамасыз етіледі.

902. Желдеткіш пен пневмокөліктің объектілік және цех қондырғыларының (жүйелерінің) жұмыс режимі жұмыс нұсқаулықтарында айқындалады, онда өндіріс жағдайлары есепке алынған өрт қауіпсіздігі шаралары, ауа өткізгіштерді, сүзгілерді, от бөгегіш клапандар мен өзге де жабдықты тазалау мерзімдері, сондай-ақ өрт шыққан жағдайда қызмет көрсетуші персоналдың іс-әрекет жасау тәртібі көзделеді.

903. Желдеткіш және пневмокөлік қондырғыларын жоспарлы алдын ала жөндеу мойынтіректерді уақтылы майлау, тегершіктердің жай-күйін және жетек белбеулерінің керілуін тексеру, желдеткіш білігі солқылын (люфтін) жою, өткізгіштердің электр қозғалтқыштарына қосылатын жерлерінде байланыстардың сенімділігі, электр қорғау жай-күйі күн сайын тексеруге енгізіледі. Әр жөндеуден кейін ұйым басшысы қондырғыларды көрсеткіштер сәйкестігін өлшей және паспорттарда белгілей отырып тексеруді ұйымдастырады.

904. Пневматикалық көлік пен сорғы ауа өткізгіштердің құбырларында мерзім сайын қарау (тексеру), жүйелерді тазарту және өрт шыққан жағдайда оны ойдағыдай сөндіру үшін терезелер, люктер, ажыратылатын қосылыстар қарастырылған. Байқау терезелері бір-бірінен 10 метрден аспайтын қашықтықта, сондай-ақ үш көзді тетіктердің жанында, бұрылыстарда, қабырғалар мен жабындар арқылы құбырлар өтетін жерде орналастырылады.

905. Желдеткіштің дөңгелегі теңгерімделеді және дөңгелектің қаптама қабырғасына соғылу мүмкіндігін болдырмайтындай етіп реттеледі.

906. Машинадан ұлпаны және тозанды шығаратын желдеткіш қондырғының жұмысында ақау байқалған жағдайда (ауа тартудың тоқтауы, желдеткіштің тарсылдауы, ұшқынның пайда болуы, түтін не иіс шығуы) желдеткіш жұмысы тоқтатылып, жөндеу шаралары орындалады.

907. Пневмокөліктің аспирациялық құрылғылары мен жүйелерінің ішкі қабаттары тегіс, шығыңқысы жоқ, қылаусыз етіп орындалады.

908. Желдеткіш, аспирациялық және пневмокөлік қондырғыларына (жүйелеріне) күтім жасау және оларды пайдалану кезінде:

1) пневматикалық және аспирациялық жүйелердің ауа өткізгіштерінде, тозаңды жертөлелерде, камералар мен сүзгілерде тозаң мен ұлпаның жинауына жол берілмейді. Қарау және тазалау нәтижелері арнайы журналда жазылады;

2) шатырлар мен сорғы құбырлардың ішкі беті жанғыш шөгінділерден жылына кемінде екі рет тазартылады;

3) тозаң сору және тозаң аулау қондырғылары ақаулы болған жағдайда технологиялық жабдықтың жұмыс істеуіне болмайды;

4) шаң камераларында (тозаңды жертөлелерде) бөгде адамдардың болуына болмайды;

5) жану шыққан жағдайда осы желдеткіш жүйелерге күтім жасау аймағындағы барлық желдеткіш құрылғылары мен технологиялық жабдық дереу тоқтатылып, ауа өткізгіштердегі барлық клапандар жабылады;

6) жалпы шаң камерасына немесе жанғыш тозаңды немесе қалдықтарды тасымалдайтын жеке құрылғылардан жертөлеге кіретін газ шығаратын түтіктер автоматты клапандармен жабдықталады, сондай-ақ олардың үздіксіз жұмысы қамтамасыз етіледі.

909. Желдеткіш қондырғылар жанғыш және жарылыс қауіпті заттарды тасымалдайтын өндірістік үй-жайларда барлық металл ауа өткізгіштер, құбырлар, сүзгілер және сорғы қондырғысының өзге де жабдығы кемінде екі жерден жерге қосылады.

910. Ауа құрамында тез тұтанатын немесе жарылыс қауіпті заттар (газдар, бу, тозаң) болуы мүмкін үй-жайлардың желдеткіш жүйелерінің құрылғыларын реттейтін желдеткіштердің құрылымы мен материалы ұшқын түзілу мүмкіндігін болдырмайды.

911. Өртке қарсы қалқалардың қиылысатын жерінде орнатылған ауа өткізгіштердің автоматты от бөгейіш құрылғылары (қалқалағыштар, шиберлер, клапандар) жарамды күйде ұсталады, олардың жұмысқа қабілеті айына 1 реттен сиретпей тексеріледі.

912. Желдеткіш жүйесінде от бөгейіш құрылғыларды пайдалану кезінде:

1) аптасына кем дегенде 1 рет олардың жалпы техникалық жай-күйі тексеріледі;

2) ысырмалардың сезімтал элементтерін (тез балқитын құлыптар, тез жанатын ендірмелер, температураға сезімтал элементтер) жанғыш тозаңнан уақтылы тазаланады ;

3) магистралдық құрама ауа өткізгішке қосылатын жерінде дайындау бөлімшесінің бір машинасына немесе машиналар тобына күтім жасайтын ауа өткізгіштер тарамдарында орналасқан өртке қарсы қол ысырмаларының жарамдылығы үнемі тексеріліп отырады;

4) өрт, жарылыс қауіпті үй-жайларға күтім жасайтын желдеткіш қондырғыларды қашықтықтан қосу немесе ажырату құрылғыларының жарамдылығы аптасына кем дегенде бір рет тексеріліп отырады.

913. Тозанды гравитациялық тұндыру үшін желдеткіштер мен ауа үрлейтін машиналардан кейін орналасқан ыдыстарды (аспирациялық шахталарды, тозаң тұндыру камераларын) пайдалануға болмайды.

914. Пневмокөлік қондырғыларына орнатылатын органикалық шыныдан жасалған қоспалары 100 миллиметрден аспайтын орам қадамы бар сыммен сыртынан оралады. Көрсетілген сымның екі шеті де арасында ендіріме орналасқан қондырғының металл бөліктеріне мықты бекітіледі. Аспирациялық қондырғылардың ауа жолдары мен инженерлік желілердің құбырларының жанасуына жол берілмейді.

915. Магниттік қорғау:

1) желдеткіштерге, конденсаторларға және технологиялық жабдыққа талшықты материалдар массасымен қатты заттардың (тас, шлак) түсуін болдырмау үшін олардың алдына тас аулағыштар, ал металл заттарды шығару үшін магниттік аулағыштар орнатылады. Аулағыштар құбырлардың тігінен (еңкіш) көлденең күйге бұрылатын жерлерде орнатылады;

2) магниттік бөгеттер дайындау бөлімшесінің түту, тарау машиналарының, араластырғыштарының және жабдығының алдына орнатылады;

3) электр магниттік сепараторлар жұмыс істеген кезде шикізатпен жанасатын бөлшектердің (магнит өткізгіштің, мойынтіректердің, бөлшектердің) қызуы бақыланады;

4) электр магниттік сепараторлардың жарық сигнализациясының үздіксіз жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі;

5) магниттік колонкаларда магниттік қоспалардан тазалауға арналған таға блогын оңай алу қамтамасыз етіледі. Бұл ретте магниттік қоспалардың шикізатқа түсуіне жол берілмейді;

6) магниттік колонкаларды металл қоспаларынан тазарту үшін арнайы щеткалар немесе ағаш қырғыштар қолданылады;

7) магниттік қоспаларды аулауға арналған жабдыққа күтім жасау және оны тексеру үшін еркін өту жолы қамтамасыз етіледі;

8) электр энергиясын беру тоқтаған кезде сепараторлардың электр магниттеріне өнім жіберуге болмайды;

9) қызмет көрсетуші персонал магнитті өрістің тұтас ұзындығы бойымен шикізаттың электр магнит сепараторларға және магнит колонкаларға үздіксіз және біркелкі түсуін тексеріп отырады.

916. Шикізаттың, өндіріс қалдықтарының, өндірістік тозаңның, дайын өнімнің жануы (өздігінен тұтануы) байқалғанда өртке қарсы қызметке дереу хабарланады,

қызметкерлерді эвакуациялау шаралары орындалады, барлық жабдық тоқтатылады және тоқтан ажыратылады.

917. Авария алдындағы қауіпті факторлар (машиналардың айналатын бөлшектерінің авариялық үйкелісі кезінде, машина бөлшектері сынған, жабдыққа бөгде заттар түскен, машинаға өнім үйіліп қалған кезде жанған шикізаттың, күйіктің, түтіннің иісі, жоғары температура, шу, діріл) пайда болғанда көлік жабдығы тоқтатылып, мұқият тексеріледі. Ақау себептері анықталып, жойылғаннан кейін ғана жабдық іске қосылады.

918. Технологиялық (көлік) желісі автоматты (авариялық) тоқтаған кезде бұғаттау іс-әрекетін жасауға сигнал берген құрылғыны (жылдамдықты бақылау релесі, шикізат тіреу тетігі, электр қозғалтқышы жетегінің шамадан тыс тоқ жүктемесінен қорғау) анықтап, оның іске қосылу себебін біліп, жою қажет. Технологиялық (көлік) желіні келесі іске қосу алдында ол материалдардан босатылып, ақауы жойылады.

919. Технологиялық, көліктік немесе аспирациялық жабдықта жанып жатқан (бықсыған) өнім табылған кезде өндірістік жабдық пен желдеткіш қондырғылары дереу тоқтатылады, желдеткіштің ауа жолдары жабылады, ал электр желісі ажыратылады.

920. Жану ошақтарын жойғаннан кейін ауа өткізгіштерді, сүзгіш камераларды, тозаң камераларын (тозаңды жертөлелерді), сондай-ақ технологиялық машиналарды әбден тазалағанға дейін желдеткіш және пневмокөлік қондырғыларын іске қосуға болмайды.

921. Өртті өндірістің тозаңды қалдықтар суының бағытталған шағын ағыстарымен сөндіруге болмайды.

8-бөлім. Ауыл шаруашылығы өндірісі объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-тарау. Негізгі өндіріс объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

922. Жануарлар мен құстарға арналған үй-жайларда шеберханалар, қоймалар, автокөлік, трактор, ауыл шаруашылығы техникасы тұрақтарын орналастыруға, сондай-ақ фермаларға қызмет көрсетумен байланысты емес жұмыстарды жүргізуге болмайды.

Бұл үй-жайларға газ шығаратын түтігі ұшқын сөндіргішпен жабдықталмаған тракторлардың, автомобильдер мен ауыл шаруашылығы машиналарының кіруіне болмайды.

923. Фермалардың шатыр үй-жайларында ірі жемшөпті сақтауға жол берілмейді.

924. Электр брудерлерін пайдаланғанда жылу қыздырғыш элементтерінен төсемдер мен жанғыш заттарға дейінгі қашықтық тігінен кемінде 80 сантиметр, ал көлденеңінен кемінде 25 сантиметр болады. Ашық жылыту элементтерін қолдануға болмайды.

925. Жылжымалы ультракүлгін қондырғылар және олардың электр жабдықтары жанғыш материалдардан кемінде 1 метр қашықтықта орналастырылады.

926. Электр брудерлер мен ультракүлгін қондырғылардың ішкі электр желісі кабельден немесе оқшауланған сымнан жасалады. Оқшауланған сым құбырларда немесе оқшаулағышы бар зәкірлерде еденнің деңгейінен кемінде 2,5 метр биіктікте және жанғыш құрылғылардан 0,1 метр қашықтықта төселеді.

927. Қырқатын агрегаттың бензин қозғалтқышын ғимараттардан 15 метр қашықтықта, шөп пен қоқыстан тазартылған алаңшада орнату қажет. Жанар-жағармай материалдарының қоры қырку бекеті мен құрылыстардан 20 метр қашықтықта, жабық металл ыдыста сақталады.

928. Қырку бекетінде ауысым өнімінен артық жүн жинауға және өту-шығу орындарына жүн теңдерін үйіп қоюға болмайды.

929. Аммиак селитрасы отқа төзімділігі I және II дәрежелі дербес, шатырсыз, бір қабатты, өртенбейтін едені бар ғимаратта сақталады. Ерекше жағдайларда селитраны отқа төзімділігі I немесе II дәрежелі ауыл шаруашылығы кәсіпорнының минералды тыңайтқыштар қоймасының жеке бөлігінде сақтауға болады. Әсері күшті тотықтырғыштар (магний және кальций хлораттары, сутегінің асқын тотығы) отқа төзімділігі I, II және III дәрежелі ғимараттардың жеке бөліктерінде сақталады.

930. Фермалар мен басқа ауыл шаруашылығы объектілерін қылқан жапырақты ормандарға жақын, құрылыстар мен орман алқаптарының арасында орналастырғанда көктемгі-жазғы өрт қауіпті кезеңге ені кем дегенде 4 метр өрттен қорғайтын алқаптар құрылады.

931. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының аумағында, сондай-ақ жанғыш ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау және өңдеу орындарында ашық отты қолдануға болмайды.

2-тарау. Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

932. Қаптарды ұннан тазарту және оларды сақтау үшін қапты қағатын машина орнатылған оқшауланған үй-жайлары көзделеді.

933. Нан пісіру кәсіпорындарында сұйық май мен өсімдік майын ыдыссыз сақтау жеке үй-жайда көзделеді.

934. Отын жағатын бөлімде бір ауысымға арналған қатты отын қорының болуына жол беріледі.

935. Нан пісіру пештері сұйық отында жұмыс істегенде сұйық отынның шығыс бактарын орнату үшін ғимараттан тыс жерде өртенбейтін құрылыстан жасалған, оқшауланған үй-жай көзделеді.

936. Элеваторлардағы, ұн тартатын, құрама жем және жарма зауыттарында бір мезгілде болуы 15 адамнан аспайтын өндірістік үй-жайлардың есіктерін ішке қарай (

эвакуациялау орнына қарсы) ашылатындай етіп жасайды. Сонымен қатар тамбур-шлюздердің есіктері әр жаққа ашылады (өндірістік үй-жайларынан тамбур-шлюздеріне қарай эвакуациялау жолына қарсы, тамбур-шлюзден саты алаңына қарай есіктер – эвакуациялау жолы бойымен).

937. Таспа конвейерлерін өткізуге арналған өртке қарсы қабырғалардағы ойықтар автоматты өрт сөндіру клапандарымен немесе өрт шыққан жағдайда, оларды жабуға арналған құрылғылармен жабдықталады.

938. Тұрмыстық, қосалқы және әкімшілік-шаруашылық үй-жайлары, басқару пультінің үй-жайлары, электр таратқыш құрылғылары, желдеткіш камералары мен саты алаңдары арқылы ауа өткізгіштерді, материал өткізгіштерді, өздігінен ағатын құбырларды жүргізуге болмайды.

939. Кабель тартуға арналған шахталарда норияларды, өздігінен ағатын құбырлар мен аспирациялау құбырларын, сондай-ақ басқа тасымалдау және технологиялық жабдықтарды орнатуға болмайды.

940. Құрама жем зауыттарында ұн шикізатын және кебектерді түсіру орындары аспирациямен жабдықталады.

941. Силос пен бункерлерге арналған люктер, сондай-ақ өздігінен ағатын құбырлардағы, ауа өткізгіштердегі және аспирациялық қаптамалардағы шағын люктер үй-жайды шаң басудан сақтандыратын тығыз қосылыстармен қамтамасыз етіледі.

942. Барлық қоймалар бір-бірінен 100 метрден аспайтын қашықтықта орналасқан сырттан сүйеп қоятын сатылармен жабдықталады.

943. Жұмыс басталардан бұрын дән тазартқыш және дән бастыратын машиналар үй-жайға шаңның кіруін болдырмайтын аспирациялық каналдарда ауа режиміне реттеп қойылады. Машиналардың үстіндегі жарылысты бәсеңдеткіштер жұмысқа жарамды күйде ұсталады.

944. Өнімділігі сағатына 50 тоннадан астам нориялар тоқтаған кезде таспаны кері жүруден қорғайтын автоматты тежеуіш құрылғыларымен қамтамасыз етіледі. Норияларды және жекелеген бөлшектерді жанғыш материалдардан жасауға болмайды.

945. Барлық аспирациялық қондырғылардың паспорттарын әр жөндеу жұмыстарынан кейін аспирациялау жөніндегі инженер немесе кәсіпорынның басшылығы бөлген басқа жауапты адам тексереді.

946. Өрт қауіпті санатындағы (B1-B4) үй-жайлар мен ғимараттардың аспирациялық және пневмокөліктік қондырғылардың ауа үрлегіш машиналары мен желдеткіштері тозақ тұтқыштардан кейін (ауаның қозғалу бағытымен) орнатылады.

Ұн тарту зауыттарындағы өнімділігі жоғары жинақтама жабдықтардың пневмокөлік жүйелерінде сүзгіштер орнатылғанға дейін ұшқын қауіпсіз желдеткіштерді орнатады.

947. Тозанды жинауға және сақтауға арналған ыдыстар мен жедел (өндірістік) ыдыстардың аспирациясын технологиялық және көліктік жабдығы бар бір аспирациялық қондырғыға қосуға болмайды.

948. Технологиялық және көліктік жабдық аспирациялық қондырғыларымен бұғатталады.

949. Элеваторлардың жұмыс ғимараттарында желдеткіштер мен дән кептіргіштерінің тозаң тұтқыштарын орналастыруға болмайды.

950. Элеваторлардың өндірістік жайларында орналасқан бункерлер мен силостардағы өндірістік тозаң мен аспирациялық қалдықтарды жинауға және сақтауға болмайды.

951. Транзиттік ауа өткізгіштерді шикізат және дайын өнім сақтайтын қойма арқылы, сондай-ақ жарылыс-өрт қаупі және өрт қаупі бойынша А, Б, және В1-4 санатындағы үй-жайлар арқылы тартуға болмайды.

952. Желдеткіштер мен ауа үрлегіш машиналардан кейін орналасқан тозаңды гравитациялық тұндыруға арналған ыдыстарды (аспирациялық шахталарды, тозаң камераларын) пайдалануға болмайды.

953. Ауа өткізгіштер мен материал өткізгіштер кемінде екі жерде жерге тұйықталады.

954. Тозаң тұтқыштар мен ауа үрлегіш машиналар қосымша тұйықталады. Қондырғы элементтері арасындағы қосылыстарда болттардың астына диэлектрлік материалдардан жасалған шайбаларды және электр өткізбейтін бояулармен сырланған шайбаларды қолдануға болмайды.

955. Аспирациялық қондырғылардың ауа арналарының жылыту жүйесінің құбыр жолдарымен түйісуіне жол берілмейді.

956. Технологиялық және тасымалдау жабдығын пайдалануда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен конвейер таспасы қаптамасының, норийлер мен басқа да тасымалдаушы машиналардың бос бұтақпен соғылуы және қоршау қаптамаға үйкелуі, сондай-ақ оларды буксирлеу мен иілу тыйым салынған.

957. Машиналардың мынадай жағдайларда пайдаланылуына жол берілмейді:

- 1) тұтанудың немесе күюдің аздаған белгілері болған бойда;
- 2) жабдыққа тән емес шу мен діріл пайда болғанда;
- 3) машинаға өнім үйіп тасталған, тіреп қойылған және асыра жүктелген кезде;
- 4) машинаның тіреуіш конструкциясы, шкиві, тісті доңғалағы және басқа да жұмыс органы бұзылғанда;
- 5) жұмыс органдарына бөгде заттар түскенде .

958. Жобалық және техникалық құжаттамада көзделген аспирация жүйесі жоқ, норийлер мен ұнтақтағыштардағы жарылыс ыдыратқыштары жоқ жабдықты пайдалануға болмайды.

959. Өнімдерді (шикізатты) жаншып үтетін білдектер, ұнтақтағыштар, қамшылау машиналары және соқпа машиналар арқылы өткізу алдында магнитті сепараторлар орнатылады.

960. Үй-жайға шаң кірмеу және тығыздап жабылуы үшін жабдықтың жұмыс істеуін жедел бақылауға арналған есіктер, қақпалар және шағын люктер тығыздағыштармен жабдықталады.

961. Ұшқынның пайда болуына жол бермеу үшін түйгіш барабанның ішкі бетіне түйгіштердің тиюіне жол берілмейді.

962. Норияларды пайдаланғанда:

1) нория таспасының барабанда тұрып қалуына;

2) таспалар мен шөміштердің нория құбырлары мен бастиек және табандықтың қаптамасына тиюіне;

3) норияны табандықтардағы тіреуіштердің жылдамдығы мен датчиктерін бақылау релесісіз пайдалануға болмайды.

963. Таспа конвейерлері жұмыс істегенде:

1) жылдамдықты бақылау релесісіз пайдалануға;

2) барабандар мен роликтерде басқа жаққа қарай шығаруға және тіреуіш құрылыстарына тиюге;

3) роликтер айналмай тұрғанда таспаның тоқтауына;

4) барабандарда таспа тоқтап қалуына жол берілмейді.

964. Шынжырлы (батпалы қырнауыштары бар) конвейерлерді қораптар асып кеткенде тіреуіш датчиктерінсіз немесе конвейері автоматты түрде тоқтататын қондырғыларсыз пайдалануға болмайды.

965. Иірліктерді олардың шеттеріне қысымына байланысты ашылатын өнімнің жүрісі бойынша орнатылған сақтандырғыш клапандарсыз пайдалануға болмайды.

966. Көлік таспаларын және жетек белбеулерін металдан жасалған қапсырма шеге, болттар арқылы (олар жанғыш вулканизацияны пайдаланып, қайыс белдікшелермен тігу арқылы қосылуы тиіс) қиыстыруға болмайды.

3-тарау. Құрама жем зауыттарының жабдығын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

967. Ақауы бар ұнтақтағышты, сондай-ақ жүктемені автоматты түрде реттеуге арналған құрылғысы бар электр қозғалтқыш бұғатталмаса, ұнтақтағышты пайдалануға болмайды.

968. Ұшқындауды болғызбау үшін дека мен елеуішке тиюіне жол берілмейді.

969. Ұсақтағыш үшін қолдан жасалған сақтандырғыш шрифтітерін, көлемдері және механикалық сипаттамалары белгісіз металл өзектерді қолдануға болмайды.

4-тарау. Ұн тарту және жарма зауыттарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

970. Өнімі жоқ, біліктері қысылған, белағаштарының бойымен ауытқып және жылжып кеткен білдектермен жұмыс істеуге болмайды.

971. Елек-суырғы машиналарын пайдаланған кезде себу шанақтарының, тас іріктегіштердің, сепараторлардың серпімді және берік қосылыстарын қолдануға болмайды. Шанақтардың иілгіш қосылыстары тозаң өткізбейтін материалдан жасалған, сыртқа шығаратын келте құбырларымен берік жалғасқан болуға тиіс.

972. Бастиегі түсіріліп тұрғанда, тарту құрылғылары дұрыс болмаған, қажак дискілері нашар бекітілген немесе кептіргіш дөңгелектері болмаған жағдайларда аршу машиналарын іске қосуға болмайды.

973. Аршу машиналары мен ажарлау машиналарының дискілерінде, пішімбіліктерінде және декаларында сызаттар мен ақаулар, дисбаланс болса, машиналармен жұмыс істеуге болмайды.

974. Электр энергиясы тоқтаған кезде электр магниттеріне өнімнің жетуін болдырмау үшін электр магнитті сепараторлар бұғатталмаса, электр магнитті сепараторларды пайдалануға болмайды.

5-тарау. Нан пісіру кәсіпорындарын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

975. Сұйық отынмен жұмыс істейтін пештерге шығын бақтары от жағу бөлімшесінен тыс, бөлек үй-жайларда орналастырылады.

976. Каналдық пештерді жарылыстан сақтандыратын клапандарсыз пайдалануға болмайды, газ құбырлары мен жоғарғы от жағу бөліктерінде орнатылған бір жарылыс клапанының ең аз алаңы – 0,05 шаршы метр.

977. Пештерді жылу мен газ тәрізді заттарды шығаруға арналған желдеткіш құрылғыларысыз пайдалануға болмайды.

978. Газ тәрізді және сұйық отындармен жұмыс істейтін пештерде авариялық жағдайларда:

- 1) пештің оттығына сұйық отын және жандыруға арналған құрылғыларға ауа жеткізу тоқтаған (сұйық отынмен жұмыс істейтін пештер үшін);
- 2) жылыту жүйесіндегі жылытатын газдардың шекті температурасынан асып кеткен ;
- 3) конвейер тоқтаған кезде отын жеткізуді автоматты түрде тоқтататын құрылғылар көзделеді.

979. Пештерді авариялық жағдайларда пісірілген өнімдерді шығаруға арналған резервтік механизмсіз пайдалануға болмайды.

980. Нан пісіру қалыптары мен табақтарын тазалауға арналған машина бөлшектер мен тозаңды жинауға арналған құрылғысыз, сонымен қатар майдың шашырауын болдырмайтын құрылғысыз пайдалануға болмайды.

Өндірістік пештерде қалыптарды күйдіруге (қыздыруға) болмайды. Металл қалыптар мен табақтарды тек осы үшін арнайы арналған пештерде ғана қыздыруға (күйдіруге) жол беріледі.

6-тарау. Технологиялық процестерді ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

981. Цехтың ішіндегі пневматикалық көліктен шлюз бекітпелерінің немесе жүк түсіргіштерінің бекітпе топтарының шеткі білікшелерінде жылдамдықты бақылау релесіз пайдалануға болмайды (бұл талап өнімділігі жоғары жабдық жиынтығының шлюз бекітпелеріне қолданылмайды).

982. Дәнді емес өнімдерді (шрот, күнжара, түйіршіктелген шөп ұнын) астық элеваторларының силостары мен бункерлерінде қабылдауға және сақтауға болмайды.

983. Дәнді жүгеріні тек ғимараттан тыс орнатылған шахталық түзу ағынды кептіргіштерде ғана кептіру керек.

984. Күріш, тары, қарақұмық қабықтары жарма зауытының бункерлік үлгідегі қоймалардан тыс жерде, 2 тәулікке сыйымдылықтан асырып, ашық алаңда, шатыр астында сақтауға болмайды.

985. Бензин иісі бар шроттарды тиеуге болмайды.

986. Дән, күнжара және шроттар сақталатын силостарды температураны күн сайын қашықтан бақылау қондырғыларыңыз (тұрақты термометр жүйелерімен) пайдалануға болмайды.

987. Шаң-тозаңды болдырмас үшін өндіріс қалдықтарын жабық қаптамасыз тасымалдауға ағымды, механикалық көлік пен пневмокөлікті (нориялар, шынжырлы транспортерлер, таспалы және роликсіз конвейерлер) қолдануға болмайды.

988. В1-В4 санатындағы өрт қауіпті үй-жайларда өндіріс қалдықтарын ыдысқа орналастыруға болмайды.

7-тарау. Егіс науқанын өткізу, дәнді дақылдарды жинау және азық дайындау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

989. Егіс науқаны басталмас бұрын, оған жұмылдырылған барлық тұлғаларға өртке қарсы нұсқаулықтан өту қажет, ал жинау агрегаттары мен автомобильдері әрқайсысы 5 литрлік кемінде екі өрт сөндіргішпен, жарамды ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады және қуаттау, оталдыру және майлау жүйелері реттеледі.

990. Масақты егін пісер алдында олардың орман алқаптарына, дала жолағына, автомобиль және теміржолдарға іргелес жерлерінде ені кемінде 4 метр жолақ шабылады және жыртылады.

991. Дәнді дақылдарды жинауды астық алқаптарын алаңы кемінде 50 гектар учаскелерге бөлуден бастау қажет. Учаскелердің арасына ені кемінде 8 метр шалғы

жолы жасалады. Шалғы жолынан шабылған астық дереу жиналады. Шалғы жолының ортасында ені кемінде 4 метр жер жыртылады.

992. Уақытша қыр орындары астық алқаптары мен қырманға 100 метрден жақын болмауы керек. Қыр орындарының, астық қырындары алаңшаларының ені кемінде 4 метр жолақ етіп жыртылады. Көлемі 25 гектардан астам жиналып жатқан астық алқаптарына тікелей жақын жерлерде өрт шыққан жағдайда өртенген аймақты жыртуға арналған соқасы бар трактор дайын тұруы керек.

993. Шөп шабу алдында ауыл шаруашылығы алқаптары мен периметрі бойынша жайылымдар ені кемінде 4 метр минералданған жолақпен жыртылады.

Адамдардың ауыл шаруашылығы алқаптары мен жайылымдарда шөп шабу жұмыстарын жүргізген кезде, өрт болған жағдайда жану аймағын жыртуға, шөптесін өсімдіктердің өртенуіне жол бермеу үшін соқасы бар трактор пайдалану ұсынылады, өрт сөндіру құралдары - бейімделген бір жабдық немесе кемінде 5 текше метр тіркемелі контейнер, өрт сөндіргіштер, күректер, шатырлақтар.

994. Автотрактор техникасын құрғақ шөптен, жанғыш қоқыстан тазартылған және ені кемінде 4 метр жолақпен жыртылған арнайы алаңдардан тыс жерде, немесе қырманнан, шөп пен сабаннан, астық алқаптарынан 100 метр қашықтықтағы, ғимараттар мен құрылыстарға 50 метр қашықтықтағы жыртылған жерде сақтауға және мұнай өнімдерін құюға болмайды.

Ауыл шаруашылығы техникасының кабинасы мен шанағында тез жанғыш заттарды сақтауға және тасымалдауға болмайды.

Ауылшаруашылық техникасының мотор бөлігі, бөлшектері мен тораптары таза ұсталады, жанғыш сұйықтықтардың дақтары дереу жойылады.

995. Егіс науқаны мен дәнді дақылдарды жинау және азық дайындау кезеңінде:

1) тракторлардың, қақпақтары жоқ немесе қақпақтары ашық автомобильдер мен өзі жүретін шассилердің жұмыс істеуіне;

2) қозғалтқыштардың радиаторларындағы шаңды күйдіру үшін дәнекерлейтін лампаларды қолдануға;

3) далада түнгі уақытта автомашиналарға жанар-жағар май құюға;

1) бакте немесе цистернада жанармайдың бар-жоғын жанып тұрған сіріңкемен немесе басқа да ашық отпен тексеруге;

2) ауыл шаруашылығы машиналарының (автомобильдер, комбайндар, тракторлар және басқа да тартылған жабдықтар) жарамды ұшқын сөндіргіштерсіз жұмыс істеуіне болмайды.

996. Өрт қаупінің жоғары класы кезеңінде меншігі мен меншік нысанына қарамастан жердің барлық санаттарында (ауыл шаруашылығы алқаптары, жайылымдық жерлер) мыналарға жол берілмейді:

1) құрғақ шөпті өсімдіктер мен өсімдік қалдықтарын тамырымен күйдіру;

2) ауыл шаруашылығы мақсатында қолданылатын жерлердегі өртеу жұмыстары.

Қамысты және құрғақ өсімдіктерді шабуға шаруашылық және өндірістік қажеттілік жағдайында және өрттердің шығу қаупін төмендету мақсатында ғана жол беріледі

997. Ауыл шаруашылығы алқаптары мен өрістерде шөпті, аңыз қалдықтарын, сабанды өртеу жұмыстарын (бұдан әрі – ауыл шаруашылығындағы өртеу жұмысы) ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының (шаруашылықтарының) басшылары, жеке тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, орман иелері өрт қауіпті кезеңі алдында немесе соңында мынадай өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтай отырып жүргізеді:

1) ауыл шаруашылығындағы өртеу жұмысын бастамас бұрын өз қызметкерлеріне, сондай-ақ осы іс-шараға қатысушыларға өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау туралы, өрт сөндіру тәсілдері туралы нұсқаулық беру ұйымдастырылады;

2) ауыл шаруашылығындағы өртеу жұмыстарын жүргізу уақытында жауапты адамдар тағайындалады;

3) ауыл шаруашылығы өртеу жұмыстарын жүргізу орындарында әр өрт сөндіру автоцистернасы немесе бейімделген техника, бір соқалы трактор, өрт сөндіргіштер, күректер есебінен өрт сөндіру құралдарымен жабдықталған патрульдік бекеттер қойылады;

4) жұмыстар жүргізу алдында ауыл шаруашылығындағы өртеу жұмысының аумағы ені кемінде 8 метр жолақпен жыртылады және ауданы 25 гектардан аспайтын учаскелерге бөлінеді;

5) орман алқаптары, орман белгілері, егістікті қорғау жолақтары мен егістіктердің өртейтін учаскелеріне іргелес көгалдандырушы екпе ағаштар ені кемінде 8 метр етіп жыртылады;

6) ауыл шаруашылығындағы өртеу жұмыстары желдің әсері 3 баллдан аспайтын (секундына 5 метр) болғанда, жыртылған учаскелерде жауапты адамдар мен жұмыскерлердің бақылауымен жүргізіледі;

7) жалынның тез таралуын болдырмау мақсатында ауыл шаруашылығындағы өртеу желдің ық жағынан басталады;

8) ауыл шаруашылығындағы өртеу жұмысы аяқталғаннан кейін өртелген аумақтың периметрін мұқият тексеру, бықсыған жерлер мен жану ошақтарын анықтау және жою, қайта жанудың алдын алу үшін 3 сағат ішінде күзет қою қамтамасыз етіледі.

8-тарау. Дәруменді шөп ұнын дайындау және сақтау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

998. Шөп ұнын жасауға арналған агрегаттар қалқаның астына немесе үй-жайға орнатылады. Жанғыш материалдан жасалған қалқалар мен үй-жайлар оттан қорғайтын құраммен өңделеді.

999. Шөп ұнын дайындау бекетін жанар-жағармай материалдары бар цистерналар мен құрылыстардан 50 метрден кем қашықтықта, ал ірі азық сақталатын ашық қоймалардан 150 метрден кем қашықтықта орналастыруға тыйым салынған.

1000. Шығыс отын багін агрегат үй-жайынан тыс орнату керек. Отын құбырлары кемінде екі вентильмен (біреуі – агрегатта, екіншісі – отын багінде) жабдықталады.

1001. Агрегаттар мен үй-жайлардың (алаңшалардың) электр жабдығы мен электр талсымы орнатылған жерлерінде ЭҚОҚ бойынша II – III класты өрт қауіпті аймақтарға арналғандай етіп орындалады.

1002. Дайындалған және қаптарға толтырылған ұнның температурасын төмендету үшін оны жабын астында кемінде 48 сағат ұстайды.

1003. Ұнды үйілген күйінде сақтауға, басқа заттармен және материалдармен бірге сақтауға, сондай-ақ жанғыш материалдардан жасалған ғимараттарда, құрылыстарда және үй-жайларда сақтауға болмайды. Ұнды бөлек тұрған қоймада немесе желдеткіш жүйесі бар, ылғал болмайтын бөлікте сақтау керек.

1004. Ұны бар қаптар бір қатарға екі қаптан биіктігі 2 метрден аспайтындай етіп қатарларға жиналады. Қатарлар арасындағы өту жолдарының кеңдігі кемінде 1 метр, ал қабырғалар бойынан – кемінде 0,8 метр етіп орындалады.

9-тарау. Зығырды, сораны және өзге де техникалық дақылдарды алғашқы өңдеу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1005. Зығырды, сораны және басқа техникалық дақылдарды (бұдан әрі – зығыр) өңдеуге арналған үй-жайлар машина бөлімшесінен оқшауланады.

1006. Машина бөлімінің іштен жану қозғалтқыштарын шығару құбырларында ұшқын сөндіргіштері болмаса, сонымен қатар машина бөлімі қабырғаларының жанғыш конструкциялары арқылы құбыр шығатын жерде өрт сөндіру құрылғысы болмаса, оларды пайдалануға болмайды.

1007. Зығыр шикізаты (сабан, зығыр сабаны) маяларда, шохаларда (жабын астында), жабық қоймаларда сақталады, ал талшықтар мен қалдық талшықтар – тек жабық қоймаларда сақталады.

1008. Техникалық дақылдарды алғаш өндегенде мыналарды істеуге болмайды:

1) фермалар, жөндеу шеберханалары, гараж аумағында зығырды сақтауға және жармалауға;

2) автомашиналарға, тракторларға өндірістік үй-жайларға, дайын өнімдер мен шоха қоймаларына кіруге. Автомашиналар көрсетілген ғимараттардан, маялардан және шохалардан кемінде 5 метр, ал тракторлар кемінде 10 метр қашықтықта тоқтауы керек;

3) илеу-түту цехында пешпен жылыту жүйесін орнатуға.

1009. Зығыр өңдеу пунктінің аумағына жарамды ұшқын сөндіргіштермен жабдықталмаған автомобильдер, тракторлар және басқа да өзі жүретін машиналар кіре алмайды.

1010. Көлік құралдарының қозғалтқыштардың шығару жүйелерінен пайдаланылған газдардың шығу бағыты бойынша маяларға (шохаларға) жақындауына болмайды.

1011. Зығыр өңдеу бекетінің аумағында темекі шегуге арналған орындарды өндірістік ғимараттар мен дайын өнімді жинап қою орындарынан 30 метрден жақын қашықтықта орналастыруға болмайды.

1012. Зығыр сабанын табиғи түрде кептіру арнайы бөлінген учаскелерде жүргізіледі.

Зығыр сабанын жасанды түрде кептіру тек арнайы кептіргіштерде, ригаларда (дегдітпелерде) ғана жүргізіледі.

1013. Өндірістік ғимараттарда орналастырылған кептіргіштер басқа үй-жайлардан жанбайтын материалдардан жасалған өртке қарсы бөгеттермен бөлінеді.

Кептіргіштер мен кептіргіш камералардың бөлек тұрған ғимараттарының жанғыш конструкциялары екі жағынан сыланады.

1014. Зығыр сабанын кептіруге тұрақты кептіргіштер тек мынадай жағдайларда қолданылады:

1) пеш оттығы мен циклонның күмбездері және ішкі беттері күйдірілген кірпіштен орындалған, ал сыртқы жағынан пеш сыланып, әктелген;

2) ауа өткізгіштер сыртқы жағынан жанбайтын 50 миллиметрлік жылу қабатымен қорғалған, ал қосылған жерлерінде жанбайтын төсемдер орнатылған;

3) желдеткіш сыртындығы жылу тасығыштың температурасын бақылау металл термометрмен жасалады;

4) жер асты таратқыш каналдың басында ұшқын сөндіргіш орнатылған;

5) канал қабырғалары кірпіштен орындалған, үстінен темір бетонды плиталармен және басқа да өртенбейтін құрылғылармен жабылған;

6) түтін құбыры өтетін жерде шатырды торлау арқылы кемінде 50 сантиметр көлем өңделген.

1015. Зығыр сабанын кептіруге арналған ригаларда орнатылатын пештердің құрылымы үй-жайдың ішіне ұшқын түсу ықтималын болдырмайтындай етіп орындалады.

Ригалар мен кептіргіштерде пештердің үстіне зығыр төсеу үшін жел тартқыш орнатуға рұқсат берілмейді. Пештен жанғыш құрылғыларға дейінгі қашықтық кемінде 1 метр болуға тиіс. Пеш жағынан жел тартқыштардың биіктігі жабынға дейін қоршауы болуы керек.

1016. Кептіргіштер мен ригаларда:

1) зығыр сабанын кептіргенде жылу тасығыштың температурасы 80оС аспауға, ал бастиектерін кептіргенде - 50оС аспауға тиіс;

2) пештің оттығында отынның толық жануы қамтамасыз етілуге тиіс, ал түтін газдарында ұшқындар және отынның жанып кетпеген бөлшектері болмауы керек;

3) желдеткіш от жағу басталғаннан кейін бір сағат өткенше сөндірілмейді. Кептіргіш камераларында түтін белгілері бар жылу тасығышты қолдануға болмайды;

4) кептіргіштің бір ауысымдық жұмысынан кейін от жағу кеңістігін, тұнба камераларын, ұшқын сөндіргіш циклондардан және араластыру камераларын күлден тазарту қажет. Түтін құбырларын кептіргіш жұмыс істегеннен 10 күннен асырмай тазартып отыру керек;

5) жаңа зығыр сабанын кептіруге жүктер алдында науалар мен кептіргіш камераларды үнемі ішіне түскен зығыр сабанынан және әртүрлі қалдықтардан тазарту керек. Зығыр сабаны және зығыр талшықтар қорын кептіргіш үй-жайында сақтауға болмайды;

6) зығыр сабаны ригаға жүктегеннен кейін түсіп қалған және жел тартқыштардан салбырап тұрған өсімдік сабақтарын жинап, пешті, қабырғаларды, еденді зығыр сабанынан мұқият тазарту керек. Зығыр сабанын кептіргіш ғимаратына тақап жинауға болмайды.

1017. Илеу-түту агрегаты тұратын үй-жайдың желдеткіші болуға тиіс, ал түту агрегатының әрқайсысына шатыр орнатылуға тиіс. Білдектерді барлық жағынан үй-жайда шанның таралуына жол бермейтін алмалы-салмалы және қайырмалы қалқандармен жабу керек.

1018. Желдеткіш құбырлары желдеткіштердің алдында және олардан кейін орнатылатын ысырмалармен (шиберлермен) жабдықталады. Оларға еркін өтетін жол қамтамасыз етілуі керек.

1019. Өндірістік үй-жайдағы зығыр сабаны санын ауысымдық қажеттіліктен арттыруға болмайды. Ол машиналардан кемінде 3 метр алшақ жерде қатарлап жиналады.

Дайын өнім үй-жайлардан қоймаға бір ауысымда 2 реттен сиретпей жиналады.

1020. Күн сайын жұмыс аяқталғаннан кейін илеу-түту цехы талшықтан, шаңнан және тал жіптерден мұқият тазартылады. Білдектер, қабырғалар және цех жабынының ішкі беттері тазартылады.

1021. Темекі кептіргіштердегі сөрелер мен этажеркалар өртенбейтін материалдардан жасалады. Қыздыру құбырларының үстіндегі отты кептіргіштерде оларға темекі түсуден қорғайтын металдан жасалған күнқағар орнатылады.

Темекі сарайлары мен кептіргіштердің сыртқы жарық беру прожекторларының тіреуіштері үй-жайлардан тыс орнатылады.

10-тарау. Мақта пикізатын жинау, тасымалдау, кептіру, сақтау және алғашқы өңдеу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1022. Мақта жинау науқаны басталғанға дейін оған қатысты барлық тұлғалар өртке қарсы нұсқаулықтан өтеді, ал мақта жинау машиналары, тракторлар, мақта тасуға арналған автомобильдер әрқайсысы 5 литрлік кемінде екі өрт сөндіргішпен жарақталып, жарамды ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады және реттелген қуаттау, оталдыру мен майлау жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Гидравликалық жүйеден май, отын және эмульсия аққан кезде, сондай-ақ ұшқын сөндіргіштер болмаса, ауыл шаруашылығы машиналары мақта жинауға және тасымалдауға жіберілмейді.

1023. Мақта шикізаты піспес бұрын олардың ормандарға, далаларға, тоғай алқаптарына, автомобиль және теміржол жолдарына іргелес жерлердегі егістіктері ені кемінде 4 метр жолақтармен жырттылады және шабылады.

1024. Мақта жинау кезінде:

1) мақта егістігінде темекі шегуге және ашық отты пайдалануға;
2) бункеріне өңделмеген мақта толтырылған мақта жинайтын машинаны егістікте қалдыруға, отын құюға;

3) гидравликалық жүйесі мен электр жабдығы ақаулы мақта жинайтын машиналарды пайдалануға;

4) мақта кептіруге арналған алаңдарда мақта жинайтын машиналардың тұруына болмайды.

1025. Өңделмеген мақта ыдыссыз тасымалданған кезде ол брезентпен жабылады. Автомашина шанағының немесе тіркеменің еденінде саңылаулар болмауы керек.

1026. Тракторлардың, автомобильдердің, мақта жинайтын машиналардың тұруына, оларды жөндеуге, майлауға және жанармайға құюға жол берілмейді, шитті мақтаны табиғи кептіруге арналған алаңнан кемінде 50м қашықтықта жүзеге асырылады.

1027. Мақта шикізатын табиғи кептіруге арналған алаңдар тұрғын үйлерден, қоғамдық ғимараттардан, жөндеу шеберханаларынан кемінде 150 метр, ал жоғары вольтты және төменгі вольтты электр беру желілерінің тіреу биіктігінен кемінде 1,5 метр алшақ орналастырылады.

1028. Мақта шикізатын табиғи кептіруге арналған алаңдар сыртқы өрт сөндіру мақсаттары үшін жеткілікті сумен, бірақ кемінде 50 текше метр есептік мөлшерде қамтамасыз етіледі.

1029. Мақта шикізатын табиғи кептіруге арналған алаңдар асфальтталған немесе қалыңдығы кемінде 5 сантиметр сазды топырақпен тегістелген болуы керек. Мақтаны жолдың жүретін бөлігінде кептіруге болмайды.

1030. Технологиялық жабдықтан тозаңның бөлінуіне жол бермеуді қамтамасыз ететін құрылғыларды (герметизациялау тораптары, жергілікті сорғылар) жарамсыз күйде пайдалануға болмайды.

1031. Жабдық пен құрылыс құрылымдарына қонған мақта тозаңын, сондай-ақ жиналған мақта шикізатын қажеттілігінше, бірақ ауысымына кемінде бір рет тазалап тұру керек.

1032. Тастарды, металды және басқа да бөгде заттарды ұстап қалуды қамтамасыз ететін құрылғыларды жарамсыз күйде пайдалануға болмайды.

1033. Таспалы транспортерлердің иінді біліктері мен сына белдікті бергіштерді айналатын бөлшектерге мақтаның түсуін болдырмайтын жарамды қаптамаларсыз пайдалануға болмайды.

1034. Мақта жинайтын машина біліктерінің жылжымалы құрамдары мен мойындары мақта тозаңы мен талшықтарынан тазартылады.

1035. Элеваторлар сатылары бар тұрақты алаңдармен қамтамасыз етіледі. Алаң төменнен жоғары қарай 0,1 метр биіктікте кемінде 0,9 метр болатын тұтас жапсырмалы сүйенішпен қоршалады.

1036. Элеватор жетегінде таспа үзілген жағдайда, автоматты қорғағышының ақауының болуына, сондай-ақ жұмыс органдарының элеватор қорабының қабырғасына тиіп тұруына жол берілмейді.

1037. Элеватор қаптамасы мықты тиектері мен созылғыш төсемдері бар тұтас периметрі бойынша жабынның тығыздығын (саңылаусыздығын) қамтамасыз ететін жеңіл ашылатын люктермен жабдықталады.

1038. Транспортерлерді төменгі таспадан өңделмеген мақтаны шығаруға арналған жарамды арнайы қондырғысыз пайдалануға болмайды.

1039. Таспалы транспортерлерді (қайта тиегіштерді) ауыстыру электр қуатынан ажыратылған кезде жүзеге асырылады.

1040. Пневмокөлік жүйесіне кіретін аппараттар мен машиналарды жерге тұйықтау құрылғысыз пайдалануға болмайды. Өңделмеген мақтаны желдеткіш арқылы механикалық түрде аударыстыруға болмайды.

1041. Топтағы бунттардың саны бір бунтқа алаң мөлшері 65x14 метр болғанда екеуден, алаң мөлшері 25x14 метр болғанда төртеуден немесе бір бунтқа алаң мөлшері 25x11 метр болғанда алтаудан артық болуына жол берілмейді. Бұл ретте бунттың биіктігі 8 метрден аспауы қажет.

1042. Топтағы бунттар арасындағы өртке қарсы бөліктер арасы 15 метрден кем, бунттардың топтары арасы 30 метрден кем болмауы керек.

1043. Бунттарды бөлшектеу кезінде машиналар, механизмдер мен мақта тасығыш автопойыздар 30 метр аралықта орнатылады.

1044. Бунт бөлшектегіш қозғалған кезде ток өткізу кабелін басып өтуге болмайды.

1045. Машиналар мен агрегаттарда болған ақауды қалпына келтіру олар өшіріліп, бунттан кемінде 5 метр қашықтыққа апарылғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

1046. Кескіш құралдардың ұштары ұшқын қауіпсіз етіп жасалады.

1047. Кескіш құралдардың ұштарын жабық қойманың металл (бетон) құрылысына тигізбес үшін түсіру және көтеру шектегіштері орнатылады.

1048. Кептіру қондырғысын пайдаланған кезде:

- 1) жылумен жабдықтау (жылу генераторлары) құралдарының жарамдылығы;
- 2) жылу өткізу қондырғыларында бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматикасының үздіксіз жұмыс істеуі;

3) шнек тоқтаған кезде барабан жетегін өшіруді қамтамасыз ететін барабан мен шнектің электр қозғалтқышының жұмысын бұғаттау;

4) кептіру камерасы мен қуаттандырғыш есіктерінің саңылаусыздығы;

5) барабан мен шнек секциясын өңделмеген мақтадан жүйелі тазалау қамтамасыз етіледі.

1049. Мақта шикізатын кептіру үшін қолданылатын жылу өндіргіш қондырғылар жанбайтын құрылымдардан жасалған оқшау үй-жайларда орнатылады.

1050. Кептіретін қондырғының жұмысы үнемі бақыланады. Шығу жолындағы өңделмеген мақтаның температурасы 70°C аспауы қажет. Кептіру барабанынан сарғайған мақта шикізаты шыққанда, мақта шикізаты берілуі мен жылу тасығыш дереу тоқтатылып, механизмдердің жұмысы тоқтатылады, ал кептіру барабанынан келіп түсетін мақта жанған жағдайда кептіргішті дереу тоқтатып, бықсыған мақтаны сөндіріп, алып тастау керек.

Кептіргіштің жұмысын мұқият тексергеннен және мақтаның қызу немесе жану себебін анықтағаннан кейін ғана қайта бастауға болады.

1051. Мақта шикізаты тазалағышты орнынан аустырған кезде шыбықтар арасындағы саңылаулар ауысып кетпес үшін және перфорирленген тордың үстіне қоқыс қоспалары толып қалмас үшін жел тартқыш тордың жай-күйі қадағаланады.

Жел тартқышты тазалау мен талшық тазалағыштардың тіреуіш камерасындағы кенжарды қалпына келтіруді ағаш заттармен (таяқшамен) ғана жасауға болады.

1052. Мақта талшығын тек бумамен ғана сақтайды. Барлық сынған бумалар әр ауысым соңында (бумалап) қайта өңделеді.

1053. Мақта талшығы бумасын ашық алаңдарда қатарлап сақтау кезінде мақтаның стандартты қатарының өлшемі: ұзындығы 22 метрден, ені 11 метрден, биіктігі 8 метрден аспайтындай етіп орындалады.

Қатарлардың мөлшері қысқарғанда көршілес қатарлар арасындағы бөліктер қарама-қарсы жатқан қатарлардың жартысынан кем болуына жол берілмейді, бірақ ең жоғарғы қатардың екі есе биіктігінен кем болмауы тиіс.

1054. Ашық алаңдарда жиналған барлық мақта талшығының қатары брезентпен жабылады.

1055. Талшықты мақта бумасы шатырдың астына ені кемінде 2 метр көлденең өту жолдарын қалдыра отырып жиналады: еденнің ауданы 300-ден бастап 600 шаршы метрге дейін болғанда – бір өту жолы; еденнің ауданы 1200 шаршы метр болғанда – үш өту жолы; еденнің ауданы 1800 шаршы метр болғанда – төрт өту жолы; тең қашықтық сайын. Биік болғанда мақта талшығы жоғарғы жағынан бастап жабынның қоршауына немесе фермалардың төменгі белдігіне дейінгі қашықтық кемінде 1 метр болатындай етіп жиналады.

1056. Жабық қоймаларда мақта талшығы бумасының ені кемінде 2 метр бір бойлық өту жолын және ені дәл сондай көлденең өту жолдарын әрбір есікке қарама-қарсы

қалдыра отырып, тауар орындарында орналастырылады. Периметрі бойынша қабырға бойымен ені кемінде 1 метр өтетін жол қалдыру қажет.

Қойма үй-жайларының ішінде қандай да бір қалқалар мен шағын кеңселерді орналастыруға болмайды.

1057. Жабық қоймалардағы және бастырмалардың астындағы едендер, сондай-ақ ашық алаңдардағы қатарлардың негізі жанбайтын материалдардан жасалады.

1058. Автомашиналар мен тракторлар жабық қоймаларға, бастырмаларға және мақта талшығы қатарларына пайдаланылған газ шығару құбырлары міндетті түрде үшқын сөндіргішпен жабдықталған жағдайда бәсеңдеткіштің пайдаланылған газ шығару құбырына қарама-қарсы жағымен келу қажет.

Барлық жағдайда автомашиналардың, мотовоздардың, автодрезиналардың, автокрандар мен мотоциклдердің бастырмалар мен мақта талшығы қатарларына 3 метрден жақын баруға рұқсат етілмейді.

1059. Мақта зауыттары мен мақта бекеттерінде 2400 тоннадан артық өңделмеген мақта сақталған кезде жоғары қысымды өртке қарсы су құбыры көзделеді.

1060. Мақта зауыттары мен мақта бекеттерінде 2400 тоннаға дейін өңделмеген мақтаны сақтау кезінде өрт сөндіру жұмыстарын су айдындарынан жүзеге асыруға болады.

1061. Мақта тазалайтын зауыттарда, мақта дайындаушы бекеттерде өрт сөндіру бөлімшелері күзететін жақын маңдағы қаламен немесе аудан орталығымен телефон байланысы болуы қажет.

11-тарау. Ат қоралардың үй-жайларын ұстау және жемшөп сақтау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1062. Ат қоралардың үй-жайлары екі және одан астам дербес қақпамен жабдыкталады, олардың алдынан табалдырықтарды, сатыларды, қақпа асты саңылауын орнатуға болмайды.

Жылқыларды шығаруға арналған үй-жайлардың барлық қақпалары мен есіктерінің тек сыртқа қарай ашылуы керек. Қақпаны тек жеңіл ашылатын тиектермен ғана жабуға рұқсат етіледі. Қыста ат қоралардың қақпалары мен есіктерінің алды қардан жүйелі түрде тазартылып тұрады.

1063. Ат қоралардың үй-жайларында өрт болған жағдайда жылқыларды жылқы тұратын орындардан бір мезгілде босатып шығаруға мүмкіндік беретін құрылғылар көзделеді.

1064. Ат қораларда электр желілері оқшаулағыштарға, арқандарға, болат құбырларға немесе кабельдерге ашық төселеді. Тек тозақ-су өткізбейтін немесе ылғал өткізбейтін электр шырақтарын ғана пайдалануға болады.

Тарату қалқандары, ажыратқыштар, сақтандырғыштар тамбурларда немесе ат қоралардың сыртқы қабырғаларында жанбайтын материалдардан жасалған шкафтарда орналастырылады.

1065. Ат қорада тәуліктік жемшөп қоры бар жемшөп орнын, сондай-ақ төсемдерді сақтауға арналған үй-жайларды орнатуға болады.

Жемшөптің негізгі қорлары арнайы қойма үй-жайларында сақталады.

1066. Ат қоралардан жылқыларды ойдағыдай эвакуациялау үшін өрт болған жағдайда жануарларды эвакуациялау жоспары жасалады.

1067. Ат қораларда электр желілерін пайдаланған кезде:

- 1) электр желілерін жануарлар тұратын орындардың үстінен орналастыруға;
- 2) электр желілерінің астынан шөп, сабан жинауға;
- 3) электр желілері мен кабельдерін ат қоралардың үй-жайлары арқылы транзитпен төсеуге;
- 4) қуаты осы шырақ түрі үшін шекті рұқсат етілгеннен артық болатын лампаларды пайдалануға;
- 5) шырақтарды сымдарға ілуге болмайды.

1068. Ат қоралардың үй-жайларында:

- 1) шеберханалар, қоймалар, автокөлік тұрақтарын орналастыруға, сондай-ақ жануарларға күтім жасаумен байланысты емес жұмыс жүргізуге;
- 2) іштен жану қозғалтқыштары бар, газ шығатын құбырлары ұшқын сөндіргіштермен жабдықталмаған көлік құралдарын өткізуге;
- 3) қақпа автоматты түрде ашылуы үшін оған серіппелер мен блоктар орнатуға;
- 4) үй-жайларды жарықтандыру үшін керосин лампаларын, шырақтарды және ақаулы электр фонарьларын қолдануға;
- 5) уақытша пештерді орнатуға;
- 6) тамбурлар мен өту жолдарында, ат қора шатырларында шөп, жемшөп, төсем сақтауға;
- 7) темекі шегуге және ашық отты пайдалануға болмайды.

9-бөлім. Көлік объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-тарау. Автомобиль көлігін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-параграф. Гараждарды, ашық тұрақтарды, паркингтерді ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1069. Ашық тұрақ аумағында көлік құралдарын шағын жөндеу және оларға күнделікті техникалық күтім жасау беті қатты алаңшаларда жүзеге асырылады.

1070. Көлік құралдарын шағын жөндеу мен оларға күнделікті техникалық күтім жасауға арналған әрбір алаңшада осы Қағидалар талаптарына сәйкес өртке қарсы мүкәммал жиынтығы бар өрт сөндіру қалқаны орнатылады.

1071. Көлік құралдары ашық сақталатын гараждардың үй-жайларында, паркингтерде, алаңшаларда өрт және төтенше жағдайлар туындаған кезде көшіруге кедергі жасауы мүмкін заттар мен жабдықтарды үйіп қоюға болмайды.

1072. Гараждар, бокстар, паркингтер және көлік құралдарын (жеке құралдардан басқа) ашық сақтау алаңшалары автотехниканы орналастыру сызбаларымен және көліктерді эвакуациялау шығыстарына бағыттайтын белгілермен жарақталады.

1073. Гараждар, паркингтер және көлік құралдарын ашық сақтау алаңшалары таза ұсталады. Төгілген жанар-жағармай материалдарына құм себіліп, дереу жиналады.

1074. Сығымдалған табиғи газбен немесе сұйытылған мұнай газымен жұмыс істейтін қозғалтқыштары бар, газ-баллон жабдығымен қамтамасыз етілген автомобильдерді басқа мақсаттағы ғимараттарға кіріктірілген және оларға жапсарлас, сондай-ақ жер деңгейінен төмен орналасқан жабық типтегі автотұрақтар мен паркингтерге қоюға болмайды.

Ескерту. 1074-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 16.09.2022 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1075. Паркингтерде, жабық типтегі тұрақтарда жобалық құжаттамада көзделмеген басқа да функционалдық мақсаттарға арналған үй-жайларды ұйымдастыруға және/немесе орналастыруға болмайды.

Жарылыс қаупі бар заттар мен материалдарды, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, майларды, жанғыш газдары бар баллондарды, қысымдағы баллондарды шаруашылық қоймаларында және клиенттердің багажына арналған қоймаларда сақтауға болмайды.

Шаруашылық қоймалар мен клиенттердің багажына арналған қоймаларды автотұрақтың бірінші (қону) қабатында ғана орналастыруға рұқсат етіледі, жеңіл автокөліктердің жерасты автотұрақтары үшін ғимараттың жер асты қабатының бірінші қабаттан төмен емес (жоғарғы) қабатта орналастыруға рұқсат етіледі.

Жанғыш материалдарды шаруашылық және клиенттердің багажына арналған қоймалардан тыс сақтауға болмайды.

Ескерту. 1075-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.05.2023 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1076. Көп пәтерлі тұрғын ғимараттарға, қоғамдық ғимараттарға қоса салынған және жалғастыра салынған, сондай-ақ паркингтерде гараж тұрақтарының үй-жайларында көліктік құралдарға құрастырылған бактардағы отынды қоспағанда, жанар-жағармайды сақтауға болмайды. Басқа гараждарда бензин және дизельді отын – 20 килограмм,

майлар – 5 килограмнан аспайтын жанар-жағармайдың қосымша мөлшерін металдан жасалған тығыз жабылатын ыдыста ғана сақтауға болады.

1077. Гараждарды, автотұрақ ғимараттарының үй-жайларын, паркингтер мен ашық тұрақтарды олардың тікелей мақсаттарынан тыс (жанғыш материалдарды, газ баллондарын жинау, жөндеу шеберханаларын, сырлау камераларын, үй-жайлар мен тұрғын бөлмелерді орнату) пайдалануға болмайды.

1078. Жабық тұрақтардың ғимараттарында (кіріктірілген, бекітілген, жерасты, дербес) жөндеу жұмыстарын жүргізуге және заттар мен материалдарды сақтауға арналған үй-жайлар ретінде автомобильдерді сақтауға арналған бөлек бокстар мен тұрақ орындарын қайта жабдықтауға немесе пайдалануға болмайды.

1079. Автомобильдерді сақтау үй-жайларын жылыту ауа ағынының желдеткіші бар сумен немесе ауамен жылытылатын болып көзделуі тиіс. Гараждардың күзет үй-жайларында беті тегіс зауытта дайындалған жергілікті жылыту құралдарын пайдалануға жол беріледі. Бұл ретте бетінің температурасы 100°С асуы мүмкін жылыту құралдары жанбайтын материалдардан жасалған экрандармен қоршалады.

1080. Бокстарда, паркингтерде, көлік құралдарын қоюға арналған үй-жайларда, өндірістік гараждардың үй-жайларында, көлік сақталатын үй-жайлардың шатыр астында және ашық алаңшаларда:

1) көлік құралдарын орналастыру жоспарының нормасынан асып кететін көлік құралдарын орнатуға, автомобильдер арасындағы қашықтықты төмендетуге; олардың және ғимараттардың (құрылыстардың) арасындағы қашықтықты азайтуға;

2) шығу қақпалары мен өту жолдарына заттарды үйіп қоюға; ұста, термиялық, дәнекерлеу, сырлау және ағашпен өңдеу жұмыстарын жүргізуге, сондай-ақ тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолданып бөлшектерді шаюға;

3) көлік құралдарын отын бактарынан, отын өткізгіштері мен карбюраторлардан ағу болғанда, сондай-ақ электр жабдығы бұзылған жағдайда отын бактарының қылталарын ашық қалдыруға;

4) көлік құралдарына жанар-жағар майларын құюға, сондай-ақ оларды су бұру жүйесіне немесе жақын аумаққа төгуге. Пайдаланылған жанар-жағармай материалдарын, сүзгілерді, ескі-құсқы нәрселер және басқа да материалдар жинауды жанбайтын материалдардан жасалған, жабылатын қақпақтармен жабдықталған ыдыстарға жинау қарастыру керек;

5) электромобильдерді қоспағанда, аккумуляторларды тікелей көлік құралдарында, сондай-ақ осы мақсаттарға бейімделмеген үй-жайларда қайта зарядтау;

6) қозғалтқыштарды ашық отпен жылытуға (алау, шырақтар, дәнекерлеу шамдары, газ жанарғылары), жарықтандыру үшін ашық от көздерін пайдалануға;

7) жалпы тұрақтарда тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, сондай-ақ жанғыш газдарды тасымалдау үшін көлік құралдарын ортақ тұрақтарға қоюға;

8) тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтардың ыдыстарын сақтауға;

9) көлік құралдарын сырлауға, бөлшектерін тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтармен жууға болмайды.

Ескерту. 1080-тармақ жана редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1080-1. Электромобильдер мен олардың зарядтау станцияларын бокстарда, паркингтерде, көлік құралдарын қоюға арналған үй-жайларда, өндірістік гараждардың үй-жайларында, шатырлардың астында және көлікті сақтаудың ашық алаңдарында орналастыру кезінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерде белгіленген талаптарды сақтау қажет.

Ескерту. Қағидалар 1080-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1081. Газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін, газ-баллон жабдығымен қамтамасыз етілген көлік құралдарын пайдаланған кезде:

1) көлік құралын түнгі немесе ұзақ тұраққа қойған кезде шығын вентильдерін жабу, магистральды газ құбырындағы барлық газды шығару қажет, одан кейін іске қосуды өшіріп, магистральды вентильді жауып, аккумулятордағы "масса" ажыратылады;

2) жабық үй-жай мен паркингте көлік құралының "өзіндік жүру" қозғалысы тек сұйық отында (бензин, дизельді отын) жасауға болмайды;

3) көлік құралдарын сақтауға арналған үй-жай мен паркингте сұйытылған көмірсутекті газды (бұдан әрі – СКГ) айдауды жүзеге асыруға болмайды;

4) үй-жайлардан көлік құралдары шығарылғаннан кейін олар мұқият желдетіледі;

5) қысқы уақытта көлік құралдарын гараждан тыс сақтаған кезде және температура төмен болған жағдайда қозғалтқышты алдын ала жылыту және газ коммуникацияларында мұздың пайда болуын жою ыстық сумен, бумен немесе ыстық ауамен жүргізіледі;

6) қысымды бақылаумен, газды өндірумен, қозғалтқышты жылытумен, карбюратор қоспалауыштарға әртүрлі отын түрлеріне ауыстырып қосу және газ жеткізумен байланысты жүйелер дұрыс жағдайда ұсталады. СКГ бар баллондардағы сақтандырғыш клапандар, сондай-ақ отын жеткізілуін бұғаттауды қамтамасыз ететін электрлік магнитті клапандар дұрыс жағдайда пайдаланылады. Баллондарды куәландыру 2 жылда кемінде 1 рет жүргізіледі;

7) СКГ паркингтерде, жабық гараж тұрақтарда және басқа да ішіндегі температурасы 25 С асатын, жылытуы бар үй-жайларда қолдануға және сақтауға болмайды;

8) қозғалтқышты іске қосуды тек отынның бір түрінде – газ немесе бензинде ғана жүзеге асыруға жол беріледі.

1082. Көлік құралдарын (жеке көлік түрлерінен басқа) сақтайтын паркингтер, ашық алаңдар мен тұрақтарға арналған ғимараттар әрбір 10 техникаға біреуден келетін сүйреткіш арқандармен (штангалармен) жабдықталады.

1083. Жеке қолданыстағы гараждарда бұрын көрсетілген талаптарға қосымша жиһаздарды, жанғыш материалдардан жасалған үй тұрмысындағы заттарды, сондай-ақ 20 литрден астам жанармай мен 5 литрден астам май қорларын сақтауға болмайды.

1084. Автомобильдерді жөндеуге арналған үй-жайларда (газ автомобильдерінде баллондар газбен толтырулы болғанда) жанармай толтырылған багы бар автомобильдерге және май толтырылған қартерлерге жөндеу жұмыстарын жүргізуге болмайды. Жұмыс аяқталғаннан кейін үй-жай мен байқау шұңқырларын май сіңген, сүртілген материалдардан тазартылады.

2-параграф. Аккумулятор станцияларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1085. Аккумулятор батареяларын зарядтау процесінде:

- 1) ұшқын болмас үшін сымдардың батарея клеммасына берік жалғануы тексеріледі;
- 2) батарея банкаларындағы тығындар ашық күйде ұсталады;
- 3) зарядтау тогын қосу мен зарядталған аккумуляторларды сақтауға ағынды сорғы желдеткіш жұмыс істеп тұрғанда ғана жасалады;
- 4) өткізгіш жеке аккумуляторлардан зарядтау тогы өшірулі тұрғанда ажыратылады;
- 5) зақымдалған өткізгіштерді дереу жаңасына ауыстырылады.

1086. Аккумулятор станцияларының зарядтау үй-жайларында дәнекерлеу жұмыстарын немесе дәнекерлеу шамын қолданылатын жұмыстар батарея зарядталып біткеннен кейін 2 сағаттан соң және үй-жай мұқият желдетілгеннен кейін жүргізіледі. Балқытып біріктіру немесе дәнекерлеу лампасымен жұмыс істеу кезінде үй-жайды үздіксіз желдету жүргізіледі. Дәнекерлеу орны үй-жайдың технологиялық жабдығынан отқа төзімді қалқандармен қоршалады.

1087. Аккумулятор стансаларының үй-жайларында:

- 1) темекі шегуге, от жағуға, электр қыздырғыш аспаптарын пайдалануға;
- 2) бір ауысымдық қажеттіліктен артық қышқылды, сілтіні немесе электролитті сақтауға;
- 3) жұмыс орнында арнайы киімді және басқа да бөгде заттарды қалдыруға болмайды.

2-тарау. Жуу және сырлау жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1088. Жуу және сырлау үй-жайларын көп қабатты ғимараттардың жертөлелерінде, астыңғы және бірінші қабаттарында орналастыруға болмайды.

1089. Жуу және сырлау цехтарының, сондай-ақ бояу дайындайтын бөлімшелердің едені жанбайтын, электр сымды, тұрақты және ұшқын шығармайтын, ерітінділерге төзімді етіп орындалады.

1090. Жуу және сырлау цехтарының қабырғаларының ішкі қабаты кемінде 2 метр және тазалануы оңай, жанбайтын материалдармен қапталған болуы қажет.

1091. Жуу және сырлау цехтарының, лакпен сырлау зертханаларының және бояу дайындайтын бөлімшелердің үй-жайлары дербес механикалық үрлеу-сору желдеткішімен және нүктелік сору-бояу камераларымен, малу ванналарымен, құю қондырғыларымен, қолмен бояу бекеттерімен, кептіру камераларымен жабдықталады. Көрсетілген үй-жайларда жарылыс қауіпті концентрациялардың пайда болуының алдын алуға арналған автоматты газ талдағыш орнатылады.

1092. Жуу және сырлау цехтарының және бояу дайындайтын бөлімшелердің жылу беру аспаптарының беті тегіс болуы және 950 С артық қыздырмау қажет, қырлы радиаторларды қолдануға болмайды.

1093. ЭОҚ сәйкес, Жуу және сырлау цехтарының, лакпен сырлау зертханаларының және бояу дайындайтын бөлімшелердің электр жабдықтары мен шырақтарын тек жарылыстан қорғалған күйде ғана пайдалануға болады.

Электрлік іске қосатын қондырғылар, түймелі электр магниттік жібергіштер жуу және сырлау үй-жайларынан тыс орнатылады.

1094. Жуу және сырлау цехтарында гидравликалық ілмекті тұндырғыштармен немесе тұзақтармен жабдықталған өртке қауіпсіз су бұру жүйесі көзделеді. Соңғысы жүйелі түрде бояу қалдықтарынан тазаланып тұрады.

1095. Жуу және сырлау цехтары мен бояу дайындайтын бөлімшелердің жылжымалы технологиялық құралдары (сатылар, басқыштар, тақтайлар, арбалар) соққы және үйкеліс кезінде ұшқын шығудың алдын алатын қорғаныс қондырғысымен жабдықталады.

1096. Жуу және сырлау цехтарының және бояу дайындайтын бөлімшелердің және лакпен бояу зертханаларының үй-жайлары үнемі таза әрі реттелген күйде ұсталады. Үй-жайларды, жабдық пен жұмыс орындарын жинау ауысымына кемінде бір рет ылғалды тәсілмен жүргізіледі.

Төгілген лак, бояу материалдары және еріткіштер ағаш үгіндісі мен судың көмегімен дереу жинап алынады.

Едендер мен қабырғаларды, жабдықты жуу техникалық өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сұйықтықтармен жүзеге асырылады. Бұл мақсатта өрт қауіпі бар органикалық еріткіштерді пайдалануға болмайды. Сұрткіш материалдар пайдаланылып болғаннан кейін жабылатын арнайы металл жәшіктерге салынып, ауысым соңында белгіленген орынға шығарылады.

Лак, бояу материалдарынан босаған бос ыдыстар цехтан шығарылып, қақпағы тығыз жабылып, арнайы белгіленген алаңдарға жиналады.

1097. Жуу және сырлау үдерісінде статикалық электр зарядын сөндіру үшін барлық техникалық жабдықтар, бояу бүріккіштер, еріткіштер мен лак, бояуларға арналған құбырлар (иілгіш шлангілер), сондай-ақ сырланатын және жуылатын жеке тораптар, бөлшектер мен басқа да бұйымдар жерге тұйықталады.

Жерге тұйықталатын электрод кедергісінің мәні 10 Ом-нан аспау керек.

1098. Жеке тораптар мен бөлшектерді және басқа да бұйымдарды жууға және майсыздандыруға пайдаланылатын органикалық, өрт қаупі бар еріткіштерге статикаға қарсы қоспалар қосылады. Жуу мен майсыздандыруды жерге тұйықталатын нұсқаның сымымен жалғастырылған металл торға оралған мақта-мата майлықтармен жасалады.

1099. Адамдарда статикалық зарядтардың пайда болуының алдын алу және тоқтату үшін:

1) жұмысшылар мен қызметшілерге синтетикалық және жібек маталардан киім киюге, сондай-ақ жүзіктер мен білезіктер тағуға жол берілмейді;

2) цех алаңдары мен жабдықтарда жерге тұйықталған аймақ қабаттарының қондырғысы көзделеді;

3) есік тұтқалары, баспалдақ ағаштары, құралдардың саптары жерге тұйықталады;

4) жұмысшылар ток өткізгіш аяқ киімдермен және статикаға қарсы білезіктермен қамтамасыз етіледі.

3-тарау. Метрополитендерді ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1100. Әрбір станцияда мыналар әзірленеді: жедел өрт сөндіру жоспары, өрт қауіпсіздігі шаралары туралы талаптар, жолаушыларды эвакуациялау жоспары, түтіндеу немесе өрт болған жағдайда тоннельдік желдету шахталарының жұмысы кезіндегі метрополитен қызметкерлерінің іс-қимыл тәртібі. Бұл құжаттар станция бойынша кезекшінің үй-жайында сақталады. Жедел өрт сөндіру жоспарының екінші данасы кассада аға кассирде сақталады және өрт сөндіру басшысының талабы бойынша беріледі.

1101. Жұмыс істеп тұрған тоннельдер мен станциялардың салынып және қайта құралымданып жатқан объектілерге жанасу орындары жұмыс жүргізу басталғанға дейін жанбайтын түтін өткізбейтін қалқалармен қоршалады. Жұмыс істеп тұрған метрополитен желілеріне жанасу орындарында жұмыстарды ұйымдастыру кезінде кезекші персоналмен телефон байланысы орнатылады.

1102. Станция қабырғаларын қаптау үшін, эвакуациялау жолдарының (дәліздер, баспалдақ торлары, вестибюльдер, холлдар) төбелерін қаптау үшін, сондай-ақ станциялардың жерасты үй-жайлары мен вестибюльдерінің қаптамасына жарнама орнату үшін жанғыш материалдарды қолдануға болмайды.

1103. Метрополитендердің жер асты кеңістігінде орнатылатын көйлек ілетін шкафтарды тек жанбайтын материалдардан пайдалануға жол беріледі.

1104. Станцияның жер асты құрылыстарында газы бар баллондарды арнайы бөлінген орында ғана және екі данадан артық емес етіп сақтауға жол беріледі. Баллондардың сыйымдылығы 5 литрден аспауы тиіс.

1105. Қызмет басшыларының өкімі бойынша орындалатын авариялық сипаттағы жұмыстарды қоспағанда, отпен байланысы бар жұмыстар метрополитеннің жерасты құрылыстарында тек түнгі уақытта және электр желісіндегі кернеу алынғаннан кейін жүргізіледі.

1106. Жұмыс істеп тұрған тоннельдерде газбен және электрмен дәнекерлеу жұмыстары жылжымалы көлікте орнатылатын арнайы агрегаттардан ғана жүргізіледі.

1107. Тоннельдерге жанар-жағармай материалдарын әкелу – осы мақсаттар үшін жабдықталған моторель көлігімен түнгі уақытта (метрополитенде жолаушылар болмаған кезде) арнайы тарату ыдыстарында жүзеге асырылады.

1108. Тоннельдерге жанар-жағармай материалдарын тасымалдауға бейімделген көлік осы Қағидаларға 3-қосымшада айқындалған бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті ең аз тізбесімен жабдықталады.

1109. Станциялардың үй-жайларында және кабель коллекторларында өртке қарсы режимді тексеру үшін станция бойынша кезекшілердің кабиналарында тұратын авариялық тақтада үй-жайлардың нөмірленуіне сәйкес таңбаланған кілттер болады. Бұл үй-жайларды тексеру – станция бойынша кезекшінің немесе қызмет өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

1110. Саны 30 адамнан асатын метрополитендер қызметкерлерімен нұсқама өткізу үшін жер асты кеңістігінде орналастырылатын техникалық кабинеттердегі оқу сыныптарының сыйымдылығына жол берілмейді.

1111. Метрополитендердің жер асты кеңістігінде жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде металл ағаштар қолданылады.

1112. Қолданыстағы тоннельдерде рұқсат етілмейді:

1) газ генераторларымен жұмыс жүргізу;

2) шпалдарды, астарларды, сыналарды креозотпен жібітуге, сондай-ақ битумды қыздыруға жол берілмейді.

1113. Машина залдарының үй-жайларында, эскалаторларда және бөлшектеу камераларында қосалқы бөлшектер мен материалдарды жинауға жол берілмейді.

1114. Тоннельдердегі кабельдік желілерді бояу тек түнгі уақытта станция басшысының рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

1115. Электр пойыздарының вагондары жарамды "жолаушы-машинист" байланыс құрылғысымен және алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықталады.

1116. Машинистердің кабиналарына Орнатылатын электр пештері сенімді бекітіледі және дербес қорғаумен қамтамасыз етіледі. Пештерде және олардың жанында әртүрлі жанғыш материалдарды орналастыруға жол берілмейді.

1117. Сауда дүңгіршектері станциялардың жер үсті вестибюльдерінде ғана орнатылады. Дүңгіршектер жанбайтын материалдардан жасалады. Сауда дүңгіршектері жолаушылардың өтуіне кедергі келтірмейтіндей есеппен орналастырылады.

1118. Дүңгіршектерді жылыту үшін майлы электр радиаторлары немесе жылыту электр панельдері қолданылады.

1119. Дүңгіршектер алғашқы өрт сөндіру құралдарымен және тәулік бойы кезекші персонал болатын үй-жайға белгі беретін автоматты өрт дабылымен жабдықталады.

1120. Мыналарға:

1) тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, жанғыш газдарды, аэрозоль орамындағы тауарларды, пиротехникалық бұйымдарды және басқа да От қауіпті материалдарды сатуға және пайдалануға;

2) станциялардың үй-жайларында тауарды, буып-түю материалын, сауда мүкәммалын сақтауға жол берілмейді.

4-тарау. Теміржол көлігін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1121. Теміржол көлігі объектілерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде қол жүгін сақтау камералары мен багаж бөлімдеріндегі стеллаждар тек жанбайтын материалдардан жасалады. Антресольдерді орнатуға жол берілмейді.

1122. Паровоз деполарында және локомотивтер (паровоздар) қорының базаларында рұқсат етілмейді:

1) жұмыс істеп тұрған оттықтары бар паровоздарды депоға қоюға, сондай-ақ оларды сору шатырларының сыртындағы тұрақта ерітуге;

2) депо тұрағында және белгіленбеген орындарда оттықтар мен күл салғыштарды тазалауға;

3) тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары, қауіпті және жанғыш жүктері бар жылжымалы құрамды белгіленген паровоз оттығын тазалау орнынан 50 метрден кем қашықтықта орнатуға;

4) тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары бар цистерналарды, сондай-ақ көрсетілген сұйықтықтардан босаған цистерналарды алдын ала буламай, депо тұрағына қоюға;

5) отын мен майды тікелей бокстарда (тұрақтарда) шелектерге, қаңылтыр табаларға және қосалқы ыдыстарға құюға;

6) технологиялық процестермен белгіленбеген орындарда тепловоздарға отын мен май құюға;

7) отын бактарының ауыздарын ашық қалдыруға жол берілмейді.

1123. Қож жинайтын орлар жанғыш материалдарды сақтау қоймаларынан, сондай-ақ отқа төзімділігі IV, IVa және V дәрежелі ғимараттардан кемінде 50 метр қашықтықта орналастырылады. Оттықтарды тазалау орындарындағы қож бен от қалдықтары сумен толтырылып, үнемі тазаланып отырады.

1124. Жуу-булау станцияларына (пункттеріне) бөлінген алаңдар станциялардың үлгілік технологиялық процесінің талаптарына сәйкес жабдыкталады және теміржолдардан, жақын орналасқан станциялық және тракциялық жолдардан кемінде 30 метр, ал көршілес теміржол ғимараттары мен құрылыстарынан кемінде 50 метр қашықтықта орналасады.

1125. Цистерналарды өңдеу орындарына жеткізу – ұшқын сөндіргіштермен жабдыкталған тепловоздармен (мотовоздармен) жүргізіледі. Цистерналарды беру кезінде кемінде төрт осьті екі вагонның қалқаны орнатылады. Тепловоздардың тазалау орындарына 20 метрден жақын жақындауына жол берілмейді, бұл әрі қарай жүруге тыйым салатын сигналмен белгіленуі тиіс.

1126. Жуу-булау станцияларына (пункттеріне) өңдеуге берілетін цистерналардың құю аспаптары, қалпақтары мен тиеу люктерінің қақпақтары жабылады. Өңделген цистерналар жарамды тиек арматурасымен жабдыкталады.

1127. Цистерналардың құю аспаптарының клапандары толтырылатын жолдар мұнай өнімдерінің қалдықтарын ұстауға арналған науалармен немесе басқа да құралдармен жабдыкталады.

Тұндырғыштар мен құбырлардағы люктер мен шұңқырлар үнемі қақпақтармен жабылады.

Клапандарға май құю кезінде тек аккумуляторлық шамдар мен ұшқынға қауіпсіз құрал-саймандар ғана пайдаланылады.

1128. Теміржолдар, эстакадалар, құбырлар, резервуарлар, жанғыш газдары, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары бар цистерналар ағызу және құю кезінде статикалық электрді бұру үшін сенімді жерге тұйықтағышпен қамтамасыз етіледі.

1129. Металл тасымалды және жылжымалы сатылар жіктердің астындағы мыс ілгектермен және резеңке жастықтармен жабдыкталады.

1130. Қазандықтар мен цистерналардың ішін аккумуляторлық фонарьлармен жарықтандыруға жол беріледі. Фонарьларды қосылуы және ажыратылуы цистернадан тыс жерде іске асырылады.

1131. Эстакадалар мен алаңдар мұнай өнімдерінің қалдықтарынан тазартылып тұрады және ауысымда кемінде 1 рет ыстық сумен жуылады.

1132. Жуу-булау станцияларының (пункттерінің) аумағында рұқсат етілмейді:

- 1) жарылыстан қорғалмаған фонарьларды, шамдар мен шырақтарды пайдалануға;
- 2) қара металдан немесе соғылған кезде ұшқын шығаратын басқа да материалдардан жасалған құрал-саймандарды пайдалануға;
- 3) теміржолдардың, ғимараттар мен құрылыстардың үстінен әуе электр сымдарын жүргізуге;
- 4) цистерна қазандығының ішінде жұмыс істеген кезде болат пластиналармен немесе шегелермен қағылған аяқ киімді пайдалануға;

5) тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтардың қалдықтарын сумен және конденсатпен бірге жалпы су бұру желісіне, ашық жыраларға, шұңқырларға, беткейлерге төгуге;

6) адамдардың цистернаға түсуі барысында тасымалданбалы болат сатыларды, сондай-ақ болатпен қапталған ағаш сатыларды қолдануға;

7) тексерілетін цистерналардың ішінде және сыртқы бөліктерінде сүрту материалдарын қалдыруға;

8) локомотивтердің тазарту депосына және эстакада астына кіруіне.

1133. Теміржолдарды бөлу жолақтары кемінде 4 метр минералдандырылған жолақпен жыртылады, құлаған ағаштардан, ағаш шабындыларынан және бұталардан, ескі шпалдардан және басқа да жанғыш қоқыстардан тазартылады. Аталған жанғыш материалдар бөлу жолақтарынан уақытылы шығарылады.

1134. Жолдарда төгілген тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар құммен, топырақпен жабылып, бөлу жолағынан тыс шығарылады.

1135. Аралықтарда, станцияларда және буын жинақтау базаларында уақытша сақтау кезінде шпалдар мен қырлы бөренелер қатарлап жиналады.

Қатарлар астындағы алаң мен аумақ кемінде 3 метр қашықтықта құрғақ шөптен және басқа да жанғыш материалдардан тазартылады, қазылады немесе жыртылады.

1136. Шпалдар мен брустардың қатарлары жолға параллель етіп, құрылыстар мен құрылымдардан 30 метрден, поездардың ұйымдасқан қозғалысы жолдарынан 10 метрден, басқа жолдардан 6 метрден кем емес қашықтықта, ал электр беру және байланыс желілерінің осінен тіректің биіктігінің бір жарым еселенген қашықтығында орналастырылады. Шпал қатарларының арақашықтары кемінде 1 метрден, ал қатарлардың әрбір жұбының арақашықтығы 20 метрден кем емес етіп орындалады.

1137. Шөпті, сабан мен ағашты көпірлерден, жол құрылыстарынан және поездардың ұйымдасқан қозғалысы жолдарынан, сондай-ақ электр беру және байланыс желілері сымдарының астынан кемінде 50 метр қашықтықта жинауға жол берілмейді.

1138. Бөлу жолағында от жағуға және шырпыларды, кесілген материалдарды жағуға, сондай-ақ кураған ағаштар мен бұталарды қалдыруға жол берілмейді.

1139. Орман алқаптарында көпірлердің бөлу жолағы ені кемінде 4 метрді құрайтын минералдандырылған жолақпен сыртқы периметрі бойынша жиектеледі.

1140. Көпір астындағы жер учаскелері 50 метр радиуста құрғақ шөптен, бұтадан, құлаған ағаштардан, жанғыш қоқыстан тазартылады.

1141. Темір жолдардың үстінде орналасқан ағаш өтпе жолдар төменгі жағынан ені кемінде 4 метр, екі жағынан 0,3 метр төмен түсірілген ернеуі бар болат жабынмен қапталады.

1142. Өзендер қатқан кезде барлық ағаш көпірлерде және ағаш төсеніші бар металл көпірлерде өрт сөндіру мақсатында қатпайтын ойықтар мен оларға өту жолдары орнатылады. Ойықтың орналасқан жері көрсеткішпен белгіленеді.

1143. Барлық көпірлер мен жол өтпелерінде рұқсат етілмейді:

- 1) олардың астында немесе олардың жанында материалдар қоймаларын, сондай-ақ кемелер, салдар, баржалар мен қайықтар үшін тұрақ орындарын орналастыруға;
- 2) керосин фонарьлары мен бензомоторлы агрегаттар бактарын толтыруға;
- 3) аралық құрылыстар мен басқа да конструкцияларды мұнай өнімдерінен тазартылмаған күйде ұстауға;
- 4) көпірлердің астында құрғақ шөпті жағуға, сондай-ақ бұта мен басқа да жанғыш материалды жағуға.

1144. Жол машина станциялары вагондарының тұруына арналған теміржол жолдары өрт болған жағдайда жылжымалы құрамды шығаруды және бөліп жайғастыруды қамтамасыз ету үшін бағыттамалы бұрмалармен жабдықталады.

1145. Өндірістік шеберханалар, мектептер, балалар мекемелері орналасқан вагондар тұрғын үйлерден кемінде 10 метр өртке қарсы аралықта жеке топталып орнатылады.

1146. Жол машиналары станциялары орналасқан жерлерде жасанды және табиғи су көздері болмаған кезде вагондардың әрбір тобына (15-20 бірлік) 50 кубтық метр есебінен теміржол цистерналарында немесе басқа да сыйымдылықтарда өрт сөндіру қажеттіліктері үшін су қоры құрылады.

1147. Жол машина станциялары вагондарының тұрақ пункттерінде өрт туралы хабарлау сигналы орнатылады.

5-тарау. Жарылыс өрт қауіпті және өрт қауіпті заттар мен материалдарды тасымалдау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1148. Қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде жүктің ағуы мен шашылуын болдырмайтын, жүктің сақталуын және тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ететін берік және жарамды тара мен қаптама пайдаланылады.

1149. Жанғыш газдарды, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды тасымалдайтын автоцистерналар сенімді жерге тұйықтағышпен, осы Қағидаларға 9-қосымшаның талаптарына сәйкес өрт сөндіргіштермен, киізбен, салмағы кемінде 25 кг құмы бар сыйымдылықпен жабдықталады және жүктің қауіптілік дәрежесіне сәйкес таңбаланады, ал пайдаланылған газ шығатын құбырлар жарамды ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады.

1150. Тез тұтанатын, улы, зәрлі, коррозиялық булар немесе газдар бөлетін жарылыс, өрт қауіпті жүктер кепкен кезде жарылғыш болады, ауамен және ылғалмен өзара қауіпті әрекеттесуі мүмкін, сондай-ақ тотықтырғыш қасиеттері бар жүктер герметикалық түрде буып-түйіледі.

1151. Шыны ыдыстағы қауіпті жүктер бос кеңістікті жанбайтын төсеме және сіңіргіш материалдармен толтыра отырып, берік жәшіктерге немесе торларға (ағаш, пластмасса, металл) оралады.

Қабырғалары мен торларының биіктігі тығындалған бөтелкелер мен банкалардан 0,05 метрге төмен жәшіктерді пайдалануға жол берілмейді. Ұсақ жөнелтілімдермен тасымалдау кезінде шыны ыдыстағы қауіпті жүктер қақпақтары бар тығыз ағаш жәшіктерге салынады.

1152. Металл немесе пластмасса банкалардағы, бидондар мен канистрлердегі қауіпті жүктер ағаш жәшіктерге немесе торларға қосымша оралады.

1153. Бір вагонға немесе контейнерге әртүрлі топтағы қауіпті жүктерді, сондай-ақ бірге тасымалдауға рұқсат етілмеген, бір топқа кіретін кейбір қауіпті жүктерді тиеуге жол берілмейді.

1154. Вагондарға қышқылдары бар ыдысты тиеу кезінде оны тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары бар ыдыстан қарама-қарсы жаққа қояды. Вагондағы барлық ыдыстар бір-біріне тығыз орнатылады және мықтап бекітіледі.

1155. Улы газдары (2.2-шағын сынып) және тез тұтанатын (жанғыш) улы газдары (2.4- шағын сынып) бар баллондарды, сондай-ақ осы газдардан босаған баллондарды заттар мен материалдарды бірге сақтау жөніндегі қауіпсіздік талаптарына сәйкес вагонмен жөнелтіледі немесе контейнерлерде ғана тасымалданады.

1156. Жанғыш және улы газдары бар баллондар сақтандыру қалпақтарымен бір жаққа көлденеңінен тиеледі.

Газ баллондары тік жағдайда барлық баллондарда қорғау сақиналары болған кезде және баллондардың қозғалу немесе құлау мүмкіндігін болдырмайтын тығыз тиелген жағдайда ғана тиеледі. Есік ойықтары жүктің есікке құлауын болдырмау мақсатында қалыңдығы кемінде 40 миллиметр тақтайлармен қоршалады.

Ерекше жағдайларда, тасымалдау кезінде баллондарды қорғау сақиналарынсыз тиеуге жол беріледі. Бұл жағдайда баллондардың әрбір қатарының арасында Баллондарға арналған ұяшықтары бар тақтайлардан жасалған төсемдер орнатылады.

Баллондар (ыдыстар) арасындағы төсем ретінде шөп, сабан және басқа да тез тұтанатын материалдарды пайдалануға жол берілмейді.

Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар стандартты герметикалық және пломбаланған бөшкелерде тасымалданады.

Нитрат изопропил мен саминді тасымалдауға арналған вагондарды тиелген және бос күйінде де жүк жөнелтуші (жүк алушы) мамандарының бригадасы алып жүреді.

1157. Жұмыс орындарына тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар мен жанғыш газдарды беру тасымалдаудың орталықтандырылған тәсілімен көзделеді.

Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды жұмыс орындарына беру үшін ашық ыдысты қолдануға жол берілмейді.

1158. Ғимараттар мен құрылыстарда жанғыш газдардың, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтардың құбырларын төсеу кезінде:

1) Құрылыс конструкциялары арқылы құбырлар өтетін жерлердегі ойықтар (саңылаулар, тығыздалмаған жерлер) ғимарат конструкциясының бүкіл қалыңдығына жанбайтын материалдармен герметикалық жабылады;

2) арналар мен орлар (ашық және жабық) бір үй-жайдан екіншісіне өтетін жерлерде жанбайтын материалдардан жасалған жарамды газ өткізбейтін бөгеттер (диафрагмалар) пайдаланылады.

1159. Жанғыш газдар мен тез тұтанатын сұйықтықтарды айдау үшін тығыздамасы жоқ сорғылар мен шеткі тығыздағыштары бар сорғылар қолданылады.

Толық емес қимамен жұмыс істейтін құбырларда гидравликалық ысырмалар орнатылады.

1160. Сыйымдылығы 10 литр және одан да көп тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары бар шыны ыдысты өрілген себеттерге немесе ағаш торларға, ал сыйымдылығы 10 литрге дейінгі шыны ыдысты төсеме материалдары бар тығыз ағаш жәшіктерге салады, олар дүмпулерді жұмсартуға қызмет етеді және ыдыс сынған кезде ағатын сұйықтықты сіңіру қабілетіне ие болады.

1161. Транспорттерлерді, норийлерді, өздігінен ағатын және пневматикалық құбырларды пайдалану шаң бөлінетін орындарды жарамды және герметикалық жабындармен ғана жүзеге асырылады. Бүркемелерден тозаңды тұрақты және тиімді сороды қамтамасыз ететін желдеткішпен жабдықталады.

1162. Пневмотасымалдау және өздігінен ағатын құрылғыларды пайдалану кезеңінде (өнім құбыржолдарда қозғалған кезде) құбыржолдарда тозаңның жиналуына жол берілмейді. Құбырларды тазарту – ұйым басшысы бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі.

1163. Транспорттерлер мен пневмокөлік құрылғыларын іске қосу олардың бос жүрістегі жай-күйін, оларда бөгде заттардың болмауын, мойынтіректерде майлаудың болуын, сондай-ақ барлық қорғау құрылғыларының жарамдылығын тексергеннен кейін ғана жүргізіледі.

1164. Өнім тиісті пневмокөлік желісіне түсетін ауа үрлегіш машиналардың электр қозғалтқыштары бар технологиялық жабдықтың электр қозғалтқыштарын автобұғаттау жарамды күйде ұсталады және жабдықты әрбір іске қосу кезінде тексеріледі.

1165. Жабдықтың тасылатын сусымалы (ұнтақ тәрізді) өнімдермен үйіліп қалуын және тірелуін болдырмау үшін транспорттерлерді авариялық тоқтату автобұғаттағышы қарастырылады.

1166. Ақаулы бұрама транспорттерлер мен норийлерді (бұрама мен науа қабырғасы арасында саңылаудың болмауы, таспалардың үйкелуі және шөміштердің науа қабырғасына жанасуы) пайдалануға жол берілмейді.

1167. Таспаның бір орында тұрып қалуына, сондай-ақ жетек барабандарын битуммен, канифольмен және басқа да жанғыш материалдармен майлауға жол берілмейді.

1168. Норийлерде, өздігінен ағатын және пневматикалық құбырларда және басқа да транспортерлерде тұтану кезінде цехтың технологиялық жабдығының жұмысын тоқтату және аспирациялық және желдету жүйелерін ажырату үшін әрбір қабатта саты торының жанында арнайы түймелер орнатылады.

1169. Аспирациялық желілерді және автоматты от бөгегіш құрылғылары ажыратылған немесе ақаулы ұсақталған материалдарды тасымалдау желілерін пайдалануға жол берілмейді.

1170. Транспортерлерді, конвейерлерді өткізу үшін өртке қарсы қалқалардағы ойықтар от бөгегіш құрылғылармен (есіктермен, қақпалармен, су шымылдықтарымен, шашу құрылғыларымен) қорғалады.

1171. Жарылыс, өрт қауіпті заттарды тасымалдау кезінде көлік құралында, сондай-ақ осы заттар бар әрбір жүк орнында қауіпсіздік белгілері орнатылады.

1172. Жарылыс, өрт қауіпті заттардың үлкен партияларын елді мекен аумағы бойынша автокөлікпен тасымалдау стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес және тәуліктің түнгі уақытында ғана жүргізіледі.

1173. Жарылыс, өрт қауіпті заттарды тасымалдау кезінде рұқсат етілмейді:

1) тез тұтанатын сұйықтықтары мен жанғыш газдары бар цистерналарды тәуліктің күндізгі уақытында елді мекен арқылы тасымалдауға;

2) дүмпулерге, кенеттен тежелуге жол беруге;

3) жанғыш газдары бар баллондарды сақтандыру табандықтарынсыз тасымалдауға;

4) көлік құралын қараусыз қалдыруға.

1174. Жарылыс-өрт қауіпті және өрт қауіпті заттар мен материалдарды тиеу және түсіру орындары:

1) өрт тұрғысынан қауіпсіз жұмыс жүргізу жағдайларын қамтамасыз ететін арнайы құралдармен (тіреулер, қалқандар, траптар, зембілдер) жабдықталады. Бұл ретте шыны ыдыс үшін арбалар немесе ұяшықтары бар арнайы зембілдер көзделуі тиіс. Шыны ыдысты екі жұмысшының ауыстыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін тұтқалары бар жарамды себеттермен тасымалдауға жол беріледі;

2) осы Қағидаларға 11-қосымшада айқындалған бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті ең аз тізбесіне сәйкес өрт сөндіру құралдарымен жабдықталады;

3) ЭҚЕ сәйкес аймақтың класына тура келетін жарамды стационарлық немесе уақытша жарықтандырумен жабдықталады.

1175. Жарылыс-өрт қауіпті және өрт қауіпті жүктермен тиеу-түсіру жұмыстары орындарында ашық отты пайдалануға жол берілмейді.

1176. Тиеуді немесе түсіруді күтіп тұрған жүргізушілер мен машинистерге, сондай-ақ тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу кезінде көлік құралдарын қараусыз қалдыруға жол берілмейді.

1177. Жарылыс-өрт қауіпті және өрт қауіпті заттар мен материалдарды тиеуге берілетін көлік құралдары (вагондар, шанақтар, тіркемелер, контейнерлер) бөгде заттардан тазартылады.

1178. Ыдыстың (орамның) зақымдануы, шашылған немесе төгілген заттар анықталған кезде зақымданған ыдысты (ораманы) дереу алып тастайды, еденді тазартады және шашылған немесе төгілген жарылыс-өрт қауіпті және өрт қауіпті заттарды жинайды.

1179. Жарылыс-өрт қауіпті және өрт қауіпті жүктермен тиеу-түсіру жұмыстарын орындау кезінде қызметкерлер орамалардағы таңбалау белгілері мен ескерту жазбаларының талаптарын сақтайды.

1180. Автомобильдердің қозғалтқыштары жұмыс істеп тұрған кезде, сондай-ақ егер заттар мен материалдар сумен өзара әрекеттескенде өздігінен жануға бейім болса, жаңбыр кезінде жарылыс, өрт қауіпті және өрт қауіпті заттармен және материалдармен тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді.

1181. Вагондардағы, контейнерлердегі және автомобиль шанақтарындағы жарылыс-өрт қауіпті және өрт қауіпті жүктер қозғалыс кезінде олардың орын ауыстыруын болдырмау мақсатында сенімді бекітіледі.

1182. Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды толтыруға және ағызуға байланысты технологиялық операцияларды жүргізу кезінде:

1) люктер мен қақпақтар ақырын, жұлқымай және соқпай, ұшқынға қауіпсіз аспаптарды қолдана отырып ашылады. Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары құйылған ыдыстармен тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді;

2) арматура, шлангілер, алмалы-салмалы қосқыштар, статикалық электрден қорғау техникалық жарамды күйде ұсталады.

1183. Резервуарларды, цистерналарды, сұйықтығы бар ыдыстарды толтыру алдында қолда бар өлшеу құрылғысының жарамдылығы тексеріледі.

1184. Резервуардағы сұйықтық деңгейін өлшеу және сынама алу тәуліктің жарық уақытында жүргізіледі. Тәуліктің қараңғы уақытында жұмыс істейтіндер жарылыстан қорғалып орындалған аккумуляторлық шамдарды ғана пайдаланады.

Найзағай кезінде, сондай-ақ өнімді айдау немесе тартып шығару кезінде деңгейді қолмен өлшеуге және сынама алуға жол берілмейді.

Ұшқыннан қорғалған материалдан жасалған сынама алғыштар және жерге тұйықтау қолданылады.

1185. Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары бар сыйымдылықтарды толтыру және босату жарамды қосылыстары бар құбыржолдар мен шлангілер арқылы және тиісті ысырмалардың дұрыс ашылуы мен жабылуын, шлангілер мен құбыржолдардың қосылу тығыздығын тексергеннен кейін ғана жүзеге асырылады. Бекіту арматурасы толығымен ашылады.

1186. Өнімді резервуарларға, сыйымдылықтарға "құламалы ағыспен" беруге жол берілмейді. Резервуарды толтыру (босату) жылдамдығы резервуарда орнатылған тыныс алу және сақтандыру клапандарының (немесе желдеткіш келте құбырлардың) жиынтық өткізу қабілеттілігінен аспайтын болып көзделеді.

1187. Жарылыс-өрт қауіпті немесе өрт қауіпті жүктерді түсіру аяқталғаннан кейін вагон, контейнер немесе автомобиль шанағы тексеріледі, заттардың қалдықтары мен қоқыстар мұқият жиналады және жойылады.

1188. Осы Қағидалардың 1187-тармағының ережелері мынадай сұйытылған көмірсутек газдары мен олардың қоспаларын тасымалдауға арналған арнайы теміржол вагон-цистерналарын пайдалану және оларға қызмет көрсету кезінде орындалады: пропан, н-бутан, изобутан, пропан-бутан, пропилен, изопентан, н-пентан, бутадиен, изопрен, н-бутилен, пропан-бутилен, альфа-бутилен, бета-бутилен, бутилен-дивинильді фракция, изобутилен, изобутан-изобутилен, пиперилен, бутан-изобутилен фракциясы, пайдаланылған бутан-изобутилен фракциясы, пентан-изопентан, пентан-гексан, изоамилен, рефлюкс, тұрақсыз газ бензині, бутан-бутилен фракциясы, пропан-пропилен фракциясы, жеңіл көмірсутектердің кең фракциясы.

Ескерту. 1188-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 16.09.2022 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1189. Станциядағы сұйытылған көмірсутекті газы бар цистернамен байланысты өрт қауіпті жағдай туындаған кезде осы цистернаны поездан (құрамнан) ағыту және оны қауіпсіз орынға шығару шаралары қабылданады.

1190. Цистерна қазандығын, оның элементтерін жөндеу, сондай-ақ оны ішкі тексеру – қазандық көлемін газсыздандырғаннан және жұмыс басшысы тиісті рұқсатты ресімдегеннен кейін жүргізіледі.

1191. Жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде жол берілмейді:

1) қазандықтарды тиелген күйінде, сондай-ақ оның көлемін газсыздандыруға дейін бос күйінде жөндеуге;

2) ұшқын беретін және цистернаның жанында ашық отпен (алау, жаровня, керосин фонары) болатын құралдарды пайдалануға;

3) цистернаның астында дәнекерлеу және от жұмыстарын жүргізуге.

Отты, дәнекерлеуді және соққыны қолдана отырып, арбаларды түзету жұмыстарын жүргізу қажет болған жағдайда арбалар цистернаның астынан домалатылып шығарылады және одан кемінде 100 метр қашықтыққа әкетіледі.

1192. Цистерна қазандығының ішіндегі жұмыстарды орындау кезінде (ішкі қарау, жөндеу, тазалау) кернеуі 12 Вольттан аспайтын, жарамды жарылыс қауіпсіз орындалған шырақтар қолданылады. Шырақты қосу және ажырату цистерна қазандығынан тыс жүргізіледі.

1193. Цистерна қазандығының ішінде жұмыс жүргізу алдында қазандық көлемінде ауа ортасына көмірсутектердің қауіпті концентрациясының жоқтығына және оттегінің болуына талдау жүргізіледі.

Оттегінің құрамына 19-20 % (көлем) шегінде рұқсат етіледі. Қазандық көлеміндегі жанғыш заттардың концентрациясы артық емес. Сұйытылған көмірсутекті газдар жалыны таралуының төменгі шоғырлану шегінің мәнінен 20%.

1194. Жұмыс істемейтін жағдайда цистерна вентильдері жабылады және сөндіріледі. Қажет болған жағдайда толтырылған цистерна вентильдерінің тығыздама толтырғышын ауыстыру клапан толық жабылған және бұқтырмалары алынған кезде орындалады.

1195. Сұйытылған көмірсутекті газдары бар вагон-цистерналары бар жылжымалы құрамда өрт қауіпті жағдай немесе өрт туындаған кезде теміржол станцияларында, аралықтарда, төгу-күю эстакадаларында, өнеркәсіптік кәсіпорындар жолдарында, маневрлік жұмыстарды жүргізу кезінде басшылар, диспетчерлер, машинистер және теміржол көлігінің басқа да қызметкерлері өрт қауіпті жағдайларды шектеу және жою жоспарына сәйкес әрекет етеді.

Жоспарлар 5 жылда кемінде 1 рет қайта қаралуға жатады. Технологиядағы, аппаратуралық ресімдеудегі, метрологиялық қамтамасыз етудегі өзгерістер, тасымалдауды ұйымдастырудағы өзгерістер кезінде, орын алған өрт қауіпті жағдайлар мен тасымалдау кезіндегі өрттер туралы деректер болған кезде жоспарлар 15 күн мерзімде нақтыланады. Жоспарларға өзгерістер мен нақтылаулар жоспарлардың өздері сияқты тәртіппен бекітіледі және келісіледі.

1196. Жоспар мынадай негізгі ережелерді қамтиды:

1) өрт туралы аумақтық өртке қарсы қызмет бөлімшесінің өрт байланысының орталық пунктіне, желілік ішкі істер органына және теміржол учаскесінің диспетчеріне хабарлау;

2) өрт қауіпті жағдай немесе өрт шыққан жерге өрт сөндіру және қалпына келтіру поездарын шақыру;

3) басқару аудандарын айқындау және вагондар мен құрамдарды бөліп жайғастыру және қауіпті аймақтан шығару, сондай-ақ өрт қауіпті жағдайды немесе өртті бастапқы сатысында шектеу жөніндегі міндеттерді станция жұмыскерлері арасында бөлу;

4) барлық қажетті деректерді көрсете отырып, объектінің (темір жол учаскесінің) егжей-тегжейлі схемасын (жоспарын) қамтиды;

5) теміржол көлігі қызметкерлері мен өрт сөндіру бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасау.

1197. Өрт қауіпті жағдайлар мен өрттерді шектеу және жою жоспары енгізілетін станция жұмыскерлері бірінші кезекте орындауы қажет жұмыстар тізбесі:

1) өртті байқаған сәттен бастап 15 минут ішінде вагондар мен құрамдарды өрт ошағынан (жанып жатқан вагоннан, төгілген және жанған сұйытылған көмірсутек газдары орнынан) қауіпсіз қашықтыққа бөліп жайғастыру;

2) жылжымалы құрамнан өрт ошағының екі жағынан кемінде 3 көршілес жолды босату және құрамды қауіпті аймақтан шығару. Көршілес жолдарда жылжымалы құрамды қорғауды қамтамасыз ету кезінде жанып жатқан құрамды шығаруға жол беріледі;

3) өрт сөндіру бөлімшелерінің жұмыс учаскелерінде байланыс желісін токтан ажырату және жерге тұйықтау;

4) қауіпсіз аймақты өрт ошағының ық жағынан бірінші және екінші жолдардың қашықтығында босату, бірақ келетін өрт сөндіру және қалпына келтіру поездарын қабылдау үшін төртінші-бесінші жолдардан алыс болмауы тиіс;

5) станция паркінің негізгі массивіне, станциялық ғимараттарға, құрылыстарға, құрылыстар мен станция маңындағы объектілерге тікелей қатер төндіретін өрттің ықтимал даму бағытын ескере отырып, ең алдымен адамдармен және қауіпті жүктермен жылжымалы құрамды тарту жолдары жағына эвакуациялау;

6) келген өрт сөндіру бөлімшелерінің жауынгерлік қанат жаюын жүргізуі және түтік желілерін төсеуі;

7) жанып жатқан және оның жанында орналасқан цистерналардың қабырғаларын салқындату, ал қажет болған жағдайларда салалық өртке қарсы қызметтің, ерікті өртке қарсы құралымдардың және станция қызметкерлерінің күшімен өртті сөндіруге алғашқы өрт сөндіру құралдары мен қолда бар өрт-техникалық қару-жарақтың көмегімен жақын жердегі су көздерінен түтік желісін салу. Көрсетілген операциялар осы операцияларды орындайтын адамдардың жеке қауіпсіздігі қамтамасыз етілген жағдайда жүргізіледі;

8) қажет болған жағдайда шаруашылық қажеттіліктерге су тұтынуды қысқарта отырып, объектінің су құбыры желісіндегі қысымды нормативтік шамаға дейін арттыру үшін шаралар қолдану;

9) өртке қарсы қызмет бөлімшелерін қарсы алуды қамтамасыз ету және өрт қауіпті жағдайдың немесе өрттің сипаты туралы хабардар ету.

1198. Аға теміржол бастығы (жол, бөлімше, станция бастығы немесе олардың орынбасарлары) немесе қалпына келтіру поезының бастығы өртке қарсы бөлімшелер келгенге дейін өрт қауіпті жағдайды немесе өртті шектеу және жою жөніндегі жұмыстардың басшысы болып табылады.

Өртке қарсы бөлімшелер келгеннен кейін өртті сөндіруге басшылық ету аға жедел бастыққа-өрт сөндіру басшысына жүктеледі, жылжымалы құрамды эвакуациялау және бөліп жайғастыру жөніндегі станция қызметкерлерінің іс-қимылдары жұмыс басшысының нұсқауы бойынша және өрт сөндіру басшысының келісімі бойынша жүзеге асырылады.

1199. Сұйытылған көмірсутек газдары ағып кеткен кезде сұйытылған көмірсутек газдарын төгу және құю жөніндегі барлық технологиялық операциялар, сондай-ақ поездардың қозғалысы және өрт қауіпті жағдайды шектеуге және жоюға жатпайтын маневрлік жұмыстар тоқтатылады. Ықтимал тұтану көзі (от, ұшқын) жойылады. Сұйытылған көмірсутекті газдар төгілген аймақтан жанғыш заттар жиналады. Апат орнына осы ауданның мемлекеттік өртке қарсы қызмет, өртке қарсы және газдан құтқару қызметтерінің бөлімшелері шақырылады, қауіптілік туралы жергілікті атқарушы органдарға хабарлайды.

Мамандар болған кезде, егер бұл қауіп төндірмесе, ағу жойылады немесе цистернаның ішіндегісі сақтық шараларын сақтай отырып және авариялық жұмыс орнында өртке қарсы қызмет бөлімшелері болған кезде жарамды цистернаға (ыдысқа) айдалады. Сұйытылған көмірсутекті газдары бар вагон-цистерна қауіпсіз орынға шығарылады.

Газдың қарқынды ағып кетуі кезінде цистернадан толық шығуға рұқсат етіледі, бұл ретте газ толық таралғанға дейін 200 метр радиуста ықтимал Газдану аймақтарының пайда болуына тұрақты бақылау жүзеге асырылады.

Сұйытылған көмірсутекті газдардың тоннельдерге, жертөлелерге, су бұру жүйесіне түсуін болдырмау жөнінде шаралар қабылдайды.

1200. Ағатын сұйытылған көмірсутек газдары жанған кезде авария орнында өртке қарсы қызмет бөлімшелері болмаған кезде өртті оқшаулау және зақымдалған цистернадан немесе эстакада коммуникацияларынан ағып жатқан өнімнің қауіпсіз жануы үшін жағдай жасау жөнінде шаралар қабылдайды.

1201. Жекелеген жағдайларда өрт қауіпті жағдайды шектеу және жою жөніндегі жұмыстардың басшысы, егер бұл адамдардың қауіпсіздігіне қатер төндірмесе, басқа объектілердің бұзылуына және өрттің стихиялық дамуына әкелмесе, ағатын сұйытылған көмірсутек газдарын тұтандыру туралы өкім береді. Газды тұтандыру ракетницаның, петардалардың көмегімен жабыннан қашықтықтан жүзеге асырылады.

Ағатын сұйытылған көмірсутек газдарын жағу бойынша жұмыстар авария орнына өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің қажетті және есептік саны келгеннен кейін жүргізіледі.

10-бөлім. Сақтау объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-параграф. Жалпы ережелер

1202. Қоймаларда (үй-жайларда) заттар мен материалдарды сақтау олардың өрт қауіпті физикалық-химиялық қасиеттерін (ылғал түскенде, ауамен жанасқанда тотығуға, өздігінен қызуға және тұтануға қабілеті), заттар мен материалдарды бірге сақтау

жөніндегі ережелерге сәйкес өрт сөндіргіш заттардың үйлесімділік және біртектілік белгілерін ескере отырып, стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Қолданылатын өрт сөндіргіш заттардың біркелкілігіне қарамастан, материалдар мен тауарларды каучукпен немесе авторезинамен бір секцияда бірге сақтауға жол берілмейді.

1203. Жанғыш газдары бар баллондар, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары бар сыйымдылықтар, сондай-ақ аэрозоль орамдары күн және өзге де жылу әсерінен қорғалады.

1204. Көп қабатты қоймаларда аэрозоль орамдарын өртке қарсы бөліктерде тек жоғарғы қабатта ғана жинауға болады, бөліктегі орамдардың саны 150000-нан аспайды.

Қойманың оқшауланған бөлігінде 15000 қаптамадан (қораптан) аспайтын, қойманың жалпы сыйымдылығы 900000 қаптамадан аспайтын сақтау жүзеге асырылады. Қоймалар шатырсыз, жеңіл ашылатын жабындары бар ғимараттарда орналастырылады.

Жалпы қоймаларда 5000 данадан аспайтын мөлшерде аэрозоль орамдарын сақтау жүзеге асырылады.

1205. Ашық алаңдарда немесе бастырмалардың астында аэрозоль орамдары тек жанбайтын контейнерлерде ғана сақталады.

1206. Қойма үй-жайларында стеллажсыз тәсілмен сақтау кезінде материалдар қатарлап жиналады. Қойма үй-жайларының есік ойықтарына қарама-қарсы ені есіктердің еніне тең, бірақ кемінде 1 метр еркін өту жолдары қалдырылады.

Қоймаларда әрбір 6 метр сайын ені кемінде 0,8 метр бойлық өту жолдары орнатылады.

1207. Қойма үй-жайларының ішіндегі ағаш конструкциялар (стеллаждар) оттан қорғау құрамымен өңделеді.

Ескерту. 1207-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1208. Транзиттік электр кабельдері, газ және басқа да коммуникациялар өтетін үй-жайларда қоймаларды орналастыруға жол берілмейді.

1209. Шырақтардан сақталатын тауарларға дейінгі қашықтық кемінде 0,5 метр және жанғыш құрылыс конструкцияларының бетіне дейін 0,2 метр етіп қабылданады.

1210. Тауар-материалдық құндылықтарды сақтауға арналған үй-жайларда тұрмыстық қызмет көрсету бөлмелерін, тамақ ішуге арналған бөлмелерді және басқа да қосалқы қызметтерді орналастыруға жол берілмейді. Тауартанушылардың, сарапшылардың, қоймашылардың жұмыс орындарын қоршау үшін қойма

үй-жайларында орнатылатын шыныланған қалқалар өрт туындаған жағдайда адамдарды немесе тауар-материалдық құндылықтарды эвакуациялауға кедергі келтірмеуі тиіс.

1211. Қойма үй-жайларында және дебаркадерлерде тиеу-түсіру және көлік құралдарының тұруына және оларды жөндеуге жол берілмейді.

Рампаға (платформаға) түсірілген жүктер мен материалдар жұмыс күнінің соңына қарай алынады.

1212. Қоймалардың ғимараттарында ыдысты ашумен, жарамдылығын тексерумен және ұсақ жөндеумен, өнімді өлшеп ораумен, өрт қауіпті сұйықтықтардың жұмыс қоспаларын (нитро бояуларды, лактарды) дайындаумен байланысты барлық операциялар сақтау орындарынан оқшауланған үй-жайларда жүргізіледі.

1213. Автомобильдер, мотовоздар, автотиегіштер мен автокрандар және жүк көтергіш техниканың басқа да түрлері ірі жем, талшықты материалдар сақталатын маяларға, қатарларға және бастырмаларға оларда жарамды ұшқын сөндіргіштер болған кезде кемінде 3 метр қашықтыққа жіберіледі.

1214. Қоймалардың электр жабдықтары жұмыс күні аяқталғаннан кейін токтан ажыратылады. Қойманы электрмен жабдықтауды ажыратуға арналған аппараттар қойма үй-жайынан тыс, жанбайтын материалдардан жасалған қабырғаға немесе жеке тұрған тірекке орналастырылады, шкафқа немесе пломбалауға арналған құрылғысы бар қуысқа орнатылады және құлыппен жабылады.

1215. Қоймалардың үй-жайларында кезекші жарықтандыруға, сондай-ақ газ плиталарын, электрмен жылыту аспаптарын пайдалануға жол берілмейді, ал штепсель розеткаларды орнату ЭҚОҚ сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 1215-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1216. Материалдарды ашық алаңда сақтау кезінде бір секцияның (қатардың) алаңы 300 шаршы метрден аспайды, ал қатарлар арасындағы өртке қарсы бөліктер кемінде 6 метр етіп қабылданады.

1217. Базалар мен қоймалардың аумағында орналасқан ғимараттарда персонал мен басқа да адамдардың тұруына жол берілмейді.

1218. Локомотивтердің А, Б және В1-В4 санатты қойма үй-жайларына кіруіне жол берілмейді.

1219. Цех қоймаларында тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды кәсіпорында белгіленген нормадан асатын мөлшерде сақтауға жол берілмейді.

1220. Түтін жоюға арналған ойықтары бар терезелері жоқ жертөле және цоколь қабаттардың үй-жайларында, сондай-ақ ғимараттардың жалпы саты торларын осы қабаттармен қосқанда жанғыш ыдыста жанғыш материалдарды немесе жанбайтын материалдарды сақтауға жол берілмейді.

2-тарау. Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтардың қоймаларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-параграф. Резервуарлық парктерді ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1221. Резервуарлардың топырақ үйіп бекітілген жерлерінің көлемі осы топырақ үйіп бекітілген жердегі ең үлкен резервуардың көлеміне тең етіп орындалады және үнемі жарамды күйде ұсталады. Топырақ үйіп бекітілген жердің ішіндегі алаңдар тегістеліп, құм себіледі. Механикаландырылған өрт сөндіру құралдары үшін топырақ үйіп бекітілген жерлер арқылы өту жолдарын орнату кәсіпорын басшылығының рұқсатымен жүргізіледі. Бұл ретте топырақ үйіп бекітілген жердің тұтастығы мен биіктігін, сондай-ақ резервуарлық парктің шекаралары бойынша өту жолдарын бұзуға жол берілмейді.

1222. Толтыруды және деңгейді өлшеуді бақылау мен автоматтандыруға арналған құрылғылардың желілерін қоспағанда, резервуарлардың топырақ үйіп бекітілген жері ішінде және тікелей резервуарларда электр жабдығын орнатуға және электр желілерін төсеуге жол берілмейді.

Көрсетілген электр аппаратурасы мен сымдарды ЭҚЕ сәйкес жарылыстан қорғалып орындалған жағдайда ғана пайдалануға жол беріледі.

1223. Резервуарлық парктегі құбыржолдардың коммуникациясы резервуарда авария болған жағдайда мұнай мен мұнай өнімдерін бір ыдыстан екіншісіне айдау мүмкіндігін қамтамасыз ететін етіп көзделеді.

1224. Жылдың қысқы кезеңінде резервуарлардың шатырларынан қар уақтылы шығарылады, сондай-ақ резервуарлық парктің аумағындағы жолдар мен өрт сөндіру жолдары қардан тазартылады.

1225. Қыздыруға немесе жазғы уақытта ұзақ сақтауға жататын резервуарды мұнаймен немесе мұнай өнімдерімен толтыру кезінде сұйықтықтың деңгейі (резервуардың толып кетуін болдырмау үшін) қыздыру кезінде сұйықтықтың кеңеюін ескере отырып белгіленеді. Суық мұнай өнімінің ең жоғары деңгейі сыйымдылық биіктігінің 95%-нан, ал сұйытылған газдардың 83%-нан аспауы тиіс.

1226. Төгілген мұнай, сондай-ақ резервуардың төбесіндегі мұнай өнімдері деңгейді өлшегеннен немесе сынама алғаннан кейін дереу алынады, ал резервуардың төбесі құрғатып сүртіледі. Шатырда сүрту материалдары мен қандай да бір заттарды қалдыруға болмайды.

1227. Жарылыс және өрт қауіпті үй - жайларда көмірсутектердің шоғырлануын тұрақты бақылау үшін жарық және дыбыс дабылы бар газ талдағыштар орнатылады.

1228. Әрбір резервуар жиналып қалған шөгінділерден жүйелі түрде (кестеге сәйкес) тазартылады.

1229. Мұнайды және резервуарларды қыздырғыштардың үстіндегі сұйықтық деңгейі кемінде 50 сантиметр болғанда қыздыруға жол беріледі.

1230. Резервуарлардағы тұтқыр мұнай өнімдері қызмет көрсетуші персоналдың тұрақты бақылауымен тек бу иректүтіктерімен жылытылады.

1231. Мұнай өнімдері толтырылған резервуарларда жұмыстар ұшқынға қауіпсіз аспапты пайдалану арқылы ғана жүргізіледі.

1232. Резервуарлық парктегі өнеркәсіптік су бұру желісі кемінде 0,25 метр тұрақты су деңгейі бар және арнайы құдықтарда орнатылатын, арқанмен басқарылатын сақпандармен жабдықталған, резервуарлардың топырақ үйіп бекітілген жерінен тыс шығарылған гидравликалық ысырмалармен қамтамасыз етіледі. Сақпанның қалыпты жағдайы жабық.

1233. Жіктерде немесе корпустың немесе түбінің негізгі металында жарықтар пайда болған кезде жұмыс істеп тұрған резервуар дереу босатылып тазартылады.

Мұнай немесе мұнай өнімдері толтырылған резервуардағы жарықтарды жою бойынша отпен байланысты және механикалық жұмыстарға жол берілмейді.

1234. Резервуарлық парктің және жеке тұрған резервуарлардың барлық аумағында көрінетін жерлерде белгіленген өртке қарсы режимді бұзуға жол бермеу туралы жазбалар орнатылады.

1235. Статикалық электр зарядтарының пайда болуын болдырмау үшін:

1) соғылған кезде ұшқын шығармайтын материалдардан дайындалған және сынама алғыштарға дәнекерленген ток өткізетін арқандары бар сынама алғыштар қолданылады (арқандарды резервуардың төбесіндегі жерге тұйықтау клеммаларына қосу керек);

2) статикалық электр зарядтарын жинамайтын маталардан жасалған киім пайдаланылады.

1236. Тез тұтанатын мұнай өнімдерінің сынамаларын оларды ағызу немесе құю кезінде алуға жол берілмейді.

1237. Сынама алу мен деңгейін өлшеуге мұнай өнімдерімен жұмыс істеу кезінде өрт-техникалық минимум бойынша оқыту курстарынан өткен адамдар жіберіледі.

1238. Мұнай өнімдерінің деңгейін өлшеу және сынамаларын алу өлшеу құрылғыларының стационарлық жүйелерімен ғана жүзеге асырылады. Ерекше жағдайларда газ кеңістігінің артық қысымы 2,10 Па дейінгі резервуарларда деңгей өлшенеді және өлшеу люгі арқылы қолмен сынама алынады.

1239. Деңгейді өлшеу және резервуарлардан сынама алу үшін қызмет ететін люктер герметикалық қақпақтармен, ал өлшеу саңылаулары ішкі жағынан ұшқын түзілуін болдырмайтын металдан жасалған сақиналармен жабдықталады.

1240. Шөге бастаған, герметикаланбаған, сондай-ақ крандары, құбырларды қосқыштары, тығыздама толтырғыштары, ысырмалары, өрт сөндіру және салқындату жүйелері ақаулы резервуарларды пайдалануға жол берілмейді.

1241. Күкіртті мұнай өнімдері сақталатын резервуарлар үшін пирофорлы күкіртті темір шөгінділерінен тазарту жөніндегі жоспарлы жұмыстардың кестесі әзірленеді.

1242. Пайдаланылатын резервуарлық парктер аумағындағы ашық отты (дәнекерлеу, кесу) қолданумен байланысты барлық құрылыс және монтаждау жұмыстары кәсіпорынның бас инженерінің жазбаша рұқсаты негізінде жүргізіледі.

1243. Топырақ үйіп бекітілген жердің ішінде және топырақ үйіп бекітілген жерде құбырларды төсеу және жөндеу кезінде қазылған орлар осы жұмыстар аяқталғаннан кейін дереу көміледі, ал топырақ үйіп бекітілген жер қалпына келтіріледі. Жұмыста ұзақ үзілістер болған кезде уақытша үйіп құлату ұйымдастырылады.

1244. Деңгейді өлшеу және сынама алу тәуліктің жарық уақытында орындалады. Түнгі уақытта сынама алу немесе деңгейді өлшеу кезінде жарық беру үшін жарылыс қаупі бар аймақтан тыс жерде ғана қосу және ажырату жүзеге асырылатын жарылыс қаупі жоқ аккумуляторлық фонарьлар ғана қолданылады, қалта фонарьларын қолдануға жол берілмейді.

1245. Авария кезінде төгілген мұнай өнімін жою үшін, сондай-ақ топырақ үйіп бекітілген жерлерден су бұру жолдарында нөсер суларын ағызу үшін топырақ үйіп бекітілген жерлердің шегінен тыс қолданысқа келтірілетін сақпан-клапандар түріндегі ысырма құрылғылары орнатылады.

1246. Мыналарға:

- 1) герметикалық емес жабдық пен тиек арматурасын пайдалануға;
- 2) жобалау құжаттамасында белгіленген топырақ үйіп бекітілетін жердің биіктігін азайтуға;
- 3) қисықтары мен жарықтары бар резервуарларды, сондай-ақ ақаулы жабдықты, бақылау-өлшеу аспаптарын, өнім өткізгіштерді және тұрақты өртке қарсы құрылғыларды пайдалануға;
- 4) топырақ үйіп бекітілген жерге ағаштар, бұталар, шөптер отырғызуға;
- 5) жанғыш негізге сыйымдылықтарды орнатуға;
- 6) резервуарлар мен цистерналардың толусына;
- 7) мұнай және мұнай өнімдерін төгу немесе құю кезінде резервуарлардан сынама алуға;
- 8) найзағай кезінде мұнай мен мұнай өнімдерін төгуге және құюға жол берілмейді.

1247. Тыныс алу клапандары мен от бөгейіштер дайындаушы зауыттың техникалық құжаттамасының талаптарына сәйкес тексеріледі.

Тыныс алу арматурасын қарау кезінде клапандар мен торлар мұздан тазартылады. Оларды ашық оттың көмегімен қыздыруға жол берілмейді және тек өртке қауіпсіз тәсілдермен ғана жүргізіледі.

1248. Резервуарлық паркте жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде резервуарлардың топырақ үйіп бекітілген жері ішіндегі аумаққа түтін құбырында ұшқын сөндіргіштері бар тракторлар мен автомобильдердің ғана кіруі жүзеге асырылады, ал

пайдаланылатын немесе қорғалмаған резервуарға тракторлар мен автомобильдер 20 метрден кем емес қашықтыққа ғана жақындатылады.

Көліктің кіруіне рұқсатты әрбір жағдайда кәсіпорынның немесе объектінің басшысы белгіленген тәртіппен береді.

1249. Резервуарлық парктің жұмыскерлері пайдалану процесінде, сондай-ақ ықтимал авария немесе өрт болғанда қажетті ауыстырып қосуды жылдам әрі мүлтіксіз жүргізу үшін құбырлардың орналасу сызбасы мен барлық ысырмалардың мақсатын білуі қажет.

1250. Егер жөндеу жұмыстары алдында мұнай құбырын мұнайдан толығымен босату мүмкін болмаса, онда мұнайдың төгілуін болдырмау шаралары қабылданады.

3-тарау. Мұнай өнімдерін ыдыста сақтау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1251. Тұтану температурасы 120^oC-тан жоғары сұйықтарды 60 м³ дейінгі мөлшерде жер асты қоймаларында сақтау, қалыңдығы кемінде 0,2 м нығыздалған жерқабатымен жабу, еден жанбайтын материалдардан жасалуы қажет.

1252. Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды ыдыста бір үй-жайда бірге сақтау олардың жалпы саны 200 м³ тез тұтанатын сұйықтықтардан немесе 1000 м³ жанғыш сұйықтықтардан аспаған кезде жүргізіледі.

1253. Қоймаларда тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары бар бөшкелерді қолмен жинау кезінде еденге 2 қатардан аспайтын, жанғыш сұйықтықтары бар бөшкелерді механикалық жинау кезінде 5 қатардан аспайтын, ал тез тұтанатын сұйықтықтарды 3 қатардан аспайтын етіп орнатылады.

Қатардың енін 2 бөшкеден артық етіп орындауға жол берілмейді. Бөшкелерді тасымалдауға арналған басты өту жолдарының ені кемінде 1,8 м, ал қатарлар арасында кемінде 1 м етіп көзделуі тиіс.

1254. Сұйықтықты сақтау тек жарамды ыдыста ғана жүзеге асырылады. Төгілген сұйықтық дереу жиналады.

1255. Ыдыста мұнай өнімдерін сақтауға арналған ашық алаңдар жер білігімен немесе биіктігі кемінде 0,5 м жанбайтын тұтас қабырғамен қоршалады.

1256. Алаң деңгейі жапсарла саумақтан 0,2 м жоғары етіп орындалады және ағынды суларды бұру үшін ормен қоршалады.

1257. Топырақ үйіп бекітілген бір алаңның шегінде қатарлар арасындағы бөліктер кемінде 10 м, ал қатарлар мен біліктер (қабырғалар) арасында кемінде 5 м болатын мөлшері 25x15 м және биіктігі 5,5 м 4 қатардан аспайтын бөшкелер орналастырылады.

Екі аралас алаңдардың қатарлары арасындағы бөліктер кемінде 20 м етіп орындалады.

1258. Алаңдардың үстінен жанбайтын материалдардан жасалған бастырмаларды орнатуға жол беріледі.

1259. Мұнай өнімдерін құюға, сондай-ақ буып-түю материалдары мен ыдыстарды тікелей қоймаларда және топырақ үйіп бекітілген алаңдарда сақтауға жол берілмейді.

4-тарау. Газ баллондарын сақтау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1260. Жанғыш газдары бар баллондарды сақтауға арналған қоймалар жеңіл ашылатын жабындары бар бірқабатты, шатырсыз ғимараттарда орналастырылады.

Газы бар баллондар сақталатын үй-жайлардың терезелері ақ бояумен сырланады немесе күннен қорғайтын жанбайтын құрылғылармен жабдықталады.

Баллондарды ашық алаңдарда сақтаған кезде оларды жауын-шашын мен күн сәулесінің әсерінен қорғайтын бастырмалар жанбайтын материалдардан жасалады.

1261. Баллондарды сақтау орнының айналасында 10 м қашықтықта жанғыш материалдарды сақтауға және отпен жүргізілетін жұмыстарды жүргізуге жол берілмейді.

1262. Баллондар орналастырылатын шкафтар мен үйшіктер жанбайтын материалдардан жасалады және оларда жарылыс қауіпті қоспалардың түзілуін болдырмайтын табиғи желдеткішпен қамтамасыз етіледі.

1263. Жанғыш газдары бар баллондар оттегі, сығылған ауа, хлор, фтор және басқа да тотықтырғыштары бар баллондардан, сондай-ақ улы газдары бар баллондардан бөлек сақталады.

1264. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.05.2023 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1265. Оттегі бар баллондарды сақтау және тасымалдау кезінде майлардың түсуіне және баллон арматурасының майлы материалдармен жанасуына жол берілмейді.

Оттегі бар баллондарды қолмен қайта орау кезінде тиекті алуға жол берілмейді

1266. Жинау кезінде баллондардың бір-біріне соғылуына, қалпақтар мен баллондардың еденге құлауына жол берілмейді.

1267. 40 баллоннан астам мөлшердегі газдарды сақтау үй-жайлары жарылыс қауіпті шоғырлануға дейін жарамды газ талдағыштармен жабдықталады. Газ талдағыштар болмаған жағдайда объект басшысы сынамаларды іріктеу және бақылау тәртібін белгілейді.

1268. Баллондардан газдың ағуы байқалған кезде оларды қоймадан қауіпсіз орынға шығарады.

1269. Жанғыш газдары бар баллондар сақталатын қоймаға металл шеге немесе таға қағылған аяқ киім киген адамдар жіберілмейді.

1270. Табандықтары бар жанғыш газдары бар баллондар тігінен олардың құлауын болдырмайтын арнайы ұяшықтарда, торларда немесе басқа да құрылғыларда сақталады

Табандығы жоқ баллондар көлденеңінен рамаларда немесе стеллаждарда сақталады . Бұл жағдайда қатардың биіктігі 1,5 м аспайды, ал клапандар сақтандыру қалпақтарымен жабылады және бір жаққа бұрылады.

1271. Басқа да заттарды, материалдарды сақтауға жол берілмейді.

1272. Жанғыш газдары бар қоймалардың үй-жайлары табиғи желдеткішпен қамтамасыз етіледі.

5-тарау. Қатты тұрмыстық қалдықтарды сақтау жөніндегі полигондарды ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1273. Қатты тұрмыстық қалдықтарды сақтау жөніндегі полигондарға қызмет көрсету және тұтануды алдын ала қайтару үшін ұйымдардың басшылары қажетті арнайы техниканың (бульдозер, өзіаударғыш, экскаватор, тиегіш, суару-жуумашинасы, сутаратқыш, су айдауға арналған мотопомпалар) және сусымалы инертті материалдардың қорының болуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 1273-тармақ жана редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1274. Қатты тұрмыстық қалдықтарды сақтау жөніндегі полигонның аумағы периметрі бойынша ені кемінде 4 метр минералдандырылған жолақпен жыртылады.

1275. Қатты тұрмыстық қалдықтарды сақтау жөніндегі полигондар аумағының өрт сөндіру мақсаттары үшін полигондар "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне сәйкес сыртқы өртке қарсы сумен жабдықтаудың талап етілетін шығысына есептелген, сыйымдылығы жарамды сыртқы өртке қарсы сумен жабдықтаумен жабдықталады.

1276. Қатты тұрмыстық қалдықтарды орналастыру, сақтау және зарарсыздандыру полигондарын (алаңдарын) толтыруды 10 000 шаршы метрден аспайтын алаңдарға сақтау учаскелерін бөле отырып, қатты тұрмыстық қалдықтар мен инертті жанбайтын материалдарды қабатпен кезектестіріп жүзеге асыру қажет. Учаскелер арасында ені кемінде 8 метр өртке қарсы бөліктер орындалады.

6-тарау. Ауыл шаруашылық өнімдерін сақтау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-параграф. Ірі азықтарды сақтау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1277. Ірі жем шөп қорын сақтау ферма ғимараттарынан тұйық, жанбайтын қабырғалармен (қалқалармен) және отқа төзімділік шегі кемінде EI-45 жабындармен бөлінген жапсарлас құрылыстарда (құрылыстарда) ғана жүргізіледі.

1278. Жапсарлас құрылыстар (жапсарластырылған құрылыстар) тек тікелей сыртқа шығу жолымен жабдықталады.

1279. Пішен орны жер білігімен және сым қоршаумен қоршалады. Таразы шөп жинау орнынан тыс орналастырылады.

1280. Ірі жемшөптердің маялары, бастырмалары мен қатарлары электр беру желілеріне дейін кемінде 15 м, жолдарға дейін кемінде 20 м және ғимараттар мен құрылыстарға дейін кемінде 50 м қашықтықта орналастырылады.

1281. Шөп қоймалары қоршауынан жақын орналасқан орман алқаптарына дейінгі қашықтық кемінде 20 м етіп орындалады, периметрі бойынша ені кемінде 4 м жолақ жыртылады.

1282. Өндірістік-шаруашылық кешен аумағындағы ірі жемшөп қоймалары арнайы бөлінген алаңда орналастырылады. Кебендерді (маяларды) немесе қатарларды орналастыруға арналған алаңдар периметрі бойынша ені кемінде 4 м жолақпен жыртылады. Жолақтың шетінен бастап алаңда орналасқан кебенге (маяға) дейінгі қашықтық кемінде 15 м, ал жеке тұрған кебенге (маяға) дейін кемінде 5 метр етіп орындалады.

1283. Бір кебеннің (маяның) негізгі ауданын 150 м², ал престелген шөп (сабан) қатарларын 500 м² асыруға жол берілмейді.

1284. Жекелеген қатарлар, бастырмалар мен кебендер (маялар) арасындағы өртке қарсы бөліктер кемінде 20 м етіп қабылданады. Қатарларды, бастырмаларды және кебендерді (маяларды) жұппен орналастыру кезінде қатарлар мен бастырмалар арасындағы қашықтық кемінде 6 м, ал олардың жұптары арасында кемінде 30 м етіп қабылданады.

1285. Кварталдар арасындағы өртке қарсы бөліктер (кварталда 20 кебен немесе қатар орналастыруға жол беріледі) кемінде 100 м етіп орындалады.

1286. Ылғалдылығы жоғары пішен конустық маяларға (шөмелелерге) олардың арасы кемінде 20 м етіп жиналады. Өздігінен жануға бейім ылғалдылығы жоғары шөп маяларында дюймді қималы металл құбырларға салынатын және маяға әртүрлі тереңдікте орналастырылатын кәдімгі сынап термометрлерінің көмегімен тұрақты температуралық бақылау жүзеге асырылады.

Температура 600С жоғары көтерілгенде жылытылған пішен алынады.

1287. Ірі жемшөп қоймаларында жұмыс істейтін тракторлар мен автомобильдер ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады, ал автомобильдерде сөндіргіш бампердің астынан алға қарай шығарылады. Ірі жем қоймаларындағы жұмысқа ұшқын сөндіргіштермен жабдықталмаған тракторлар мен автомобильдер жіберілмейді. Қоймаға кірер алдында жүргізушілер ұшқын сөндіргіштің жарамдылығы мен бекітілу сенімділігін тексереді.

1288. Шығару құбырларымен, коллекторлармен немесе сөндіргіштермен тікелей жанасудан жемшөптің тұтануын болдырмау үшін тартқыш тракторлар мен түсіру жұмыстарымен айналысатын автомобильдер маяларға 3 м жақын емес жақындайды.

1289. Жемшөпті тікелей автомобиль шанағына тиеу кезінде оның қозғалтқышы сөндіріледі. Қоймадан шығуға автомобильдің тұрған орнын тексергеннен және шығару құбырының жанындағы шөпті (сабанды) жинағаннан кейін ғана рұқсат етіледі.

1290. Ірі жемшөп қоймаларында өрт болған жағдайда кемінде 50 м³ су қоры қамтамасыз етіледі.

2-параграф. Астықты сақтау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1291. Егін жинау алдында астық қоймалары мен астық кептіргіштердің пайдалануға жарамдылығы тексеріледі. Анықталған ақаулықтар астықты кептіру және қабылдау басталғанға дейін жойылады.

1292. Астық қоймалары жеке тұрған ғимараттарда орналастырылады. Оларға кіретін қақпалар сыртқа қарай ашылатындай етіп орындалады және үймеленбейді.

1293. Астықты үйіп сақтаған кезде үйменің жоғарғы жағынан жабынның жанғыш құрылымдарына дейінгі, сондай-ақ шырақтар мен электр сымдарына дейінгі қашықтық кемінде 0,5 м етіп орындалады.

Ойықтар арқылы астық тасымалдау орындарында өртке қарсы бөгеттерде от бөгегіш құрылғылар орнатылады.

1294. Мыналарға жол берілмейді:

- 1) астықпен бірге басқа материалдар мен жабдықтарды сақтау;
- 2) қойма үй-жайларының ішінде астық тазалау және іштен жану қозғалтқыштары бар басқа да машиналарды қолдану;
- 3) қойманың екі жағынан қақпалары жабық болғанда жылжымалы механизмдерде жұмыс істеу;
- 4) қатты отынмен жұмыс істейтін кептіргіштерді тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтардың көмегімен, ал сұйық отынмен жұмыс істейтіндерді алау арқылы жағу;
- 5) температураны бақылау аспаптары және оттықтағы алау сөнген кезде отын беруді ажырату автоматикасы, электр тұтату жүйесі ақаулы немесе оларсыз кептіргіштерде жұмыс істеу;
- 6) астықты транспортер таспасының деңгейінен жоғары жабу және таспаның транспортер құрылымына үйкелуіне жол беру.

1295. Кептіргіш жұмыс істеп тұрған кезде астық температурасын бақылау кемінде әрбір 2 сағат сайын сынама алу жолымен жүзеге асырылады.

1296. Кептіргіштің тиеу-түсіру механизмдерін шаң мен астықтан тазарту оның жұмысынан кейін бір тәуліктен кейін жүргізіледі.

1297. Жылжымалы кептіру агрегаты астық қоймасының ғимаратынан кемінде 10 метр қашықтықта орнатылады.

Кептіргіштердің оттықтарын орнату кезінде ұшқындардың ұшып кетуіне жол берілмейді. Түтін құбырлары ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады, ал олар жанғыш конструкциялар арқылы өтетін жерлерде өртке қарсы бөліктер орнатылады.

1298. Астық қоймаларында астықты желдету кезінде желдеткіштер жанғыш қабырғалардан кемінде 2,5 м қашықтықта орнатылады. Ауа жолдары жанбайтын материалдардан жасалады.

1399. Астық кептіргіш жұмыс істеп тұрған кезде оған қызмет көрсететін адамдар үнемі кептіргіш ғимаратында болады және оның жұмысын бақылауды жүзеге асырады.

1300. Өндірістік және қойма үй-жайларының ішінде іштен жану қозғалтқыштары бар машиналар мен жабдықтарды қолдануға жол берілмейді.

1301. Астықтың жекелеген партияларын бөлу үшін стандартты ағаш нан қалқандары қолданылады.

1302. Қоса салынған бункерлер мен қойма қабырғалары арасында өту жолдары болған кезде олардың ені кемінде 0,7 м етіп қабылданады.

1303. Барлық ғимараттар мен үй-жайларда ашық қыздыру элементтері бар электрмен жылыту аспаптарын, ал жарылыс, өрт қауіпті үй-жайларда электрмен жылыту аспаптарының барлық түрлерін пайдалануға жол берілмейді.

1304. Өнімді қаптарда, пакеттерде, қораптарда сақтауға арналған қоймаларда қатарлардың биіктігі қаптардың жоғарғы қатары мен жабынның шығыңқы элементтері немесе жабыны, сондай-ақ электр желілері, шырақтар арасында кемінде 1 м саңылау қалдыра отырып, оларды берілген биіктікке электр тиегішпен кедергісіз төсеуді ескере отырып қабылданады. Өнімді ыдыста сақтау тегендерде немесе стеллаждарда жүзеге асырылады.

1305. Нан пісіру және макарон кәсіпорындарында ұн салынған қаптарды жинау кезінде ені кемінде мынадай өтетін жолдар орнатылады:

- 1) қатарлар арасындағы өту жолдары 12 м кем емес – 0,8 м;
- 2) қатарлардан қабырғаға дейінгі қашықтық – 0,7 м;
- 3) электр тиегіштерге арналған өту жолдары – 3,0 м;
- 4) көтергіш платформасы бар арбаларға арналған өту жолдары – 2,0 м.

1306. Астық өнімдері саласының қалған кәсіпорындарының ыдысында өнімді сақтауға арналған қойманың ішінде өту жолдары орнатылады:

- 1) біреуі – қойманың ортасында, бойлық, ені тетіктердің жұмысын қамтамасыз ететін, бірақ кемінде 1,25 м;
- 2) екі көлденең – қойма қақпасына қарсы, тура өтетін, ені қақпаның енінен кем емес ;
- 3) қатарлар мен қойма қабырғалары арасында - ені кемінде 0,7 м.

1307. Астық қабылдау және астық өңдеу кәсіпорындарында ыдыста өнім сақтауға арналған қойманың әрбір жағынан тура жүретін өту жолдары бар екі қақпа көзделеді. Қақпалар қойма тура өтетін жолдармен қақпаға қарсы үш түрлі кесіндіге бөлінетіндей етіп орналастырылады.

1308. Жылыту аспаптарының беті тегіс болады және оларды шаңнан жүйелі түрде тазалау мүмкіндігін қамтамасыз ететін биіктікте орналастырылады.

1309. Жылыту аспаптарына еркін кіру қамтамасыз етіледі. Жылыту аспаптарын бөгде заттармен немесе материалдармен жабуға жол берілмейді.

1310. Кеңейткіш ыдыстарды орнатуға арналған шатырлардағы кабиналар жанбайтын немесе жануы қиын материалдардан жасалады.

7-тарау. Орман материалдарын сақтау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-параграф. Ағаш материалдары қоймаларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1311. Ағаш материалдары қоймаларында сақталатын материалдардың шекті көлемін, өртке қарсы бөліктер мен қатарлар арасындағы, сондай-ақ қатарлар мен көршілес объектілер арасындағы өту жолдарын көрсете отырып, қатарларды орналастыру жоспарлары әзірленеді.

1312. Қатарлар арасындағы өртке қарсы бөліктерде ағаш материалдарын, жабдықтарды жинауға жол берілмейді.

1313. Қатарларға бөлінген орындар шөп жамылғысынан, жанғыш қоқыс пен қалдықтардан топыраққа дейін тазартылады немесе қалыңдығы кемінде 0,5 м құм, жер немесе қиыршық тас қабатымен жабылады.

1314. Әрбір қойма үшін кәсіпорын қызметкерлері мен техникасын тарту мүмкіндігін ескере отырып, қатарларды, баланс үймелерін, жоңқаларды бөлшектеу жөніндегі шараларды айқындай отырып, жедел өрт сөндіру жоспары әзірленеді. Жыл сайын көктемгі-жазғы өрт қауіпті кезең басталар алдында кәсіпорынның барлық ауысымдары мен өртке қарсы қызметтің тиісті бөлімшелерінің қызметкерлерін тарта отырып, жоспар пысықталады. Жазғы уақытта қойма аумағын мезгіл-мезгіл суарып тұру керек.

1315. Қоймалардағы алғашқы өрт сөндіру құралдарынан басқа жедел өрт сөндіру жоспарларында айқындалатын мөлшерде әртүрлі өрт сөндіру техникасының қоры бар пункттер (бекеттер) жабдықталады. Ағаш материалдарының қоймалары өрт сөндіру үшін қажетті су қорымен қамтамасыз етіледі.

1316. Қоймада ағаш материалдарын сақтаумен байланысты емес жұмыстарды жүргізуге жол берілмейді.

1317. Ағаш материалдары қоймаларындағы жұмысшыларға арналған тұрмыстық үй-жайлар өртке қарсы бөліктерді сақтай отырып, жеке ғимараттарда ғана орналастырылады.

Бұл үй-жайларды жылыту үшін тек зауытта дайындалған электрмен жылыту аспаптары қолданылады.

1318. Іштен жану қозғалтқыштары бар шығырлар дөңгелек ағаш қатарларынан кемінде 15 м қашықтықта орналастырылады.

Шығырдың айналасындағы алаң кесек қалдықтардан, қабықтан және басқа да жанғыш қалдықтар мен қоқыстардан босатылады. Қозғалтқыштарға май құюға арналған жанар-жағармай материалдары бір бөшкеден аспайтын мөлшерде және шығырдан кемінде 10 м және жақын қатардан 20 м қашықтықта сақталады.

2-параграф. Ағаш материалдарын сақтау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1319. Ағаш материалдарының қатарларын төсеу және бөлшектеу кезінде көлік пакеттері өтудің бір жағы бойынша ғана орнатылады, бұл ретте жолдың қалған жүру бөлігінің ені кемінде 4 м етіп орындалады. Қатарларға жиналмаған ағаш материалдарының жалпы көлемі олардың қоймаға тәуліктік түсуінен аспауға тиіс.

1320. Көлік пакеттерін өртке қарсы бөліктерде, өту жолдарында, өрт сөндіру су көздеріне кіреберістерде орнатуға жол берілмейді.

1321. Механизмдердің жұмысы уақытша тоқтатылған жағдайда пакеттерді іріктеу және орнату, мүкәмал шатырлары мен төсеу материалдарын сақтау арнайы алаңдарда жүргізіледі.

1322. Көлік пакеттерін су өткізбейтін қағазбен орау (бұл операция бірыңғай технологиялық процесте болмаған кезде) арнайы бөлінген алаңдарда жүргізіледі.

1323. Пайдаланылған су өткізбейтін қағаз, оның үзіктері мен қималары контейнерлерге жиналады.

1324. Жабық қоймаларда қатарлар мен ғимарат қабырғаларының шығыңқы бөліктері арасындағы өту жолының ені кемінде 0,8 м етіп орындалады. Қойманың есік ойықтарына қарама-қарсы ені есіктердің еніне тең, бірақ кемінде 1 метр өту жолдары қалдырылады.

1325. Жабық қоймаларда қалқалар мен қызметтік үй-жайлардың болуына жол берілмейді.

1326. Жабық қоймалар мен шатыр астындағы алаңдардың едендері жанбайтын материалдардан жасалады.

8-тарау. Жоңқа қоймаларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1327. Жоңқаны жабық қоймаларда, бункерлерде және негізі жанбайтын материалдан жасалған ашық алаңдарда сақтауға болады.

1328. Жоңқа беру конвейерлерінің электр қозғалтқыштары орналасқан үйшіктер отқа төзімділіктің II дәрежесінен төмен болмауы тиіс.

1329. Жоңқаның қызу температурасын бақылау үшін үйме ішінде термоэлектрлік түрлендіргіштерді орнату үшін жанбайтын материалдардан жасалған құдықтар көзделеді.

9-тарау. Көмір қоймаларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1330. Көмірді жинауға арналған алаңдар оларды тасқын немесе жер асты суларымен су басуын болдырмайтындай етіп жоспарланады.

1331. Мыналарға жол берілмейді:

1) Жаңа өндірілген көмірді бір айдан астам жатқан ескі көмір үйіндісіне жинауға;

2) қоймаларға өздігінен тұтану ошақтары анық білінетін көмірді қабылдауға;

3) жанып жатқан көмірді транспортер ленталары арқылы тасымалдауға және оларды теміржол көлігіне немесе бункерлерге тиеуге;

4) көмір қатарларын жылу көздерінің (бу құбырлары, ыстық су құбырлары, қызған ауа арналары) үстіне, сондай-ақ төселген электр кабельдері мен мұнай-газ құбырларының үстіне орналастыруға.

1332. Көмірді төсеу және оны сақтау кезінде қатарларға ағаштың, матаның, қағаздың және жанғыш материалдардың түсуіне жол берілмейді.

Әр түрлі маркалы көмір жеке қатарларға жиналады.

1333. Ұзақ мерзімді сақтау үшін қоймаға келіп түсетін көмір мүмкіндігінше қысқа мерзімде вагондардан түсірілуіне қарай қатарлап жиналады. Түсірілген көмірді пішінсіз үймелерде және үйіп екі тәуліктен артық сақтауға жол берілмейді.

Қатарлармен регламенттік жұмыстарды орындау, сондай-ақ механизмдер мен өрт сөндіру машиналарының өтуі үшін қатарлар табанының шекарасынан қоршайтын дуалға немесе кран жолдары іргетасына дейінгі қашықтық кемінде 3 м, ал рельс басының сыртқы шетіне немесе автожол жиегіне дейін кемінде 2 м етіп көзделеді.

Өту жолдарын қатты отынмен жабуға және оларды жабдықпен үймелеуге жол берілмейді.

1334. Қоймада еңістерде бақылау темір құбырлары мен термометрлерді орнату жолымен немесе басқа қауіпсіз тәсілмен көмір қатарларындағы температураны жүйелі бақылау қамтамасыз етіледі.

Температура 600С жоғары көтерілген кезде температура көтерілген жерлерде қатарларды тығыздау, қызған көмірді алу немесе температураны төмендету бойынша басқа да қауіпсіз әдістерді қолдану жүргізіледі.

Температураның жоғарылауы байқалатын қатарлар бірінші кезекте жұмсалады.

1335. Көмірді тікелей қатарларда сумен сөндіруге немесе салқындатуға жол берілмейді. Жанған көмір қатардан алынғаннан кейін ғана сумен сөндіріледі.

1336. Өздігінен тұтанған көмірді салқындағаннан немесе сөндіргеннен кейін қатарларға қайта салуға жол берілмейді.

1337. Өндірістік ғимараттардың жертөле немесе бірінші қабатында орналастырылатын көмір сақтауға арналған үй-жайлар өртке қарсы бөгеттермен (кабырғалармен және қалқалармен) бөлінеді.

10-тарау. Жанғыш талшықты материалдар қоймаларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1338. Барлық талшықты материалдар жабық қоймаларда сақталады, ерекшелік ретінде ашық алаңдарда және шатыр астында сақтауға жол беріледі.

1339. Талшықты материалдар бумаларын түсіру, тиеу және салу кезінде бумалардың металл орамына ілмектермен соғуға жол берілмейді.

1340. Қатарлар мен бастырмалар талшықтары дәйекті ұялар, топ, секторға енгізіледі.

1341. Қатардағы талшық массасының 300 тоннадан артуына жол берілмейді.

1342. Қатарлардың өлшемдері 22x11 м артық емес, биіктігі бойынша 8 м артық емес болып көзделеді.

1343. Ұяда алты қатардан немесе бастырмадан аспайтындай етіп көзделеді, бұл ретте қатарлар арасындағы аралық – кемінде 15 м, бастырмалар арасында барлық бағыттар бойынша – 20 м.

1344. Топта төрт ұядан аспайтын (24 қатар немесе бастырма) ұялар арасындағы аралық барлық бағыттар бойынша кемінде 30 м етіп көзделеді.

1345. Сектор төрт топтан аспайтындай (96 қатар немесе бастырма) етіп көзделеді, топтар арасындағы аралық-барлық бағыттар бойынша кемінде 50 м.

1346. Секторлар арасындағы алшақтықтар 100 метрден кем болмауы тиіс.

1347. Талшықты материалдарды сақтауға арналған қоймалар, бастырмалар және ашық алаңдар орналасқан учаскелер қоршалады, бұл ретте қоршаудан қашықтығы 5 м кем болмауға тиіс.

1348. Тез жанатын талшықты материалдарды тек бумаларда сақтауға жол беріледі. Сынған бумаларды сақтау жеке учаскелерде немесе арнайы бөлінген алаңдарда жүргізіледі. Оларды бірінші кезекте қайта өңдеуге жібереді.

1349. Жабық қоймаларда талшықты материалдар бумаларын жинау ені 2 м бір бойлық өту жолы және ені дәл сондай көлденең өту жолдары әрбір есікке қарсы қалатындай етіп жүргізіледі. Биіктігі бойынша бумалар олардың жоғарғы жағынан электр шамдарына дейінгі қашықтық кемінде 1 м болатындай етіп жиналады.

1350. Өндірістік қалдықтарды шикізатпен және дайын өніммен бірге сақтауға жол берілмейді.

1351. Ашық алаңдардағы талшықты материалдардың қатарлары жабылады, ал бастырмалар барлық жағынан брезентпен тартылады.

1352. Автомашиналармен, тракторлармен (тартқыштармен) тасымалдау кезінде талшықты материалдар брезентпен жабылады. Оларды тасымалдау кезінде темекі шегуге жол берілмейді.

1353. Жабық қоймалардағы және бастырмалардың астындағы өту жолдары, сондай-ақ ашық алаңдардағы қатарлар арасындағы бөліктер бос ұсталады.

1354. Талшықты материалдардың бастырмалары мен қатарларына ұшқын сөндіргіштерсіз теміржол (паровоздарды қоспағанда) мен автокөліктің 5 м, ал тракторлардың 10 м жақын келуіне жол берілмейді. Бұл жерлерде шектеу жолақтары

орнатылады. Автокөліктің жабық қоймаларға, талшықты материалдардың бастырмалары мен қатарларына кіруі пайдаланылған газ шығатын құбырға қарама-қарсы жағымен жүзеге асырылады, бұл ретте сөндіргіш жарамды ұшқын сөндіргішпен жабдықталады.

11-бөлім. Автожанармай құю және автогаз құю станцияларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-тарау. Жалпы ережелер

1355. Автожанармай және автогаз құю құю станцияларында өрт қауіпті жағдайлар туындаған кезде технологиялық жүйелердің электр қорегі ажыратылады (аварияға қарсы және өртке қарсы қорғау жүйелерінің электр қорегінен басқа), оларды пайдалану тоқтатылады және аумақ көлік құралдары мен келушілерден босатылады және осымен бір мезгілде персонал өрт қауіпті жағдайды жоюға кіріседі.

1356. Отын автоцистернаға тікелей жақын жерде төгілген кезде (бензин төгілген кезде бұл қашықтық төгілген шетінен бастап автоцистернаның габаритіне дейін 6 м дейін және дизель отыны төгілген кезде 3 м дейін қабылданады) автоцистернаның қозғалтқышын қосу және оны автожанармай құю станцияларының аумағынан шығару (егер бұл адамдардың өміріне қауіп төндірмесе) төгілген отын тұтанған кезде немесе өрт қауіпті жағдайды жою үшін отын төгілген ластанған құм жойылғаннан кейін ғана жүргізіледі. Үлкен қашықтықта төгілген кезде автоцистерна бензин төгілу шекарасынан кемінде 6 м және дизель отыны төгілу шекарасынан кемінде 3 м қашықтықта төгілу орындарын айналып өтіп, автожанармай құю станцияларының аумағынан шығарылады.

2-тарау. Автожанармай құю және автогаз құю станцияларының үй-жайларын, ғимараттарын , құрылыстарын және аумағын күтіп-ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1357. Автожанармай құю (бұдан әрі – АЖҚС) және автогаз құю станцияларының (бұдан әрі – АГҚС) аумағы жанғыш қоқыстан, құрғақ шөптен, жапырақтардан, мамықтан және төгілген мұнай өнімдерінен тазартылады.

1358. Автожанармай құю станцияларының аумақтарында стационарлық және модульдік автожанармай құю станцияларын орналастыру кезінде өртке қарсы қашықтықтар "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентінің талаптарына сәйкес қамтамасыз етіледі. Ғимараттар мен құрылыстар арасындағы өртке қарсы аралықтарды әртүрлі заттар мен материалдарды жинау үшін пайдалануға, көлік құралдары мен құрылыс объектілерін орналастыруға жол берілмейді.

1359. Пайдаланылған сүрту материалдары мен мұнай өнімдері сіңген құмды жинау үшін қақпақтары тығыз жабылатын металл жәшіктер орнатылады. Сүрту материалдары

мен мұнай өнімдері сіңген құм аптасына кемінде бір рет АЖҚС және АГҚС шегінен шығарылады.

1360. АЖҚС, АГҚС-тың барлық үй-жайларына кіретін есіктерде, сондай-ақ сыртқы қондырғыларда:

- 1) "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне сәйкес жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша үй-жайлардың санаттары;
- 2) ЭҚҚ бойынша жарылыс қауіпті немесе өрт қауіпті аймақтар класы;
- 3) өртке қарсы жай-күйге жауапты қызметкердің тегі және аты-жөні;
- 4) өртке қарсы қызмет бөлімшелерін шақыру телефондарының нөмірлері жазылып көрсетіледі.

1361. АЖҚС, АГҚС жанып жатқан көлік құралының аумағынан шұғыл эвакуациялау үшін ұзындығы кемінде 3 метр қатты буксирлеу штангасымен қамтамасыз етіледі.

1362. АЖҚС-та, АГҚС-та персонал үшін мынадай қызметтік және тұрмыстық ғимараттарды (үй-жайларды) орналастыруға жол беріледі: оператор бөлмесі, әкімшілік, тамақ ішу, күзет қызметі, сондай-ақ санитариялық тораптар, арнайы киімге, құрал-саймандарға, қосалқы бөлшектерге, аспаптар мен жабдықтарға арналған қоймалар. Көрсетілгендерден басқа жерасты резервуарлары бар АЖҚС, АГҚС аумағында жолаушыларға, жүргізушілерге және олардың көлік құралдарына сервистік қызмет көрсету ғимараттарын (үй-жайларын) орналастыруға жол беріледі.

Жолаушылар мен жүргізушілерге сервистік қызмет көрсетуге бөлінген үй-жайларда ілеспе тауарлар дүкенін, тамақтану пункттері мен санитариялық тораптарды, көлік құралдарына сервистік қызмет көрсету үшін автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жуу бекеттерін орналастыруға жол беріледі. Жер үсті резервуарлары бар АЖҚС аумағында автожанармай құю станциясының персоналына арналған үй-жайлармен қатар сауда залы жоқ ілеспе тауарлар дүкенінің үй-жайларын орналастыруға жол беріледі.

1363. АЖҚС, АГҚС ғимараттары орталық жылыту жүйелерімен жабдықталады.

АЖҚС, АГҚС үй-жайларында зауытта дайындалған, өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап беретін майлы электрмен жылыту аспаптарын жанғыш құрылымдар мен материалдарға дейінгі қажетті қашықтықты сақтай отырып орнатуға жол беріледі.

АЖҚС, АГҚС аумағында және ғимараттарында жылу беру қондырғылары мен ашық от қолданылатын құрылғыларды қолдануға жол берілмейді.

1364. Қызмет көрсетуші персоналдың арнайы киімі металл шкафтарда ілінген күйде сақталады.

1365. Автожанармай құю станциясын ауыл шаруашылығы дақылдары егісіне, орман және дала алқаптарына жақын орналастырған кезде АЖҚС, АГҚС шекаралары периметрі бойынша ені кемінде 4 м жыртылады.

1366. АЖҚС, АГҚС аумағын гүлдену кезінде үлпектер, талшықты заттар немесе өсімді тұқымдар бөлетін бұталармен және ағаштармен көгалдандыруға жол берілмейді.

1367. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Технологиялық жабдықты пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1368. Технологиялық жабдық пен май құю колонкаларының үстіндегі бастырмалар жанбайтын материалдардан жасалады. Желдетілмейтін көлемдері (қуыстары, қалталары) бар бастырмаларды орнатуға жол берілмейді.

1369. Мынадай жағдайларда технологиялық жабдықты пайдалануға жол берілмейді:

1) отын ағуының болуы;

2) бақылау және реттеу аспаптары болмағанда, ақаулы болғанда, ажыратылғанда немесе тексеру мерзімі өтіп кеткенде;

3) кез келген ақаулардың болуы.

1370. АЖҚС, АГҚС аумағы бойынша транзиттік инженерлік желілерді төсеуге жол берілмейді.

1371. Технологиялық жабдыққа АЖҚС, АГҚС өрт қауіптілігі дәрежесін арттыратын конструкциялық өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

1372. Бақылау-өлшеу аспаптары пломбаланады және технологиялық жабдықтың өртке қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ететін шекті рұқсат етілген параметрлермен (қысым, температура, шоғырлану, құю деңгейі) белгіленеді. Параметрлердің біреуі рұқсат етілген шектерден ауытқыған кезде автоматты түрде ескерту (жарық немесе дыбыс) сигналдары беріледі.

1373. АЖҚС, АГҚС технологиялық жүйелерін дайындаушы зауыттардың келісімінсіз аварияға қарсы және өртке қарсы қорғау жүйелерінің жұмыс істеу параметрлерін өзгертуге жол берілмейді.

1374. Негізгі және қосалқы технологиялық жабдық статикалық электрден қорғаумен қамтамасыз етіледі.

1375. Фланецтердің, келте құбырлардың, штуцерлердің және атмосферадан отын мен оның буын бөлетін құрылғылардың қақпақтары мен келте құбырлары арматурамен жанасатын жерлерде ұшқын шығармайтын және мұнай өнімдері мен қоршаған ортаның әсеріне төзімді төсемдермен жабдықталады.

Пайдалану кезінде ашу үшін көзделген көрсетілген қақпақтар мен бітеуіштер ұшқын шығармайтын материалдан жасалады.

1376. Отын сақтауға арналған резервуарлар деаэрация желілерімен жабдықталады. Деаэрация желісінің құбыржолдары от бөгегіштермен немесе жылдың кез келген

уақытында жұмыс қабілетін сақтайтын кіріктірілген от бөгегіштері бар тыныс алу клапандарымен жарақталады.

1377. Отынды жер астында сақтауға арналған резервуарлар олардың герметикалығын бақылау жүйелерімен жабдықталады.

1378. Резервуарларды толтыруға арналған сорғылар оператор үй-жайында орналасқан электрмен қоректендірудің қол ажыратқыштарымен жарақталады.

4-тарау. Жөндеу және регламенттік жұмыстарды жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1379. Жанғыш бу-ауа қоспалары түзілуі мүмкін аймақтардағы жұмыстар ұшқын шығармайтын киім мен аяқ киімде ұшқынға қауіпсіз аспаппен орындалады.

1380. Бұрын пайдалануда болған резервуарларды тасымалдау, алаңда орнын ауыстыру, орнату, жөндеу отынды толық шығарғаннан, су буымен буландырғаннан, жылы сумен жуғаннан, инертті газбен үрлегеннен және газ талдағыштың көмегімен отын буының бар-жоғын тексергеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

Сыйымдылықтағы отын буларының шоғырлануының тұтанудың төменгі шоғырлану шегінен 20%-дан асуына жол берілмейді.

1381. Станцияның технологиялық жүйелерінің герметикалығына пневматикалық сынақтар жүргізу үшін (резервуардың қабырға аралық кеңістігі, резервуардың ішкі кеңістігі, құбырлар) жанбайтын газдар (азот, көмір қышқыл газы) пайдаланылады. Жабдықтың герметикалы еместігі анықталған жағдайда автожанармай құю станциясын пайдалану тоқтатылады.

1382. Резервуарлардың барлық түрлерінен қатты бөлшектерді (шламды) қосумен тауар суын шығару жабық тәсілмен жүргізіледі. Осы мақсатта пайдаланылатын жабдық бензинмен және дизель отынымен жұмыс істеуге арналған ұшқын шығармайтын материалдан жасалады. Қол сорғыларды пайдалану кезінде шламды төгу булану алаңы барынша аз болуы мүмкін жабық сыйымдылыққа ғана жүзеге асырылады. Шламдарды шығару кезінде осы операциямен байланысты емес барлық люктер мен штуцерлер жабылады. Шламға арналған сыйымдылық резервуарға іргелес аумақтағы тұғырға орнатылады және жерге тұйықталады. Көп камералы резервуарлардың шламдарын шығару әрбір камера үшін бөлек жүргізіледі. Шлам шығару аяқталғаннан кейін шлам автожанармай құю станциясының аумағынан тыс шығарылады.

1383. От бөгегішті немесе онымен жабдықталған тыныс алу клапанын деаэрация жүйесі құбырының шығу жолында осы құбырды бекіту арматурасымен герметикалық жабынсыз алуға жол берілмейді. От бөгегіштің түрі пайдалану ауданының климаттық жағдайларында оның қалыпты жұмыс істеу жағдайларына сәйкес орындалады.

1384. Технологиялық жүйенің конструкциясында көлік құралының отын бағынан резервуарға отын буын рециркуляциялау желісі болған кезде отын буын

рециркуляциялауды жүзеге асыру үшін резервуарды деаэрация құбырын жабуға жол берілмейді.

1385. Автожанармай құю кешендерінің жабдықтарына техникалық қызмет көрсету, регламенттік жұмыстар, аспаптық және сақтандыру жабдықтарының метрологиялық сынақтары осы жұмыстардың кестесіне қатаң сәйкестікте орындалады. Технологиялық жабдыққа техникалық-пайдалану құжаттамасында көрсетілмеген қандай да бір регламенттік жұмыстарды жүргізуге жол берілмейді. Мұндай жұмыстар жөндеу шеберханаларында жүргізіледі.

1386. Автожанармай құю кешендерінің аумағында, ғимараттарында, құрылыстарында, үй-жайларында, технологиялық жүйелерінде жөндеу жұмыстарын жүргізуге объектінің басшысы жазбаша рұқсат ресімдейді.

5-тарау. Отынды қабылдауға және беруге арналған жабдықты пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1387. Автоцистерналардан отын құю жабық сызба бойынша орындалады. Резервуарлар мен автоцистерналардың тыныс алу құрылғыларын қоспағанда, отын буының қоршаған ортаға шығуына жол берілмейді.

1388. Автоцистерналардан отын құю алдында резервуардағы отын деңгейі өлшенеді және қорғау құрылғыларының жарамдылығы тексеріледі. Құю процесін автожанармай құю станциясының қызметкерлері және автоцистернаның жүргізушісі бақылайды.

1389. Резервуардағы отын түрін ауыстырған кезде (бензин – дизель отыны) соңғысы бұрын сақталған өнімнен мұқият тазартылады және резервуардың корпусында немесе жер асты резервуарларының құятын құбырларының көрінетін жерлерінде сақталатын отынның түрі көрсетілген жазу жазылады.

1390. Көп камералы резервуарда, егер бұл технологиялық жүйеге арналған техникалық шарттар мен техникалық-пайдалану құжаттамасында көзделген жағдайда, бензин мен дизель отынын бір мезгілде сақтауға жол беріледі.

1391. Автожанармай құю станциясына отыны бар автоцистерналар кірген кезде оның аумағынан барлық көлік пен бөгде адамдар шығарылады. Автожанармай құю станциясында бір мезгілде екі және одан да көп автоцистерналардың болуына жол берілмейді.

1392. Автоцистерналардан отын құю жөніндегі операцияларды автожанармай құю станциясының кемінде екі жұмыскері және мынадай шарттар орындалған кезде жүргізеді:

1) автоцистерналарға арналған май құю алаңында көлемі кемінде 100 л жылжымалы ұнтақты өрт сөндіргіш орнатылады;

2) автоцистерналардың май құю алаңынан мұнай өнімдерімен ластанған атмосфералық жауын-шашынды бұру науасы жабылады және авариялық резервуарға отын төгіндісін бұру құбыры ашылады;

3) автоцистерна жерге қосылады, содан кейін автожанармай құю станциясының резервуарларына отын құю операциясына кірісуге болады. Автопоездан мұнай өнімін құю кезінде әрбір цистерна оны толық босатқанға дейін жеке жерге тұйықталады.

1393. Иілгіш жерге тұйықтау мыс өткізгіші автоцистерналардың корпусына тұрақты қосылады және соңында жерге тұйықтау құрылғысына қосуға арналған құрылғысы (қысқыш, болт ұшы) болады. Жерге тұйықтау өткізгіштерін автоцистерналардың боялған және ластанған металл бөліктеріне қосуға жол берілмейді.

1394. Автожанармай құю станциясында көлік құралдарына жанармай құю кезінде:

1) мотоциклдер мен мотороллер отын құю колонкаларына қозғалтқыштары өшіріліп беріледі, оларды іске қосу және тоқтату колонкалардан кемінде 15 м қашықтықта жүргізіледі, автомобильдер өз бетімен жүреді;

2) қозғалтқышты іске қосқанға дейін автожанармай құю станциясының жүргізушісі немесе қызмет көрсетуші персоналы көліктің мұнай өнімдерімен ластанған бөліктерін құрғатып сүртеді;

3) жерге төгілген мұнай өнімдеріне құм себіледі, ал сіңірілген құм мен сұрту материалдары қақпақтары тығыз жабылатын металл жәшіктерге жиналады және жұмыс күні аяқталғаннан кейін автожанармай құю станциясының аумағынан шығарылады;

4) май құюдың астында тұрған және одан кейінгі кезекте тұрған автомобильден қашықтық кемінде 1 м етіп көзделеді.

1395. Автожанармай құю станциясында:

1) жұмыс істеп тұрған қозғалтқыштары бар көлік құралдарына май құюға;

2) егер бұл белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген, қолданылатын технологиялық жүйеге арналған техникалық шарттарда және техникалық-пайдалану құжаттамасында көзделмесе, жер асты резервуарларының үстінен көлік құралдарының өтуіне;

3) найзағай кезінде және атмосфералық разрядтардың пайда болу қаупі кезінде резервуарларды отынмен толтыру және тұтынушыларға отын беруге;

4) бензин қабылдау, сақтау немесе беру операциялары жүзеге асырылатын автожанармай құю станциясының аумағына ұшқын сөндіргіштермен жабдықталмаған тракторлардың өтуіне;

5) автожанармай құю станциясының жабдығын, ғимараттары мен құрылыстарын жөндеумен тікелей байланысты емес жөндеу жұмыстарын жүргізуге;

6) жолаушылары бар көлік құралдарына май құюға (кемінде төрт есігі бар жеңіл автомобильдерден басқа);

7) жарылғыш заттар, сығылған және сұйытылған жанғыш газдар, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар, тез жанатын материалдар, улы және радиоактивті заттар және басқа да қауіпті заттар мен материалдар тиелген көлік құралдарының кіруіне жол берілмейді.

6-тарау. Жылжымалы автожанармай құю станцияларын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1396. Жылжымалы автожанармай құю станциялары арнайы бөлінген алаңдарда орналастырылады.

1397. Арнайы бөлінген алаңдағы жылжымалы автожанармай құю станцияларын пайдалануды бастар алдында:

1) бақылау-өлшеу аспаптары бойынша және көзбен шолып станцияның герметикалығы тексеріледі;

2) автожанармай құю станцияларының жерге тұйықтау өткізгіші алаңның жерге тұйықтау құрылғысына қосылады;

3) оны көлік құралының отын багының астына орнатуға арналған тұғырық көзделеді;

4) автожанармай құю станциясына көлік құралдарының кіруін кемінде 1 м шектейтін тосқауылдар белгіленеді;

5) ескерту белгісі мен ақпараттық қалқан орнатылады.

7-тарау. Байланыс және өрт сөндіру құралдарымен жабдықтау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1398. АЖҚС аумағы, ғимараттары, құрылыстары мен құрылымдары сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес автоматты өрт сөндіру және автоматты өрт дабылы, өрт кезінде адамдарды хабардар ету және эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдыкталады.

1399. АЖҚС, АГҚС өндірістік және қоғамдық үй-жайлары осы Қағидаларға 11-қосымшаның талаптарына сәйкес олардың өрт сөндіру қабілетіне, өрттің алаңы мен сыныбына қарай өрт сөндіргіштермен қамтамасыз етіледі.

1400. Резервуарлардың электр пульттері мен жануын сөндіру үшін көмірқышқылды немесе ұнтақты қол өрт сөндіргіштері көзделеді.

1401. Жылжымалы автожанармай құю станциялары сыйымдылығы 10 л бір ауа-көбікті өрт сөндіргішпен және сыйымдылығы 5 л бір ұнтақты өрт сөндіргішпен жарақталады.

1402. Өрт сөндіргіштерді орналастыру орындары тиісті көрсеткіш белгілерімен белгіленеді.

12-бөлім. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-параграф. Құрылыс, ғимараттар мен үй-жайлар аумақтарын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1403. Құрылыс басталғанға дейін құрылыс алаңында өртке қарсы бөліктерде орналасқан барлық құрылыстар мен құрылымдар бұзылады.

1404. Ғимараттар мен құрылыстарды салу кезінде жұмыс жүргізу жобасында құрылыстың барлық кезеңдерінде өрт қауіпсіздігі жөніндегі іс-шаралар көзделеді.

1405. Құрылыс аумағындағы өндірістік, қойма және қосалқы ғимараттар мен құрылыстар құрылысты ұйымдастыру жобасының құрамында әзірленген, белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарға сәйкес орналастырылады.

1406. Ауданы 5 га және одан астам құрылыс аумағында алаңның қарама-қарсы жағынан кемінде екі кіру жолы көзделеді. Жолдар жылдың кез келген уақытында өрт сөндіру автомашиналарының өтуі үшін жарамды жабынмен қамтамасыз етіледі. Кіруге арналған қақпалардың ені кемінде 4 м етіп көзделеді.

Құрылыс алаңына кіре берісте салынып жатқан және қосалқы ғимараттар мен құрылыстар, кірме жолдар, кіреберістер, су көздері, өрт сөндіру және байланыс құралдары салынған жоспарлар орнатылады (ілінеді).

1407. Барлық салынып жатқан және пайдаланылатын ғимараттарға (оның ішінде уақытша), құрылыс материалдарын, конструкциялары мен жабдықтарын ашық сақтау орындарына еркін кіру қамтамасыз етіледі. Салынып жатқан ғимараттарға кіреберістер мен жолдар салу негізгі құрылыс жұмыстары басталғанға дейін аяқталады. Ғимараттардың бойымен ені 18 м астам өту жолдары екі бойлық жағынан, ал ені 100 м астам – ғимараттың барлық жағынан көзделеді. Жүру бөлігінің шетінен бастап ғимараттардың, құрылыстар мен алаңдардың қабырғаларына дейінгі қашықтық 25 м аспайды.

1408. Темір жолдар арқылы өтетін барлық жолдар, өтпе жолдар, кіреберістер мен өткелдер жарамды күйде ұсталады және өрт сөндіру автомобильдерінің еркін өтуі қамтамасыз етіледі. Жолдар арқылы құбырларды немесе кабельдерді төсеу кезінде өткелдер, көпірлер немесе уақытша айналма жолдар орнатылады. Жөндеу жұмыстарының жүргізілгені немесе жолдардың, өтпе жолдардың уақытша жабылғаны туралы бас мердігер жақын маңдағы өрт сөндіру бөліміне дереу хабарлайды.

1409. Жанғыш материалдардың ашық қоймалары, сондай-ақ жанғыш материалдардан жасалған өндірістік, қойма және қосалқы құрылыстар орналасқан алаң құрғақ шөптен, қурайдан, қабықтан және жоңқадан тазартылады.

1410. Ашық алаңдарда жанғыш құрылыс материалдарын (ағаш кесу материалдары, толь, рубероид), жанғыш материалдардан жасалған бұйымдар мен конструкцияларды, сондай-ақ жанғыш орамдағы жабдықтар мен жүктерді сақтау кезінде ауданы 100 м² аспайтын қатарларда немесе топтарда орналастырылады. Қатарлар (топтар) арасындағы және олардан бастап салынып жатқан немесе қосалқы ғимараттар мен құрылыстарға дейінгі бөліктер кемінде 24 м етіп қабылданады.

1411. Салынып жатқан ғимараттарда осы бөлімнің ережелері сақталған жағдайда уақытша шеберханалар мен қоймаларды (жанғыш заттар мен материалдар қоймаларын,

қымбат тұратын және құнды жабдықтар, сондай-ақ жанғыш орамдағы жабдықтар қоймаларын, өндірістік үй-жайларды немесе жанғыш материалдарды өңдеумен байланысты жабдықтарды қоспағанда) орналастыруға жол беріледі.

Әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлар ғимараттардың 1-типті тұйық өртке қарсы қалқалармен және 3-типті қалқалармен бөлінген бөліктерінде орналастырылады.

Қорғалмаған көтергіш металл конструкциялар мен жанғыш полимер жылытқыштары бар панельдерден салынып жатқан ғимараттарда уақытша қоймаларды (қамбаларды), шеберханаларды және әкімшілік-тұрмыстық үй-жайларды орналастыруға жол берілмейді.

1412. Құрылыс аумағында, салынып жатқан және уақытша тұрмыстық ғимараттарда адамдардың тұруына жол берілмейді.

1413. Сөндірілмеген әк жеке тұрған жабық қойма үй-жайларында сақталады. Бұл үй-жайлардың едені жер деңгейінен кемінде 0,2 м көтеріледі. Сөндірілмеген әкті сақтау кезінде оған ылғалдың түсуіне жол берілмейді.

Әк сөндіруге арналған шұңқырлар оны сақтау қоймасынан кемінде 5 метр және басқа ғимараттардан, құрылыстар мен қоймалардан кемінде 15 метр қашықтықта орналастырылады.

1414. Объектілерді реконструкциялау, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, күрделі жөндеу және кезекпен пайдалануға беру кезінде алынып жатқан бөлігін қолданыстағы бөлігінен 1-типті уақытша өртке қарсы қалқалармен және 3-типті қалқалармен бөледі. Бұл ретте адамдарды ғимараттар мен құрылыстардың бөліктерінен қауіпсіз эвакуациялау шарттарының бұзылуына жол берілмейді.

1415. Салынып жатқан ғимараттар, уақытша құрылыстар, сондай-ақ қосалқы үй-жайлар салынып және реконструкцияланып жатқан ғимараттар, құрылыстар мен қосалқы үй-жайлар үшін осы Қағидаларға 11-қосымшада салынып және реконструкцияланып жатқан ғимараттарға, құрылыстар мен қосалқы үй-жайларға арналған бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті ең аз тізбесі сәйкес алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіледі.

1416. Ішкі өртке қарсы су құбыры мен жобада көзделген автоматты өрт сөндіру жүйелері объектіні тұрғызумен қатар монтаждалады.

Өртке қарсы су құбыры өңдеу жұмыстарын бастағанда, ал автоматты өрт сөндіру жүйелері мен дабыл жүйелері іске қосу, реттеу жұмыстарын (кабель құрылыстарында – кабель төсегенге дейін) жүргізгенде қолданысқа енгізіледі.

1417. Жобада көзделген өрт сөндіру депосы құрылыстың бірінші кезегінде тұрғызылады. Депо ғимаратын мақсатсыз пайдалануға жол берілмейді.

1418. Негізгі құрылыстар мен құрылыс базасын салуды бастағанға дейін өртке қарсы қызметті немесе өртке қарсы ерікті құралымдар мен өрт техникасын орналастыру үшін арнайы жылытылған үй-жайлар көзделеді.

2-тарау. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1419. Биіктігі 3 қабат және одан астам ғимараттарды салу кезінде сатылар саты торларын орнатумен қатар монтаждалады.

1420. Саты торларында ағаш басқыштар екі қабаттан аспайтын ғимараттарда ғана қолданылады.

1421. Құрылыс кезінде зақымданудан қорғау үшін жанбайтын сатылар жанғыш материалдармен жабылады.

1422. Жобалық құжаттамада қарастырылған сыртқы өрт сатылары, тіреушелер, түтік жалғау құбырлары мен салынып жатқан ғимараттардың жабындарындағы қоршаулар көтергіш құрылымдарды монтаждағаннан кейін бірден, ал биіктігі 50 метрден астам ғимараттарды салу кезінде – әрбір келесі қабаттың тұрғызылуына қарай орнатылады.

Жобалық құжаттамада көзделген түтік жалғау құбырларды монтаждау мүмкіндігі болмаған кезде әр қабатта өрт краны бар диаметрі 89 миллиметр уақытша түтік жалғау құбырлары орнатылады.

Ғимараттың тұрғызылуына қарай 50 метр және одан жоғары биіктікте орналасқан қабаттан бастап және одан жоғары мотопомпалары бар көлемі кемінде 3 текше метр уақытша аралық сыйымдылықтар орнатылады. Мотопомпалары бар уақытша аралық сыйымдылықтардың арасындағы аралық жоғары орналасқан қабаттарға өрт сөндіргіш заттарды беру кезінде қысымның жоғалуына байналысты есептеудің негізінде анықталады.

1423. Ғимараттарды үш қабат және одан астам етіп салу кезінде мүкәммал металл ағаштар қолданылады.

Құрылыстың құрылыс ағаштары олардың периметрінің әрбір 40 метріне бір сатымен немесе басқышпен, бірақ барлық ғимаратқа кемінде екі сатымен (басқышпен) жабдықталады.

Ағаш құрылымдарын жанғыш материалдармен жабуға (жылытуға) болмайды.

1424. Адамдарды биік ғимараттар мен құрылыстардан (түтін құбырларынан, мұнара градирнялардан, бөгеттерден, сүрлем үй-жайлардан) эвакуациялау үшін құрылыстың барлық кезеңіне жанбайтын материалдардан жасалған кемінде екі саты салынады.

1425. Жанғыш материалдардан жасалған қалып бір мезгілде үш қабаттан аспайтындай етіп жасалады. Бетонның қажетті төзімділігіне қол жеткізгеннен кейін ағаш қалыптар мен тақтайлар ғимараттан шығарылады.

1426 Ғимараттар мен құрылыстардың ішінде жанғыш заттар мен материалдарды ашық отты пайдаланумен байланысты басқа да құрылыс-монтаждау жұмыстарымен қатар орындауға болмайды.

1427. Металл құрылымдардың отқа төзімділік шегін арттыру мақсатында оларды қорғау жұмыстары ғимаратты тұрғызумен қатар жүргізіледі.

1428. Ғимараттарда жанғыш материалдар болған жағдайда ойықтар арқылы қабырғалар мен қалқаларға (ішкі және сыртқы қабырғалардың және қабатаралық қалқалардың жапсарларын герметизациялау, қажетті отқа төзімділік шектерін қамтамасыз ете отырып, инженерлік коммуникациялар өтетін орындарда тығыздау) өрттің таралуын болдырмау шаралары қабылданады.

1429. Жанғыш жылытқыштары бар құрылымдарды монтаждаумен немесе жанғыш жылытқыштарды қолданумен байланысты жұмыстар жұмысты орындаушыларға берілетін және құрылыстың өрт қауіпсіздігі үшін жауапты тұлға қол қойған рұқсат бойынша жүргізіледі.

Жұмыс жүргізу орындарында "От қауіпті – тез тұтанатын жылытқыш" деген аншлагтар ілінеді.

1430. Жабынға жанатын жылытқышты төсеу және гидроқшаулағыш кілемді орнату, тартқышты цемент-құм ерітіндісінен жасау, қорғайтын қиыршық тас қабатын төсеу, қоршау құрылымдарын монтаждау ауданы 500 м² аспайтын учаскелерде жанғыш жылытқыштарды қолдана отырып және 1000 м² аспайтын учаскелерде жануы қиын жылытқыштармен жүргізіледі.

1431. Жанатын жылытқыштарды темірбетон плиталардың бойымен пайдалану кезінде кемінде 30 миллиметр өндірістік ғимараттардың жабындарын тегістеу цемент-құм ерітіндісінен орындалады, темірбетон плиталар арасындағы жапсарлар мұқият қаланады.

1432. Жұмыс жүргізу орындарында жанғыш жылытқыштар мен жабынды рулон материалдары санының ауысым қажеттілігінен артуына жол берілмейді.

1433. Ауданы үлкен ғимараттардың жабындарында жанатын жылытқыш ұзындығы бойымен 50 метр сайын (корпус 80 метр және одан артық созылып жатқанда) ені кемінде 6 метр, керамзит қиыршық тасынан немесе басқа да жанбайтын материалдардан жасалған өртке қарсы белдеулермен бөлінеді.

1434. Жанатын жылытқыш салынып жатқан ғимараттан тыс, бөлек тұрған құрылыста немесе арнайы алаңда салынып жатқан және уақытша ғимараттардан, құрылыстар мен қоймалардан кемінде 18 метр қашықтықта сақталады.

Жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін пайдаланылмаған жанатын жылытқышты, осындай жылытқыштары бар жөнделмеген панельдер мен жабынды рулон материалдарын ғимараттардың ішінде немесе жабындарында, сондай-ақ өртке қарсы бөліктерде қалдыруға болмайды.

1435. Тоңазытқыш ғимараттар мен осыған ұқсас құрылыстарда құрылыс-монтаждау жұмыстары өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, бөліктер бойынша жүйелі түрде жүргізіледі.

1436. Бөлікте жылу оқшаулағыш орнатылғаннан кейін оның қалдықтары жинап алынады және дереу оттан қорғайтын жабын қабаты жағылады. Жұмыс жүргізу процесінде жанатын жылу оқшаулағыштың қорғалмаған ауданы 500 м² аспайтындай етіп және жануы қиын болғанда 1000 м² етіп қабылданады.

1437. Өртке қарсы белдеулерді, тоңазытқыш камераларда аймақтарды орнату кезінде жылытқыштың жанбайтын материалдардан жасалған қоршау құрылымдарына тығыз қабысуы қамтамасыз етіледі. Өртке қарсы белдеулерде, аймақтарда бекітілмеген тесіктер қалдыруға болмайды. Кезекті бөліктің жылу оқшаулағышын тек алдыңғы аймақтардың өртке қарсы белдеулерін тексергеннен және қабылдағаннан кейін ғана орнатуға кірісуге болады.

1438. Жанатын жылытқыштары бар панельдердің металл қаптамалары зақымдалған жағдайда, механикалық (бұрандалы) қосқыштардың көмегімен оларды жөндеу және қалпына келтіру бойынша шұғыл шаралар қабылданады.

1439. Полимерлі жылытқыштары бар панельдерді монтаждауды, жабынға полимерлік жылытқыштарды төсеуді, жабындарды орнату жұмыстарын жүргізу басталғанға дейін жобада көзделген барлық қоршаулар мен ғимараттардың жабынына шығу жолдары (саты торларынан, сыртқы сатылар арқылы) салынады. Өрт туралы хабарлау үшін жабынға шығу жолдарына телефондар немесе өзге де байланыс құралдары орнатылады.

1440. Өрт сөндіру мақсатында жабында жанатын жылытқышты қолдана отырып, ауданы 1000 шаршы метр және одан астам жабын төсеу бойынша жабын жұмыстарын жүргізу кезінде уақытша өртке қарсы су құбыры көзделеді. Өрт қрандары арасындағы қашықтық әрқайсысы секундына 5 литр шығынымен кемінде екі ағыста су жабынның кез келген нүктесіне беру шартымен қабылданады.

1441. Жабында гидро және бу оқшаулауды орнатумен, жанғыш жылытқыштары бар панельдерді монтаждаумен байланысты жұмыстарды жүргізу кезінде электрлік дәнекерлеу және басқа да от жұмыстарын жүргізуге болмайды.

Ашық отты қолданумен байланысты барлық жұмыстар жанғыш және жануы қиын материалдарды пайдалану басталғанға дейін жүргізіледі.

1442. Бу оқшаулау қабатын жабыстыру кезінде кескінделген төсем қабырғаларын битум шайырымен толтыруға және жобадан ауытқып, шайыр қабатын қалыңдатуға болмайды.

1443. Қабаты қалың рулон материалдарын балқыту үшін жабындарды темір бетон плиталарына және жанбайтын жылытқыштарды қолдана отырып, бүркемелерге орнатқанда ғана агрегаттар қолданылады.

1444. Жабындағы агрегаттарға отын құю екі өрт сөндіргішпен және құмы бар жәшікпен қамтамасыз етілген арнайы орында жүргізіледі. Жабында агрегаттарға құюға арналған отынды және отыннан босатылған бос ыдысты сақтауға жол берілмейді.

3-тарау. Мастикалармен, битуммен, полимер, басқа да жанғыш заттармен және материалдармен жұмыс істеу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1445. Жарылыс-өрт қауіпті бу бөлетін жанғыш заттар мен (құрамды дайындау және оны бұйымға салу) жұмыс істейтін үй-жайлар мен жұмыс аймақтары ағынды-сорғы желдеткішімен қамтамасыз етіледі.

Жұмысты қауіпсіз жүргізу үшін ауа алмасу еселігі есепке сәйкес жұмыс істеу жобасымен анықталады.

1446. Жанғыш заттарды пайдалану кезінде оның мөлшерінің ауысым қажеттілігінен асуына жол берілмейді. Жанғыш заттары бар сыйымдылықтар тек пайдалану алдында ғана ашылады, ал жұмыс аяқталғаннан кейін жабылып, қоймаға тапсырылады.

Жанғыш заттардан босаған ыдыс жаңа құрылыстың үй-жайларынан тыс арнайы бөлінген орында сақталады.

1447. Жанғыш заттардың қалдықтары арнайы жабық сыйымдылыққа жиналып, үй-жайлардан арнайы бөлінген орынға шығарылады.

1448. Жанғыш бояулар еденге тек табиғи жарық көзі бар кезде осы жұмыстарды жүргізуге жауапты адамның бақылауымен 100 м² аспайтын жерді қамти отыра жағылады. Жұмыстар үй-жайлардан шығу жолдарынан едәуір қашық орындарда, ал дәліздерде үй-жайлардағы жұмыс аяқталғаннан кейін басталады.

1449. Эпоксид шайырларды, желімдерді, мастикаларды, оның ішінде синтетикалық шайырлар негізіндегі лак, бояуларды жағуды және плита және рулонды полимер материалдарын жапсыру үй-жайларды түпкілікті сырламас бұрын барлық құрылыс-монтаждау және санитарлық-техникалық жұмыстар аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

1450. Жанғыш заттарды пайдалана отырып жұмыс істеу үшін ұшқын шығармайтын материалдардан (алюминий, мыс, пластмасса, қола) жасалған аспап қолданылады. Жанғыш заттар мен жұмыс істеу кезінде қолданылған аспап пен жабдық ашық алаңда немесе желдеткіші бар үй-жайда жуылады.

1451. Жанғыш заттармен және материалдармен (құрамында отқа қауіпті заттар бар рулонды, плиталы, эпоксид шайырлармен, мастикалармен) жұмысты өрт-техникалық минимум бағдарламасы бойынша оқудан және жұмыс басталар алдында өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтан өткен адамдар жүргізеді.

Жанғыш заттармен және материалдармен жұмыс істейтін үй-жайлар 100 м² үй-жайға екі өрт сөндіргіш және киіз есебінен алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіледі.

1452. Жанғыш сұйықтар желдеткішпен жабдықталған, жанбайтын материалдардан жасалған, бөлек тұрған құрылымдарда, сондай-ақ терезе ойықтары мен дербес эвакуациялық шығу жолы бар сыртқы қабырғаның қасында оқшауланған үй-жайларда сақталады.

1453. Өрт қауіпті заттармен және полимерлі материалдармен жұмыс тек құрылыстың өртке қарсы жай-күйін қамтамасыз ететін адамның жазбаша рұқсатымен ғана жүргізіледі.

1454. Оқшаулағыш және битум мастикаларын қайнату және қыздыру жанбайтын материалдардан жасалған қақпақтары тығыз жабылатын арнайы жарамды қазандықтарда жүзеге асырылады. Қазандықтар олардың сыйымдылығының төрттен үш бөлігінен аспайтындай етіп толтырылады.

Битум қайнату қондырғысын тікелей жабында орналастыруға болмайды.

1455. Битум қазандығын ашық ауада орналастыру кезінде олардың үстіне жанбайтын материалдардан жасалған шатыр орнатылады. Қайнату қазандығының айналасында өртке қарсы құралдардың жинағы (өрт сөндіргіштер, күректер мен құрғақ құм) көзделеді. Мастикалар мен битумдарды қайнатуға және қыздыруға арналған орын биіктігі 0,3 м аспайтын білікпен қоршалады. Қазандықтың от жағатын тесігі жанбайтын материалдан жасалған қайырмалы күнқағарлармен жабдықталады. Битум құрамдары қыздырылатын қазандықтарды қараусыз қалдыруға болмайды.

1456. Қазандықтардың топтағы саны үшеуден аспаса және қазандықтардың топтары арасындағы қашықтық кемінде 9 м болғанда олар топпен орналастырылады. Мастикалар мен битумдарды қайнату мен қыздыруға арналған орын арнайы бөлінген алаңдардан бөлінеді және мынадай қашықтықта орналастырылады:

1) отқа төзімділігі V, IV, IVa дәрежелі ғимараттар мен құрылыстардан – кемінде 30 м;

2) отқа төзімділігі III, IIIa, IIIб дәрежелі ғимараттар мен құрылыстардан – кемінде 20 м;

3) отқа төзімділігі I және II дәрежелі ғимараттар мен құрылыстардан – кемінде 10 м.

1457. Сұйылтылған газда жылжымалы қазандықтар жұмыс істеген кезде екеуден аспайтын мөлшердегі газ баллондары жұмыс істеп тұрған қазандықтардан кемінде 20 м қашықтықта орнатылған, жанбайтын материалдардан жасалған желдетілетін шкафтарда орнатылады.

1458. Көрсетілген шкафтар үнемі құлыппен жабылып ұсталады.

1459. Үй-жайлардың ішінде битум құрамдары электр қыздырғыштары бар бөшекелерде қыздырылады. Қыздыру үшін ашық отты пайдалануға болмайды.

1460. Битум мастикасымен жұмыс істеу кезінде жұмыс орындарына (қабаттарға) ыстық битум мастикасын жеткізу:

1) қақпақтары тығыз жабылатын арнайы металл бөшекелерде механикаландырылған тәсілмен жүзеге асырылады. Қақпақтар бак құлаған кезде ашылып кетуін болдырмайтын ысырма құрылғыларымен қамтамасыз етіледі. Мастиканы ашық ыдыспен тасымалдауға болмайды;

2) құрылыс құрылымдарына тігінен орнатылған учаскелерге бекітілген сорғымен ағып кетуіне жол бермей болат құбыр арқылы. Көлденең учаскелер мастиканы қызуға шыдамды шланг арқылы беруге болады.

1461. Шлангіні болат құбырмен қосу орнында ұзындығы 40-50 см сақтандыру қапшығы (брезенттен және басқа да материалдардан жасалған) кигізіледі.

1462. Мастика жағуға арналған қондырғының сыйымдылығын толтырғаннан кейін мастика құбырдан ағызылады.

1463. Араластыру кезінде қыздырылған битум еріткішке (бензин, скипидар) құйылады. Тек ағаш араластырғышпен ғана араластыруға болады.

1464. Битумды еріткіштермен араластыру орнынан 50 м радиуста ашық отты пайдалануға болмайды.

4-тарау. Дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-параграф. Жалпы ережелер

1465. Дәнекерлеу және ашық отты қолданумен байланысты жүргізілетін басқа да жұмыстар осы бөлімнің ережелеріне сәйкес орындалады.

1466. Дәнекерлеу және отпен жүргізілетін басқа да жұмыс орындарын:

1) осы мақсатта арнайы жабдықталған цехтарда, шеберханаларда немесе ашық алаңдарда ұйымдастырылатын тұрақты орындармен;

2) салынып жатқан немесе қайта жаңартылып жатқан ғимараттарда, тұрғын үйлерде және басқа да құрылыстарда, кәсіпорын аумақтарында жабдықты жөндеу немесе құрылыс монтаждау мақсатында жүргізілетін уақытша орындармен қарастыру қажет.

1467. От жұмыстарын тұрақты жүргізу орындары 10 бекеттен (дәнекерлеу және кесу шеберханалары) артық ұйымдастырылған кезде орталықтандырылған электрмен және газбен жабдықтау көзделеді.

1468. Дәнекерлеу шеберханасында 10-нан аспайтын дәнекерлеу бекеттері болған жағдайда әрбір бекет үшін оттегі және жанғыш газы бар бір қосалқы баллоннан болуға жол беріледі. Қосалқы баллондар жанбайтын материалдардан жасалған қалқандармен қоршалады немесе шеберханаларға арнайы жапсарлас құрылыстарда сақталады.

1469. Тұрақты дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу ұйымдастырылған үй-жайлардағы едендер жанбайтын материалдардан жасалады. Бөлшектерді алдын ала қыздырмастан дәнекерлеу жүргізілетін үй-жайларда жанбайтын негізде ағаш бөренелі едендер орнатуға болады.

1470. Дәнекерлеу және басқа да от жұмыстарын белгіленген тәртіппен өрт-техникалық минимумнан өткен және өрт қауіпсіздігі ережесінің талаптары біліктілігіне сынақ тапсырған адамдар жүргізеді.

1471. Ашық алаңдар мен арнайы шеберханаларда от жұмыстарын тұрақты жүргізу орындары кәсіпорын (ұйым) басшысының бұйрығымен анықталады.

1472. Уақытша электрдәнекерлеу және отпен жүргізілетін басқа да жұмыстарды жүргізу орындары, осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес объект басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның жазбаша рұқсатымен ғана айқындалады.

1473. Құрылыс алаңдарында және өрт қаупі бар орындарда ұйым басшысының жазбаша рұқсатын алмай от жұмыстарын белгіленген тәртіппен өрт-техникалық минимумынан өткен және өрт қауіпсіздігі қағидаларының талаптарын білуі бойынша сынақ тапсырған тиісті біліктілігі бар мамандар ғана жүзеге асырады. Жазбаша рұқсатсыз от жұмыстарын дербес жүргізуге жіберілген мамандардың тізімін объектінің басшысы бекітеді.

1474. Уақытша (бір жолғы) от жұмыстар жүргізуге рұқсат тек жұмыс ауысымына ғана беріледі. Егер бірдей жұмысты жүргізу кезінде олар бірнеше ауысым немесе күн бойы жүргізілетін болса, объектінің әкімшілігінен қайта рұқсат алу қажет емес.

Мұндай жағдайларда әрбір келесі жұмыс ауысымына көрсетілген жұмыс орындарын қайта тексергеннен кейін әкімшілік бұрын берілген рұқсатты растайды, ол жөнінде тиісті жазба жазады. От жұмыстарының жүргізілуіне уақтылы бақылауды қамтамасыз ету мақсатында осы жұмыстарға рұқсат құрылыс әкімшілігінен объектінің мемлекеттік емес өртке қарсы қызметі, ал жоқ жерлерде оларды жүргізер күннің қарсаңында ерікті өртке қарсы құралымдарға келіп түсуі тиіс.

1475. От жұмыстары жүргізілетін орындар алғашқы өрт сөндіру құралдарымен (өрт сөндіргіш, құм салынған жәшік және күрек, суы бар шелек) қамтамасыз етіледі. Объектіде ішкі өртке қарсы су құбыры болған жағдайда от жұмыстары жүргізілетін орынға өрт крандарынан оқпандары бар өрт сөндіру түтікқұбырлары төселеді. От жұмыстарымен айланысатын барлық жұмысшылар алғашқы өрт сөндіру құралдарын орынды пайдаланады.

1476. От жұмыстарын қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ететін адам жұмыс орнында өрт сөндіру құралдарының болуын тексереді.

1477. От жұмыстары тұрақты жүргізуге арналған орындарды өрт қауіпті және өрт-жарылыс қауіпті үй-жайларда орналастыруға болмайды.

1478. От жұмыстарын жүргізуге қарастырылатын технологиялық жабдық өрт-жарылыс қауіпсіз жай-күйіне:

- 1) өрт-жарылыс қауіпті заттардан босату;
- 2) қолданыстағы коммуникациялардан (от жұмыстарын жүргізуге дайындық үшін қолданылатын коммуникациялардан басқа) ажырату;
- 3) алдын ала тазалау, жуу, булау, желдету, жұту және флегматизациялау арқылы келтіріледі.

1479. Технологиялық жабдықтың ішін буландыру үшін берілетін су буының температурасы жанғыш будың (газдың) өздігінен тұтану температурасының 80 %-ға тең етіп қабылданады.

1480. Технологиялық жабдықты жуу ондағы будың (газдың) шоғырлануы олардың тұтану шегінен тыс немесе электр статикалық қауіпсіз режимде болғанда жүргізіледі.

1481. От жұмыстары жүргізілетін үй-жайларды, жабдықтар мен коммуникацияларды тазалау жарылыс қауіпті бу және тозақ-ауа қоспаларының түзілуін және тұтану көздерінің түзілуін болдырмайтындай тәсілдермен жүргізіледі.

1482. Металдың қызған бөліктерінің шектес үй-жайларға, көршілес қабаттарға түсуін болдырмау мақсатында барлық байқап тексеру, технологиялық және басқа да люктер (шағын люктер), желдеткіш, монтаждау және от жұмыстары жүргізілетін үй-жайлардың жабындары, қабырғалары мен қалқаларындағы басқа да ойықтар (тесіктер) жанбайтын материалдармен жабылады.

1483. От жұмыстарын жүргізу орны осы Қағидаларға 13-қосымшада көрсетілген радиуста жанғыш заттар мен материалдардан тазартылады.

1484. Көрсетілген радиустар шегіндегі құрылыс констукциялары, еден төсемдері, өңдеу және қаптау, сондай-ақ оқшаулағыш және жанғыш материалдардан жасалған жабдықтың бөлшектері оларға ұшқынның түсуінен металл экрандармен немесе жанбайтын материалдармен және қажет болған жағдайда су құйып қорғалады.

1485. От жұмыстары орындалатын үй-жайларда көрсетілген үй-жайларды басқа үй-жайлармен қосатын барлық есіктер, оның ішінде тамбур шлюздердің есіктері тығыз жабылады. Терезе жыл мезгіліне, үй-жайдағы температураға, отты жұмыстардың ұзақтығына, көлемі мен қауіптілік дәрежесіне байланысты ашық болады.

1486. Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар буының, жанғыш газдардың жиналуы мүмкін үй-жайлар отпен жұмысты жүргізбес бұрын желдетіледі.

1487. Жанғыш материалдар қолданылған ғимараттар мен үй-жайларда, құрылымдарда дәнекерлеу және кесу жұмыстарын жүргізуге арналған орын жанбайтын материалдан жасалған тұтас қалқамен қоршалады. Бұл ретте қалқаның биіктігі кемінде 1,8 метр, ал қалқа мен еден арасындағы саңылау 0,05 метрден артық емес етіп орындалады. Қыздырылған бөлшектердің ұшуын болдырмау үшін көрсетілген саңылаудағы ұяшық 1,0x1,0 миллиметрден аспайтын, жанбайтын материалдан жасалған тормен қоршалады.

Ескерту. 1487-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.02.2023 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1488. От жұмыстарын бастамас бұрын және оларды жүргізу барысында көрсетілген жұмыстар жүргізілетін технологиялық жабдықтағы және қауіпті аймақтағы бу, газ, ауа ортасының жай-күйін бақылау жүзеге асырылады.

Егер қауіпті аймақта немесе технологиялық жабдықта жанғыш заттар құрамы жоғарылаған немесе флегматизатордың шоғырлануы будың (газдың) шекті рұқсат етілген жарылыс қауіпсіз шоғырлану мәніне дейін төмендеген жағдайда от жұмыстары дереу тоқтатылады.

1489. От жұмыстары жүргізіліп жатқан жерлерде газдану мен тозаңдану себебінен өрттер мен жарылыстардың туындауына әкелуі мүмкін технологиялық жабдықтың люктері мен қақпақтарын ашуға, өнімдерді түсіруге, асыра тиеуге және құюға, оларды ашық люктер арқылы тиеуге, сондай-ақ өзге де операцияларды жүргізуге болмайды.

1490. Жұмыстағы үзіліс кезінде, сондай-ақ жұмыс ауысымының соңында дәнекерлеу аппараты электр желісінен ажыратылады, шлангілер жанғыш сұйықтықтар мен газдардан ажыратылады және босатылады, ал дәнекерлеу лампаларындағы қысым толықтай шығарылады.

1491. Жұмыс аяқталғаннан кейін барлық аппаратура мен жабдық арнайы бөлінген үй-жайға (орынға) жиналады.

1492. От жұмыстарын жүргізу кезінде мыналарға жол берілмейді:

1) аппаратура ақаулы болғанда жұмысқа кірісуге;

2) жанғыш бояулармен (лактармен) жаңадан сырланған конструкциялар мен бұйымдарда от жұмыстарын жүргізуге;

3) майлардың, бензиннің, керосин мен өзге де жанғыш сұйықтықтардың іздері бар киім мен қолғапты пайдалануға;

4) дәнекерлеу кабиналарында киімді, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар мен өзге де жанғыш материалдарды сақтауға;

5) электр сымдарының сығылған, сұйытылған және ерітілген газдары бар баллондармен жанасуына жол беруге;

6) жанғыш және улы заттармен толтырылған, сондай-ақ қысымы мен электр кернеуі бар аппараттар мен коммуникацияларда жұмыс істеуге;

7) жабынға гидроқшаулағыш пен буоқшаулағышты орнатумен, жанғыш және жануы қиын жылытқыштары бар панельдерді монтаждаумен, едендердің төсемдерін жапсырумен және жанғыш лактарды, желімдерді, мастикалар мен өзге де жанғыш материалдарды пайдалана отырып, үй-жайларды қаптаумен қатар от жұмыстарын жүргізуге;

8) электрдәнекерлеуші және газдәнекерлеуші (газ кескішпен) бір мезгілде жабық сыйымдылықтар мен үй-жайлардың ішінде жұмыс істеуге.

1493. Жанғыш және жануы қиын жылытқыштары бар жеңіл металл конструкцияларынан жасалған ғимараттардың элементтерінде от жұмыстарын жүргізуге болмайды.

1494. Салынып жатқан тоңазытқыштарда электрдәнекерлеу жұмыстары жанғыш материалдардан босатылған жамылғы қабаттары жағылған (сылақ, бетон немесе армобетон кергіштері) және өртке қарсы белдіктері бар камералар мен бөліктерде ғана жүргізіледі.

1495. Қоғамдық және тұрғын үй ғимараттарын күрделі жөндеу және қайта құру кезінде от жұмыстары жанатын конструкциялардың жануына қарсы және ұшқындардың ұшуына қарсы шаралар қабылданғаннан кейін орындалады.

1496. Өндірісті тоқтатпай күрделі жөндеу және қайта құру кезінде және от жұмыстарын жүргізу кезінде кәсіпорын әкімшілігі осы кезеңге ерікті нысанда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспарын әзірлейді.

1497. Өрт шығу қаупі неғұрлым жоғары орындарда, от жұмыстары көлемі көп болғанда, сондай-ақ биікте жұмыс істеу кезінде өрт сөндіру бекеттері (қызмет көрсетуші персонал, өртке қарсы ерікті құралым санынан) қойылады.

Биікте жұмыс істейтін жұмысшылардың электрод тұқылдарын жинауға арналған металл қораптары көзделеді.

От жұмыстарын 6 баллдан артық қатты жел тұрғанда биіктікте істеуге болмайды.

1498. Объект басшысы немесе өрт қауіпсіздігіне жауапты өзге лауазымды тұлға уақытша от жұмыстары аяқталғаннан кейін 3-5 сағат ішінде олар жүргізілген орындарды тексеруді қамтамасыз етеді.

5-тарау. Электрмен дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1499. Оқшаулағышы жоқ немесе оқшаулағышы зақымданған дәнекерлеу сымдарын пайдалануға, сондай-ақ стандартты емес қорғау аппараттарын қолдануға болмайды.

1500. Дәнекерлеу сымдары сығымдау, дәнекерлеу, балқытып біріктіру немесе арнаулы қысқыштар арқылы жалғастырылады. Электр сымдары электр тұтқышқа, дәнекерленетін бұйымға және дәнекерлеу аппаратына шайбалары бар бұрандамалармен бекітілген мыс кабель ұштарының көмегімен қосылады.

1501. Дәнекерлеу аппаратына, бөлу қалқанына және жабдыққа, сондай-ақ дәнекерлеу жұмыстары орындарына қосылған сымдар нақты оқшауланады және қажетті жерлерінде жоғары температураның әсерінен, механикалық зақымданудан немесе химиялық әсер етуден қорғалады.

1502. Электр дәнекерлеу машиналарының кабельдері (сымдары) оттегі құбырларынан кемінде 0,5 м, ацетилен және өзге жанғыш газдар құбырларынан кемінде 1,5 метр қашықтықта орналастырылады.

Кейбір жағдайларда газ құбыры қорғағыш металл құбырларда орналастырылған жағдайда көрсетілген қашықтықтарды қысқартуға болады.

1503. Дәнекерленетін бұйымды дәнекерлеу тогының көзімен қосатын кері өткізгіш ретінде кез келген профильдегі болат немесе алюминий шиналар, дәнекерлеу плиталары, стеллаждар және дәнекерлеу конструкциясы, егер олардың қимасы қыздыру шарттары бойынша дәнекерлеу тогының қауіпсіз ағуын қамтамасыз еткен жағдайда қолданылады.

1504. Кері өткізгіш ретінде пайдаланылатын кейбір элементтерін өзара біріктіру бұрандаларының, струбциналардың немесе қысқыштардың көмегімен орындалады.

1505. Өрт-жарылыс және өрт қауіпті үй-жайлар мен құрылыстарда электрдәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде кері өткізгіш дәнекерленетін бұйымнан

бастап ток көзіне дейін тек оқшауланған сыммен орындалады, әрі ол оқшаулау сапасы бойынша электр тұтқышқа қосылатын тікелей сымнан кем болмауы қажет.

1506. Кері өткізгіш ретінде ішкі темір жолдарды, жерге тұйықтау немесе нөлдендіру желілерін, сондай-ақ ғимараттардың металл конструкцияларын, коммуникациялар мен технологиялық жабдықтарды пайдалануға жол берілмейді. Мұндай жағдайларда дәнекерлеу екі сымды қолдану арқылы жүргізіледі.

1507. Дәнекерлеу генераторлары мен трансформаторлар, сондай-ақ ашық ауада орнатылатын барлық қосалқы аспаптар мен аппараттар дымқыл тартуға қарсы оқшаулағышпен жабық күйде қолданылады және жанбайтын материалдардан жасалған шатырлардың астынан орнатылады.

1508. Қолмен дәнекерлеуге арналған электр ұстағыштың құрылымы электродтарды берік ұстауды және тез ауыстыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ жұмыста уақытша үзіліс болғанда дәнекерленетін бөлшекке оның корпусының немесе ол кенет металл заттарға құлағанда қысқа тұйықталу мүмкіндігін болдырмайды. Электр ұстағыштың тұтқасы жанбайтын диэлектрлік және жылу оқшаулағыш материалдан көзделеді.

1509. Дәнекерлеу кезінде зауытта шығарылған, дәнекерлеу тогының номиналды шамасына сәйкес келетін электродтар қолданылады.

Электродтарды ауыстыру кезінде олардың қалдықтары (тұқылдары) дәнекерлеу жұмыстары орындарында орнатылатын арнайы металл жәшіктерге орналастырылады.

1510. Электрдәнекерлеу қондырғысымен жұмыс істеу кезінде жерге тұйықталады. Негізгі электр дәнекерлеу жабдығын жерге тұйықтаудан басқа, дәнекерлеу қондырғыларында қысқыш тікелей бұйымға өтетін (кері өткізгіш) өткізгіш қосылатын дәнекерлеу трансформаторының екінші орамына қосылады.

1511. Агрегат пен іске қосу тетігін тазалау күн сайын жұмыс аяқталғаннан кейін жүргізіледі. Дәнекерлеу жабдығына техникалық қызмет көрсету және жоспарлы жөндеу жұмыстары кестеге сәйкес жүргізіледі.

1512. Атомды-сутекті дәнекерлеуге арналған қондырғыларда доғаны қоректендіру бөлек трансформатордан жүргізіледі. Доғаны тікелей бөлу қорабынан кез келген түрдегі реттегіш арқылы қоректендіруге жол берілмейді.

1513. Атомды-сутекті дәнекерлеу кезінде жанарғыда тізбек үзілген жағдайда кернеуді автоматты ажырату және сутекті беруді тоқтату көзделеді.

1514. Іске қосылған жанарғыны қараусыз қалдыруға болмайды.

1515. Өрт-жарылыс қауіпті аймақтарда электрдәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде:

1) тұрақты ток көздерін қоректендіру көздері немесе құрылымында импульсті генераторлары бар, доғаның қайталана қозуы кезінде электрод пен дәнекерленуші бұйым арасындағы кернеуді көтеретін ("разряд" түріндегі ток көзі) ауыспалы токтың арнайы көздері қолданылады;

2) II-III сыныпты өрт қауіпті аймақтарда тозаңнан тазарту үшін қол жеткізу қиын орындар көбік түзгіштің екі пайыздық ерітіндісімен 1 м² алаңға 1 литр ерітінді есебімен өңделеді;

3) тік және төбелік жағдайда дәнекерлеу, диаметрі 4 миллиметрден аспайтын электродтармен орындалады. Бұл ретте дәнекерлеу тогының шамасы төменгі көлденең жағдайда дәнекерлеу кезіндегіден 20 % төмен көзделеді;

4) электрдәнекерлеу қондырғысын іске қосу алдында электрод тұтқышта электродтың болмауы тексеріледі.

6-тарау. Газбен дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1516. Тұрақты дәнекерлеу жұмыстары конструкциялары жанбайтын материалдардан жасалған, ацетилен генераторлары, оттегі баллондары мен дәнекерлеу бекеттері үшін оқшауланған үй-жайлары бар, арнайы бөлінген дәнекерлеу шеберханаларында жүргізіледі. Ацетилен генераторларына арналған үй-жайлар желдеткішпен және жеңіл алынып тасталатын конструкциялармен қамтамасыз етіледі. Генераторларды жертөле үй-жайларына орнатуға болмайды.

1517. Тасымалданатын ацетилен генераторларын пайдалануға рұқсатты қарамағында осы генераторлар болатын объектінің әкімшілігі береді.

1518. Тасымалданатын ацетилен генераторлары ашық алаңдарда орнатылады. Оларды жақсы желдетілетін үй-жайларда уақытша қолдануға жол беріледі.

Генераторларды жертөле үй-жайларында орнатуға жол берілмейді.

1519. Ацетилен генераторлары от жұмыстарын жүргізу орындарынан, сондай-ақ компрессорлармен және желдеткіштермен ауа жинау орындарынан кемінде 10 метр қашықтықта қоршалады және орналастырылады.

1520. Ацетилен генераторлары орнатылған жерлерге "Бөгде адамдарға кіруге болмайды – от қауіпті", "Темекі шегуге болмайды", "Отпен өтуге болмайды" деген аншлагтар (плакаттар) ілінеді.

1521. Жұмыс аяқталғаннан кейін тасымалданатын генератордағы кальций карбиді шығарылады. Генератордан шығарылатын әк лайы осы мақсатқа лайықталған ыдысқа шығарылады және лай шұңқырына немесе арнайы бункерге ағызылады.

1522. Ашық лай шұңқырлары қоршаумен қоршалады, ал жабықтары жанбайтын жабындармен, сорғы желдеткішімен және лайды шығаруға арналған люктермен жабдықталады.

1523. Лай сақтау орындарынан 10 метр кем радиуста темекі шегуге және ашық отты пайдалануға болмайды, ол жөнінде тиісті тыйым салу белгілері орнатылады.

1524. Газ өткізу шлангілері аппаратураның, жанарғылардың, кескіштер мен редукторлардың қосқыш ниппельдеріне қамыттардың немесе ниппельдің ұзындығы

бойымен кемінде екі жерінен жұмсақ күйдірілген (тоқылған) сымның көмегімен сенімді бекітіледі.

Су ысырмалары ниппельдеріне шлангілер тығыз кигізіледі, бірақ бекітілмейді.

1525. Кальций карбиді құрғақ, желдетілетін үй-жайларда сақталады.

Кальций карбидін сақтауға арналған қоймаларды жертөле үй-жайлары мен су басатын төменгі жерлерде орналастыруға болмайды.

Механикаландырылған қоймаларда кальций карбидінің барабандары тігінен үш қабат етіп, ал механика болмаған жағдайда көлденеңінен үш қатардан аспайтындай етіп және тігінен екі қатардан аспайтындай етіп сақталады. Барабандар қатарларының арасына қалыңдығы 40-50 миллиметр тақтай төселеді. Қатарлап төселген кальций карбиді барабандары арасындағы өту жолдарының ені кемінде 1,5 метр етіп көзделеді.

1526. Кальций карбидінің аралық қоймасы жоқ ацетилен қондырғыларының үй-жайларында бір мезгілде 200 килограммнан аспайтын кальций карбидін сақтауға болады, бұл жағдайда осы мөлшердің ішінен тек бір барабан ғана ашық күйде болуы тиіс.

1527. Кальций карбиді бар ашылған барабандар су өткізбейтін қақпақтармен қорғалады.

1528. Кальций карбиді бар барабандарды сақтау және ашу орындарында темекі шегуге, ашық отты пайдалануға және ұшқын шығаратын құралдарды қолдануға болмайды.

1529. Газы бар баллондарды сақтау мен тасымалдау олардың мойындарына сақтандыру қапқатары бұралғанда ғана жүзеге асырылады. Баллондарды тасымалдау кезінде жұлқылау мен соғуға жол бермеу қажет. Баллондар дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу орындарына арнайы арбалармен, зембілдермен, шанамен жеткізіледі.

1530. Газы бар баллондар оларды сақтау, тасымалдау және пайдалану кезінде күн сәулесі мен басқа да жылу көздерінің әсерінен қорғалады.

1531. Үй-жайларда орнатылатын баллондар жылу беру аспаптары мен пештерден кемінде 1,5 м, ал ашық от жылу көздерінен кемінде 10 м қашықтықта орналастырылады.

Жанарғылардан бастап (көлденеңінен) қайта іске қосатын рампалы (топтық) қондырғыларға дейінгі қашықтық кемінде 10 м, ал оттегі немесе жанғыш газы жекелеген баллондарға дейін кемінде 5 метір көзделеді.

Бір үй-жайда оттегі баллондары және жанғыш газдары бар баллондарды, сондай-ақ кальций карбидін, сырларды, бояулар мен майларды сақтауға жол берілмейді.

1532. Дәнекерлеу шеберханасында бесеуден аспайтын оттегі және бес қосалқы ацетилен баллондары орналастырылады.

Жұмыс орнында екеуден аспайтын жұмыс және қосалқы баллон ұстауға болады.

1533. Оттегіден немесе жанғыш газдардан босаған баллондармен жұмыс істеу кезінде толық баллондармен жұмыс істейтіндей қауіпсіздік шаралары сақталады.

1534. Газбен дәнекерлеу және газбен кесу жұмыстарын жүргізу кезінде мыналарға:

1) қатып қалған ацетилен генераторларын, құбырларды, бұрамаларды, редукторларды және дәнекерлеу қондырғыларының өзге де бөлшектерін ашық отпен немесе қызған заттармен жылытуға;

2) оттегі баллондарының, редукторлардың және өзге де дәнекерлеу жабдығының әртүрлі майлармен, сондай-ақ май тиген киіммен және май сіңген шүберекпен жанасуына;

3) бір су ысырмасынан екі дәнекерлеушінің жұмыс істеуіне;

4) өте ірі түйіршікті кальций карбидін салуға немесе оны аппараттың шүмегіне темір шыбықтың және сымның көмегімен итеруге, сондай-ақ карбид тозаңымен жұмыс істеуге;

5) кальций карбидін тиейтін дымқыл себеттерге немесе газ жинағышта су болған кезде тиеуге, сондай-ақ "карбидке су" генераторлары жұмыс істеген кезде көлемінің жартысынан артық карбид тиеуге;

6) жанғыш газдарға арналған шлангіні оттегімен және жанғыш газдардың оттегі шлангісін үрлеуге, сондай-ақ жұмыс кезінде шлангілерді өзара ауыстыруға;

7) ұзындығы 30 метрден, ал монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде 40 м асатын, белгіленген тәртіппен жазбаша рұқсат ресімделгеннен кейін ғана пайдалануға рұқсат берілетін шлангілерді қолдануға;

8) газ өткізу шлангілерін бұрауға, сындыруға немесе қысуға;

9) газ жинағышта ацетилен болған жағдайда генераторды тасымалдауға;

10) ацетилен генераторындағы газ қысымын әдейі жоғарылату немесе кальций карбидінің бір жолғы мөлшерін арттыру арқылы оның жұмысын жылдамдатуға;

11) кальций карбиді бар барабандарды ашу үшін мыс аспапты, сондай-ақ ацетилен аппаратурасын дәнекерлеу үшін және ацетиленмен жанасуы мүмкін басқа да орындарда дәнекерлеу үшін мысты пайдалануға жол берілмейді.

7-тарау. От жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-параграф. Металды кесу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1535. Бензинмен және керосинмен кесу жұмыстарын орындау кезінде жұмыс орны электрмен дәнекерлеу жұмысы кезіндегідей ұйымдастырылады. Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтардың төгілуіне жол бермеуге және дұрыс сақтауға, кесу режимін сақтауға және жанармайы бар бакты күтіп ұстауға ерекше назар аударылады.

1536. Бензинмен және керосинмен кесу жұмыстарын жүргізу орындарында жанармай қоры ауысым қажеттілігінен аспайтын мөлшерде сақталады. Жанармай жарамды, сынбайтын, тығыз жабылатын, арнайы ыдыста, отпен байланысты жұмыстарды жүргізу орындарынан кемінде 10 метр қашықтықта сақталады.

1537. Бензинмен және керосинмен кесу жұмыстары үшін бөгде қоспалары мен суы жоқ жанармай қолданылады. Кішкентай бакты оның көлемінен $\frac{3}{4}$ артық жанармаймен толтыруға болмайды.

1538. Кішкентай бак ақаусыз күйде ұсталады және герметикалы етіп жасалады. Кішкентай бакта манометр, сондай-ақ кішкентай бактағы қысымның 5 атмосферадан артық жоғарылауына жол бермейтін сақтандыру клапаны көзделеді.

10 атмосфералық қысымдағы сумен сыналмаған, жанғыш сұйықтық ағатын немесе ақаулы сорғысы бар кішкентай бактарды пайдалануға болмайды.

1539. Бензинмен кесу жұмыстарын бастамас бұрын барлық бензинмен және керосинмен кесу арматурасының ақаусыздығы, ниппельдердегі шлангілер қосқыштарының тығыздығы, салмалы гайкалар мен бастиектердегі бұрандалардың ақаусыздығы мұқият тексеріледі.

1540. Жұмыс орнында құйылған тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды тұтату арқылы кескіш буландырғышты қыздыруға жол берілмейді.

1541. Жанармайы бар кішкентай бак оттегі баллоны мен ашық от көзінен кемінде 5 метр және жұмыс орнынан кемінде 3 метр қашықтықта болады. Бұл ретте кішкентай бак жұмыс істеген кезде жалын мен ұшқын түспейтіндей орналастырылады.

1542. Бензинмен және керосинмен кесу жұмыстарын жүргізу кезінде мыналарға жол берілмейді:

1) жанармайы бар бактағы ауа қысымының кескіштегі оттегінің жұмыс қысымынан артық болуына;

2) шие түсіне дейін қатты қыздыруға, сондай-ақ кескішті жұмыс кезінде басымен жоғары қаратып тігінен іліп қоюға;

3) кескішке оттегі немесе жанармай беретін шлангілерді қысуға, бұрауға немесе сындыруға;

4) бензин немесе керосин бөлуге арналған оттегі шлангілерін кескіште пайдалануға.

2-параграф. Дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1543. Дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде жұмыс орны жанғыш материалдардан тазартылады, ал кемінде 5 метр қашықтықтағы жанғыш материалдардан жасалған құрылымдар жанбайтын материалдардан жасалған экрандармен қорғалады немесе су бүркіледі.

1544. Дәнекерлеу шамдары толықтай жарамдылықта ұсталады және нәтижелері мен тексерген күнін ерікті нысандағы журналға енгізе отырып, кемінде айына бір рет олардың төзімділігі мен герметикалығы тексеріледі. Бұдан басқа жылына кемінде бір рет гидравликалық бақылау сынағы жүргізіледі.

1545. Әрбір дәнекерлеу шамы зауыттың гидравликалық сынақ нәтижелері мен рұқсат етілген қысымы көрсетілген паспортпен қамтамасыз етіледі. Шамдар тиісті қысымда реттелген, серіппелі сақтандыру клапандарымен жаракталады.

1546. Дәнекерлеу шамдарына осы мақсат үшін арнайы бөлінген орындарда жанармай толтырылады және жағылады. Шамдарды толтыру кезінде жанармайдың төгілуіне және ашық отты пайдалануға жол берілмейді.

1547. Дәнекерлеу шамынан жалынның шығуын болдырмау үшін шамға құйылатын жанармай бөгде қоспалар мен судан тазартылады.

1548. Дәнекерлеу шамының жарылуын болдырмау үшін мыналарға жол берілмейді:

1) жанармай ретінде керосинмен жұмыс істейтін шамдар үшін бензин немесе бензиннің керосинмен қоспасын қолдануға;

2) ауа толтыру кезінде шамның резервуарындағы қысымды паспортта көрсетілген, рұқсат етілген жұмыс қысымынан жоғарылатуға;

3) шамға оның резервуарының 3/4 көлемінен артық жанармай құюға;

4) шам жанып тұрғанда немесе суымай тұрып, ауа винті мен отын құю тығынын ашуға;

5) ашық оттың маңында шамды жөндеуге, сондай-ақ одан жанармайды ағызуға және оған құюға.

8-тарау. Үй-жайларға жылу беру және кептіру қондырғыларын орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-параграф. Жалпы ережелер

1549. Ұтқыр (мүкәммал) ғимараттарды жылыту үшін бу және су калориферлері, сондай-ақ зауытта дайындалған электр қыздырғыштар пайдаланылады.

1550. Киім-кешек пен аяқ киімді кептіру осы мақсатқа арналған, орталықтан сумен немесе су калориферлерін қолдана отырып жылытылатын үй-жайларда, ғимараттарда немесе құрылыстарда жүргізіледі.

1551. Кептіргіштерді тамбурларда және ғимараттардың шығу жолдарында орналасқан басқа да үй-жайларда орнатуға болмайды.

1552. Полимер жылытқыштары бар металл конструкциялардан жасалған ғимараттарда құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде ғимараттардан тыс кемінде 18 метр қашықтықта немесе өртке қарсы қабырғалардан кейін жанарғы құрылғыларын орналастыра отырып, тек ауамен немесе сумен жылу беру жүйесі ғана қолданылады.

Жылу тасығыштары бар құбырлардан бастап қоршау құрылымдарына дейінгі қашықтықтың 100 метрден кем болуына жол берілмейді.

1553. Жылы будкаларда ашық отты пайдалануға, сондай-ақ отпен байланысты жұмыстарды жүргізуге және электр калориферлерін және инфрақызыл сәулелі газ жанағыларын қолдануға болмайды.

2-параграф. Үй-жайларды инфрақызыл сәулелі газ жанарғыларымен кептіру кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1554. Инфрақызыл сәулелі жанарғылары бар жылжымалы және тұрақты қондырғылар жанарғылар сөнген кезде газ беруді тоқтататын автоматты бұғаттағышпен жабдықталады.

1555. Инфрақызыл сәулелі газ жанарғыларын монтаждау мен пайдалануды газ жұмыстарын жүргізуге рұқсаты бар персонал жүргізеді.

1556. Еденге орнатылатын инфрақызыл сәулелі газ жанарғылары бар жылжымалы қондырғылар арнайы тұрақты тұғырмен қамтамасыз етіледі. Газы бар баллон қондырғы мен өзге де жылу беру аспаптарынан кемінде 1,5 метр, ал электр есептегіштен, ажыратқыштардан, розеткалар мен өзге де электр аспаптарынан кемінде 1 метр қашықтықта орналасады.

Жанарғылардан бастап жанғыш материалдардан жасалған құрылымдарға дейінгі қашықтық кемінде 1 метр, қиын жанатын заттарға дейін кемінде 0,7 метр, жанбайтын заттарға дейін 0,4 метр етіп көзделеді.

Сұйытылған газдағы қондырғыны монтаждау кезінде шлангілердің ұзындығы жұмыстың ыңғайлылығын қамтамасыз ететіндей мүмкіндігінше қысқа етіп көзделеді. Едәуір қашықтағы кептіру орнынан бастап қосу торабына дейінгі қашықтық 30 метрден аспайтындай етіп қабылданады. Қондырғы газ торабынан алысырақ болғанда болат құбырдан жасалған уақытша газ құбыры төселеді, ал оған жанарғылар иілгіш шлангілермен қосылады.

Иілгіш шлангілер қосқыштың герметикалығын қамтамасыз ететін бұрандалары мен гайкалары бар қамыттардың көмегімен редуктормен және құбырлармен қосылады. Иілгіш шлангілерді олардың майысуы мен қысылып қалуына жол бермей, кемінде 2 метр биіктікте төселеді.

1557. Инфрақызыл сәулелі газ жанарғылары бар қондырғылар жұмыс істеп тұрған орындарда жанғыш заттар мен материалдарды сақтауға, сондай-ақ оларды пайдалана отырып жұмыс істеуге болмайды.

1558. Инфрақызыл сәулелі газ жанарғыларын пайдалану кезінде мыналарға жол берілмейді:

- 1) жұмыс істеп тұрған қондырғыны қараусыз қалдыруға;
- 2) керамикасы зақымдалған, сондай-ақ ашық жалын шығаратын жанарғыларды пайдалануға;
- 3) егер үй-жайда газдың иісі шықса, қондырғыны пайдалануға;
- 4) жанарғылардың жылу сәулесін тікелей жанғыш материалдар, газы бар баллондар, газ құбырлары, электр өткізгіштері жағына бағыттауға;
- 5) газ қондырғыларын қатты отынды жылыту қондырғыларымен қатар пайдалануға.

1559. Ашық алаңдарда жұмыс істегенде (жұмыс орындарын жылыту үшін және дымқыл жерлерді кептіру үшін) тек желге тұрақты жанарғылар пайдаланылады.

3-параграф. Сұйық және газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін жылу генераторларын монтаждау және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1560. Ауа жылыту қондырғылары салынып жатқан ғимараттан кемінде 5 метр қашықтықта орналастырылады.

Көлемі 200 литрден аспайтын отын құятын ыдыс қолданылады және ауа жылытқыштан кемінде 10 метр және салынып жатқан ғимараттан кемінде 15 метр қашықтықта орналастырылады. Отын ауа жылытқышқа металл құбыр арқылы беріледі.

Отын құбырларында отынның төгілуін болдырмайтын зауытта шығарылған қосқыштар мен арматура қолданылады. Шығын багының отын құбырларында өрт немесе авария болған жағдайда қондырғыға отын беруді тоқтату үшін ысырма вентиль орнатылады.

Салынып жатқан ғимаратта пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарын сақтаған кезде сұйық отынмен жұмыс істейтін және кіріктірілген отын багы бар тасымалданатын немесе жылжымалы ауа жылытқыш аспаптарды қолдануға жол беріледі.

1561. Газ отынымен жұмыс істейтін қондырғыларды монтаждау мен пайдалану кезінде:

1) жылу шығаратын қондырғыларға зауыттың паспорты бар стандартты жанарғылар орнатылады;

2) жанарғылар жалынды үзбей және агрегаттың жылу жүктемесін қажетті реттеу шегінде оны жанарғыға өткізбей тұрақты жұмыс істеуі қажет;

3) жылу шығаратын қондырғылары бар үй-жайлардағы желдеткіш 1 сағатта үш еселік ауа алмасуды қамтамасыз етуі қажет.

1562. Жылу шығаратын қондырғыларды пайдалану кезінде мыналарға жол берілмейді:

1) отын құбырларының герметикалығы бұзылған, форсунка корпусы жылу шығаратын қондырғымен нығыз орнатылмаса, үй-жайға жану өнімдерінің өтуіне ықпал ететін түтін мұржалары, электр қозғалтқыштары мен іске қосу аппаратурасы ақаулы болса, сондай-ақ электр қозғалтқыштың жылу қорғағышы болмаса және басқа да ақаулары болса, қондырғымен жұмыс істеуге;

2) форсунка ретке келтірілмегенде (отын қалыпты жанбаса) жұмыс істеуге;

3) отын құбырларын қосу үшін резеңке немесе полихлорвениль шлангілері мен муфталарын пайдалануға;

4) қондырғы мен отын бактары жанына жанғыш қоршаулар орнатуға;

5) отын құбырларын ашық отпен қыздыруға;

6) қысқа мерзімге тоқтағаннан кейін ауамен үрлемей жылу шығаратын қондырғыны іске қосуға;

7) жұмыс қоспасын көру тесігі арқылы жағуға;

8) жылу шығаратын қондырғы жұмыс істеп тұрған кезде шамдар электродтарының арасындағы саңылауды реттеуге;

9) ауа жинау коллекторларында қорғағыш тор болмаған жағдайда жылу шығаратын қондырғыны іске қосуға.

4-параграф. Электр калориферлерді монтаждау және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1563. Тек зауытта дайындалған, желдеткіш жұмыс істемеген кезде қыздырғыш элементтерге электр энергиясын беруді болдырмайтын жарамды дабылы мен бұғаттағышы, шығатын ауаның температурасын бақылау және оны реттеу автоматикасы электр және жылу қорғағышпен көзделген электр калориферлерді монтаждауға және пайдалануға рұқсат етіледі.

1564. Электр калориферін монтаждау, жұмысқа дайындау, іске қосу дайындаушы зауыттың паспорттыңда көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылады.

1565. Электр калорифері корпусы мен желдеткіш арасына жұмсақ қыстырма үшін жанғыш материалдарды қолдануға болмайды.

1566. Электр калориферлерін пайдалану кезінде мыналарға жол берілмейді:

1) дабыл қаққышты немесе бұғаттағышты сөндіруге;

2) электр калориферден шығу жолындағы дайындаушы зауыт белгілеген ауа температурасын жоғарлатуға;

3) желдеткіш жұмыс істемей тұрғанда электр калориферді қосуға (бұғаттағыш қондырғыны әр іске қосар алдында тексеріледі);

4) электр калориферде немесе оның жанында киім немесе басқа да жанғыш материалдарды кептіруге;

5) жұмыс істеп тұрған электр калорифері орнатылған үй-жайда жанғыш заттар мен материалдарды сақтауға.

9-параграф. Өртке қарсы сумен жабдықтауды, өрт сөндіру және байланыс құралдарын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1567. Тұрақты сыртқы су құбыры желісін жүргізу және өрт гидранттарын орнату, сондай-ақ өрт сөндіру су айдындары мен басқа да су көздерін салу бойынша негізгі құрылыс жұмыстары басталған кезде оларды өрт сөндіру үшін пайдалануға болатындай есеппен жүргізіледі.

1568. Уақытша өрт резервуарларының (су айдындарының) сыйымдылығы, олардың саны, салынып жатқан объектідегі орналастыру орындары жобалау құжаттамасында анықталады.

1569. Сейсмикалығы 8 және 9 балл аудандарда сумен жабдықтау жүйелерінде бір көзді (оның ішінде бір ысырмада су алу кезінде үстіңгі көзді) пайдалану кезінде сыйымдылықтарда өрт сөндіруге арналған су көлемі "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентінде көрсетілгеннен екі есе артық көзделеді.

1570. Ауданы 300 м² және одан астам астам асханалар ғимараттың (құрылыстың) қасбетіне немесе тәулік бойы персонал болатын үй-жайға шығарылған автоматты өрт дабылымен жабдыкталады.

Салынып жатқан әрбір объектіде өртке қарсы қызметті шақыру тәртібі туралы тақта, өрт болған жағдайда жұмыс істейтін іс-қимылдар туралы жаднама, мемлекеттік емес өртке қарсы құралымдардың жауынгерлік есептоптарының тізімі, өртті сөндіру үшін күштер мен құралдарды тарту тәртібі ілінеді. Құрылыс аумағының көрінетін жерлерінде, "Өрт дабылы" деген жазуы ілінген, дабыл беру үшін дыбыс сигналдары көзделеді.

10-тарау. Өртке қарсы сумен жабдықтау көздерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1571. Өртке қарсы табиғи және жасанды сумен жабдықтау көздері (оның ішінде өртке қарсы су құбыры, өрт сөндіру су қоймалары, өрт сөндіру мақсатына арналған суды сақтау сыйымдылықтары), сондай-ақ суды жинау үшін оларға кіреберістер тұрақты жарамды күйде күтіп ұсталады.

1572. Алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 16.09.2022 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1573. Өрт гидранттары жарамды күйде ұсталады, гидранттардың құдықтары бөгде заттар мен жер асты суларынан тазартылады, қысқы уақытта жылы оралады, ал құдықтардың люктері қар мен мұздан тазартылады.

Ескерту. 1573-тармақ жана редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 15.08.2024 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1574. Су құбыры желісінің учаскелері ажыратылған, гидранттар бұзылған немесе желідегі қысым қажетті мөлшерден азаюы кезінде су арнасының (елді мекендердің су құбыры желілері бойынша) диспетчері немесе объектінің (ұйымның немесе кәсіпорынның су құбыры желілері бойынша) өртке қарсы сумен жабдықтауды қамтамасыз ететін адамы бұл туралы өртке қарсы қызметке хабарлайды.

1575. Өртке қарсы сумен жабдықтау көздерінің (оның ішінде өрт гидранттарының, өрт сөндіру су қоймаларының), өрт сөндіру машиналарын орнатуға арналған

пирстардың орналасу орындары, өрт сөндіру машиналарын ғимараттар мен құрылыстардың өрт түтіктеріне қосу орындары, сондай-ақ қозғалысты олардың болатын жерлеріне бағыттау стандарттау құжаттарының талаптарына сәйкес өрт қауіпсіздігі белгілерімен белгіленеді.

Жерасты өрт гидранты орналастырылған жердің жанында "ӨГ" әріптік индексі, нұсқағыштан бастап гидрантқа дейінгі метрдегі қашықтық цифрлық мәндермен жазылған жарықтандырылған немесе флуоресцентті нұсқағыш орнатылады.

Өрт сөндіру су қоймасында "ӨС" әріптік индексі, шаршы метрлердегі су қорының цифрлық мәндері және бір мезгілде су қоймасы алаңында қойылатын өрт сөндіру автомобильдерінің саны жазылған ұқсас нұсқағыш орнатылады.

1576. Ішкі өртке қарсы су құбыры жүйелерінің өрт крандары клапаны бар бұру тетігі үй-жайдың еденінің үстінен $1,35 \pm 0,15$ м биіктікте болатындай етіп орнатылады, түтікқұбырмен және оқпандармен жабдықталады және пломбаланатын өрт шкафтарына салынады. Қосарланған өрт крандарын бірінің үстінен бірін орнатуға жол беріледі, бұл ретте екінші кран еденнен кемінде 1 м биіктікте орнатылады.

Шкафтың есігінде "ӨК" әріптік индексі және реттік нөмірі көрсетіледі.

Өрт түтікқұбырлары құрғақ, жақсы оралып немесе бүктеліп жиналып крандар мен оқпандарға жалғанып ұсталады.

1577. Сорғы станциясының үй-жайларында өртке қарсы сумен жабдықтаудың жалпы схемасы және сорғыларды байлау схемасы ілінеді.

Әрбір ысырмада және өрт сорғы-көтергіште олардың мақсаты көрсетіледі.

Сорғы-көтергіштерді қосу тәртібі техникалық нұсқаулықтарда анықталады.

1578. Өрт сорғыларының электр қозғалтқыштарын қоректендіру кәсіпорынның электр жабдықтауымен үздіксіз қамтамасыз етіледі.

1579. Сыртқы және ішкі өртке қарсы су құбырларының су өлшеу құрылғыларының суландыру желілерінде электр жетегі бар ысырмалар көзделеді, ысырмаларды ашу өрт шкафтарында орнатылған түймелерден жүргізіледі және өртке қарсы су құбырының сорғы-көтергіштері болған жағдайда, оларды іске қосуды бұғаттайды.

Су өлшеу құрылғыларының суландыру желілерінде орнатылған электр жетегі бар ысырмалардың жұмыс қабілеттілігі жылына кемінде екі рет, ал өрт сорғылары ай сайын тексеріледі.

1580. Өртке қарсы мақсаттарға арналған сорғы қондырғылары қолмен және қашықтықтан басқарумен, ал биіктігі 50 м-ден асатын ғимараттар, мәдени-ойын – сауық мекемелері, конференц-залдар, акт залдары үшін және спринклерлік, дренчерлік қондырғылармен жабдықталған ғимараттар үшін қолмен, автоматты және қашықтықтан басқарумен көзделеді.

1581. Өртке қарсы мақсаттар үшін сорғылар автоматты немесе қашықтықтан іске қосу дабылымен қатар, өрт кранын ашумен, спринклерлік суландырғышты ашумен немесе дренчерлік жүйені қосумен (қолмен немесе автоматты) бір мезгілде су

құбырының кірмесіндегі су өлшегіштің айналма желісінде электрлендірілген ысырманы ашу дабылымен қамтамасыз етіледі.

1582. Табиғи немесе жасанды су көздері (өзендер, көлдер, бассейндер, градирнялар) жылдың кез келген уақытында өрт сөндіру автомобильдерін орнату және су жинау үшін өлшемі кемінде 12 x 12 м қатты төсемі бар алаңдарымен (пирстарымен) кіреберістермен қамтамасыз етіледі.

1583. Жасанды су қоймаларын, су көздеріне кіреберістер мен су жинағыш құрылғыларды үнемі әзірлікте ұстауды құрылыстардың меншік иелері қамтамасыз етеді.

1584. Су мұнаралары жылдың кез келген уақытында өрт техникасының су алуы үшін бейімделеді.

Өрт сөндіру мақсаттарына арналған су қорын шаруашылық және өндірістік қажеттіліктер үшін пайдалануға жол берілмейді.

1585. Өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерінің жабдығы (өрт гидранттары, өрт крандары, сумен және көбікпен өрт сөндіру түтіктері, сондай-ақ су бүрку құбыр жүйелері) пайдалануға қабылдаудың алдында және жылына кемінде екі рет (көктемде және күзде) техникалық қарап-тексеріледі, су жіберу арқылы олардың жұмыс қабілеттілігі (су беруі) тексеріледі.

Техникалық қарап-тексеруге жатады:

1) механикалық зақымдардың (сызаттардың, жарықшақтардың және тағы басқаларының) бар-жоғын анықтау, лак-бояу жабынының тұтастығын айқындау мақсатында өрт кранын қарап-тексеру;

2) жиынтығын тексеру;

3) өрт түтікқұбырының кранға және оқпанға жалғану дұрыстығын және оларды алып-салудың жеңілдігін бақылау;

4) өрт оқпаны мен крандағы, түтікқұбырдағы және түтік бағанындағы жалғама бастиектердің резеңке төсемшелерінің жай-күйін тексеру;

5) кранның су беруіне гидравликалық сынақтарды жүргізу және (немесе) түтіктерге су беру;

6) қысымды жоғарылататын сорғыны қосатын, сыртқы және ішкі өртке қарсы су құбырының жиекті желісіндегі электр ысырмасын ашатын түйменің жарамдылығын тексеру;

7) өрт сөндіру түтікқұбырының оралуы;

8) өрт кранының пломбалануы.

Ішкі өртке қарсы сумен жабдықтауды сынау +50С-ден төмен емес температурада жүргізіледі.

Ішкі өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерінің су беруін техникалық қарап-тексеру және тексеру нәтижелері, актімен және сынау хаттамасымен рәсімделеді.

Су өткізу желісінің су беруін тексеру актісінің, өрт гидранттарын тексеру актісінің, ішкі өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерінің жұмыс қабілеттілігін сынау актісінің, су беруді сынау хаттамасының және өрт крандары клапандарының жұмыс қабілеттілігін сынау хаттамасының нысандары осы осы Қағидаларға 14-қосымшада келтірілген.

Өрт қауіпсіздігі қағидаларына
1-қосымша

Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулық

1. Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулық осы Қағидалардың талаптары негізінде, ғимараттардың, құрылыстардың, технологиялық процестердің, технологиялық және өндірістік жабдықтың өрт қауіптілігі ерекшелігін негізге ала отырып әзірленуі тиіс.

2. Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтарда мынадай мәселелерді көрсету қажет:

1) аумақтарды, ғимараттарды, құрылыстар мен үй-жайларды, оның ішінде эвакуациялау жолдарын күтіп ұстау;

2) жабдықты пайдалану және өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу кезінде технологиялық процестердің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) жарылыс-өрт қауіпті және өрт қауіпті заттар мен материалдарды сақтау және тасымалдау;

4) жұмыс аяқталғаннан кейін үй-жайларды қарап тексеру және жабу;

5) темекі шегу, ашық отты қолдану және от және өзге де өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу үшін орындарды орналастыру;

6) жанғыш заттар мен материалдарды жинау, сақтау және жою, арнайы киім-кешекті ұстау және сақтау;

7) үй-жайларда бір мезгілде болатын шикізат, жартылай фабрикаттардың және дайын өнімнің рұқсат етілген мөлшері;

8) ауытқуы өрттің немесе жарылыстың шығуына әкелуі мүмкін бақылау-өлшеу аспаптарының шекті көрсеткіштері (манометрлер, термометрлер).

Өрт кезінде персоналдың іс-әрекеттері, оның ішінде:

1) өртке қарсы қызмет бөлімшелерін шақыру;

2) технологиялық құрал-жабдықты авариялық тоқтату;

3) желдеткіш пен электр жабдықтарын ажырату;

4) өрт сөндіру құралдары мен өрт автоматикасын пайдалану;

5) адамдарды, жанғыш заттар мен материалдық құндылықтарды эвакуациялау;

6) кәсіпорынның барлық үй-жайларын қарап тексеру және жарылыс-өрт қауіпсіз күйіне келтіру.

Эвакуациялау жоспарын жасау жөніндегі нысан

1. Ғимараттар мен құрылыстарда (тұрғын үйлерден басқа) қабатта бір мезгілде 10-нан астам адам болған кезде өрт шыққан жағдайда адамдарды эвакуациялау жоспарлары әзірленеді.

Эвакуациялау жоспарлары графикалық және мәтіндік бөлімдерден тұрады. Графикалық бөлім ғимаратты немесе құрылысты эвакуациялық шығу жолдарын (саты торларын, сыртқы ашық сатыларды, тікелей сыртқа шығу жолдарын), көрермендер мен қызмет көрсетуші персоналдың қозғалыс маршруттарын, сондай-ақ қол өрт хабарлағыштары түймелерінің, телефон аппараттарының, өрт сөндіру құралдарының (өрт сөндіру крандарының, өрт сөндіргіштердің) орналасқан орындарын көрсете отырып, әр қабатты (әр секторды) жоспарлауды қамтиды.

Мәтіндік бөлімде адамдарды эвакуациялаудың тәртібі мен реті, қызмет көрсетуші персоналдың міндеттері, сондай-ақ жарыстарға немесе мәдени ойын-сауық іс-шараларына өрт туралы құлақтандыру және адамдардың эвакуациялық шығу жолдарына қозғалысын ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету жөніндегі күштерін жұмылдыру жазылады.

2. Эвакуациялау жоспарын әзірлегенде өрттің пайда болуы аса ықтимал жерлерге, оның дамуы ықтимал сипатына, құрылыстың көрермендермен толықтығына және жарыстар мен мәдени-сауықтыру іс-шараларын жүргізу үшін жұмылдырылған қосымша күштердің болуына қарай адамдарды эвакуациялаудың бірнеше (3-5) түрі көзделеді.

Эвакуациялау жоспарларының мәтіндік бөлімде әрбір нұсқа бойынша мыналар:

өрт туралы адамдарға құлақтандыру жүйесін ұйымдастыру (эвакуациялау қажеттілігі, құлақтандыру аймағы мен құлақтандыру әдістері, құлақтандыру құрамы туралы кім шешім қабылдайды);

қызмет көрсету персоналының тұлғалар санын, сондай-ақ эвакуациялауға жұмылдырылған қосымша күштерді (оларды жинау тәртібі, жинау орындары, аймақтар мен секторлар бойынша жауаптылар, жинау дабылдары);

эвакуациялау жолдары (олардың ұзақтылығы мен бағыты, эвакуациялау жолына жауаптылар, эвакуация кезінде қозғалыс тәртібі, қызмет көрсету персоналының және эвакуациялау үрдісіне қатысудағы қосымша күштердің міндеттері);

эвакуациялау жолының соңғы пункттері (эвакуацияланғандарды бөліп жайғастыру тәртібі, қажет болса, оларға медициналық қызмет көрсету);

көрермендерді эвакуациялау үшін қосалқы шығу орындарын қолдану, арнайы жабдықты қолдану мүмкіндігі, сондай-ақ эвакуациялауды ұйымдастыруға және оны ойдағыдай өткізуге арналған әртүрлі техника мен инженерлік жүйелерді (түтін жою

жүйесін, автоматты өрт сөндіру қондырғыларын, ішкі телефон және радио байланысын) қолдану көзделеді.

3. Жоспардың графикалық бөлімінде эвакуациялауда адамдардың қозғалу жолдары (эвакуациялық шығу бағытына қарай көрсеткіштері бар жасыл түсті тұтас сызықпен) көрсетіледі. Құрылыс ішінде адамдар жаппай жиналған болса, жоспарларда бұл аймақтарды эвакуациялау бағыттары көрсетілген, түрлі түсті реңктермен белгіленген эвакуациялық жолдарды қарастыру керек. Эвакуациялау жоспарында қосалқы эвакуациялау жолдары (жасыл түсті ирек жолмен) көрсетіледі.

4. Эвакуациялау жоспары (графикалық және мәтіндік бөлімдері) көрнекті рәсімделіп, өрт сөндіру бекеттері мен қызмет көрсету персоналының тәулік бойы кезекшілігі бар басқа да үй-жайда, сондай-ақ объектінің басшылығында көзге көрінетін жерде тұрады.

Графикалық бөлімдегі белгілердің толық жазылуы эвакуациялау жоспарының астында мемлекеттік және орыс тілдерінде беріледі.

5. Жалпы құрылыс үшін жалпы эвакуациялау жоспарынан басқа әр аймақ (сектор, үй-жайлар тобы) аймақтар мен секторлар бойынша жауапты кезекшілер болуы тиіс, өрт қауіпсіздігі шаралары мен өрт жағдайларындағы тәртіп ережелері туралы жаднамасы бар жалпы эвакуациялау жоспарынан үзінділермен (әртүрлі нұсқалар) қамтамасыз етіледі.

Эвакуациялау жоспарының үзіндісінде басқыш алаңдары, лифттер мен лифт холлдары, есік, балкон, дәліз, сыртқы басқыштарға арналған ойықтардың белгілері бар бөлмелер көрсетіледі.

Эвакуациялау жоспарынан үзінді арналған үй-жай сектордың, аймақтың әр қабаттық жоспарында "Сіз тұрған үй-жай, аймақ..." деген жазумен белгіленеді. Эвакуациялау жолы бұл үзіндіде жасыл түсті тұтас сызықпен көрсетіледі.

Эвакуациялау бағытын көрсететін сызықтар қаралып жатқан үй-жайдан қауіпсіз жерге немесе тура сыртқа шығу орнына дейін жүргізіледі.

Эвакуациялау жоспарынан алынған үзінді үй-жайда көзге көрінетін жерде шынының (пленканың) астына іледі, жоспардан алынған үзіндінің көлемі 20x30 см кем емес.

Эвакуациялау жоспарынан алынған үзіндінің астында қолданған белгілердің түсінігі беріледі.

Үзіндінің мәтіндік бөлігінде қызмет көрсету персоналының және адамдарды эвакуациялауға жұмылдырылған күштердің міндеттері мен әрекеттерінің бірізділігі көрсетіледі.

Эвакуациялаудың жалпы жоспарынан алынған үзіндінің мәтіндік бөлігі аймақтан, сектордан, үй-жайдан эвакуациялауға жауапкершілік атқаратын адамда болады.

Эвакуациялау жоспарын кәсіпорынның, ұйымның басшысы бекітеді.

Үзіндінің мазмұнымен (қолдарын қойып) барлық қызмет көрсету персоналы, сондай-ақ көрермендерді эвакуациялауға жұмылдырылған барлық қосалқы күштер танысады.

Өрт қауіпсіздігі қағидаларына
3-қосымша

Бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті ең аз көлемі

1. Объектіде (ғимаратта, құрылыста) өрт сөндіргіштердің типін таңдау және қажетті санын анықтау олардың өрт сөндіру қабілетіне, жанғыш материалдың түрі бойынша өрт сыныбына, қорғалатын үй-жайдың немесе технологиялық жабдықтың ерекшеліктеріне және басқа да параметрлерге (оның ішінде қорғалатын үй-жайдағы ортаның температурасына, өрт сөндіргіштен өрт сөндіргіш заттың ағынының ұзындығына, оның жұмыс істеу уақытына және өрт сөндіргіштің сыйымдылығына) байланысты жүзеге асырылады.

2. Өрт сөндіргіштің типі (тасымалданатын немесе жылжымалы) ықтимал өрт ошағының ауданына байланысты анықталады. Қорғалатын үй-жайда құрама өрт ошақтарының шығуы ықтимал жағдайда өрт сөндіргіштің типін таңдаған кезде қолданылу саласы бойынша барынша әмбебап өрт сөндіргіштер алынуы тиіс.

3. Жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша әртүрлі санаттағы ғимараттардың, құрылыстардың және құрылымдардың үй-жайларын қорғауға арналған өрт сөндіргіштер саны бір өрт сөндіргішпен қорғалатын шекті ауданға және осы қосымшаның 1 және 2-кестелеріне сәйкес үй-жайдың жалпы ауданына байланысты анықталады.

4. Өрттің ықтимал ошағынан бастап өрт сөндіргішті орналастыру орнына дейінгі қашықтық:

- 1) қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар үшін – 20 м;
- 2) А, Б және В1-В4 санаттарындағы үй-жайлар үшін – 30 м;
- 3) Г санатты үй-жайлар үшін – 40 м;
- 4) Д санатты үй-жайлар үшін – 70 м.

5. Қоғамдық ғимараттар мен құрылыстарда әр қабатта кемінде екі қол өрт сөндіргіші орналастырылуы тиіс

6. Жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша Д санатты, ауданы 100 м² кем үй-жайларды қол өрт сөндіргіштерімен жарақтамауға рұқсат етіледі.

7. Жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша бір санатағы бірнеше шағын үй-жайлар болған кезде қажетті өрт сөндіргіштер саны осы қосымшаның 1 және 2-кестелері бойынша осы үй-жайлардың жиынтық ауданын есепке алып анықталады.

8. Кәсіпорыннан қайта зарядтауға жөнелтілген өрт сөндіргіштер зарядталған өрт сөндіргіштердің тиісті санымен алмастырылуы қажет.

9. Қымбат электронды жабдығы бар, сондай-ақ тарихи құндылыққа ие заттарды сақтауға арналған үй-жайларды (оның ішінде телефон станцияларының, мұражайларлардың, мұрағаттардың үй-жайларын) қорғау үшін өрт сөндіру кезінде жоғарыда аталған заттардың өрт сөндіргіш затпен зақымдану қаупін болдырмау үшін ауа-эмульсиялық және көмірқышқыл өрт сөндіргіштер қолданылуы тиіс.

10. Автоматты стационарлық өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықталған үй-жайлар нормативтік тиістіліктің 50 % есебінің негізінде қол өрт сөндіргіштерімен қамтамасыз етіледі.

11. Объектіде орналастырылған барлық өрт сөндіргіштердің белгіленген нысандағы паспорттары болуы қажет.

12. Өрт сөндіргіштерді көрінетін жерлерде және үй-жайдан эвакуациялық шығу жолдарының жанында еденнен 1,5 артық емес биіктікте орналастыру жүзеге асырылады және өрт кезінде адамдарды ғимараттан қауіпсіз эвакуациялауға кедергі келтірмеуі қажет.

Толық массасы 15 кг кем өрт сөндіргіштер олардың үсті еденнен 1,5 м аспайтын биіктікте орналасатындай етіп орнатылуы тиіс.

Толық массасы 15 кг және одан астам тасымал өрт сөндіргіштер өрт сөндіргіштің үсті 1,0 м аспайтын биіктікте орналасатындай етіп орнатылуы тиіс. Оларды кенеттен әсер етуден ықтимал құлап қалуларынан міндетті бекітіліп еденге орнатуға болады.

13. Өртке қарсы жайма, өрт сөндіруге арналған қылшық жүнді мата немесе киіз (төсеніш, жанбайтын материалдан жасалған жамылғы) қақпақты металл футлярларда сақталуы және үш айда кемінде бір рет кептірілуі және тозаңнан тазартылуы қажет.

14. Бастапқы өрт сөндіру құралдарын, механикаландырылмаған құрал-саймандар мен өрт мүлкін ішкі өрт сөндіру су құбырымен және автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықталмаған өндірістік және қойма үй-жайларында, сондай-ақ сыртқы өртке қарсы су құбыры жоқ кәсіпорындардың (ұйымдардың) аумағында орналастыру үшін немесе осы кәсіпорындардың ғимараттары, құрылыстары және сыртқы технологиялық қондырғылары сыртқы өртке қарсы сумен жабдықтау көздерінен 100 м астам қашықтықта шалғай орналасқан кезде өрт қалқандары жабдықталады.

Өрт қалқандарының қажетті саны мен олардың типі осы қосымшаның 3-кестесіне сәйкес үй-жайлардың, ғимараттардың, құрылыстардың және сыртқы технологиялық қондырғылардың жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша санатына, бір өрт қалқанының шекті қорғайтын ауданына және өрттің сыныбына байланысты анықталады.

15. Өрт қалқандары осы қосымшаның 4-кестесіне сәйкес алқашқы өрт сөндіру құралдарымен, механикаландырылмаған өрт құрал-саймандарымен және өрт мүлкімен жинақталуы тиіс.

16. Өрт қалқанының жанына орнатылатын су сақтауға арналған бөшекелердің көлемі кемінде 0,2 м болуы және олар шелекпен жинақталуы қажет. Құм салуға арналған жәшіктердің көлемі 0,5 м³, 1,0 м³ немесе 3,0 м³ болуы және қалақ күрекпен жабдықталуы керек. Жәшіктің конструкциясы құм алып шығуға қолайлы болуы және жауын-шашынның түсуін болдырмауы қажет.

17. Құм салынған жәшіктер қалқандармен бірге үй-жайларда немесе тез тұтанатын немесе жанғыш сұйықтықтардың төгілуі ықтимал ашық алаңқайларда орнатылады.

1-кесте

Үй-жайларды тасымалданатын өрт сөндіргіштермен жарактау жөніндегі ең аз тізбе

Үй-жайлардың функционалдық мақсатының атауы және жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша өндірістік немесе қойма үй-жайының (ғимараттың, құрылыстың) санаты	Өрт сөндіргіштердің тиісті типімен қорғалатын үй-жайдың ең үлкен ауданы, м ²	Өрт сыныбы	Өрт сөндіргіштердің типіне және корпусының көлеміне қарай өрт сөндіргіштердің қажетті саны							
			Көлемі 10 л көбікпен және сумен өрт сөндіргіштер	Көлемі л ұнтақпен өрт сөндіргіштер, (өрт сөндіргіш заттың массасы, кг)			Ауа-эмульсиялық көлемі л өрт сөндіргіштер		Көлемі л көмірқышқыл мен өрт сөндіргіш заттың массасы, кг)	
				2(2)	5(4)	10(9)	3	6	2(2)	3(5), 5(8)
А, Б, В1-В4 (жанғыш газдар мен сұйықтықтар)	200	A	2++	-	2+	1++	1++	1+	-	-
		B	4+	-	2+	1++	1+	1+	-	-
		C	-	-	2+	1++	-	-	-	-
		D	-	-	2+	1++	1+	1+	-	-
		(E)	-	-	2+	1++	-	-	-	2++
В1-В4 (қатты жанғыш заттар мен материалдар)	400	A	2++	4+	2++	1+	1++	1+	-	2+
		D	-	-	2+	1++	1+	1+	-	-
		(E)	-	-	2++	1+	-	-	4+	2++
		C	-	4+	2++	1+	-	-	-	-

Г және Д	1800	A	2++	4+	2++	1+	1++	1+	-	-
		D	-	-	2+	1++	1+	1+	-	-
		(E)	-	2+	2++	1+	-	-	4+	2++
Қоғамдық ғимараттар	800	A	4++	8+	4++	2+	2++	1++	-	4+
		(E)	-	-	4++	-	4+	-	4+	2++

Ескертпелер: 1. "++" белгісімен қорғау объектілерін жарактауға ұсынылатын өрт сөндіргіштер, "+" белгісімен ұсынылатын өрт сөндіргіштер болмаған кезде және тиісінше негізделген кезде қолдануға рұқсат етілетін өрт сөндіргіштер, "-" белгісімен осы қорғау объектілерін жарактау үшін рұқсат етілмейтін өрт сөндіргіштер белгіленген.

2. Өртүрлі сыныпты өрттерді сөндіру үшін ұнтақпен өрт сөндіргіштерде тиісті зарядтары болуы қажет: А сыныбы үшін - ABC (E) ұнтағы; В,С және (E) сыныптары үшін - BC(E) немесе ABC (E) және D - D.

3. D сыныпты өрттерді сөндіру үшін ауа-эмульсиямен сөндіргіштердің тиісті өрт сөндіргіш заттарының зарядтары мен тиісті таңбалануы болуы тиіс.

2-кесте

Үй-жайларды жылжымалы өрт сөндіргіштермен жарактау жөніндегі ең аз тізбе

Жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша өндірістік немесе қойма үй-жайының ғимараттың, құрылыстың) санаты	Өрт сөндіргіштердің тиісті типімен қорғалатын (үй-жайдың ең үлкен ауданы, м ²)	Өрт сыныбы	Өрт сөндіргіштердің типіне және корпусының көлеміне қарай өрт сөндіргіштердің қажетті саны					
			Көлемі 100 л ауа-көбікпен өрт сөндіргіштер	Көлемі 50 л ауа-эмульсиялық өртсөндіргіштер		Көлемі 100 л ұнтақпен өрт сөндіргіштер	Көлемі л көмірқышқыл мен өрт сөндіргіштер	
				25	50		25	80
А, Б, В1-В4 (жанғыш газдар мен сұйықтықтар)	500	A	1++	2++	1++	1++	-	3+
		B	2+	2++	1++	1++	-	3+
		C	-	-	-	1++	-	3+
		D	-	-	-	1++	-	-
		(E)	-	-	-	1+	2+	1++
В1-В4 (қатты жанғыш заттар мен материалдар), Г	800	A	1++	2++	1++	1++	4+	2+
		B	2+	2++	1++	1++	-	3+
		C	-	-	-	1++	-	3+
		D	-	-	-	1++	-	-
		(E)	-	-	-	1+	1++	1+

Ескертпелер:

1. "++" белгісімен қорғау объектілерін жарактауға ұсынылатын өрт сөндіргіштер, "+" белгісімен ұсынылатын өрт сөндіргіштер болмаған кезде және тиісінше негізделген кезде қолдануға рұқсат етілетін өрт сөндіргіштер, "-" белгісімен осы қорғау объектілерін жарактау үшін рұқсат етілмейтін өрт сөндіргіштер белгіленген.

2. Өртүрлі сыныпты өрттерді сөндіру үшін ұнтақпен өрт сөндіргіштерде тиісті зарядтары болуы қажет: А сыныбы үшін - ABC (E) ұнтағы; B,C және (E) сыныптары үшін - BC(E) немесе ABC (E) және D - D.

3-кесте

Ғимараттарды, құрылыстарды және аумақтарды өрт қалқандарымен жарақтау жөніндегі ең аз тізбе

Үй-жайлардың функционалдық мақсатының атауы және жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша үй-жайлардың немесе сыртқы технологиялық қондырғылардың санаты	Бір өрт қалқанымен қорғалатын шекті аудан, м ²	Өрт сыныбы	Өрт қалқанының типі
А, Б және В1-В4 (жанғыш газдар мен сұйықтықтар)	200	А В (Е)	ЩП-А ЩП-В ЩП-Е
В1-В4 (қатты жанғыш заттар мен материалдар)	400	А Е	ЩП-А ЩП-Е
Г және Д	1800	А В Е	ЩП-А ЩП-В ЩП-Е
Ауыл шаруашылығы дақылдарын бастапқы өңдеу бойынша кәсіпорындардың (ұйымдардың) үй-жайлары мен ашық алаңдары	1000	-	ЩП-СХ
Дәнекерлеу немесе өзге от қауіпті жұмыстарды жүргізу кезіндегі өртүрлі мақсаттағы үй-жайлар	-	А	ЩПП
Ескертпе: 3-кестеде мынадай белгілеулер пайдаланылған: ЩП-А – А сыныпты өрт ошақтары үшін өрт қалқаны; ЩП-В – В сыныпты өрт ошақтары үшін өрт қалқаны; ЩП-Е – Е сыныпты өрт ошақтары үшін өрт қалқаны; ЩП-СХ – ауыл шаруашылығы кәсіпорындары (ұйымдары) үшін өрт қалқаны; ЩПП - жылжымалы өрт қалқаны.			

18. Жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша АН , БН және ВН санатты үй-жайлар мен сыртқы технологиялық қондырғылар үшін жәшіктердегі құм қоры әрбір 500 м² қорғалатын аумаққа кемінде 0,5 м³ , ал ГН және ДН санатты үй-жайлар мен сыртқы технологиялық қондырғылар үшін әр қорғалатын 1 мың м² аумаққа кемінде 0,5 м³ болуы тиіс.

19. Өртке қарсы жаймалар, қылшық жүнді маталар немесе киіз ауа өтпесе жанбайтын заттар мен материалдар өртін өшіру үшін қолданылуы тиіс.

Өртке қарсы жаймалардың, қылшық жүнді маталардың немесе киіздің өлшемі кемінде 1x1м болуы және ауданы қолданылатын жайманың ауданынан 50 % аспайтын заттар мен материалдардың өрт ошақтарын сөндіруге арналуы тиіс. Тез тұтанатын

және жанғыш сұйықтықтарды қолданатын және сақтайтын орындарда жаймалардың өлшемдерін 2x1,5 м немесе 2x2 м дейін үлкейтуге рұқсат етіледі.

4-кесте

Өрт қалқандарын механикаландырылмаған өрт құрал-саймандарымен және өрт мүлкімен жинақтау жөніндегі ең аз тізбе

Бастапқы өрт сөндіру құралдарының, механикаландырылмаған құрал-саймандардың және мүліктің атауы	Өрт қалқанының типіне және өрт сыныбына байланысты жинақтау жөніндегі ең аз тізбе				
	ЩП - А А сыныбы	ЩП - В В сыныбы	ЩП - Е Е сыныбы	ЩП-СХ	ЩПП
Өрт сөндіргіштер: ауа-көбікпен (ОВП), көлемі 10 л	2	2	-	2	2
көлемі л, ұнтақпен (ОП), (өрт сөндіргіш құрамның массасы, кг):					
10(9)	1	1	1	1	1
5 (4)	2	2	2	2	2
көлемі л көмірқышқылмен өрт сөндіргіштер (ОУ), (өрт сөндіргіш құрамының салмағы, кг) 5 (3)	-	-	2	-	-
Сүймен	1	1	-	1	1
Ілмек	1	-	-	1	-
Шелек	2	1	-	2	1
Өртке қарсы жайма, кылшық жүнді мата немесе киіз (төсеніш, жанбайтын материалдан жасалған жабын)	-	1	1	1	1
Үшкір күрек	1	1		1	1

Қалақ күрек	1	1	1	1	-
Айырлар	-	-	-	1	-
Су сақтауға арналған сыйымдылық, көлемі:					
0,2 м 3	-	-	-	1	-
0,02 м 3	1	-	-	-	1
Құмы бар жәшік	-	1	1	-	

Ескертпе – Әртүрлі сыныпты өрттерді сөндіру үшін ұнтақпен өрт сөндіргіштердің тиісті зарядтары болуы тиіс: А сыныбы үшін - ABC (E) ұнтағы; В және (E) сыныбы үшін - BC(E) немесе ABC (E) ұнтақтар.

5-кесте

Қызмет көрсету объектілерін бастапқы өрт сөндіру құралдарымен жарақтау жөніндегі ең аз тізбе

Объектілер мен құрылыстардың атауы	Ауданы (м 2)	Бастапқы өрт сөндіру құралдарының атауы және қажетті саны		
		Ұнтақпен өрт сөндіргіштер (дана)	Көмірқышқылмен (дана)	ЩП-В типті өрт қалқаны (жинақ)
Техникалық қызмет көрсету станциясы	әрбір 100	2 – "ОП-5" не 1 – "ОП-10"	1- "ОУ-2"	-
Көлік тұрақтары мен гараждар: ашық тұрақтар	әрбір 100	2 – "ОП-5" не 1 – "ОП-10"	-	1
гараждар	1 гаражға деген есеппен	1- "ОП-2"	-	-
әкімшілік ғимарат немесе күзет үй-жайы;	100-ге дейін	2 – "ОП-5" не 1 – "ОП-10"	-	-
гараж аумағы	әрбір 100	2-"ОП-5" не 1-"ОП-10"	1-"ОУ-2"	1
Өнімділігі тәулігіне 500 және одан астам жанармай құятын АЖҚС ("қарбалас" сағатта 135 және одан астам жанармайқұю орындары)	-	4 – "ОП-5" 2-"ОП-10" 1-"ОП-100"	2-"ОУ-2"	
Өнімділігі тәулігіне 500 –ден кем жанармай құятын АЖҚС ("қарбалас" сағатта 135-тен кем жанармайқұю орындары)	-	2 – "ОП-5" 1-"ОП-10" 1-"ОП-100"	1-"ОУ-2"	
Оператор бөлмесі, дүкен, тамақтану бекеті (АЖҚС жанындағы)	әрбір 100	1 - ОП-5	1-"ОУ-2"	

<p>Жеке тұрған сауда павильондары, дүңгіршектер, қабылдау пункттері, жөнделу шеберханалары, валюта айырбастау пункттері, халық тұтынатын тауарлар сатылатын, оның ішінде көтерме рыноктар мен базарлар аумағында орналасқан контейнерлер</p>	<p>100-ге дейін қоса әрбір 100</p>	<p>1- "ОП-5" 1- "ОП-5"</p>	<p>- -</p>	<p>- -</p>
<p>Қоғамдық, тұрғын ғимараттар мен құрылыстарға кірістірілген-жапсарлас құрылыстар: сауда, тұрмыстық қызмет көрсету, тамақтану кәсіпорындары, дене шынықтыру-сауықтыру кешендері, кітапханалар, дәріханалар, медициналық кабинеттер, кассалық есеп айырысу кәсіпорындары, көркем шеберханалары, сүт асүйлері, мұражайлар мен көрмелер</p>	<p>100-ге дейін</p> <p>әрбір 100</p>	<p>2 – "ОП-5" не 1-"ОП-10"</p> <p>2 – "ОП-5" не 1- "ОП-10"</p>	<p>-</p> <p>-</p>	<p>-</p> <p>-</p>
<p>офистер, залдар, дискотекалар, ойын мекемелері, валюта айырбастау пункттері, байланыс бөлімшелері, фотосалондар, жерлеу (рәсімдер) бюросы, кеңселер, жөнделу шеберханалары, шағын өндірістер, тир, бильярд бөлмесі, көшірме жасау-көбейту,</p>	<p>100-ге дейін қоса әрбір 100</p>	<p>2 – "ОП-5" не 1-"ОП-10" 2 – "ОП-5" не 1- "ОП-10"</p>	<p>-</p>	<p>- -</p>

туристік, көлік агенттіктері.		-	-	
-------------------------------	--	---	---	--

Ескертпелер:

1. 5-кестенің тізбесіне кірмеген объектілерге, бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті саны осы Қағидаларға 11-қосымшасының талаптарының негізінде анықталады.

2. Автокөлік құралдарына арналған өрт сөндіргіштер саны "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентіне (КО ТР 018/2011) сәйкес анықталады.

3. Ұнтақты өрт сөндіргіштерді ауа-эмульсиялы өрт сөндіргіштермен ауыстыруға болады.

Өрт қауіпсіздігі қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалану журналы

1. Өрт автоматикасы жүйелерімен және қондырғыларымен жабдықталған объектінің атауы мен ведомстволық бағыныстылығы (меншік нысаны)

_____ (жүйенің түрі, іске қосу тәсілі)

Мекенжайы, телефоны _____

Жүйені монтаждау күні, монтаждау ұйымының атауы _____

Өрт автоматикасы жүйесінің типі _____

Жүйеге қызмет көрсететін ұйымның (қызметтің) атауы _____

Телефоны _____

2. Өрт автоматикасы жүйесінің сипаттамасы

_____ (техникалық құралдардың атауы, типтері, шығару күні, пайдалануды бастау күні, куәландырудың кезекті мерзімі)

3. Өрт автоматикасы жүйесінің қағидаттық немесе монтаждау схемасы.

4. Гидравликалық және электрлік сынау нәтижелері:

Өткізу күні	Сынау нәтижелері	Қорытынды	Қолы
-------------	------------------	-----------	------

5. Кезекшілікті қабылдау-тапсыру және жүйенің техникалық жай-күйі:

Қабылдау-тапсыру күні	Кезекшілік кезеңінде жүйелердің жай-күйі	Қорғалатын объектілердің атауы және сигналдар келіп түскен жүйелердің типі	Кезекшілікті қабылдау-тапсырғандардың тегі, қолы
-----------------------	--	--	--

6. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының бас тартулары мен ақаулықтарын есепке алу

P/c №	Хабарламаның келіп түскен күні мен уақыты	Бақыланатын үй-жайдың атауы	Ақаулықтың сипаты	Хабарламаны қабылдағанның тегі мен лауазымы	Ақаулықты жою күні мен уақыты
-------	---	-----------------------------	-------------------	---	-------------------------------

Ескертпелер:

- 1) Ақаулықтарды уақтылы жоюды талдау күн сайын жүргізіледі.
 - 2) Журналда бас тартулардың, ақаулықтардың, жалған іске қосулардың санын қорытындылау ай сайын жүргізіледі.
 - 3) Журналды жедел (кезекші) персонал жүргізеді.
7. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына техникалық қызмет көрсетуді және жоспарлы-алдын алу жөндеулерін есепке алу.

P/c №	Күні	Жүйенің типі	Бақыланатын объект	Жүргізілген жұмыстардың сипаты	Жүргізілген жұмыстардың тізбесі	Т Қ К жүргізген адамның лауазымы, тегі және қолы
-------	------	--------------	--------------------	--------------------------------	---------------------------------	--

8. Өрт автоматикасы жүйесіне қызмет көрсетуші персоналдың білімін тексеру.

P/c №	Тексерілушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, жұмыс өтілі	Тексеру күні	Білімін бағалау	Тексерушінің қолы	Тексерілушінің қолы
-------	---	--------------	-----------------	-------------------	---------------------

9. Өрт автоматикасы жүйелерінің іске қосылуын (ажыратылуын) есепке алу.

P/c №	Бақыланатын объектін атауы	Өрт автоматикасы жүйесінің түрі мен типі	Іске қосылу (ажыратылу) күні	Іске қосылу (ажыратылу) себебі	Өрттің шығыны	Іске қосылу себебі
-------	----------------------------	--	------------------------------	--------------------------------	---------------	--------------------

10. Өрт автоматикасы жүйелерімен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша техникалық және жедел персоналға нұсқаулық беру.

P/c №	Нұсқаулықтан өтушінің тегі	Нұсқаулықтан өтушінің атқаратын лауазымы	Нұстаулық өткізу күні	Нұсқаулықтан өтушінің қолы	Нұсқаулық өткізген адамның қолы
-------	----------------------------	--	-----------------------	----------------------------	---------------------------------

Өрт қауіпсіздігі қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау АКТІСІ

_____ қаласы 20__ ж. " ____ "

(тапсырыс беруші ұйымның атауы)

20__ ж. "___" _____ № _____ шешімімен мынадай құрамда:

Төраға - тапсырыс берушінің (бас мердігердің) өкілі _____

_____ (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

Комиссия мүшелері - өкілдер:

монтаждау ұйымдары _____

_____ (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты) іске қосу баптау ұйымдары

_____ (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

тағайындалған комиссия орындалған жұмыстарды тексерді және анықтады:

1. Монтаждау-баптау (іске қосу баптау) ұйымы _____

әзірлеген (құрастырған) жоба бойынша (ұйымның атауы)

_____ монтаждалған қондырғыны

(объектінің атауы)

_____ (қондырғының атауы) қабылдауға ұсынды.

2. _____ монтаждау жұмыстарын
(ұйымның атауы)

20__ ж. "___" _____ бастап 20__ ж. "___" _____ аралығында
орындады.

3. _____ іске қосу баптау жұмыстарын
(іске қосу баптау ұйымының атауы)

20__ ж. "___" _____ бастап 20__ ж. "___" _____ аралығында
орындады.

4. Кешенді байқау процесінде анықталған ақаулар мен кемшіліктер жойылды (қажет
болған

кезде осы актіге қосымшада көрсету керек).

Комиссияның қорытындысы:

Іске қосу баптау жұмыстарын қоса алғанда, кешенді байқаудан өткен қондырғы,
орындалған жұмыстардың сапасын

_____ (өте жақсы, жақсы, қанағаттанарлық)

деп бағалай отырып, 20__ ж. "___" _____ бастап пайдалануға
қабылданды

деп есептелсін.

Құжаттама актісіне қоса беріліп отырған тізбе _____

Комиссия:

Комиссия төрағасы _____

(қолы)

М.О.

Комиссия мүшелері _____ (қолдары)

Өрт қауіпсіздігі қағидаларына

6-қосымша

Нысан

Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының монтаждалған аспаптары мен жабдығының ВЕДОМОСІ

_____ (объектінің атауы)

жобасы бойынша

Жобаның реттік және ерекшелік нөмірі	Атауы	Типі	Зауыт нөмірі	Ескертпе
--------------------------------------	-------	------	--------------	----------

Тапсырды _____

(тапсырыс беруші өкілінің лауазымы,

тегі, аты, әкесінің (болған жағдайда) (қолы)

Қабылдады _____

(монтаждау ұйымы өкілінің лауазымы,

тегі, аты, әкесінің (болған жағдайда) (қолы)

Өрт қауіпсіздігі қағидаларына

7-қосымша

Нысан

Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын куәландыру АКТІСІ

_____ қаласы 20__ ж. " ____ " _____

Объект _____

(атауы)

Комиссия құрамы:

Комиссия төрағасы _____

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Комиссия мүшелері

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

байқап-тексеру жүргізді

(қондырғының атауы)

(қондырғының орналасу орнын көрсету)

(элементтердің атауы)

Жұмыстар 20__ ж. " __ " _____ және " __ " _____ аралығында жүргізілді

Байқап-тексеру кезінде:

_____ анықталды

(қондырғылардың, элементтердің жай-күйі)

Комиссияның қорытындысы:

(қолданыстағы өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын одан әрі пайдалану мүмкін/

мүмкін емес немесе жаңа жүйелер мен қондырғыларды монтаждауды орындау қажет; өрт

автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының жекелеген техникалық құралдарына жөндеу

жүргізу қажет; келесі куәландыру мерзімін белгілеп, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануды ұзарту қажет)

Комиссия төрағасы: _____

(қолы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Комиссия мүшелері: _____

(қолы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Өрт қауіпсіздігі қағидаларына
8-қосымша

Отқа төзімділік дәрежесіне байланысты дүңгіршектер мен павильондар арасындағы өртке қарсы қашықтықтар

Дүңгіршектер мен павильондардың отқа төзімділік дәрежесіндегі қашықтық, метрмен	I,II,III	IIIa, IIIб, IV, IVa, V
I, II, III	6	8
IIIa, IIIб, IV, IVa, V	8	10

Өрт қауіпсіздігі қағидаларына
9-қосымша

Ота жасайтын бөлмеде өрттер мен жарылыстардың алдын алу жөніндегі қорғау шаралары

1. Есірткінің өздігінен тұтануын болдырмау үшін жұмыстан кейін олар буландырғыштан герметикалық түрде жабылатын ыдысқа төгіледі. Эфир ақырын, шашыратпай төгіледі. Наркоздан кейін қалған эфирді раковинаға төгуге жол берілмейді.

2. Эфирді буландырғыштан қабылдау ыдысына бос құламалы ағыспен құюға жол берілмейді. Ол үшін электр өткізгіш материалдан жасалған май құйғыш қолданылады, май құйғыштар жерге тұйықталады, май құйғыштың шеті ыдыстың түбіне жетуі тиіс. Олай болмайтын жағдайда эфир ыдысқа осы өткізгіш арқылы ағуы үшін жерге тұйықталған өткізгіштің шеті май құйғыш арқылы ыдыстың түбіне жеткізілуі қажет.

3. Есірткіні төккеннен кейін буландырғыш, шлангілер және наркоз аппаратының барлық алмалы бөлшектері жылы сумен шайылады.

4. Ота жасау бөлмелерінде газдарды бір баллоннан екінші баллонға құюға және қысымдағы газдары бар баллонға қосымша газдар мен есірткілерді кіргізуге жол берілмейді. Мұны машықтанған персонал арнайы жабдықталған үй-жайда жүргізеді.

5. Ота жасау және наркоз үй-жайларында ашық отты (спиртовка, газ оттықтары, тұтатылған сіріңкелерді) қолдануға, темекі шегуге және электр жылытқыш құралдарын пайдалануға жол берілмейді. Баллонның вентилін жылыту үшін жылытқы қолданылады.

6. Наркоз және ота жасайтын үй-жайларда қолданылатын жабдықтардың ашық беттерінің температурасы 120^o С аспайды.

7. Эндоскопиялық құралдардың шағын шамдарының қатты қызуына жол берілмейді.

8. Наркоз кезінде бұзылған және ұшқын шашатын электр жабдығын пайдалануға жол берілмейді.

9. Қауіпті аймақтарда қолданылатын барлық электр медициналық жабдық жарылыстан қорғалған түрде орындалған болуы тиіс.

10. Наркоз кезінде термокаутердің тұтанғыш анестетикасын, диатермия аппаратын, электр хирургиялық аппараттарды, жарылыстан қорғалмаған түрде орындалған рентген аппараттарын, дефибрилляторларды қолдануға жол берілмейді.

Ескертпе. Фторотан, азоттың шала тотығы, хлороформ және басқа тұтанбайтын қоспаларға көшкен жағдайда жоғарыда аталған аппаратураны қолдануға жол беріледі, бұл ретте тұтанғыш дезинфекциялау құралдарын пайдалануға жол берілмейді.

11. Ота жасайтын бөлмелердің статикаға қарсы материалдан жасалған едендерін (лас шөгінділерінің негізінде) электр өткізгіш қасиетін жоғалтуы ықтимал өткізбейтін үлбірінің пайда болуын болдырмау үшін үнемі жуып тұрады. Еденнің бетін балауызбен немесе лакпен өңдеуге жол берілмейді.

12. Наркоз аппаратының бөлшектерін (бейөткізгіш) лейкопластырмен жабыстыруға, статикаға қарсы емес резеңкедан есірткі қоспаларын атмосфераға жою үшін шлангтарды пайдалануға, электр өткізгіш материалдың бұзылған бөлшектерін бейөткізгіштен жасалған бөлшектерге ауыстыруға жол беріледі.

Ескертпе. Наркоз аппараттарының барлық бөлшектері электр өткізгіш материалдарынан жасалады: қаптар, шлангтар, маскалар, демалу трубкалары және аппараттың демалу контурының басқа бөлшектері, сондай-ақ доңғалақтардың тысы мен төсемдері электр өткізгіш резеңкедан, ал өткізгіштер – түсті металлдан немесе электр өткізгіш пластмассадан жасалады.

13. Наркоз аппаратының барлық бөлшектері арнайы майлаумен майлануы тиіс. Эндотрахиалды трубкалар мен дәке тампондарын тек таза глицеринмен ғана майланады.

14. Жабдықтың белдік берілістерін еденнен 0,25 м қауіпті аймақтар шегінде (наркоз затының тым жоғары концентрациясында) орналастырылмайды. Белдік берілістер қауіпті аймақтан жоғары орнатылған жерлерде белдіктерді үлес қарсылығы 105 Ом/м статикаға қарсы материалдан жасау керек.

Белдіктерді шайырмен, балауызбен және сыртқы қарсылықты арттыратын басқа да заттармен майлауға жол берілмейді.

15. Қауіпті аймақтарда қолданылатын тоқымалы маталарға тиісті статикаға қарсы заттар сіндіріледі. Бұндай маталарға жуылғаннан кейін қайтадан статикаға қарсы заттарды сіндіру керек.

16. Жабдықтың барлық металл және электр өткізгіш металлды емес бөліктері статикалық электр зарядтарын шығару үшін жерге тұйықталады.

Жабдықтың металлды емес бөліктері егер олардың сыртқы және ішкі қабатының жерге тұйықтау шинасына қатысты кез келген жерінің қарсылығы 107 Ом асқанда электр статикалық түрде жерге қосылған болып саналады. Ота жасау алдында наркоз аппаратының резеңкедан жасалған бөліктерін сумен сулау керек.

17. Қызмет көрсету персоналының электрленуін болдырмау үшін мынадай ережелерді сақтау керек:

1) ота жасау бөлмесіндегі қызмет көрсету персоналының киімі мақта-матадан жасалады, жабық және толық қонымды, әбден кептірілген және қатты крахмалданбаған болады. Пайдаланар алдында киім мен аяқ киімді ылғалдығы 80 % асқан үй-жайларда ұстау ұсынылады.

Науқас мақта-матадан тігілген киімде болуы тиіс. Ота жасайтын бөлмеде және басқа жарылыс қауіпті үй-жайларда қозғалғанда қатты электрленетін, адамның денесінде зарядтардың тез жиналуына соғатын жүн, жібек, сондай-ақ нейлон, капрон және басқа да синтетикалық маталардан тігілген киімді киюге жол берілмейді.

2) қызмет көрсетуші персоналдың аяқ киімінің табаны былғарыдан немесе электр өткізгіш резеңкедан жасалған болады, ол аяқ киімнің үстінен мақта-матадан жасалған

арнайы операциялық бахилдар киіледі. Ота жасайтын бөлмеде табаны резеңкедан, пластиктан немесе басқа бейөткізгіштерден жасалған аяқ киімді киюге жол берілмейді.

3) ота жасайтын бөлмеде қызмет көрсету персоналының шаштары қалпақпен немесе мақта-мата бас жаулықпен жабылады.

18. Ота жасайтын бөлменің персоналына білезік, жүзік және басқа да металл заттарды тағуға жол берілмейді.

19. Наркоз аппараттарына қызмет көрсету персоналының қолдарында, сондай-ақ науқастың бетінде майдың, помаданың іздері болмау керек.

20. Ота жасайтын бөлмедегі салыстырмалы ылғалдылық гигрометр немесе психрометр арқылы операция жасар алдында және операция барысында бақыланады. Ауа температурасын бақылау ұсынылады. Ота жасайтын бөлмеде ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 55 %-дан болса, наркоз үшін тез тұтанғыш есірткі қоспаларын немесе анестетиканы қолдануға жол берілмейді.

21. Тұтану мен жарылыстан кепілді сақтандыру – тез тұтанғыш есірткі заттарын (фторотан, хлороформ, азоттың шала тотығы, центрэн) қолдану. Тұтанғыш анестетикалармен жұмыс істегенде жарылыстардың алдын алу тұтанудың себептері мен көздерін жоюдан тұрады.

22. Желдеткіш жүйесінің жұмысқа қабілеттігін бақылау үшін операция кезінде құрамында есірткі буының бар-жоғына ауа сынамасы алынады. Сынамаларды операциялық бригаданың мүшелері дем алатын аймақта орналасқан ауданнан алады.

23. Ауаны тазартқыш сүзбелерінің жұмысқа қабілеттілігін бақылау үшін аптасына кемінде бір рет операция жасайтын бөлмеге жеткізілетін ауаның тазалығын, қосалқы бөлшектердің және бактериялы флораның болуы анықталады. Ауада бактериялы флора пайда болған жағдайда, оның себептері жойылғанша операция тоқтатылады.

Өрт қауіпсіздігі қағидаларына
10-қосымша

Мұнай өнімімен қамтамасыз ететін негізгі және қосалқы кәсіпорындарға арналған бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті ең аз тізбесі

Ғимараттардың, үй-жайлардың және өндірістік учаскелердің атаулары	Қорғалатын аудан	Көмір қышқылды өрт сөндіргіштер		Көбікті өрт сөндіргіштер ОВП-10	Ұнтақты өрт сөндіргіштер		Құмы бар және шік	Көлемі 2x1,5м өртке қарсы төсеме
		ОУ-2	ОУ-5 немесе ОУ-8		ОП-5 немесе ОП-10	ОП-100		
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Мұнай өнімдерін	-	-	-	4	-	-		1

автоцистерналарға кую алаңы							1	
Бір жақты, екі жақты темір жол ағызу-кую эстакадасы	ұзындығының әрбір 50 метріне	-	-	2	4	1	2	1
Мұнай өнімдерін айдайтын сорғы бөлмелер	50 м2	-	2	2	-	-	1	1
ОАА және А үй-жайлары	50 м2	-	2	-	-	-	-	-
Мұнай өнімдерін ыдыста сақтау қоймасы	200 м2	-	-	1	2	-	-	-
Мұнай өнімдерін шағын ыдысқа босату орындары	-	-	-	1	-	-	1	1
Өзен және теңіз айлақтары	әрбір 50 метрге	-	2	2	2	-	1	1
Құйылмалы мұнай өнімдері	50 м2	-	-	2	-	-	1	1
Манифольд ғимараттары	50 м2	2	-	2	-	-	1	1
Айдау станциясының электр қозғалтқыш үй-жайлары	әрбір электр қозғалтқышқа	1	1	-	-	-	-	-
Қалқымалы сорғы станциялары		-	2	4	-	1	1	1

Ыдыстың ішіндегі мұнай өнімдерін сақтауға арналған қоймалар	100 м2	-	-	3	2	-	1	1
Зертханалар	50 м2	1	-	2	-	-	-	-
Газ электр дәнекерлеу үй-жайлары	50 м2	-	-	1	1	-	1	1
АГТС: Станция ғимараты Сорғы-компрессорлық бөлім Автомашинаны баллондарын толтыруға арналған колонкалар	Үй-жайға	---	1 1 -	- 1 1	2 - 1	1 1 -	---	---
Регенерациялық қондырғылар	100 м2	1	-	1	1	-	1	-
Қызметтік - тұрмыстық үй-жайлар	200 м2	-	-	1	-	-	-	-
Есептеу орталықтары, машина-есептеу станциялары (бюролары), мұрағаттар, кітапханалар, Жобалық-конструкт	100 м2	-						1

орлық бюро			1					
Көшіргіш-көбейткіш машиналар үй-жайы	100 м2	-	1	1	-	-	-	-
Материалдық қоймалар	50 м2	-	-	2	1	-	-	-
Қазандықтар	100 м2	1	-	2	1	-	-	-
Су сорғы	әрбір электр қозғалтқышқа	-	1	1	-	-	-	-
Авто гараждар	100 м2	-	1	2	1	-	1	-
Электр станциялары мен шағын станциялар	100 м2	2	2	-	1	-	1	-
Құрамында мұнай бар қалдықтардың су бұратын сорғы бөлмесі	50 м2	1	1	1	-	-	1	-
Биологиялық тазарту станциясы	50 м2	-	-	1	1	-	1	-
Озонаторлық бөлме	25 м2	-	-	1	1	-	-	-
Басқа өндірістік үй-жайлар								
А және Б санатты	200	-	-	2	2	-	1	1
В1-В4, Г санатты	300	-	-	2	1	1	-	-
Д санатты	400	-	-	1	-	-	-	-

Ескертпе:

1. Кәсіпорын аумағында әрбір 5000 м2 жинағы бар қалқандар орнатылады: ұнтақты өрт сөндіргіштер – 2, құмы бар жәшіктер – 1, қалың төсем (асбест, киіз) – 1, сүймендер – 2, балталар – 2.

2. Автоматты стационарлы өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықталған үй-жайлар осы қосымшада көрсетілген санның 50% есебінен бастапқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіледі.

3. Бағасы қымбат аппаратура мен жабдықтардың жинақталу орындарында өрт сөндіру құралдарының саны көбейтілуі мүмкін.

4. Осы Қағидаларда аталмаған қондырғыларды орнату үшін бастапқы өрт сөндіру құралдарын басқа үй-жайлармен (қондырғылармен) ұқсастығы бойынша, олардың өрт қауіптілігі ескеріліп қабылданады.

5. А, Б, В1-В4 санатындағы кез келген үй-жайдағы өрт сөндіргіштердің саны осы қосымшаға сәйкес қабылданады, бірақ кемінде – 2, әкімшілік, қызметтік-тұрмыстық ғимараттарда – бір қабатқа кемінде – 2.

Өрт қауіпсіздігі қағидаларына
11-қосымша

Салынып және реконструкцияланып жатқан ғимараттарға, құрылыстар мен қосалқы үй-жайларға арналған бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті ең аз тізбесі

Ғимараттар, үй-жайлар, қоймалар мен құрылыстар	Ө л ш е м бірліктері	Бастапқы өрт сөндіру құралдарының саны			
		Ө р т сөндіргіштер ОП-5	Құм мен күрегі бар, көлемі 0,5 м2 жәшіктер	Сыйымдылығы 250 л және 2 шелек, суы бар күбілер	Көлемі 2x2м өртке қарсы төсемелер
1	2	3	4	5	6
Салынып және реконструкцияланып жатқан ғимараттар	200 м2 еден ауданына	1*	1	1	-
Құрылысқа арналған ағаш	(әр қабат бойынша) ағаштар ұзындығының әрбір 20 метріне	1*	-	-	-
	(әр қабат бойынша) ағаштар ұзындығының әрбір 100 метріне	-	-	1**	-
Кеңселер үй-жайы	200 м2 еден ауданына	1*	-	-	-
Балташы және ағаш өңдеу цехтарының, шеберханаларының үй-жайы	100 м2	1***	1	1	-
Ағаш материалдары					

мен жанармайдың (төсемелердің, көбіктің) жабық қоймалары	100 м2	1***	-	1	-
Жанғыш материалдар болған жағдайда шаруашылық қоймалары	100 м2	1**	1	1	-
Ағаш материалдарының ашық қоймалары	300 м2 қойма ауданына	1****	-	-	-
Жылытқышы жанғыш немесе жанғыш шатырлары бар жабындар	200 м2 қойма ауданы	1	1	1	-
Беренелердің ашық қоймалары	500 м2 қойма ауданына	1****	-	-	-
Өргенбейтін материалдардың жабық қоймалары	400 м2 қойма ауданына	1***	-	1	-
Тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтар ыдыстарының қоймалары	50 м2 еден ауданына	1****	1***	-	-
Кальций карбиді қоймалары	100 м2 еден ауданына	-	1	-	-
Сығымдалған, сұйылтылған және ерітілген газдары бар баллондар қоймасы	200 м2 еден ауданына	-	1	-	-
Биік темір бетон құбырлардың діңгектерін бетондауға арналған жұмыс алаңқайы	200 м2 еден ауданына	1	-	-	-
Салынып жатқан құрылыстың ішіндегі қорғаныш жабын	200 м2 еден ауданына	3	1	1	-

Градирия құрылысына арналған агрегаттық бесікшесі	200 м2 еден ауданына	8	-	-	-
Коррозияға қарсы және гидроокшаулағыш материалдардың жұмыс құрамдарын дайындауға арналған үй-жай	200 м2еден ауданы	3	1	-	3
Жылу генераторлары мен калориферлерді орнату орындары	Агрегат	2	1	-	-
Ашық автомашина тұрақтары	100 м2	1	1	-	1
Газбен дәнекерлеу және электрмен дәнекерлеу цехтері	200 м2	1	1	-	-
Аула алаңқайы	200 м2	1	-	1	-

Ескертпе:

1. Өр қабат үшін кемінде екі өрт сөндіргіш көзделеді.
2. "***" белгісі бір қабат үшін кемінде екі күбімен жарақтау қажеттілігін білдіреді.
3. "****" белгісі шеберханалар, қоймалар үшін кемінде екі өрт сөндіргішпен жарақтау қажеттілігін білдіреді.
4. "*****" белгісі кемінде екі өрт сөндіргішпен және құмы бар бір жәшікпен жарақтау қажеттілігін білдіреді. Құмы бар жәшікте көлемі 1,5x1,5 метр өртке қарсы төсе ме болуы тиіс.
5. Осы кестеде көрсетілмеген қоймалар мен құрылыстардың бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті саны тиісті министрліктер бекіткен тиесілік нормаларына сәйкес айқындалады.
6. Осы Қағидаларда көзделген өртке қарсы жабдықтан басқа қоймалардың, уақытша ғимараттардың құрылысы аумағында мынадай өрт жабдығының (керек-жарағының) жинағы бар өрт сөндіру пункттері (шкафтар, қалқандар) орналастырылуы қажет, данада: балта – 2; сүймен және күрек – 2; темір багор – 2; қызыл түске боялған шелек – 2; өрт сөндіргіш – 2.

Отпен байланысты жұмыстарды жүргізуге рұқсат

" ___ " _____ 20 ___ ж.

Объект _____

(Т.А.Ә. (болған жағдайда) жұмыстардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мынадай іс-шараларды орындағаннан кейін:

(отпен байланысты нақты қандай жұмыстар екенін және ол жүргізілетін жерді көрсету) жүргізуге рұқсат берілді.

Рұқсат: 20 ___ ж " ___ " _____ сағ. " ___ " бастап,
20 ___ ж. " ___ " _____ сағ. " ___ " дейін жарамды

Бас инженер _____

(қолы)

Рұқсат 20 ___ ж. " ___ " _____ сағ. " ___ " бастап,
20 ___ ж. " ___ " _____ сағ. " ___ " дейін ұзартылды.

Бас инженер _____

(қолы)

_____ жүргізу

(қандай жұмыс екенін көрсету)

Жұмыстар 20 ___ ж. сағ. " ___ " бастап " ___ " _____ дейін атқарылады.

Рұқсат: 20 ___ ж. сағ. " ___ " бастап, " ___ " _____ дейін ұзартылды.

Өрт қауіпсіздігі шаралары мен рұқсатта ұсынылған іс-шараларды орындау туралы нұсқама

алдым: _____

(жұмысты жүргізетін адамның қолы)

Аумақты тазалау аймағының ең аз радиусы

Еден немесе іргелес аумақ деңгейінің үстіндегі дәнекерлеу нүктесінің биіктігі, метрмен	Тазалау аймағының ең аз радиусы, метрмен
0	5
2	8
3	9
4	10
6	11

8	12
10	13
10-нан жоғары	14

Өрт қауіпсіздігі қағидаларына
14-қосымша
Нысан

Су өткізу желісін су жіберуге тексеру актісі

_____ қ. 20__ ж. " ____ " _____

Комиссия мынадай құрамда:

Төрағасы _____

Комиссия мүшелері

орнатылған өрт гидранттары бар су өткізу желісіне тексеру жүргізді.

Тексеру нәтижелері:

Су өткізу желісінің түрі: _____; диаметрі: _____ миллиметр (бұдан әрі – мм).

Желідегі қысым: _____ атмосфера (бұдан әрі – атм.);

Орнатылған өрт гидранттарының өлшем-түрі _____;

Су жіберуге тексеру тәсілі _____

Нақты су жіберуі: секундына _____ литр (бұдан әрі – л/с).

Қажетті су жіберуі: _____ л/с.

Комиссияның қорытындысы:

Комиссия мүшелері: _____

(қолы)

(қолы)

Нысан

Өрт гидранттарын тексеру актісі

_____ қ. 20__ ж. " ____ " _____

Тексеру жүргізген ұйымның атауы: _____

Комиссия мынадай құрамда:

Төрағасы _____

—
Комиссия мүшелері _____

Өрт гидрантының сипаты және таңбалануы:

әзірлеушінің атауы, мекенжайы және тауарлық белгісі _____

әзірлеушінің жүйесі бойынша шартты белгілеуі _____

зауыт нөмірі _____

өрт гидрантының биіктігі, _____ мм;

корпустың ішкі диаметрінің шартты өтуі, _____ ;

шығарылған жылы _____

Тексеру шарты _____

Өлшеу құралдары және сынақ жабдығы туралы деректер: _____

Тексеру нәтижелері:

су өткізу құдығының люгі мен қақпағының, ниппельдің қақпақтары мен оймасының, штанганың үстіңгі шаршысының және өрт гидранты корпусының жарамдылығы

құю құрылғысының жұмысқа қабілеттігі _____

өрт гидрантының корпусында және құдықта судың болуы _____

клапанның (ысырманың), сондай-ақ жұмыс қысымы кезінде қосқыштардың және тығыздамалардың герметикалығы _____

өрт бағанын өрнату кезіндегі өрт гидрантының жұмысқа қабілеттігі _____

өрт гидрантын ашу немесе жабу шарттары _____

су өткізу желісіндегі 0,4-тен бастап 0,6-ға дейінгі МПа қысымның диапазонында су шығысы (су беру)

Су беруге тексеру тәсілі _____

—
Нақты су беру: _____ л/с. Қажетті су беру: _____ л/с.

Комиссияның қорытындысы: _____

—
Комиссия мүшелері:

—
(қолы)

Ішкі өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерін жұмысқа қабілеттілігіне сынау актісі

_____ к. 20__ ж. " ____ " _____

Пайдаланушы ұйымның атауы _____

Қызмет көрсетуші ұйымның атауы _____

Сынаулар күні мен уақыты _____

Комиссия мынадай құрамда:

Төрағасы _____

_____ (ұйымның атауы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Комиссия мүшелері _____

_____ (ұйымның атауы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

ішкі өртке қарсы су құбырын су жіберуге сынауды жүргізді:

_____ (ғимараттың, өрт бөлігінің атауы)

Тіреулер мен өрт крандарының нөмірлері _____

_____ типті өрт кранының клапаны

_____ типті қол өрт оқпаны

Өрт жеңқұбырының ұзындығы мен диаметрі _____ м,

_____ мм

_____ типті өрт сорғысы

Өрт крандары жабық кездегі өрт сорғысының арыны _____ МПа

Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің

талаптарына сәйкес:

"үстем" өрт кранының шығыны _____ л/с

(жол берілетін)

"үстем" өрт кранындағы қысым _____ МПа

(жол берілетін)

су жіберуге бір мезгілде сыналатын өрт крандарының саны _____ дана

Сынау нәтижелері

_____ сағат _____ минуттан (бұдан әрі – мин) _____ сағ _____ мин дейін шаруашылық

қажеттіліктерге суды ең көп пайдаланылатын тәулік кезеңінде ішкі өртке қарсы сумен жабдықтаудың су жіберуі _____ бұл кемінде

_____ (жобаның нөмірі мен атауы) л/с құрайды, Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келеді (сәйкес келмейді).

Клапандардың бекіту органдары бір шеткі қалыптан екіншісіне қолмен (қосымша техникалық құралдарсыз) ауыстырылады; клапанды ашып-жабатын кемінде үш циклден кейін клапандардың бекіту органдары арқылы және штоқты тығыздау арқылы ағу жоқ, диафрагмалардың диаметрі жобалық деректерге сәйкес келеді.

Сынау нәтижелері бойынша қорытынды

Өрт крандары клапандарының жұмысқа қабілеттілігі Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы ұлттық, мемлекетаралық стандарттардың, нормативтік құқықтық

актілердің талаптарына _____ (сәйкес келеді, сәйкес келмейді)

Комиссия төрағасы _____

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Комиссия мүшелері _____

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Нысан

Ішкі өртке қарсы сумен жабдықтауды су жіберуге сынау хаттамасы

_____ қ. 20 ж. " ____ " _____

Пайдаланушы ұйымның атауы _____

Объектінің атауы _____

(ғимарат, өрт бөлігі)

Қызмет көрсететін ұйымның атауы _____

Сынаулар күні мен уақыты _____

Тіреулердің және сыналатын өрт крандарының нөмірлері _____;

_____ типті өрт кранының клапаны;

_____ типті қол өрт оқпаны;

Өрт құбырының ұзындығы мен диаметрі _____ м, _____ мм;

_____ типті өрт сорғысы;

Өрт крандары жабық кезіндегі өрт сорғысының арыны _____ МПа

Қазақстан Республикасы аумағында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес:

"үстем" өрт кранының шығысы _____ л/с;

(жол берілетін)

"үстем" өрт қранының қысымы _____ МПа;

(жол берілетін)

Су жіберуге бір мезгілде сыналатын өрт қрандарының саны _____ дана

"Үстем" өрт қраны бойынша ішкі өртке қарсы сумен жабдықтауды су жіберуге сынау нәтижелері

Сынақ тардың нөмірі	Гидравликалық схемаға сәйкес тіреулердің - өрт қрандарының нөмірлері (диаметр)	Шығу саңылауының диаметрі, мм	Жең құбыр желісінің ұзындығы, м	Қысым, МПа		Талап етілетін шығыс л/с,	Ағынның жинақ бөлігінің талап етілетін биіктігі, м	Сынаулардың нәтижелері
				өлшенген	Талап етілетін			

Сынаулардың нәтижелері бойынша қорытындылар

_____ саны _____ дана
(қрандар мен оқпандардың нөмірлерін көрсету қажет)

(бір қран немесе бірнеше қран бірлесе жұмыс істеген кезде) жұмыс істеу кезінде ішкі өртке

қарсы сумен жабдықтаудың "үстем" қранда – сорғыдан қашықтағы және әрбір бағананың ең

жоғарғы өрт қрандарының ең аз су жіберуі кемінде мыналарды құрайды:

қысым _____ МПа;

шығыс _____ л/с;

ағынның жинақ бөлігінің биіктігі _____ м;

бұл Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы ұлттық, мемлекетаралық стандарттардың, нормативтік құқықтық актілердің талаптарына

(сәйкес келеді, сәйкес келмейді)

Сынауларды жүргізді _____

(ұйымның атауы, лауазымы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Нысан

Өрт қрандарының клапандарын жұмысқа қабілеттілігіне сынау хаттамасы

Пайдаланушы ұйымның атауы _____

Объектінің атауы _____

(ғимарат, өрт бөлігі)

Қызмет көрсететін ұйымның атауы _____

Сынаулар күні және уақыты _____

_____ типті өрт кранының клапандары

_____ типті өрт сорғысы

"Үстем" жабық өрт кранындағы қысым _____ МПа.

Өрт крандарының клапандарын жұмысқа қабілеттілігіне сынау нәтижелері

Тіреу нөмірі- кран нөмірі	Кран диа фра грамм ма сының нөмірі	Диафрагма диаметрі, мм		Клапанды "Ашу-Жабу" циклдерінің саны	Қымталғанды ғы (ағудың болуы)	Сынаулар дың нәтижелері
		жол берілетін	өлшенген			

Сынаулардың нәтижелері бойынша қорытынды

Өрт крандарының клапандарын жұмысқа қабілеттілігіне (клапанның бекіту органын қолмен қосымша техникалық құралдарсыз бір шеткі қалыптан екіншісіне ауыстыру мүмкіндігі, клапанды ашудың және жабудың бірнеше циклінен кейін клапанның бекіту органы арқылы немесе штокты тығыздау арқылы ағудың болмауы және диафрагмалар диаметрінің жобалық деректерге сәйкестігі) сынау нәтижелері Қазақстан Республикасы аумағында қолданыстағы ұлттық, мемлекетаралық стандарттардың, нормативтік құқықтық

актілердің талаптарына _____

(сәйкес келеді, сәйкес келмейді)

Сынауларды жүргізді _____

(ұйымның атауы, лауазымы, қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))